

ДАНДАЙ ЫСҚАҚҰЛЫ



МАҒЖАН -  
ПОЭЗИЯ ПАДИШАСЫ

ДАНДАЙ ЫСҚАҚҰЛЫ

# МАҒЖАН - ПОЭЗИЯ ПАДИШАСЫ

АЛМАТЫ  
2020

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің  
Тіл саясаты комитеті «Мәдениет және өнер саласындағы  
бәсекелестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны  
сақтау, зерделеу мен насихаттау және мұрағат ісінің  
іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы  
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу,  
басып шығару және тарату» кіші бағдарламасы  
бойынша жарық көрді*

563252

**Ысқақұлы Д.**

**Ы187 Мағжан – поэзия падишасы: монография / Дандай**

**Ысқақұлы. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2020. – 256 б.**

ISBN 978–601–217–689–6


Мағжан Жұмабаев – қазақ әдебиетін, оның ішінде ұлттық поэзияны түркілік, әлемдік деңгейге көтерген ұлы ақын. Елінің ертеңін ойлап, ойдан от болып жанған, сезімге оранып, жалынды жыр жазған Мағжанның өлең-жырлары, мұң-зары халқының жүрегіне нұр болып құйылып, ұлттық рухына айналды. Ұлыларды жасайтын оның тарихи тағдыры десек, ұлт рухынан жаралған Мағжанды ұлы қылған – ол өмір сүрген отаршылдық заманның «бұратана» халықтарды зар жылатқан тар қаласы. Кітапта Мағжанның ақындық тағдыры кеңестік кезеңнің шынайы шындығымен тығыз байланыста жан-жақты қарастырылады.

Кітап әдебиет, мәдениет зерттеуші ғалымдарға, докторанттарға, магистрлерге, студенттерге, жалпы әдебиет сүйер қауымға арналған.

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Қаз.)

© ЖШС РПБК «Дәуір», 2020



«Жетсе егер қорқынышты кара түнім,  
Басса дерт, әлім құрып шықпай үнім,  
Көңіл ашар, кеудеме жан кіргізер  
Өлең – менің Шолпаным, Айым, Күнім».

*Мағжан*

## ПОЭЗИЯ ПАДИШАСЫ

(кіріспе орнына)

«Ақындық жағына келгенде, Мағжан қазақтың күшті ақындарынан саналады. Қазақтың тілін байыту ретінде, әдебиетіне жаңа түрлер енгізу ретінде Мағжанның еңбегі көп. Абайдан кейін тіл өнегесіне Мағжаннан асқан ақын қазақта жоқ...

Абай ақылдың ақыны болса, Мағжан – сезімнің ақыны». Бұл сөздерді өткен ғасырдың отызыншы жылдарында Мағжанды ұлтшыл ақын ретінде қудалау барынша күшейіп тұрған кезде «пролетариат ақыны» атанып, тапшыл биліктің қазақ әдебиетіндегі бірден бір «көзі, құлағы, сезімі», көшбасшысы болып тұрған Сәбит Мұқановтың өзі жазған екен. Демек, ресми билік Мағжанды саяси тұрғыдан қаншама қаралап баққанымен де оның ақындық қуаты қарсыластарын да мойындауға мәжбүр еткенін көреміз.

Жиырмасыншы ғасырдың жиырмасыншы жылдарының орта шенінде басталған Мағжанды идеологиялық жағынан талқандау науқаны – ол өле-өлгенше бір сәтке де тоқтаған жоқ. Өйткені, Мағжанның тағдыры бүкіл ұлттық әдебиеттің де тағдыры болатын. Бір жағы – ақынның тілім-ділім, елім-жерім, анашым-алашым деп аңыраған азаматтық бағыты кеудесінде ұлттық намысы бар азаматтарды азаттыққа үндегені, екінші жағынан – ұлттық қазақ әдебиетінің, отарлық езгідегі қазақ жұртының болашақ тағдыры қыл үстінде тұрғаны қазақ зиялыларының көпшілігін ойлантып, алашшыл бағытқа іш бұрды. Бірақ та биліктің аты – билік. Билік бар мүмкіндігін пайдаланып, отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық идеяларды күшпен талқандауға бет бұрды. Патша өкіметі қанша қудалағанымен де Мағжан ақынның жүрегінен өлен болып құйылған ұлт-азаттық идеяларды өшіре алмады. Керісінше, М. Жұмабаевты қудалаған сайын оның ақындық, азаматтық болмысы биіктей түсті.

Мағжанның өзі де, өлеңдері де қудаланып, тағдыры талқыланып, қыл үстінде тұрған кездің өзінде де ақынның ұлылығын ашық айтқан пікірлер тоқтамады. Солардың бірі алашшыл Жүсіпбек Аймауытов ақын өлеңдерін алғаш рет жан-жақты талдап, оның өлеңдерінде өмірдің

ашы шындығы қазақтың қасиетті кара сөзінің құдіретімен өнер болып өріліп, отаршылдықтың салдарынан өмірі өксіген қалың оқырманның жүрегінен орын алып жатқан себептерін ашып берді. Мағжан поэзиясы несімен мықты, бізге несімен қымбат деген сауалдар төңірегінде ой өрбітті.

«Мағжан сыршылдығымен, суретшілігімен, сөзге еркіндігімен, тапқыштығымен, күшті, маржандай тізілген, торғындай үлбіреген нәзік үнді күйімен, мұнды зарымен күшті.

Мағжан – алдымен, сыршыл ақын. Мағжан сөзіндей «тілге жұмсақ, жүрекке жылы» тиетін үлбіреген нәзік әуез қазақтың бұрынғы ақындарында болған емес. Ол жүректің қобызын шерте біледі, оның жүрегінен жас пен қаны аралас шыққан тәтті сөздері өзгенің жүрегіне тәтті у себеді. Мағжан не жазса да сырлы, көркем, сәнді жазады».

Ж. Аймауытов Мағжан поэзиясының қазақтың шынайы өмірінің өзінен өрілген нағыз халықтық өнер туындысы екендігін дөп басып айта білген. Қазақстанның саяси өмірінде таптық күрестің барынша күшейе бастаған 1927 жылы жазылған Жүсіпбектің бұл «Мағжанның ақындығы» атты көлемді сын мақаласы ақын поэзиясының ешкімге ұқсамайтын өзіндік ерекшеліктерін, нәзік қырларын ақындық-сыншылық көзбен көре біліп, қалың қазаққа алғаш рет жан-жақты жарқырата таныстырған тарихи еңбек болды.

Мағжан поэзиясы бізге несімен танымал деген мәселеге сол кезде өзі де қуғын көріп жүргендігіне қарамастан, қазақтың тағы бір алашшыл ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов те қалам тербетті:

«Мағжан – культурасы зор ақын. Сыртқы кестесінің келісімі мен күйшілігіне қарағанда, бұл бір заманның тегінен асқандай, сезімі жетілмеген қазақ қауымынан ертерек шыққандай, бірақ түбінде әдебиет таратушылары газетпен қосақталып, күндегі өмірінің тереңін терген ақын болмайды, заманынан басы озып, ілгерілей жеткен ақын болады. Әдебиет әдебиет үшін деген таңба айқын болмай, нәрлі әдебиет болуға жол жоқ. Сондықтан бүтінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз – Мағжанның сөзі. Одан басқалардың бәріміздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін».

«Балықшы балықшыны алыстан көреді» дегендей, сол кездегі саяси жағдайдың аса қиындығына қарамай, Мағжанның ұлылығын алғаш байқап, халқынан сүйінші сұрағандай, жер-жаһанға жар салған да қазақтың Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов сынды ұлы жазушылары болыпты.

М. Жұмабаевтың өлендері алғаш рет кітап болып, 1912 жылы Қазан қаласында «Шолпан» деген атпен басылып шықты. Қазақстанда тұңғыш рет 1922 жылы Қызылордада жарық көрді. Сол кездегі Түркістан өлкесі басшыларының бірі болған Сұлтанбек Қожанов осы басылымның таралымы аз болғандығын ескере отырып, 1923 жылы Ташкент қаласында қайта бастырды. Сұлтанбектің кітапқа жазған алғысөзінде мынадай жолдар бар:

«М. Жұмабайұлының өлеңдері казак әдебиетінде үлкен орын алған деп санап, басып отырмыз.

М. Жұмабайұлының өлеңдерімен оқушылар бұрыннан таныс. Әдебиеті жана аяқтанып, әдебиет тілі енді жасалып келе жатқан жұртта Мағжандай ақындардың қызметі зор екені анық. Осы күнге дейін Түркістанда қойшылар тілі саналып келген, ресми қағаздар жазуға, кітаптар жазуға жарамсыз делініп келген қазақ-қырғыз тілі іске асуы былай тұрсын, өнерге асатын бай, жатық, таза, өткір, әдемі тіл екенін Мағжан өлеңдері саяси мәнісінен гөрі, әдеби мәнісін көбірек көзде тұттық. Сол жақтарын ескеріп, Мағжан өлеңдерінің ішінде кез келетін марксизм дүние тануына ұйқаспайтын жерлерін оқушылар көре салып үрікпей, көркемдік жағына көбірек көз салуы керек, тарих мәнісіне жете түсінуі керек».

Иә, бұл пікірден акын поэзиясын тереңірек түсіне алады дейтін акын-жазушылар ғана емес, сол кездегі билік басында жүрген ұлтжанды кейбір азаматтардың да сөз құдіреті алдында бас иіп, мойындағанын көреміз. Мемлекеттік билікте жүргеніне қарамастан, Сұлтанбек сияқты абзал азаматтардың қолынан келгенінше, мүмкіндігінше ұлтына адал қызмет еткенін көреміз.

Отызыншы жылдары «мен қазақтың» дей алатын ұлттық элита түгелдей дерлік қуғындалып, мұның аяғы отыз жетінің ойранына ұласты; солардың қатарында М. Жұмабаев та 1937 жылы ақпан айының 19-ы күні «халық жауы» ретінде атылды.

«Айтулы ақынның сәске түстей ғана қысқа ғұмыры терең қазылған орға да, сұрапыл қалың сорға да, тасырқатқан тасқа да, мұңлы шерлі жасқа да толы. Ол суға да батқан, отқа да жанған, мұзарт жапқан асуларға да тап болған, аңкасын кептіріп, ернін кезерткен шөлде де қалған. Оны «жылан» да арбаған, «шаян» да шаққан, толқын ұрған балықтай жағаға да атқан, ақыры қайсар ақынды «қатты дауыл» соғып, құлатқан.

Акын жаны осылай сая тапқан. Ол өліп қана қуғыннан құтылған» (Темірбек Қожакеев).

Бірақ акын өлгенімен де оның өршіл рухы, өміршең өлеңдері өлмеді; басқаша айтқанда, өлтіре алмады. Қалың қазақ ұлы ақынын бір сәтке де ұмытқан жоқ. Өйткені, аты аңызға айнала бастаған ақынның өлеңдері халқының жадында мәңгілікке сақталып қалған еді.

Мағжанды азамат ретінде де, акын ретінде де ақтау мақсатымен талай-талай жұмыстар атқарылды. Солардың бірі Мағжанды кезінде көрген, бірге жүрген, оны адам ретінде де, акын ретінде де жақсы білген туысқан татар халқының атақты ақыны Сәйфи Құдаш Мәскеуге ақынды ақтау жөнінде арыз жазды. Кейіннен осы хат қазақ тіліне аударылып, басылды. Қалың оқырман Мағжан туралы толығырақ мағлұматты осы мақаладан оқыды. Сәйфидің көзімен қарасақ:

«Адам ретінде, акын ретінде М. Жұмабаев қандай болған? Ол – ешкімге ұқсамайтын өзгеше, аса талантты біртума акын. Оның өзіне

ғана тән үні, таңғажайып әуенді жыры бар, бұның қайнар көзі халық поэзиясының тұңғық тереңінде. М. Горькийдің С. Есенин туралы: «ол... адамнан гөрі табиғат, тек поэзия үшін жаратқан органға ұқсайтын...» деген аталы сөзін (М. Горький әдебиет туралы. М., 1953, 251-б.) М.Жұмабаевқа да арнап айтуға болады. Өзінің қайталанбайтын ерекшелігімен М.Жұмабаев поэзиясы А.Ахматова, Б.Пастернак, А. Блок творчествосын еске салады.

1922 жылы Мәскеудің Күншығыс еңбекшілерінің коммунистік университетіне оқуға түскен Б. Кенжебаев Мағжанның осында бір жыл сабақ беріп, дәріс алғанын жазады. Топтың старостасы болған Бейсекен ұстазымен жақынырақ араласқанын еске түсіреді. Мәскеуде әдебиет үйірмесінде ақынның Ташкенде 1923 жылы жарық көрген өлеңдер жинағының қалай талқылانғанын, Ө. Тұрманжановтың баяндама жасап, Н. Төрекұлов, Ғ. Мұратбаев, Ғ. Тоғжанов, С. Сапарбаев, Ж. Сәрсенбин, т. б. шығып сөйлеп, соңында «Буржуазияшыл-ұлтшыл, бізге мүлде жат» деген қорытынды шығарғанын жазады. Профессор Б. Кенжебаев ақынды былайша сыпаттайды:

«Мағжан сұлу еді: ортабойлы, толық денелі, бұйра қара шашты, аққұба бидай өнді еді. Бет пішіні Абайдың белгілі суретіндегі бет пішініне ұқсайтын. Жүріс-тұрысы жарасты, сәл маңғаз еді. Осының бәрінің үстіне ол қыз мінезді де еді.

Мағжан ғалым, тәжірибелі, шебер оқытушы, асқан методист-педагог еді. Педагогика жайында, қазақ тілі мен қазақ әдебиетін оқыту жайында жарияланған кітабы, мақалалары болушы еді. Осыдан болу керек, ол бізге қазақ тілі мен қазақ әдебиетін тамаша оқытты; сабақ лекциялық, практикалық әдістерді ретімен қатар қолданар еді.

Мейлі, лекциялық сабақта болсын, мейлі практикалық сабақта болсын, ол қағазға, кітапқа қарамайтын. Сөз арасында келтіретін мысал өлеңдер мен әңгімелерді түгел жатқа айтатын. Декламация оқып тұрған тәртізді барлық нәшін, сипатын, қимылын келтіріп айтатын».

Қазақтың белгілі ақыны Мұзафар Әлімбаев М. Жұмабаевты «Мағжан өлеңдерін оқи жөнелгенде, ақын өзінді қайда жетелерін, қай жағалаудан шығарарын күні бұрын сезе алмайсың, әйтеуір тегеурінді бір ағынға түскенінді білесің, әйтеуір айдынды мұхитқа шыққаныңды сезесің», – деп еске алыпты.

Ұлы Абай заман адамды билемек, адам заманға күйлемек, егер адам заманға күйлемесе, заман оны табанына салып илемек деп жырлайды. Түсінген адамға осында адам өмірінің философиясы жатыр. Мағжандар отаршылдық жүйенің заманына үйлесе алмады, сондықтан да билік бұларды қабылдамай, қауіптеніп, құтылуға асықты. Бас амандығын ойлап, кейбіреулер әрекеттер жасауға дейін барды. Жиырмасыншы, отызыншы жылдардағы жеке адамға табынушылық барысында «қазақ ұлтшылдығына» қарсы күресте ұлттық зиялы қауым өкілдері де бой көрсетті. Солардың бірі сол кездегі «комсомол ақыны» Ә. Тәжібаев та Мағжанды әшкерелеу науқанына қатысқан болатын.

Заман өзгеріп, Мағжандар ақталған соң, идеология майданында «саяси қырағылық» танытқандар «азаматтыққа жат» қылықтары үшін халқынан кешірім сұрап, өкінетіндіктерін білдірді. Әбділда ақын да кезінде осылай жасауға мәжбүр болғанын айтып, Мағжан рухы алдында бас иіді. 1988 жылы М. Жұмабаев ақталып, 1989 жылы бір томдық шығармалары шыққанда оған алғысөз жазып, қалың оқырманға таныстырды:

«Мағжан културасының биіктігі бүгін де оқшау тұр. Көп өлеңдерінде-ақ Мағжан өзі жанып тұрған жарық сияқты. Біз ақынның ішкі иірімдерімен, ой-сезім толғаныстарымен қатар оның өзін, қоршаған төңірегін де түгел танимыз. Ол төңірек дегеніміз – көрініп тұрған адамдар, жан-жануарлар ғана емес, эфирдегі нәзік бояулар мен дыбыстар, жер бетіндегі көбімізге беймәлім құбылыстар».

М. Жұмабаев 1988 жылы Қазақстан компартиясы Орталық комитетінің қаулысымен азамат ретінде де, ақын ретінде де ақталып, туған халқына қайта оралды. Нағыз ұлттық поэзияға шөлдеп қалған қазақ халқы Мағжандай ұлы ақынымен қайта табысты. Ақын өлеңдері қайта-қайта басылып, қалың оқырманның жүрегіне жыр болып, нұр болып тарап жатты.

Әдебиет сыншылары мен зерттеушілерінің еңбектерінде Мағжан поэзиясының өміршеңдік, көркемдік қыр-сырларына үңіліп, ақынның азаматтық, шығармашылық болмысы ашыла түсті:

«Көптеген өлеңдердің алтын желісі халықтың азаттыққа жетуін аңсау болып келеді. Бір жағы отаршылардың, екінші жағы жергілікті байлар мен билердің қарапайым халықты еріксіздік құлдығында ұстап келгені ақын жанын ауыртады...

Мағжан қазақ халқының бақытқа жетер жолы тек ұлттық тәуелсіздікке, өз тағдырын өзі шешетін жағдайға жету деп біледі. Оның ертедегі ерлер істеріне қайта оралып келе беретін себебі осыдан... Ақынға Абылай, Кенесары замандары қазақ еркіндігінің дәуірі болып көрінеді» (Рахманқұл Бердібай).

«Мағжан өлеңдерінің жоғарыда аталған революцияшыл, солшыл ақындардан елеулі айырмасы – оның қазақ халқы бастан кешкен өмірдің азапты, мұңлы жағына назар аударуы, өкініш пен күйінішке және махаббат пен табиғат суреттеріне көбірек көңіл бөлуде. Оның өлеңдері сезімтал, суретке бай келеді. Онда табиғат пен адамның жан-дүниесі бірдей өріліп жатады, табиғат көріністері арқылы адамның көңіл-күйі көрінеді...

Мағжанның махаббат жырлары – қазақ лирикасының ең бір жарқын беттері. Ол адамның ойын, ішкі сезімін, сағынышы мен күйінішін тәңірдей көре суреттейді. Оның лирикалық қаһарманы – сезім құшағында, жүрек тербелісінде мас болып, басы айналған азапты жан. Мағжан ұғымында шын сүю – азап жолы, оның өкініші мен қуанышы қатар жүреді» (Серік Қирабаев);

«Лирикаға ойысар болсақ, Мағжан бұл салада қол жетпес биікте тұр. Ол бүкіл қазақ қауымы бұрын тұшынып қоймаған лириканы асқар шынның басына апарып қойды. Кейінгілер қанша талаптанғанмен интимдік суреттеулерге көбірек ұрынып қалып жүр. Оның көріністері Мағжанда да жоқ емес...Мағжан лириканың сезім жағын күйлесе, Сәкен заман ыңғайымен саяси саласын шарлады» (Тұрсынбек Кәкішев).

Тәуелсіз Қазақстанда Мағжан туралы зерттеулер әдебиеттану ғылымында тұтас бір салаға айналып, мағжантану ілімі пайда болды. М. Жұмабаев туралы диссертациялар қорғалып, том-том зерттеу еңбектері жазылды. Солардың қатарында ақынның шығармашылығын арнайы зерттеген Ш. Елеукеновтің (Мағжан. Өмірі мен шығармагерлігі. – Алматы: Санат, 1995. – 384 б.), Т. Кәкішевтің (Мағжан – Сәкен. – Алматы, 2000), Б. Майтановтың (Жұмабаевтың поэтикасы. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 52 б.), Б. Қанарбаеваның (Мағжан шығармашылығының фольклорлық қырлары. – Алматы: 1995. 155 б.; «Жырымен жұртын оятқан. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 232 б.; Мағжан символист. – Алматы: Экономика, 2007, 288 б.; Мағжан поэзиясындағы заман шындығы. – Алматы: Экономика, 2014, – 170 б.), З. Тайшыбайдың (Мағжанның Қызылжары: зерттеу. – Астана: Астана полиграфия, 2008. – 232 б.), Е. Тілешевтің (Суреткер және көркемдік әдіс. – Алматы: Арқас, 2005. – 275 б.), Д. Ысқақұлының (Қазақ елі, бір ауыз сөзім саған. – Алматы: ҚазАқпарат, 2004, 148 б.) монографиялық зерттеулерімен бірге «Мағжан әлемі: әдеби зерттеулер» (Құрастырған Ж. Сүлейменов. – Алматы: 2009, — 496 б.) атты көлемді зерттеулер жинағын алдымен атар едік.

Сонымен бірге Мағжантануға С. Қирабаев, Р. Бердібай, М. Базарбаев, З. Қабдолов, Р. Нұрғали, Қ. Мәшһүр Жүсіп, Б. Кәрібаева, Т. Жұртбай, С. Негимов, А. Ісмакова, Г. Пірәлиева, Ө.Әбдиманұлы, Д. Қамзабекұлы, М. Қойгелді, т. б. секілді ғалымдар айтарлықтай үлес қосты. Қалам ұстаған қазақ қаламгерлерінің ішінде Мағжан хақында ой тербетпегендері кем де кем шығар, сірә. М. Жұмабаевтың шығармашылығын кең ауқымда зерттеп, монография жазған Ш. Елеукеновтің еңбегі Мемлекеттік сыйлықпен марапатталды.

М. Жұмабаев қазақ поэзиясының ғана емес, түркілік деңгейге көтерілген, одан қалды әлемдік әдебиеттің көгінде жарқыраған жарық жұлдыздардың біріне айналды. Ақынның түркілік бірлік туралы айтқан пікірлері күні бүгінге дейін өзінің маңызын жойған жоқ. Керісінше, жаһандану дәуірінде түркі әлемінің болашағына кепілдік беретін бірден-бір жол ретінде күн тәртібіне өткір қойылуда. Осы бір ұлт болашағы үшін аса маңызды мәселені өткен ғасырдың басында-ақ сезініп, түркі халықтарын достыққа, ынтымақтастыққа шақыруы – Мағжанды ұлы ойшыл, гуманистердің қатарына қосады. Бұл туралы Ш. Елеуқенов «Мағжан Жұмабаев – қазақ ұлтының қайткенде

азаттыққа қолы жетеді деп көп ойлап, армандаған ақын. Өзі өмір сүрген тарихи жағдайда азаттық қолға оңайлықпен түсе қоймайтынын сезген ол ер түріктен тараған туыс елдердің ұйымдасып, бірлесіп, тізе қосқан күресі ғана отаршылдықты қазақ елінен, басқа бауырлас елдерден аластауға мүмкіндік туғызады деп есептеген. Сондықтан ақынның түрік тақырыпты өлеңдерінде бұл идеяның ең өзекті идеяға айналуы-табиғи нәрсе», – деп жазыпты.

Ал, түрік ғалымы Фейзуллах Будақ: «Мағжан өлеңдеріндегі рухани күш тамырын тереңге тартып, түркілердің Түркістан аймағында хандықтар мен тайпалық одақтарға бөлінбей тұрған дәуірлерінен бастау алып жатыр. Мағжан отарланған қазақ даласында дүниеге келіп, бүкіл ғұмырын езгі мен қанауға түскен қоғамда өткізуіне қарамастан, оның рухы мен арманы тәуелсіз Түрік қағанатының кең жазира даласында қанат қағып, өлеңдері осындай қайнар көзден нәр алған. Мағжан Жұмабаев – көне түркі топырағында жат жерліктер ұстанған отарлау саясаты салдарынан ұзақ жылдар бойы бөлініп бөлшектенген бір халықтың жүйелі түрде қазақ, қырғыз, өзбек секілді ұлттарға топтастырылуына қарсы наразылығын білдіріп, жалынды өлеңдерінде қайсарлықпен ортақ түркі аты мен ортақ түркі болмысын әлемге танытқан парасатты ойшылдардың бірі. Оның өлеңдеріндегі ұлттың аты – ТҮРКІ, Отанның аты – ТҮРКІСТАН еді. Мағжан – менің Алтайдағы жүрегім», – деп қазақ ақынын түркілік ойшылдардың қатарына қосады.

Ұлы ақынның туылғанына 125, қайтыс болғанына 80 жыл толуына орай, 2018 жыл түркі әлемінде «Мағжан жылы» деп жарияланды. Бұл дегеніміз – М. Жұмабаевты азамат ретінде де, ақын ретінде қазақ халқы ғана емес, күллі түркі халықтары танып, мақтан тұтады деген сөз.

Осы бір айтулы датаға байланысты М. Жұмабаевтың өлеңдері шет тілдеріне аударыла бастады. Ақын жырлары алғаш рет ағылшын тілінде жеке жинақ боп шықты. Көрнекті түрколог, профессор Тимур Қожаоғлының аударуымен, алғысөзімен, түсініктерімен түрік тілінде жарық көрді. Ташкенттегі Науаи университетінің профессоры, ақын Нәсімхан Рахмановтың тәржімесімен Мағжанның таңдамалы жыр жинағы өзбек тілінде жеке жинақ боп шықты. Сонымен бірге, ақынның өлеңдері эзербайжан, қырғыз, алтай, башқұрт, орыс, моңғол тілдеріне аударылып жатыр. Мағжан жырлары ЮНЕСКО-ның мінберінен оқылды.

Сонымен, Мағжан Жұмабаев – қазақ поэзиясының падишасы ғана емес, түркілік руханияттың көгінде жарқыраған жарық жұлдыздардың бірі ғана емес, бірегейі. Күн сөнбесе, жұлдыздар да сөнбейді. Қазақ барда, жер бетінде түркілік әлем өмір сүріп жатқанда, Мағжанның рухы да жарқырап жана бермек.

## ӨМІР ЖОЛЫ

«Кең дала – көресің ғой – ана жатқан,  
Жібектей жасыл шөптер бетін жапқан.  
Асқар тау, балдан тәтті сулары бар –  
Әне, сол анам еді мені тапқан».

*Мағжан*

Мағжан Бекенұлы Жұмабаев 1893 жылдың 25-ші маусым күні қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, М.Жұмабаев ауданы, Мағжан ауылында өмірге келген. Мағжанның әкесі Бекен орта дәулетті, еті тірі кісі болған. Мағжан – бір әке, екі шешеден жеті ұл: Мүсілім, Қаһарман, Мағжан, Мұхамеджан, Сәлімжан (Сәлтай), Қалижан, Сабыржан; екі қыз: Күләм, Гүлбаһрам. Бекеннің балалары шетінен өжет, қайсар болып өседі. Осындай қасиеттері үшін де бұлар «Қасқырдан тараған ұрпақ» аталған.

Мағжан сауатын ауыл молдасынан ашқан. Одан кейін ауыл мұғалімі Ахметден Ақановтан дәріс алады. Ол орыс патшасының әскерінен қашып жүрген башқұрт жігіті еді. Бекен балаларын оқыту үшін оған өз үйінен мектеп ашып береді. Ойын баласы Мағжан да ағаларынан қалыспай, мектепке барып жүріп, алғырлығының арқасында оқып кетеді. Ахметден негізінен шығыс тілдері мен әдебиетін оқытқан; арақидік есеп пен жағрафиядан да дәрістер өтілген. Осылайша хат таныған Мағжан шығыстық қисса-дастандарды іздеп жүріп оқи бастайды.

Баласының оқуға деген ынтасының зор екендігін байқаған әкесі Қызылжардағы молда Қасен Панамарұлының медресесіне түсіреді. Мағжан Мұхамеджан Бегішев ұстаздық ететін медреседе де оқиды. Мұхамеджан Стамбұлдағы Түрік университетін бітіріп келген Қызылжар қаласының атақты кісілерінің бірі еді. Мұнда негізінен араб, парсы, түрік тілдерімен қатар оның тарихы мен әдебиеті де оқылатын. Медреседе жақсы оқыған Мағжан оны 1910 жылы үздік бітіріп шығады. Білімін одан әрі жалғастыру мақсатымен ол Уфа қаласына келіп, сондағы «Медресе-Ғалияға» оқуға түседі.

«Медресе-Ғалия» ол кездегі белгілі оқу орындарының бірі болатын. Оны Сәлімгерей Жантөрин басқарып, татардың классик жазушысы Ғалымжан Ибрагимов сияқты атақты адамдар дәріс беретін. Мағжан медреседе Бейімбет Майлин, Біләл Сүлеев, Бекмұхамбет Серкебаев, Зейнелғабидин Иманжанов сияқты қазақ шәкірттерімен қатар оқиды. Ол әсіресе ұстазы Ғалымжан Ибрагимовпен жақсы қарым-қатынаста болады. Шәкіртінің бойынан ақындықтың ұшқын шашып тұрғанын байқаған ұстазы да одан ақыл-кеңесін аямайды. Сөйтіп, жас дарынның шығармашылық жолға біржола түсуіне себепкер болады. Ұстаз бен шәкірт арасындағы қарым-қатынас кейіннен шығармашылық достыққа ұласады. Ғалымжан Мағжан өлеңдерінің 1912 жылы «Шолпан» де-

ген атпен Қазанда басылып шығуына көмектеседі. Кейінірек казак тақырыбына арнап «Қазак кызы» атты роман жазғанда, оған эпиграф етіп Мағжанның:

«Кең дала – көресің ғой – ана жатқан,  
Жібектей жасыл шөптер бетін жапқан.  
Асқар тау, балдан тәтті сулары бар –  
Әне, сол анам еді мені тапқан», –

деген өлеңін алған. «Ғалиядағы» жылдар Мағжанның ақындық жолына көп әсерін тигізді.

«Ғалия» медресесіндегі мұсылмандық бағыттағы оқу жүйесі Мағжанды қанағаттандыра бермейді. Орыс әдебиетіне қызыға бастаған ақын бір қыс бойы Міржақып Дулатовтан орысша үйренеді. Мағжанның ақындық дарынының гүл ашуына, азаматтық бағытының айқындала түсуіне М.Дулатовтың ықпалы күшті болды. Ол орыс тілін үйреніп қана қоймай, жас ақынды орыс әдебиетінің бай қазынасынан еркін сусындатқан. Осы жылдары ол А.Байтұрсыновпен танысады.

Ұлт-азаттық бағыттағы алашшыл азаматтармен араласа бастайды. Жаңадан шыға бастаған «Қазақ» газеті Мағжанның ақындық болмысының, саяси-әлеуметтік көзқарастарының қалыптасуына әсері зор болған. Өзі де газет жұмысына белсене қатысады.

Білімін одан әрі жалғастыру мақсатымен Мағжан 1913 жылы Омбыдағы оқытушылар семинариясына түседі. Омбы ол кезде Ақмола губерниясының орталығы еді. Сібір университеті атанған бұл семинарияда қазақтың көптеген жастары оқиды. Мағжан осында қазақтың тағы бір талантты ақыны Сәкен Сейфуллинмен танысады. Семинарияда оқып жүргенде екеуі мәдени-ағартушылық бағыттағы «Бірлік» атты қолжазба журнал шығарып тұрады. «Бірлік» арқылы концерттер ұйымдастырып, жас талапкерлердің шығармаларын талқылап отырады. Омбыдағы жылдар Мағжан үшін шығармашылық ізденіс жылдары болды. Ол батыс әдебиетін қызыға оқыды. Гюго, Толстой, Гейне, Горький, Верлен, Мережковский, Бальмонт, Брюсов, Блок, Сологуб, Лермонтов, Фет сынды сан сырлы дарын иелерінің шығармашылық қырларына үңілді. Сөйтіп, Омбыдағы жылдар Мағжанның казак әдебиетінің арнасынан асып, әлемдік әдебиеттің көгілдір айдынына шығып, мол сусындаған, сөйтіп сөз өнерінің шексіз шалқарына бет түзеген кезеңі болды дей аламыз. Осы кезде Мағжан ұлтжанды азамат ретінде де көрінді. Оқып жүрген кезінде қызылжарлық атақты Шоқан Тастеміровтің Зейнеп атты қызымен көңіл қосып, үйленеді. Бірақ қуаныш көпке ұзамайды, Зейнеп бала босану үстінде қайтыс болады. Одан қалған Граждан да келесі жылы көз жұмады. Мағжан өмірінің ең бір ауыр кезін бейнелейтін мұн мен зарға толы өлеңдер осы кезде дүниеге келеді. Осы уақыттардағы өлеңдері пессимистік сарында жазылып, тіпті кейбіреулерінде өмірден түңілушілік те байқалады.

Мағжан Омбының семинариясында үздік оқып, қазақ студенттеріне берілетін стипендия алып тұрады. Ол семинарияны 1917 жылы алтын медальмен бітіріп шығады. 1917 жылы бірінен соң бірі екі төңкеріс болған аласапыран кез еді. Оқуды жаңа бітірген жас жігіт те осы оқиғалар ағынына қойып кетті. Мағжан да өзгелер сияқты ақпан төңкерісін қуанышпен қарсы алды. Қазақ халқының теңдікке жететін кезі жетті деп сенген Мағжан қоғамдық-саяси жұмыстарға белсене кіріседі.

Ақпан төңкерісінен кейін қазақ азаматтары «Алашорда» атты партия құрып, соның маңына топтаса бастады. Осы қозғалыстың басы-қасында жүрген Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов сияқты алаш азаматтарымен аралас-құралас жүрген Мағжан да осы топтың ішінен көрінді. Алашорданың құрылтайы өткенде оған әр облыстан делегаттар қатысты. Оған Ақмола облысының делегаты ретінде келген Мағжан оқу комиссиясына мүше болып сайланды. Осы кезден бастап халық ағарту ісі Мағжанның саналы өмірінің мәнді бір саласына айналды.

Басталып кеткен аласапыран оқиғалар Мағжанның қолға алған істерін жүзеге асыруға мүмкіндіктер бермеді. Еркіндікті аңсаған ақын үмітін ақтар мен қызылдар болып билікке таласқан қырқыстар күл-талқанын шығарды. Қылышынан қан тамған Қолчак шығып, елге қырғидай тиді. Омбыда өздерін социалистер санаған «Үш жүз» партиясы пайда болды. Чехославак лаңы бұрк ете қалды. Сондай қым-қуыт оқиғалар кезінде солардың ортасында жүрген Мағжан да түрмеден бір-ақ шықты: «Үш жүз» партиясы ақынды абақтыға апарып қамады. Қантардың аяғында камалып, мамырдың соңында босанып шыққан ақын біраз уақыт елде болып, сол жылдың күзінде Омбыға қайта оралды. Ол мұнда қазақ тілінде сабақ жүргізетін мұғалімдер даярлайтын курсқа оқытушы болып орналасып, қазақ тілі мен әдебиеті, тарих, педагогика пәндерінен дәріс оқыды. Осы курста болашақ пролетариат жазушысы Сәбит Мұқанов та оқып, Мағжанның алдынан тағлым алды.

Көп ұзамай-ақ өкімет билігі большевиктердің қолына өтеді: «Алашорда» таратылды. 1919 жылдың 4 көкегінде алашорда басшыларына кеңес өкіметі тарапынан кешірім жасалынды. Оның басшыларының бірі Ахмет Байтұрсынов партия қатарына кіріп, оқу-ағарту халық комиссары болып қызметке кіріседі. М.Жұмабаев та Ақмола губерниялық «Бостандық туы» газетінің редакторлығына бекітіледі. Басылымға басшылық жасап жүріп, ол қоғамдық-мәдени өмірге белсене араласты. Әсіресе, оқу-ағарту саласына ден қойып, проблемалық мақалалар жазады. Осы саладағы ұстаздық, ғылыми ізденістердің нәтижесінде «Педагогика» (Орынбор, 1922) атты еңбегін жариялады. Осы жылы (1922) Бернияз Күлеев Мағжанның екінші өлеңдер жинағын Қазан қаласында бастырып шығарды. Тез таралып кеткен бұл кітапты 1923 жылы Сұлтанбек Қожанұлы Тәшкенде қайта бастырды.

Алашордашыларға кешірім жасалғанымен де оларды саяси жағынан қуғындау тоқтамады; керісінше күшейе түсті. Міне, осындай жағдайға байланысты 1922 жылы Мағжан Тәшкенге келеді. Мұнда Түркістан республикасының басшылығында жүрген Нәзір Төрекұлов, Тұрар Рысқұлов, Сұлтанбек Қожанов сынды алаш азаматтары қысылтаяң кезде қол ұшын созып, пана болған еді. Ташкендегі жылдар Мағжан өмірінің ең бір мағыналы да мазмұнды кезіне айналды. Ол өнімді еңбек етіп, шығармашылық жолының ең бір жарқын беттерін жазды. Осында шығып тұрған «Шолпан», «Сана», «Ақ жол» сияқты басылымдарда оның негізгі ақындық болмысын танытатын ұлт-азаттық, түрікшілдік сипаттағы өлеңдері мен мақалалары жиі жарияланып тұрды.

Мағжан поэзиясының шыңы «Батыр Баян» осы кезде өмірге келді. Қазақ-қырғыз білім комиссиясының мүшесі ретінде де көп жұмыстар атқарды. «Педагогиканы» толықтырып, қайта шығарды. «Бастауыш мектепте ана тілі» кітабын жазды. Балаларға арналған бірсыпыра өлеңдері жарық көрді.

М.Жұмабаев 1923 жылы Мәскеудегі В.Я.Брюсов атындағы Жоғары әдеби-көркем институтына түсті. Бір жағынан осында оқи жүріп, екінші жағынан Күншығыс кіндік баспасында істеді. Бұл кезде баспаның басшысы болып істейтін Н.Төрекұлов Мағжанға тағы да қол ұшын созады. Үлкен қалада әйелі Зылихамен бірге тұрып, күн көрісі қиын болған Мағжан баспадан аударуға шығармалар алып тұрады. Ол В.И.Лениннің, М.Горькийдің, Д.Мамин-Сибиряктың, Вс.Ивановтың, т.б. шығармаларын аударып, шығарады. Ақынның әдеби-эстетикалық көзқарастары, айқын көрінген болашақ қазақ жазушыларының ұйымы болуға тиісті «Алқаның» бағдарламасын жазды.

Мағжан Тәшкен асып, Мәскеуде жүргенде де оны қудалаушылар қарап жатпады. Ақынды қаралаған мақалалар баспасөз бетінде жиі көрінетін болды. Мағжанның шетте жүргеніне қарамастан, оған Омбыда (1924) сырттай әдеби сот ұйымдастырды. Онда Мағжан өлеңдері халыққа зиянды, сондықтан да пайдаланудан алынсын деген қаулы қабылданды. Осындай тағы бір жиын 1924 жылдың 24-ші қарашасы күні Мәскеуде оқитын қазақ жастарының қатысуымен өтті. Мұнда да Мағжан өлеңінің көбінде өткенді көксейді, ескішілікті іздейді, ұлтшылдыққа қоздырады, өзімшілдік пен менмендікті дәріптейді деген айыптар тағылып, халыққа жат деп табылды.

Ақын 1927 жылы елге қайтып, Қызылжардағы Қазақ педагогикалық техникумына оқытушы болып орналасады. Бұл кез солақай сындармен қаруланған ҚазАПП-тың Мағжанға қарсы күресті барынша қарқынды түрде жүргізіп жатқан тұсы болатын. Көп ұзамай-ақ ақынды қамап, он жылға соттайды. Карелия ормандарында айдауда болған Мағжан М.Горькийдің көмегімен абақтыдан босанып, елге оралады. Қызылжар қаласындағы №7 мектепте орыс тілі мен әдебиетінен сабақ береді. Саяси сенімсіздігі үшін түрмеге отырып келген адамға бала тәрбиесімен

айналысуға болмайды деген сылтаумен ақынды жұмыстан босатып жібереді. Күн көру қамы қиындаған Мағжан сол кездегі Қазақстан Жазушылар Одағының төрағасы С.Мұқановпен хабарласып, Алматыға келеді. Сәкен мен Сәбиттің көмегімен ол Қазақ мемлекеттік баспасымен келісім-шартқа отырып, аударма жасап, тіршілік етеді. Бірақ, бұл жағдай да ұзаққа созылмай, ол 1937 жылдың 30 желтоқсаны күні екінші рет тұтқынға алынады. Сөйтіп, сталиндік зұлматтың құрбаны болған аяулы ақынға «Халық жауы» деген айып тағылып, соттың шешімімен 1938 жылдың 19 ақпаны күні атылады.

Осылайша туған халқын жан-жүрегімен сүйгендігі үшін, оның тұрмыс-тіршілігін, арман-ансарын сөз өнерінің құдіретімен айшықтап жырлағаны үшін жазықсыз жазаланған М.Жұмабаев шығармалары кеңес өкіметі кезінде біраз уақыттар бойы «қамауда» болды. Замандар өзгеріп, ұрпақтар алмасты. «Алтын кездік қап түбінде жатпайды», «таза мінсіз асыл тас, су толқытса шығады» дегендейін, өмір толқындары Мағжанды да қайтадан жағаға шығарды. Сталиндік зұлматтың отызыншы жылдардағы құрбандары болған Шәкәрім Құдайбердиев, Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатовтармен бірге араға жарты ғасырды салып барып Мағжан Жұмабаев та халқына қайта оралды. Өшкеніміз жанып, өлгеніміз қайта тірілді десек, осы жерде артық бола қоймас. Сөйтіп, ғасырда бір-ақ туар қазақтың біртуар ұлы ақыны Мағжан Жұмабаевтың сырлы сөздермен, асыл ойлармен әсем өрнектелген әдеби мұрасы мен публицистикалық, ғылыми еңбектері қазақ халқының рухани қазынасына қайта қосылып, оны байыта түсті.

Қазақстанда ақынның атын мәңгі есте қалдыру бағытында да біршама жұмыстар атқарылды. Алматы, Қызылжар қалаларында бір-бір көшеге Мағжан Жұмабайұлының есімі берілген; Қызылжарда ақынға ескерткіш қойылған; Солтүстік Қазақстан облысының бұрынғы Булаев ауданы қазір Мағжан Жұмабайұлы ауданы болып аталады (2000); Мағжан Жұмабайұлы ауданындағы ақынның туып-өскен Сарытомар ауылында ақынның мемориалдық мұражайы орналасқан (1993).

М. Жұмабайұлының туылғанына 125 жыл толуына орай, Халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымының шешімімен 2018 жыл «Мағжан Жұмабаев жылы» болып жарияланды. Осы бір айтулы датаның аясында Мағжанның түркі әлеміне танылуы басталғандай. Түркітөктес мемлекеттерде ақынның шығармалары ақпарат құралдарында кеңінен насихатталып, шығармалары кітап болып, басылып шығып жатыр; көрнекті мемлекет, қоғам, әдебиет қайраткерлері қатысқан түрлі жиындар өтуде.

Еуразия Жазушылар қауымдастығына қарасты «Кардеш калемлер» журналы наурыз айындағы кітапшасы түгелдей ұлы ақынның шығармашылығына арналыпты. «Кардеш калемлер» журналының бас редакторы, түрік жұртының танымал ақыны Әли Ахбаш аударған Мағжан Жұмабаевтың өлеңдер топтамасымен ашылған. Ұлыстың ұлы күніне орай М. Жұмабаевтың «Әр халықтың өзінше жаңа жылы,

жыл басы болады. Қай уақытта, қай халықта болса да жаңа жыл сол халықтың, сол уақыттың шаруа жағдайына қарай белгіленген. Еуропа жұрттарының бір жерінде жаңа жыл – 1 январь, бір жерінде – 1 сентябрь, тағы осындайлар. Азияда жаңа жыл – жазғытұрым, қазақ елінде – марттың 22-сі.

Қай елдің жаңа жылын алсақ та, негізінде шаруашылық жағдай болады. Дін әсері жаңа жылдарда аз, жоқтың қасы болса, қу молдалардың мал табу үшін жалған қондырмасы.

Қазақ жаңа жылы дін әсерінен таза. Бұл күні ешбір құлшылық, дін әдеттері жасалмайды. Бар болғаны ел бір-бірімен көрісіп: «Жасың құтты болсын!» дейді.

Жаңа жыл күні қазақ күн райына қарай алдағы жазды рақатты, рақатсыз болады деп болжау жасайды. Қар тез кете ме, жаз жылдам бола ма деп болжау жасайды.

Жаңа жыл күні қазақ әдетінше әр үйде қазан-қазан көже пісіріледі» дей келіп, наурыз – жаңа жыл мейрамымен құттықтаған мақаласы берілген. Сондай-ақ орыс жазушысы Мамин-Сибиряктан аударған «Ақбоз ат» әңгімесі де орын алған.

Журналдағы Еуразия Жазушылар қауымдастығының төрағасы Якуп Омароғлының, ТҮРКСОЙ ұйымының бас хатшысы Дүйсен Қасейіновтің, Кемел Оспанов, Ферхат Тамир, Айгүл Ісмақова, Жарасбай Сүлейменов, Орхан Сөйлемез, Сәуле Мәлікова, Серікқазы Қорабай, Зарқын Тайшыбай, Қайырбек Кемеңгер, Ербол Тілешов, Гүлжанат Құрманғали сияқты әдебиеттанушы ғалымдардың зерттеу мақалаларында ұлы ақынның шығармашылық кырлары жарқырай түскен.

Сөйтіп, аумалы-төкпелі заманда да ұлтын, түркі әлемін жырлаудан танбай, оның болашағын ойлап, күніреніп жыр жазған, ұлтын сүйгендігі үшін отаршылдардың қолынан ұлт-азаттық күрестің құрбаны болған қазақтың ұлы ақыны Мағжан Жұмабаевтың есімі түркі әлемінің рухани көгінде одан сайын биіктеп, жарқырай түсуде.



Қазақ әдебиеті XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде дамудың ренессанстық дәуірін басынан өткеріп, алдыңғы қатарлы әлемдік мәдениетпен иық тірестірді. Қазақ поэзиясының кәусар мөлдір бұлағы адамзаттың әдебиет айдынына Абай болып, Мағжан болып құйылды. Ұлттық әдебиеттің асыл қайнарларынан нәр алған, әлемдік әсем сөздің озық үлгілерінен сусындаған Абай – пәлсафалық, Мағжан – сыршыл, сырлы сөздің қайталанбас шындарын жасады.

Бұл сөздерді біз бүгіндері ғана айта бастадық. Қазақ поэзиясының қос шайыры өздеріне лайықты бағасын алу үшін ұзақ та бұралаң жолдардан, уақыттың тезінен өтулеріне тура келді. Шындығын айтқанда, ұлттық әдебиетіміздің классиктері Абай мен Мағжанды күні қазірге дейін толық танып біле алған жоқпыз. Оның өзінің объективтік, субъективтік себептері болды. Солардың бірі – Батысқа қарағанда Шығыстың қоғамдық, мәдени дамудың барлық жағынан да артта қалғандығы туралы жалған теориясымақ. Дамудың негізгі көрсеткіші – қоғамның таптарға жіктелуі, таптық күрестердің күшеюі деп түсінілген тұстарда мәдени, әдеби мұрамызды игеруде аса күрделі қиындықтар туды. Абайдың өзін кешегі елуінші жылдарға дейін әр саққа жүгіртіп, қай таптың ақыны екендігін анықтау мақсатымен босқа арамтер болдық. Төңкеріске дейінгі жазылған бірлі-жарымды мақалаларда-ақ Абай өзіне лайықты бағасын ала бастаған болатын. Ұлы ақын туралы алғаш мақала жазған, сөйтіп Абайтанудың негізін қалаған Әлихан Бөкейханов 1905 жылы «Семипалатинский листокта» «өлеңдерінен көрініп тұрғандай асқан поэтикалық қуаттың иесі, қазақ халқының мақтанышы болды. Абай сияқты халықтың рухани творчествосын осыншама жоғары көтерген қазақ ақыны әлі кездескен жоқ. Оның жылдың төрт мезгіліне арналған (көктем, жаз, күз, қыс) тамаша жырлары оны Еуропаның атақты ақындарының қатарына қосар еді» («Жұлдыз», 1991, №9, 114-бет) деп жазғанын ұмыт қалдырдық. Революцияға дейін осылайша бағаланып келген Абай жиырмасыншы жылдары бай-феодал, соғысқа дейінгі дәуірде қаталданған феодал, ұлт әдебиетінің негізін салған ұлтшыл, ағартушы, демократ атанып, елуінші жылдарда ғана дұрыс бағасын ала бастады.

Төңкерістен кейінгі таптық принциптерге негізделген гуманитарлық, оның ішінде, әдебиеттану ғылымы көркемдік дамудың өзіндік ерекшеліктерін есепке алмай, аяққа тапталды.

Қоғамдық даму түрлі әлеуметтік-экономикалық формацияларға бөлініп, социализм – ең жоғары сатысы деп саналды. Нәтижесінде капиталистік қарым-қатынастар кең өріс жая қоймаған қазақ даласы әлі феодалдық дәуірде артта қалған деп есептелініп, ұлттық мәдени даму ерекшеліктері ескеріле бермеді. Қазақстанда таптық күрес мәселесі күн тәртібіне айрықша қойылып, бүкіл қазақ мәдениеті мен әдебиеті феодалдық дәуірдікі, ұлтшыл деп жарияланды. Бұлардың

ішінде 1917 жылғы төңкеріске дейінгі ақындардың барлығы дерлік ескішіл, кертартпа саналса, оқыған қазақ қаламгерлері түгелге жуық «ұлтшыл» атанды. Сөйтіп, соңғы жетпіс жылда қазақ әдебиеті өзінің гүлдену дәуірінен бірден тоқырау кезеңіне ұшырады: өзіне ғана тән ұлттық табиғи даму күшпен тоқтатылып, коммунистік партияның идеологиялық колшоқпары, социалистік реализмге жасанды қалыпта таңылды. Әдеби-көркемдік қасиеттерінен айрылып, сұрқайы саясаттың құралына айналды.

Кенестік дәуірдегі қазақ әдебиетінің жай-күйін М.Жұмабаевтың шығармашылық тағдыр-талайынан айқын көруге болады. Алғашқы кітабы «Шолпан» 1912 жылы он тоғыз жасында басылып шыққан Мағжан төңкеріс кезінде әсіресе, қазақ жастары арасында барынша танымал болатын. Қазақ жастары оның сырлы да сазды өлеңдерін іздеп жүріп оқитын, түрлі жиындарда, ойын-сауықтарда жатқа айтатын. Халық жүрегіне жол тапқан Мағжанның өлеңдері әдеби сында да тиісті бағасын ала бастады. Ақынның шығармашылығы хақындағы алғашқы пікірлерді «Екеудің», «Абайдан соңғы ақындар» атты мақаласынан кездестіреміз. Авторлар «қазақ әдебиетінің атасы», «Абайдың суретшілігіне жеткен әлі ақын жоқ» деп келеді де одан кейінгі ақындардан бірінші Мағжанның атын атайды: «Жас ақындардың ішінде сезіміне сөзі жақын келетін суретшілігі бар – Мағжан» («Абай» журналы, 1918, №5). Мақалада ақынның өлеңдеріне айтылған сын пікірлер де баршылық. «Бірақ, оның тілі де кестелі толық келмей, өлеңнің түрі көңілге ала қонады» дейді де оған мысал ретінде «Жолда» деген өлеңін талдайды. Тағы бірде «сезімге әсер беретін, суретті өлеңдер көбінесе Мағжан, Міржақып, кейде Сұлтанмахмұт, Ахмет Мәметовтікі» деп келеді де ақынның поэзиясы туралы ойларын: «Сыршыл ақындардың ішінде өлеңнің ішкі суретіне сөзінің сыртқы кестесі үйлесіп, маңызды болып шығатын – Мағжанның өлеңдері» деп тұжырымдайды.

«Екеуді» С.Мұқанов Абдолла Байтасов пен Даниял Ысқақов деп көрсетеді. Соңғы кездегі зерттеушілер Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезов деп жүр.

1919 жылы «Трудовая Сибирь» (№1) журналында «Қырғыз» (Қазақ – Д.Ы.) әдебиеті» деген көлемді мақала жазылды. Оның авторы он тоғыз жасар Смағұл болатын. Мақалада қазақ әдебиетіне шолу жасай келіп, А.Байтұрсынов, М.Дулатовтармен бірге М.Жұмабаевқа да жақсы баға береді. Ақынды қазақ поэзиясындағы жаңа бағыттың басы деп бағалаған. Абаймен салыстыра отырып, өлеңдегі нәзіктік, шынайылық, көркемдік жағынан оған жетер ақын жоқ деген пікір білдіреді.

Мағжанның алғашқы өлең кітабы «Шолпан» он тоғыз жасында (1912) Қазанда басылып шықса, кеңестік дәуірдегі негізгі басылымы ақын Бернияз Күлеев 1922 жылы осы қалада бастырып шығарған өлеңдер жинағы болды. Ақынның өлеңдерін ыждағаттылықпен жинастырып, оны бастырып шығарудың түрлі ұйымдастырушылық,

материалдық, техникалық жұмыстарын бір өзі атқарып шығуының өзінен-ақ ақын Бернияздың Мағжан ақынның шығармашылығына деген көзқарасы, сүйіспеншілігі айқын көрінеді. Кітапта жазылған «Бастырушыдан» деген алғысөзде «Мағжанның бұл өлеңдерінің әдебиетте қандай орын алатынын айыруды сыншыларға қалдырып», «Қазақ әдебиеті жаңа қаз-қаз тұрып келе жатқан секілді, оның басылып таралуы да жарымжан» дей келіп, осы кітапты бастырып шығарудағы мақсатын айқындайды. Мағжанның өлеңдерін жақсы кітап етіп бастырып шығарып, қазақ арасына» тарату басты «ойлаған ой» болғандығын ескерте келіп, «жалғызілікті кісіден көзге түспей қалған бірен-саран емле қатесі болса, оқушылар айыптамас», – деп, ақын поэзиясын әрбір нүкте-үтіріне дейін аса жоғары бағалайтындығын аңғартады: жинақта кеткен кейбір кемшіліктер үшін оқырманнан кешірім сұрайды.

М.Әуезов «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» (тарихи – әдеби сын) атты мақаласында ұлттық әдеби дамуға шолу жасай келіп, ондағы соны жаңалыққа тоқталады:

«Ол жаңалық – жаңа басталып келе жатқан сезімшілдік, сыршылдық (романтизм) дәуірі. Бұрынғы ауызша әдебиеттен, одан бергі Абай заманынан бері қарай келе жатқан реализм сарыны көбінесе құрғақ ой, жадағай сөз (рассуждение) күйі осы күнде терең сезім, нәзік сыр күйіне айналып келеді. Бұның белгісі М.Жұмабаевтың соңғы «Ертегі», «Қоркыт» сияқты өлеңдерінде бар» («Шолпан» журналы, 1923 №4-5). Бұл жерде Мұхтар Мағжанды қазақ поэзиясының дамуындағы жаңа бір саты, бағыт деп, жоғары бағалап отыр.

Қазақтың даласына төңкерістен кейін келген таптық принципке негізделген саяси билік үшін күрес Мағжанның ақындық тағдырына айтарлықтай қауіпті өзгерістер әкелді. Әсіресе, ұлтжанды қазақ жастарының ұлттық мақтанышына айналып келе жатқан ақынға түрлі саяси сындар айтылып, шеттетіле бастады. Ақын поэзиясының негізгі күшті жақтары – сыршылдығы, ұлттық, халықтық сипаты – оның басты кемшіліктеріне айналды. Халқы төбесіне көтерген ақынның қуғын-сүргінге, қасіретке толы ауыр тағдыры басталды.

С.Мұқанов ақын өміріндегі осы бір кезеңнің бір сәтін былайша суреттейді:

«Сауық кештерінің бір түрі – әдебиет кеші. Сондай кештердің біреуінде, бізге белгілі алашордашыл ақын Мағжан Жұмабаев өзінің пан-азияшылдық бағытта жазылған «Пайғамбар» атты өлеңін пан-түрікшілдік бағытта жазылған «Бауырыма» атта өлеңін, ұлтшылдық мағынада жазылған «Сары дала» атты өлеңін оқыпты. Жиналып тыңдағандардың көбі – нәпмандар. Осы мәселе ячейканың бюросында сөз болды.

Пікір алысқанда, біреулер «Жұмабаевқа өлең оқытпау оңай, сонда советтік темада жазылған өлеңдерден әдебиет кешін ұйымдастыруға бола ма?» деген сұрау қойып еді, мен бюро мүшелеріне советтік бағытта жаза бастаған бірнеше жастардың барын айттым.

– Онда, былай болсын, – деді Угар, – жақын арада Жұмабаевтар тағы да әдебиет кешін жасағалы жүр деп естідім. Сол кештің алдында совет тілегінде жазып жүрген жастардың басын құрастыру керек те, өлеңді соларға оқыту керек.

Оқитын адамдар табылатынана бюро мүшелерінің көзі жеткеннен кейін, «Жұмабаев оқимын десе қайтесіздер?» – деген сұрау қойды біреулер.

– Ол оқымайды, – деді Угар...

Алдағы әдебиет кешінде «шығыстық кеш» бөлімі болатынын естіген көпшілік, әсіресе, нәпмандар клубқа сыймай кетті. Міне, звонок та болды... билеті бар жұрт залға кіре бастады. Орын атаулы толық. Орынсыз тік тұрған адамдар да бірталай... Сыртта билетсіз тұрғандардың біразы кимелей кірмек боп, ішкі күршегін салып қойған есікті тарсылдата ұрып, айғайлап жатыр... Оған құлақ асар кісі жоқ...

Угармен уәде бойынша, өлеңін оқитын жастар сахнаның сыртында жүр. Мағжан солардың арасында. Әлдене қауіпті сезгендей, оның сұлулау кескіні әлемтапырық... сол кезде сыртқы есіктің ашылғаны естіле қалды... Мен коридорға шықтым, бірнеше қарулы милиционер келе жатыр, алдында Угар! Қаһарына мініп алғандай, оның кескініне адам қарап боларлық емес!

– Занять все двери! – деп команда берді ол милиционерлеріне. Милиционерлер залға кіретін үш-төрт есіктің алдына көлденең тұра қалысты.

– За мной! – деді маған, өзі сахнаға қарай жөнеле берген Угар. Оған ере мен сахнаға кірдім...

– Ал, революцияға қарсы ақын, бері шык! – деді ол, сахна сыртында тұрған Мағжанға. Мағжан Угардан қаймықты да, сахнаға үн-түнсіз көтерілді.

– Ал, сен де көтеріл, бедняцкий поэт, – деді Угар маған. Мен де көтерілдім. Шам сөндірілген залда лық толған жұрт қобалжыйын деп еді: – Молчать! – деп ақырып қалды Угар.

– Бәріңді де көріп тұрмын. Қай нәпман тәртіпсіздік жасаса, мен онымен ертең сөйлесем...

Зал тыныш бола қалды...

– Ты, алашордынский последыш, перестань морочить голову советских людей со своими бредово-контрреволюционными стихотворениями!... Неужели ты не понимаешь, что твоя песня спета?...

Ұскынды, кара-сұр кескінімен сүзіле қараған Угарға Мағжан төмен қарап, жауап қатпады.

– Ал, бедняцкий поэт, оқы өлеңіңді! – деді маған Угар, сен, контрреволюционный поэт, – деді ол Мағжанға қаһарлана түсіп, – тыңда мынаның өлеңін!...

Мен ыңғайсызданған дауыспен «Кедей баласы» дейтін өлеңімді оқуға кірістім...» (С.Мұқанов. Он алты томдық таңдамалы шығармалары. X том, А., 1976, 461–463-беттер).

Бұл айтылғандарға алып-қосарымыз жоқ. Көзі қаракты оқырмандарға түсінікті болар. Сонда да болса, оқиғаның төңкерістің алғашқы жылдарында Қызылжар қаласында өткенін, аты аталған Уғардың белгілі революционер Уғар Жәнібеков, оның сол кезде губерниялық милицияның начальнигі, губком ячейкасының бюро мүшесі болғанын еске сала кеткіміз келеді. Бұл эпизодтан Қазақстанда ұлттық әдебиеттің аренасынан Мағжан сияқты «ұлтшыл» акындардың зорықпен қалай ығыстырылып, олардың орнына төңкерісшіл Сәбиттердің қалай келгендігі шынайы көрініс тапқан.

Бірақ, Мағжанды әдебиеттен қара күшпен итеріп шығарып жіберу оңайға түскен жоқ. Халықтың арасында акынның мерейі өсе берді. Мағжан өлеңдері төңкерістен кейін екі рет: 1922 жылы Қазанда, 1923 жылы Тәшкенде басылып шықты. Алғашқысын жалынды жас ақын Бернияз Күлеев бастырса, араға бір жыл салып, сол кітапты қайта бастырған белгілі қоғам, мәдениет қайраткері Сұлтанбек Қожанов еді.

Шын мәніндегі Мағжантану Жүсіпбек Аймауытұлының «Мағжанның ақындығы» («Лениншіл жас» журналы, 1923 ж. №5) атты көлемді мақаласынан бастау алады.

Жүсіпбек Мағжанды қазақ поэзиясындағы Абайдан кейінгі ірі тұлға деп көрсеткен. Акынның ұлттық өлеңге енгізген түрлік, көркемдік жаңалықтарына тоқталып, өзіндік мектебі бар жаңа бағыт деп санайды. Жүсіпбектің көріпкелдей айтқан, қазақ әдебиеті Мағжанмен мақтанатын болады деген пікірі жетпіс жылдай уақыт үзілістен кейін шындыққа айналып отыр.

Жалпы, Ж. Аймауытовтың Мағжанның поэзиясын аса жоғары бағалап, онымен шығармашылық байланыста болғандығына оның мына бір хаты көз жеткізеді:

«Аса қадірлі Мағжан!

«Мағжан» деп іш тарта есіміңді келтіріп, осы қазір өзіңнің дініне еніп, дәлімді білдіргім келеді.

Әдетте я көргені мол көне көз кісі, я болмаса аяушылығы басым жолдас-жора ақыл айтқыш; өз басым ақылгөйсуден аулақпын. Сырымды айтудан әрі бармаспын. Қазақ әдебиетінің көгіне көтерілген күн секілді өз сәуленді әрдайым сезініп, біліп, болжап отыруды әдетке айналдырғанбыз. Ақындық – қасиетіне айналған. Әдебиетімізге «Жаралы жан», «Қорқыт», «Баян» секілді біртуар сөз кестесін берген ақыннан әлі күтеріміз көп. Өз соңынан ізбасарларын ертіп, келешек көкжиегіне ентікпей жетер талантты дүниелер туғызу сенің ғана қолыңнан келер іс. Поэзияның қанатты пырағын әзірше қабатыңнан ұшыратпай жүрміз. Ең ғажабы: өлеңіңнің өтірігі жоқ.

Баз бірде ала-құлалықты сезіп тіксіне қалатынымызды несіне жасырайық; жылауың көп, өксігің мол, өз мұңына өзін көміліп жүріп алатындайсың. Пушкинді Пушкин еткен оның өлең жазғыштығы емес, өмірдің өзге көрмеген сәттерін елден бұрын сезе білуі, алғыр көрме-

ген сәттерін елден бұрын сезе білуі, алғыр ақылы, тіршіліктен ең қажеттісін тандай білу балгерлігі секілді ғой.

Қазағым деп қамығып жүрсін. Таспақаша мимырт жүрсең – көп нәрсені қамтисын, арғымақша ағындап жүйткіп өткеннен гөрі сол мимырттық мазмұнды, маңдайдағы көзбен емес, көкіректегі көзбен қамтышы. Жиырмасыншы ғасырдың перзентісін.

Өз сөзіңмен атасак «опасыз өмірдің», «қаскөй тағдырдың» заманы туған кезде, адам өз өмірінің қожасына айналып, жаңа үмітпен, жарыққа, жарылқаушыға бет бұрған мезгілде – сөз дарыған мықты акын бейтарап отыруға тиісті емес.

Бүгінгі күн қаншама қамыққыш болса да Байронның өзін төңкерісшіл деп жүрміз. Төңкерісшіл акын алға ұрандап шаба берсін деуден аулақпын, шынымды айтсам, күн санап, сағат санап сезім шырғалаңынан шығып, тақырып шеңберін кеңейтіп, шынның жүзіне тура қарап талант тағылымыңызды жетілдіре беруіңізді тілер едім. Тілеу деген жай сөз ғой. Оқушы қауым атынан аманат айтар едім.

Біреуге өйте ғой, бүйте ғой деп өтініш ету бұл заманда қалып барады, әсіресе ақынға бұйрық, өтініш өтпейді, өктемдік жүрмейді. Әйтсе де себепсіз салдар тумайды. Осы ретте сіз бен бізді қазекемнің қасиетті сөзі жақындастыра түссе, ойымызға ой, отымызға от қоса білсе – мақсатымызға жақындай түсеріміз баршаға аян.

Даңқтың дабылкеші болмай-ақ, мақсаттың құлы бола білсек жетеді. Не жазып жүргеніңізді білгім келеді.

Сәлеммен себепшіңіз Жүсіпбек Аймауытов, 1924 жылғы 16 мамыр».

Мағжанды акын ретінде саяси жағынан ақтау сол кездегі мәдениет саласында да жүргізілген ресми саясатқа томиақтау келген еді. Сол себепті де ақынды саяси тұрғыдан қуғындау қолға алына бастады. Өлеңдері Қазақстан баспасөзі бетінде көрінуден қалды. Өз жерінде, елінде қуғын көрген Мағжандар қысылғанда Тәшкенге барып паналады. Мұнда, әсіресе Сұлтанбек Қожанов қазақтың «ұлтшыл» акын-жазушыларына барынша көмегін көрсетіп отырды. Мағжанның кітабын қайта бастырып, оған алғысөз жазды. Сұлтанбек Мағжан өлеңдерін сол кезде бастырып шығару саяси тұрғыдан қаншалықты қауіпті екенін біле тұра, саналы түрде кіріскен сияқты. Сондықтан да ол Мағжан өлеңдерін талдамайды, идеялық жағын сөз қылмайды. Сол кезде қазақ тілі мемлекеттік мәртебе алып, оны қоғамдық-ғылыми өмірдің барлық саласында қолдану көтеріліп жатқан болатын. Кәнігі саясаткер Сұлтанбек те мәселеге осы тұрғыдан келеді: «Осы күнге дейін Түркістанда қойшылар тілі саналып келген, ресми қағаздар, кітаптар жазуға жарамсыз деп келген қазақ-қырғыз тілі іске асуы былай тұрсын, өнерге асатын бай, жатық, таза, өткір, әдемі тіл екенін Мағжан өлеңі көрсете алады. Сондықтан, біз Мағжан өлеңдерінің саяси мәнісінен гөрі әдеби мәнісін көбірек көзде тұттық. Сол жақтарын ескеріп, Мағжан

өлеңдерінің ішінде кез келетін марксизм дүниетануына ұйқаспайтын жерлерін оқушылар көре салып үрікпей, көркемдік жағына, сыршылдық жағына көбірек көз салуы керек» (М.Жұмабаев. «Шолпан». Сөз басы. Ташкент, 1923, 4-бет).

Автор акын өлеңдерінің таптық жағына емес, өлеңдік сипатына, лирикалық кейіпкердің жан-дүниесіне, сыршылдығына, тілдік кестесіне назар аудару қажеттігін ескертеді. Мағжан қазақ әдебиетінде Абайдан кейінгі тілдік жағынан да, әдебиеттану тұрғысынан да өзіндік орны бар акын деп бағалайды.

Таптық күрестің күшейіп келе жатқан шағында Мағжан өлеңдерінің қатарынан екі рет басылып шығуы, соңғысына С.Қожанов сияқты белгілі партия, қоғам қайраткерлерінің сөзбасын жазуы ақынды «ұлтшыл» ретінде саяси тұрғыдан талқандау науқанын күшейте түсті. Бұл кезде акын қаламынан шыққан әрбір жаңа өлеңі мысықтың тышқан аңдығанындай назарда болатын. Ақынға тиісу үшін мүмкіндіктер барынша пайдаланылды; «тырнақ астынан кір ізделді», түк таппаса, жала жапты, күйе жақты. Мысалға ақынның «Жылқышы» атты өлеңінің төңірегінде көтерілген дау-дамайларға тоқтала кетейік. Бұл өлең сол кезде С.Қожановтың редакторлығымен Тәшкенде шығып тұрған «Ақ жол» газетінде жарияланған болатын. Өлеңде алты ай бойғы қыста үй көрмей, мұз жастанып, қар жамылып мал соңында жүретін жылқышының ауыр бейнесі суреттелетін. Осы өлең шығысымен «Еңбекші қазақ» газетінде (18.11.1924) «Жылқы» деген бүркеншік атпен «Мағжанға Жылқыдан жауап» атты өлең жарияланды. Жауап өлеңде «Жылқы»:

«Сен де, Мағжан біздерге қажы болғың келді ме? Мінушінің сен бірі, Кешегі өткен кездерде түсіне қайта енді ме?» – деп орынсыз тиіседі; акын өлеңінен саяси астар іздейді. Сондықтан, М.Дәулетбаев «Әй, Жылқы» деген өлең жазып («Қызыл Қазақстан», 1924, №5-6), «Жылқы» есімін жамылып, жатып алып тас атқан сыншыны сынап, оның акын өлеңін мүлдем түсінбегенін бетіне басты. Бірақ, жылқы жалғыз емес еді. Осы сияқты Ғ.Сұлтанұлы да Мағжанның «Жолдастарға» деген өлеңін сынап, арнау өлең жазды. Мұнда да ақынды тұқырту, қарадай тиісу басым.

Шындығында да Мағжанды қудалау тек ақынды қудалау ғана емес, ол көшбасшыларының бірі болып саналатын қазақ әдебиетін де, одан қалды қазақты қазақ қылып келген ұлттық идеяларды да қудалау болатын. Ал, мұндай тұтас бір халыққа қарсы бағытталған саяси сыпаты бар шараларды жүзеге асырудың жоғары билік тарапынан ұйымдастырылатыны құпия емес. Бұл жөнінде мағжантанушы З. Тайшыбай архивтік деректерге сүйене отырып, мынадай деректерді алға тартады:

«Қазан университетінің профессоры, тегі хакас, қазақшаға жүйрік, шығыстанушы Николай Катанов бастаған аудармашы топ қа-

зак тілінде шыққан әрбір кітапты шұқшия тексеріп, орыс мемлекетінің отаршылдық саясатына қарсы-ау деген пікірлер іздеген. Өздері тапқан «кылмысты» деректерді Петерборға, ішкі істер министрлігіне жолдап отырған. Мағжанның «Шолпанынан» «күдікті-ау» деген өлең жолдары мен шумақтарды жолма-жол орысшаға аударып, кейбір сөздердің астарлы мағынасын ашып көрсеткен. Мысалы, Мағжанның «Жатыр...» деген өлеңінен: «Кең жері күннен-күнге құрып жатыр, Сұр жылан қанын-сөлін сорып жатыр...» деген екі жолды «Широкая земля (казаха) что ни день, гибнет, А черная змея всю кровь его (казаха) сосет» деп тәржімалаған. Шын мәнінде: «Жер кетті, жаның кетті, кам жемедің, Құл болдың кара табан енді малсыз. Қарағым, арыстаным, қайратты ерім, Тұрдың ба қару кылмай, құр амалсыз?» – деп шырқыраған бозбала акынның жан дауысы қалың қазақты оятып, тарихтан өзіне лайық орын іздеуге бастағандық еді. «Шолпанның» таралуына тыйым салынып, автордың соңына әкімшілік бақылау қойылған. Кейін кеңес дәуірінде мұның бәрі кара күйе болып жағылды» (З. Тайшыбай. Мағжан – Түркі әлеміне ортақ тұлға. Әңгімелескен Өмір Ескали. «Егемен Қазақстан», 2018).

Мағжанды «ұлтшыл», «алашордашыл» ретінде әшкерелеу ұйымдасқандық сипат ала бастады. 1924 жылдың басында Орынборда Мағжанға әдебиеттік сот ұйымдастырылды. Онда басты айыптаушы Сәбит Мұқанов болды да, қорғаушылық міндетін Жәкен Сәрсембин атқарған. Айыптаушының екі сағаттық айыптау-баяндамасын тындап болған соң, қатысып отырғандар айғайлап, қорғаушыны сөйлетпей қойған...

«Сот үш тармақты қаулы алды:

Жұмабаев қазақ халқының, онымен қатар, қазақ халқына қамқор боп отырған Совет өкіметінің қас жауы деп танылсын.

Оның барлық шығармалары оқылудан алыну өкіметтен сұралсын.

Бұдан былай советтік баспасөздің бетінен Жұмабаевтардың шығармаларына орын берілмесін» (С.Мұқанов. Он алты томдық таңдамалы шығармалары. X том. 1976. Алматы, 521-бет).

Осындай жиынның бірі 1924 жылы қараша айында Мәскеуде де өтеді. Оған қатысушылардың негізі Мәскеуде оқитын қазақ жастары болып, Мағжанның Тәшкенде шыққан өлеңдер жинағы талқыланды. Мағжан туралы естелігінде Б.Кенжебаев жиналысқа Төреқұловтың, Мұратбаевтың, Тоғжановтың, Сапарбековтың, Сәрсенбиннің, т.б. қатысқанын айта келіп, былай деп жазады: «Күн тәртібіне» қойылған мәселе туралы өзіміздің оқушы, жас ақынымыз Өтебай Тұрманжанов баяндама жасады. Баяндама бойынша көп адам шығып сөйлейді. Университет оқушыларынан басқа Нәзір, Ғани, Ғаббас, Жекен шығып пікір айтты. Қызу да үлкен айтыс болды.

Мағжан және оның өлеңдері жөнінде сөйлеушілер екі түрлі ой-пікір, көзқарас білдірді. Бірқатар сөйлеушілер: «Мағжанның бірсыпы-

ра өлеңдері кате: ұлтшылдық, сары уайымшылдық рухта жазылған. Жалпы, Мағжан – үлкен ақын», – деді де көпшілік буржуазияшыл-ұлтшыл, бізге мүлде жат ақын деп қорытты. Жиналыс Мағжан және оның өлеңдері жөнінде осы соңғы бағытта қаулы алды» («Лениншіл жас», 04.01.1989).

Осы жиналыстан жазылған есепте («Еңбекші қазақ», 14.01.1925) баяндаманы Нәзір Төрекұлов жасады деп хабарлаған. Мағжанның өзі тергеушіге берген түсінігінде баяндамашы Н.Төрекұлов болыпты деп көрсетеді. Баяндамашы ретінде екі түрлі мәліметтің берілуі ойланарлық. Баяндаманы Өтебай жасап, Нәзір бірінші сөйлеуі мүмкін. Газет мақаласында жас ақын Тұрманжанов емес, сол кездегі беделді қазақтардың бірі Н.Төрекұловтың есімінің негізгі баяндамашы ретінде көрсетілуі белгілі саяси есептерден болса керек. Газетте Нәзірдің баяндамасы деп берілген текст баяндамадан гөрі асығыс айтыла салған сөздерге ұқсайды. Қаламы жүйрік Нәзірдің басқа мақалаларымен салыстарғанда, арасы – жер мен көктей. Жарияланған есепте жиырма шақты адамның шығып сөйлеп, олардың барлығы дерлік ақынды сынағанын айтады. Тек Сәрсенбіұлы Жәкен ғана Мағжанды жақтап сөйлейді. «Мағжанның өлеңін тексеріп сын беретін болсақ, көбінесе әдебиет жағынан сынауымыз керек. Қай ақын болса да өзіндік заманымен ақын... Мағжанды да өз заманының ақыны қылып, заманының ыңғайымен кемітіп отыр деуіміз керек. Мағжанды мінегенде, тегіс міңей алмаймыз, міңейтін жерін міңеу керек».

Жәкен Сәрсенбіұлының жыл басында Орынборда өткен әдебиеттік сотта да Мағжанның қоғамдық қорғаушысы болғанын еске сала кетеміз. Жәкен 1924-25 жылдары Мәскеудегі журналистика институтында оқыған, кейіннен Қазақстан өлкелік партия комитетінің шақыруымен республикаға келіп, мәдениет саласында түрлі қызметтер атқарған. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Әуезовтермен пікірлес болып, аралас-құралас жүрген. Ұлттық мәдениетті өркендету мәселелеріне арналған мақалалары баспасөз бетінде басылып тұрған. Мағжан ұйымдастырмақ болған «Алқа» әдеби үйірмесінің «Табалдырық» бағдарламасын жасауға қатысып, оны 16 дана қылып қолмен көшірісіп, белгілі қаламгерлерге таратқан ұлтжанды азаматтардың бірі. Кейіннен «ұлтшылдықпен» айыпталып, репрессияға ұшыраған.

Сонымен бұл жиналыста Мағжан өлеңдерін халыққа жат деп тауып, үш тармақтан тұратын қарар қабылдайды. Онда мынадай жолдар бар:

«Мағжан өлеңі көбінде өткенді көксейді, ескілікті іздейді, ұлтшылдықты жырлайды, өзімшілдік, менмендікті дәріптейді.

Мағжан өлеңдерінің сырты әдемі, бірақ сыртқы бояуын сыпырып тастап, ішіне көз жіберсек, Мағжанның коммунист партиясы мен кеңес үкіметінің негізгі жолына қарсы жерлері бадырайып шыға келеді.

Мағжанның ұстаған беті, негізгі пікірі – түрік атағын көтеру, түрікшіл» (Сәбит Мұқанов. Аталған шығармасы).

Жиыннан жазылған есепті оқып отырғанда оның шұғыл түрде ұйымдастырылғаны, көпшілікке хабардың тимей (ол есепте арнайы ескертілген), алпыстай ғана адамның қатысканы, олардың барлығы дерлік ақынды сынауға келгенін (Жүкен Сәрсенбіұлын қоспағанда), ең соңында Мағжанның өзінің де хабарланбай, қатыспағаны көрінеді.

Сөйтіп, бұл екі жиналыс – Мағжанды ақын ретінде қудалау Қазақстанда да басталғанын көрсетті. Ақын бұл кезде Мәскеудегі В.Брюсов атындағы Әдебиет институтында оқитын, оған қоса, Күншығыс баспасында аудармашы болып қызмет атқарған. Қазақстанда басталған саяси қудалаудан бой тасалау үшін ақын, алдымен Тәшкенге кетіп, одан Мәскеуге барып, оқуға түсіп, әдеби шығармашылыққа мүмкіндік табамын ба деп ойлады. Онысы жүзеге аспады: құрығы ұзын коммунистердің солақай шокпаршылары бұл жерде де табылды.

Тағы бір ойландыратын нәрсе – Мәскеудегі жиында Н.Төреқұлов, Ғ.Мұратбаев, Ғаббас Тоғжанов сияқты белгілі адамдардың сөз сөйлеуі. Нәзір Күншығыс баспасының директоры болатын. Ол өзінің «құлтшылдық» бағыты үшін Түркістан республикасындағы басшылық қызметінен кетіп, осында қызметте-тұғын. Мағжанмен жақсы қарым-қатынаста болғандықтан да Әдебиет институтының тыңдаушысын қол астына қызметке шақырып, ол аудармашы болып істеп жүрген. Осы турасында С.Мұқанов былай деп жазады: «Әбдірахманның айтуынша, Нәзір Төреқұлов алашорданың Москвада тұратын лидері Әлихан Бөкейханов пен байшылы ақын Мағжан Жұмабаевтың тілін алады». Мағжанның өзі: «1924 жылы Москваға барып, Әдебиет-көркемөнер институтына барып түстім, ол оқуға жолдама жазып, жәрдем жасағандар Төреқұлов Нәзір, профессор Поливанов болды... Оқуымның бірінші жылы Түркістаннан стипендия алып тұрдым, былайғы жерде орталық баспада қызмет істеп жүргендіктен, ол стипендияны төлемейтін болды. Орталық баспаға орналастырған Төреқұлов еді, онда әдеби қызметкер міндетін атқардым» (Қараныз: Д.Досжанов, Абақты. А., 1992, 244-бет), – деп жазады. Міне, осындай адамның өзіне деген көз-қарасын өзгертіп, сынаушысына айналуы көп нәрсені аңғартса керек.

Мәскеуде өткен талқылау тек Мағжанның Тәшкенде 1923 жылы басылып шыққан өлең кітабын сынауға арналып қойған жоқ, сонымен бірге, аты аталып түсі түстеліп айтылмағанмен де оны шығарушы С.Қожановқа да қарсы бағытталған еді. Сұлтанбек өлкелік партия комитетінің екінші хатшысы болатын. Билікке ұмтылған ел басшылығында жүрген азаматтардың арасындағы іштей бакталастыққа жиыннан жазылған мақала майға от қойып жібергендей әсер етті. «Мағжанның кітабы туралы» есеп «Еңбекші қазақтың» 14-інші қаңтарында шықса, С.Қожановтың «Менің жауабым» атты мақаласын ізінше, сол айда (31 қаңтар) жариялады. Қазақ өкілі ретінде республиканың

саяси басшылығында отырған азаматтың макаласынан сол кезде қорғасындай басып, келе жатқан саяси ахуалдың ауырлығы бірден сезіледі. Мәскеуде өткен жиында Мағжанның атына айтылған сынның бәрін дұрыс деп санап, оған өзінің кінәлі екендігін мойындауға мәжбүр болған: «Мағжан жөнінен менен қателік кеткен. Бастырғанымнан да, менің сол кітапқа саясаттан тысқары қылып баға беріп, сөзбасы жазып бергенім – үлкен қате».

Мағжанның өзі ғана емес, оған көмектескен, жақын бірге жүргендерге де күйе жағыла бастады. Ақынның жиырмасыншы жылдары Қазақстандағы саяси қудалаудан қашып, Ташкенге барып паналағаны, оған Н. Төрешұлов, С. Қожанов сияқты қайраткерлердің көмектескені белгілі. Міне, осы бір жағдай сол кездегі Түркістан республикасы басшыларының бірінің Мәскеуге жазған хатында көрініс тауыпты. Көлемді материалдың Мағжанға қатысты бір ғана жерін орысша сол күйінде келтіре кетейік:

**«У Магджана Джумабаева много и других произведений. Есть напечатанные в виде целого сборника, в котором с начала до конца ни одного слова пожалуй о коммунизме нельзя встретить. В основу этих произведений положена идея «Алаш-Орды», подтачиваются большевистские принципы и не только отрицается марксизм, но призывается к помощи народу в его стихах «Аллах» и другие сверхъестественные силы. Произведения Джумабаева правительством Кирреспублики запрещено к распространению в Киргизии и по этому поводу Ходжанов вел целую полемику на страницах газет с «коммунистическим» (настоящим конечно) Оренбургом».**

Енді Мағжандарды қаралау ұйымдасқандық, ресмилік сипат ала бастады. Әсіресе, сол кездегі өлкелік партия комитетінің органы «Еңбекші қазақ» бетінде ақынды қаралаған материалдар жиі көрінді. Мысалы, Ғ.Тоғжанов, Ө.Тұрманжановтар бастаған 17 студент «Ешкімнің қолшоқпары бола алмаймыз» («Еңбекші қазақ», 21.IV.1925) деп мәлімдеп «бізге партия жолынан басқа жол жоқ» деп, Мағжанды басқа бағыттағы ақын деп айыптады.

Шындығында да Мағжанды саясатшылар сыртқа теуіп жатқанымен де, оны ақындық бетінен қайтара алған жоқ. Ол, әсіресе Мәскеуде әдебиет институтында оқып жүрген жылдарда әдебиет саласында көп ізденді; әлемдік әдебиеттің асыл қазыналарын емін-еркін ақтарып, қажетінше сусындады. Орыстың Есенин, Бальмонт, Мандельштам, Луначарский сынды әдебиет, мәдениет қайраткерлерімен араласқұралас, пікірлес бола жүріп, сөз өнерінің сиқырлы әлеміне сүңгі түсті. Нәтижесінде өзінің атына айтылып жатқан сындарға жауап ретінде, Қазақстанда көркем әдебиет туралы жүргізіліп жатқан ресми саясатқа қарсылық ретінде атақты «Табалдырықты» жазды. Кезінде баспасөз бетінде жарияланып үлгермеген «Табалдырықты» Ә.Бөкейханов, С.Қожанов, М.Әуезов, Ж.Аймауытов, С.Сәдуақасов, Е.Омаров, Е.Ал-

доңғаров, Ж.Тілеулиев, т.б. қолжазба күйінде оқып, қуаттаған. Оны «Қызыл Қазақстан» журналына жарияламақ болып келісілген де. Бірақ, тағдыр қазақ жазушыларының басым көпшілігі қолдаған бұл айқындамаға жарық көруді жазбапты... Қолжазба күйінің өзінде-ақ онымен танысқан ақын-жазушыларға саяси айыптың таңбасындай басылып, олардың қуғындалуына негізгі айғақтардың бірі ретінде пайдаланылды... Сөйтіп, бұл құжат Мағжанды қазақ әдебиетіндегі ұлттық, халықтық бағытты ұстанған негізгі бағыттың ту көртерусісі дәрежесіне дейін көтерді. Жетпіс жылдай халыққа жария етпей, МХК-ның қапас қоймаларында құлыпталып келген «Табалдырық» жуырда «Өркен» (13.VI.1992) газетінде жарияланды. «Қазақ әдебиеті тоғыз жолдың торабында тұр. Артында бір жол, алдында мың жол» деп басталатын бұл тарихи құжатпен танысқанда, Мағжанның ұлттық әдебиетіміздің өзіне ғана тән табиғи даму жолын асқан сезімталдықпен болжап, көркем әдебиеттің өзіндік табиғатын дөп басып айта алғандығы көрінеді. Сол кездегі қоғамдық саяси өмірде, әдеби процесіте болып жатқан шытырман оқиғаларды әлемдік тәжірибелерге сүйене отырып, шынайы саралай білген биік парасаттылығы, жан-жақты білімдарлығы, өзінің ұстанған идеялық-көркемдік бағытының дұрыстығы көзге ұрып тұрады. Сол кезде Мағжанға қарай сілтеніп жатқан солақай сындардың ақынның азаматтық рухын сындырып, бетін қайтара алмағандығы көрінеді.

Әдебиетті бағалауда, әсіресе, Мағжанның ақындығы төңірегінде солақай сындардың өртше лаулап бара жатқандығы сөз өнерінің өзіне ғана тән табиғатын терең түсінетін әдебиет сүйермендерін бейтарап қалдыра алмады. Ж.Аймауытов «Ақ жол» газетінде «Әдебиет мәселесі» (I.IV.1925), «Көркем әдебиетті саралау» (17.IV.1925) атты мақалалар жариялап, осы мәселелерді теория жүзінде негізінде дұрыс шешті. Жүсіпбекті оқып отырғанда, атын атап, түсін түстемегенмен де сол кездегі әдеби даудың басы болған Мағжанды ақтап отырғандай сезінесіз. «Әдебиет – өнер. Өнер азды-көпті еркіндік тілейді. Қазақ әдебиеті көгерсін, гүлденсін десек, жалаң тап көзімен, не саясат көзімен қарап, сынаржақ кетпей, Маркс көзімен (диалектика әдісін қолданып) сынау керек. Маркс көзі тар емес, кең. Әр нәрсенің себебін, жағдайын, арғы-бергісін, жаксы-жаман жағын түгел тексеретін көз; алдындағыны емес, алысты болжайтын қырағы көз. Әдебиетті сынауға жалаң саясатқа сауатты болу жетпес, әдебиетші де, ғылым иесі де болу керек».

Аймауытовтың қаламынан шыққан мұндай терең тағылымды, ойлы сөздері сол кездегі солақай саясатшылардың таптық күрес жайлы айқай-шуына көміліп, қаперге алынбады да. Қазақ әдебиетінің болашағы жайлы толғанған Жүсіпбек: «Төңкерістен кейін қазақ өлеңшілері, жазушылары көркем сөздің не екенін білмегендіктен, әйтпесе өнері жетпегендіктен не болса соны жазып: баспаға түсіріп, көркем әдебиеттің құнын түсіріп барады», – деп кынжылды. Жетпіс

жыл бойы әдебиетімізді компартияның қолшоқпарына айналдырып, құрт аурудай, іштен жегідей жеп, еңсесін көтертпеген таптық күрес іліміне негізделген социалистік реализмнің неге апарып соқтырарын сол кездің өзінде-ақ көре білгеніне куә боласыз.

1925 жылы қыркүйектің 12-сі күні Мәскеудің эмиссары Ф.И.Голощекин Қызылордаға келіп, сол күні Қазақстан өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы қызметіне кірісті. Ол келе салысымен Қазан төңкерісінің әсері қазақ даласына әлі жетпепті деп, Қазақстанда «кіші Октябрь» жасауға кірісті. Ұлтшылдарды саяси жағынан «әшкерелеу» жаңаша қарқын алып, әсіресе, мәдениет, әдебиет майданында аяусыз жүргізілді. Кезінде В.И.Лениннің өзі кешірім берген алашордашылар қайтадан қуғынға ұшырап, алды соттала бастады. «Ұлтшылдарға» қарсы күрес, әсіресе, әдебиет майданында айрықша сипат алды. Алған бетінен қайтпай келе жатқан Мағжандар барынша саяси сынның астына алынды. Осы жылдарда әдеби белсенділік танытқан Ғаббас Тоғжановтың мақалаларында да әдебиетке саяси тұрғыдан баға берушілік басым болды. Төңкерістен кейінгі қазақ әдебиетіндегі орталық мәселе – Мағжанның шығармашылық бағытын анықтауға да айтарлықтай назар аударды. Тағы бір ескере кететін нәрсе, сол кездегі Мағжанды сынаушылардың барлығы дерлік Жүсіпбектің «Мағжанның ақындығы» туралы мақаласын да сынай кетуді ұмытпайтын. Ғаббас та осы мақалаға қарсы «Көркем әдебиет туралы марксистдер не дейді? Жүсіпбек не дейді?» («Еңбекші қазақ», 22/X, 19/XII... 1925) атта көлемді айтыс мақаласын жазды. Мақала бастан-аяқ Аймауытовтың пікірлерін теріске шығаруға арналған; сол арқылы Мағжанның ақындық бағытына күмән келтіреді. Мақала авторын Жұмабаевты белгілі бір таптың ақыны, өкілі етіп көрсетпейді деп айыптап, оған «ол – байшыл, ұлтшыл ақын» деп баға береді.

Ғ.Тоғжанов Мағжанның поэзиясы мен ол туралы Ж.Аймауытовтың пікірлері хақындағы өзінің осы басты ойын дәлелдеуді басқа да еңбектерінде одан әрі жалғастыра түсті. 1926 жылы шыққан «Жүсіпбектің сыны, Мағжанның ақындығы» атты кітабы түгелімен Ж.Аймауытовтың «Мағжанның ақындығы туралы» мақаласын сынауға арналды. Сонымен бірге, мұнда сол кездегі қазақ әдебиетінің болашақ даму бағыты жөнінде жүріп жатқан айтыстың әсері күшті. Автор «көркем әдебиет – тап құралы емес», «ақын тап тілегінен жоғары тұрады» деген пікірлерді сынап, таптық тұрғыдан келуді жақтайды. «Біздің ақындарымыздың көбі шаруа тұрмысын, қазақтың даласын жазатын ақын», – деп, Мағжанды да осы қатарға қояды. Ақынды «тапшыл» емес деп айыптағанмен де ақындық қуаты жағына келгенде, әсіресе көркемдігін жоғары бағалаған.

Сөз ретінде айта кету керек, Ғ.Тоғжановтың бүкіл жиырмасыншы жылдардың өн бойында білдірген әдеби пікірлерінде тұрпайы социологиялық сипат басым болғанымен, Мағжан поэзиясының

көркемдік қуатын мойындайды. Мысалы, 1928 жылы мамырдың 6-сы күні Мәскеуде өткен қазақ әдебиетінің жай-күйі туралы пікір аласуда баяндамашы Әбдірахман Бәйділдін Ғаббастың сын мақалаларындағы осындай «екі-ұштылықты» қатты сынға алады. Жиынға қатысып отырған Ғ.Тоғжанов шығып сөйлеп, кейбір мәселелер жайлы баяндамашыға түсініктер бере келіп, Мағжан туралы өз бағасын ашық айтады:

«...мен әлі де айтам – Мағжан көркемдік жағынан артық. Сондай көркемдікті біздің жалпы жазушыларымыз да үйренуі керек. Сәкеннің көп әңгімелері мылжын, ешкім оқымайды.

Сөйтіп жүріп біз мазмұнды жақсы етсек болды, түрді орыс жазушыларынан-ақ үйренеміз дейді. Мағжаннан үйренуге несіне арланады?» («Жаңа әдебиет», 1928, №9, 34-бет).

Ресми саясат Мағжанды қаншама саяси соққылардың астына алып жатса да ақынға жылы қабақ танытқандар баспасөз бетінде сирек болса да көрініп қалып отырады. «Ақ жол» газетінде «Пошан» деген біреудің (бүркеншік ат) «Әдебиет мәселесі» атты сын мақаласы жарияланды. Сол кездегі қазақ әдебиетінің өзекті өңірлерін барлауға арналған мақалада ақын шығармашылығы жайлы оң пікір айтылды: «Мағжанның өткен заманға құлаш ұра беретін себебі, өзінің өмірден тез сүйініп, тез қуанатын, ойнақы жүрек романтиктігі. Романтик ақын қай уақытта болса да көрікті көңілге қоңыр өмір үйлеспеген соң алас ұрыс, сұлу қиял әуенімен әуреленеді. Мағжанның іздегенде тапқаны қазақтың ескі заманы болды. Оның романтиктігін қоздырып жіберген, әсіресе төңкерістің алғашқы кезі болды. Кенеттен болған ұлы өзгерістің самалы күшті ақынның жүрегіне үлкен әсер беріп, өмірді тұрақсыз біліп, атты алысқа айдап жіберді» («Ақ жол», 25.V.1925). Сөйтіп, ақындық, шығармашылық болмысын аша түсуге ұмтылды.

Мағжан туралы жазылған мақалаларда оған қарсы науқан басталған 1924 жылдың соңы мен 1925 жылдың өзінде де ақынның шығармашылығын жоғары бағалаған пікірлер тоқтап қалған жоқ. Голощекиндік ресми саясат Мағжанды халыққа қарсы қойып, ата жауы, құбыжық көрсетіп жатса, ұлтының қамын жеген зиялы азаматтар, ұлттық мәдениеттің келешегі көгерсін деген әдебиетшілер, ұлы ақынның поэтикалық құдіреті алдында бас иіп, мағжантанудың соқтықпалы сүрлеуін саяси қауіп-қатерге қарамастан, ілгері жалғастыра түсті.

Ахмет Байтұрсынұвтың 1926 жылы «Әдебиет танытқышы» шықты. Сөз өнерінің теориясына арналған бұл үлкен еңбекте Мағжанның өлеңдері қазақ әдебиеті классикалық үлгілерінің бірі ретінде кеңінен орын алды. Қазақ сөз өнерінің үздік өнегесі ретінде кітапта, әсіресе, Абай мен Мағжанның өлеңдерінен көбірек мысал келтіріп, пікірін тиянақтап тіреген. Мысалға еңбектің алғашқы бетгерінен-ақ ақын «Толқын» атты өлеңін нағыз поэзияның үлгісі ретінде Абайдың

«Қақталған ақ күмістей кең маңдайлы», «Күзімен» қатар берген. Осыдан-ақ Ахметтің Мағжанды Абаймен қатар қоятындығы көрінеді. Тағы бір байқалатын нәрсе – ақынның «елім, жерім» деп еніреп жүріп жазған, ұлттық сипаты басым, азаматтық рухы жоғары өлеңдері көбірек мысалға алынған. Кейбір өлеңдеріне нақтылы талдаулар жасалынған.

Қазақстанға Голошкеин келген 1925 жылдан бастап «халық жауларын әшкерелеу» ерекше сипат, қарқын алды. Айлакер саясатшы өз ойларын жүзеге асыру үшін қазақтардың арасындағы түрлі алауыздықтарды шебер пайдалана білді. Бакталастық, көре алмаушылық, даңғазалық, әсіре белсенділік секілді жексұрын мінездерге ерік беріп, оны саяси мақсатына жету жолында шебер қолдана білді. Билік басында жүрген ел азаматтарын бір-біріне айдап салып, кімнің қандай – ескішіл, жаңашыл – адам екенін анықтау басталды. Нәтижесінде елдің, халықтың қамын ойлаған азаматтар жоқ, бәрі де топқа, жікке бөлініп, қарақан басының немесе тобының қамымен жүрген, күндіз-түні ойлайтыны «халыққа қайтсем қастандық жасаймын» деп жүргендер болып шықты... Ел басында қанша қайраткер жүрсе, сонша топ ашылып, олардың «жікшілдік», «зиянды» іс-әрекеттері әшкереленіп жатса...

Тура осындай жағдай әдебиет майданына да көшірілді. Төңкерістен кейінгі әдебиеттің болашағы қалай болуы керек деген пікіралысулар енді кімнің қай таптың, топтың ақыны екендігін анықтауға ұласты. Кедей таптың қаламгерлерін біріктіруге тиіс ҚазАПП-тың 1926 жылы қарашаның 4-інде қабылдаған 12 баптан тұратын бағдарламасында былай деп атап көрсетелді: «Салт-сана майданындағы мықты құралдың біреуі – көркем әдебиет. Сондықтан, қазақтың пролетариат, қара шаруа жазушылары жалпы қазақ еңбекшілерінің салт-санасын тәрбиелеп, бұқараны социалдық дәуірге жетектеуге, еңбекші таптың мақсатына теріс пікірлермен күресуге партияға көмектес болулары керек» (С.Мұқанов. Таңдамалы шығармалары. XI том, 1977, 196-бет). Сөйтіп, көркем әдебиетті ашықтан-ашық саяси күрес құралына айналдыру ниеті заңдастырылды.

Әдебиеттің партиялық принципін жүзеге асыруда ҚазАПП-тың қайраткерлерінің бірі С.Мұқанов айтарлықтай белсенділік танытты. Ол өзінің 1923 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланған «Қара тақтаға жазылып жүрмеңдер, шешендер» (№69) атты алғашқы мақаласынан-ақ әдебиеттің партиялығы мәселесін ту етіп көтеріп, өзінің саяси бағытын анық көрсеткен болатын. Қазақстанда «тап күресі шиеленісе түскен» жиырмасыншы жылдарда да ол әдебиет майданының алғы шебінде жүрді. «Көркем әдебиет туралы» (1926), «Көркем әдебиет туралы қорытынды шешім» (1927), «Байдың толғағы» (1927) сияқты т.б. айтыс мақалаларын жазды. Осылардың бәрінде де Мағжан алашордашыл ақын аталып, сыналды.

С.Мұқанов «Терең қарауды тілейді» («Еңбекші қазақ», 7. IV. 1925) атты мақаласында әдебиетті бағалауда қатал түрде таптық

тұрғыдан келуді талап етеді. Автор: «Өлеңдерді жариялау кездерінде аса байқампаздық керек. Мысалы, Мағжан сияқты ескілікті көздейтін, байшыл-ұлтшыл ақындардың өлеңдерін жарияламау керек. Бұл халыққа дұрыс тәрбие бермейді. Мағжан сияқты ақындарды жақтаушылардың мақалаларын да қабылдамау керек», – деп жазды.

«Біздің үстіміздегі дәуір – күрес дәуірі, мылтық алып күреспегенімізбен, пікір жүзіндегі күресіміз әлі қойылмайды. Қазақтың өз ішінен шыққан «Алашорда» партиясы бар. Оның Мағжан сықылды өз тобының тілегін мықты ұстайтын ақыны бар. Олар қағаз жүзінде жоғалғанымен, әлі өліп біткен жоқ» («Еңбекші қазақ», 1926, 14–15 қараша). Осындай бағытты ұстанған автор Мағжанның өлеңдерін саяси тұрғыдан талдап, халыққа жат деп көрсетеді де, «Шолпан» жинағын «көже өлеңдер» деп бағалайды. Сондай-ақ, Ахмет Байтұрсынұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, М.Әуезұлы да байшыл бағыттағылар өкілі ретінде сөз болды.

С.Мұқановтың осы мақаласындағы пікірлерге қарсы Қошке Кеменгеров «Көркем әдебиет туралы» мақала жазды. Автор ә дегеннен-ақ С.Мұқановтың сол кездегі қазақ әдебиетінің жалпы жай-күйі жайлы ойларымен келіспейтіндігін білдіреді де: «Бірен-саран Мағжанның өлеңдеріне қарсы сары уайым төгудің қисыны жоқ», – деп, ақын туралы көзқарасын ашық айтады. «Мағжанның 4–5 өлеңін көсе-көлденең тарта берудің қажеті жоқ. Мағжанның ол өлеңді жазуында тарихи себеп бар шығар. Өзі «ұлтшыл» болғанымен, бұқара кедей тұрмысын, жазатын болса, не айып-шамы бар?» – деп, оның өлеңдеріне ойлы көзбен қараудың себеп-салдарларына үнілуді ұсынады. Ақынды «ұлтшыл» деп айыптай берумен келіспейді. Мағжанның жай ғана ақын емес, асқан дарын иесі екендігін, оны қадірлеп, бағалай білуге ой салады: «Мен де (мақтанып жіберейін) бір қазақтың баласындай орыс әдебиетімен таныспын, өлең жазу әдісін де білемін, бірақ қанша тырбансам да Мағжандай бола алатын емеспін. «Кім би болғысы келмейді, бірақ бола алмайды» дегендей, талайлар Мағжандай болғысы келеді, бірақ талабында кемістік болатын шығар...» («Еңбекші қазақ», 1/XII, 1926).

Сәбит Қошкенің пікірлеріне қарсы тағы да «Көркем әдебиет туралы қорытынды пікірім» атты көлемді мақала жазды. Төңкерістен кейінгі қазақ әдебиетінің жалпы жағдайына «таптық тұрғыдан» талдау жасауға ұмтылған автор Мағжан туралы бұрынғы ойларын өрістете түсті. Қазақ қаламгерлерін жасанды түрде кедейшіл, байшыл деп бөліп; «... ел ішіндегі тұрмысты өзінің болжағанындай шындықпен жазуда еңбекші жазушылар байшыл-ұлтшыл жазушылардан артық. Байшылдар жазған шығармалардың сырты сұлу болғанымен, мазмұны жағынан у болып келеді. Бұл – әсіресе Мағжанда көп ұшырайды», – деп жазды. Мағжанның жырларына Қалмақан Әбдіқадыровтың өлеңдерін қарсы қояды: «Қалмақан ұлтшылдардың көзіне нағыз «жер астынан жік шыққан, екі құлағы тік шыққан» шала хат танитын шын жалшының

өзі». «Тұрмыстың ең күшті поэзиясы – осы (социалистік құрылыс, – Д.Ы.). Бірақ, оған Мағжанның тілі келмейді. Мағжанның тілі келетін тақырып – байларды, хандар мен бектерді мадақтау, күні өтіп, өліп бара жатқан өмірді мадақтау. Ал, біздің Қалмақандарымыздың жаңа өмірді жазуға тілі әбден келеді» («Қызыл Қазақстан», 1927, №22–23).

Мұқанов тіпті: «Ұлтшыл не еңбекшіл деп бөлмей алғанда жалпы қазақ әдебиеті өзінен-өзі үлгі алатын дәуірге жеткен жоқ», – дейді де Мағжанның ұлт ақыны екендігіне күмән де келтіретін сияқты. «Мағжанның өлеңдерінің 75 проценті орыс, татар ақындарына еліктеу» деп, керек десеңіз ақынның шығармашылық бітім-болмысын жоққа шығарғандай да болады. Мағжандармен біз «біріге алмаймыз» деп, ақынды кеудесінен итереді.

Сәбиттің бұл мақалалары әдебиет туралы айтысқа май құя түскендей болды. Пікір алысуға әдебиетшілер ғана емес, Смағұл Сәдуақасов, Ш.Токжігітов, Ы.Мұстанбаев сияқты партия, кеңес қызметкерлері де қызу араласты. Қазақ әдебиетінің ұлттық дәстүрі мансұқталып, оның Мағжандай атақты ақындары «ұлтшылдықпен» айыпталып жатқанда, бойында ұлттық қаны бар парасатты зиялы қауым да қарап жата алмаған еді. Көкірегі ояу азаматтардың барлығы дерлік Мағжанға араша түсті.

С.Сәдуақасов «Мағжанның жұмбағы, дағдарысы болды. Бірақ, тоғыз жыл төңкеріс Мағжанға текке кеткен жоқ. Оған куә – оның соңғы жазғандары. Мағжанды қайтсе де жақсылайын деген ойдан мен сірә аулақпын. Бірақ барын бар, жоғын жоқ деу керек. Мағжанды күйдірсек біз барын күйдіреміз. Қайткенде де мен Мағжанды «доңыздатып, қоңыздатушыларға қарсымын», – деп, қасқая тұрып ақындық әпербақан пікірлерден қорғады. («Еңбекші қазақ», 1927, 15–17 ақпан).

Смағұл Мағжанды сынаушыларға тойтарыс береді: «Доңыз демекші, Мағжанның «қоңызы» мен «доңызын» аузынан тастамайтын кісінің бірі – біздің Әбдірахман. Мағжанның ол өлеңі Сібірде Колчактың қара күндері туған кезде жазылған. Мұны өзге жұрт білмесе де Мағжанмен ол кезде сабақтас-табақтас болған Әбдірахман білсе керек еді. Бірақ амал бар ма? «Қазаншының еркі бар, қайдан құлақ шығарса. Мінеки, ең атакты, ең даулы ақынымыз туралы сыншылар әлі түгел зерттеп жеткен жоқ» (сонда). Автордың тілі өткір; ащы сарказм мен кекесінге толы.

Қазақ әдебиетінің сыйпаты жайлы айтысқа Ыдырыс Мұстанбайұлы да қатысып, бірнеше мақалалар жазды. Ол ұлтшыл атанған ақын-жазушыларға оң көзімен қарап, бәрін айыптай беруге қарсылық білдірді. Тарихи жағдайдың әсерін ескеруді ұсынды. Ал, олардың шығармашылығын зиянды деп жоққа шығаруды қолдамайды. Керісінше Абай, Мағжан, Жүсіпбектерді үлгі тұтады: «Біздің жас жазушыларымызға, кедейшіл ақындарымызға айтатынымыз – жалпы саяси тілек бөлек. Бірақ, «Батыр Баян», «Қартқожаны» оқы. Үлгі ал» («Қызыл Қазақстан», 1927, №2).

Өзі туралы өрттей өршіп бара жатқан саяси науқаннан сескенген, заманның ағымын байқаған Мағжан «Токсанның тобын» («Еңбекші қазақ», 19.VIII.1927) жазып: «мен токсанмен біргемін», – деп мәлімдейді. «Халқым» деп соққан ақын жүрегінің бұлқынысын сол кездегі саясатшылар түсінер деп ойлайды. Бұл өлеңнің шығуы ақын туралы айтысты жандандыра түсті. Біреулер: «бұл Мағжанның шын сөзі, енді бұл әнгімені қойып, ақынды қатарымызға алайық», – десе, басқалары: «жөк, ақын бізді алдап отыр, оған сенуге болмайды», – деп соқты.

С.Мұқанов бұл ретте де айрықша белсенділік көрсетеді («Еңбекші қазақ», 1927, №223–224).

Белгілі партия қызметкері, сол кезде «Еңбекші қазақ» газеті редакторының орынбасары Шәймерден Тоқжігітов Мағжанның «Токсанның тобынын» шығуына байланысты өлкелік партия комитетінің тапсыруымен арнайы мақала жазды. Шәймерден осының аддында ғана әдебиет айтысына қатысып, онда ақын туралы: «Мағжанның қазіргі жолға пайдасынан зияны көп Мағжандарды пікірінен айыруға әлі де болса көп уақыт керек. Ол пікірінен айрыла қалар дерлік дәлеліміз де жоқ... Мағжанның ақындық жөнінде түзеле қалғанын да әлі көргеніміз жоқ», – («Қызыл Қазақстан», 1927, №3–4) деген пікір білдірген болатын. Мына мақаласында да осы сарын байқалғанмен де ақынға бүйрегі бұратындығы көрінеді.

«Токсанның тобын» жазып отырған – Мағжан, Мағжан ақын. Мағжан – қазақ ұлтшыл оқығандардың алдыңғы қатарлы азаматтарының бірі. Мағжан ұлтшыл ақын еді. Ұлтшыл болғанда қазақ тың байының жырын жырлап, сөзін сөйлейтін ақын еді...

Қазақ ұлты деп көкірегі қарс айрылып, алаш туын көтергендермен де бірге болды. Солардың ішінде болған Мағжан да бірге адасты», («Қызыл Қазақстан», 1927, №8–9) – дей келіп, ақынды біраз тұқыртқан болады. Сол кездің саяси сарынымен «Мағжан да «жолдастарымен бірге бұл жолға (партияның жолы – Д.Ы.) қарсы болды», «ауылға тиме, ауылда тап жігі жоқ деп, Мағжан байбаламды талай салған болатын», «ол – ол ма, Мағжан коммунист партиясын – қазақ коммунистерін елге құбыжық қылып көрсетпек болды», – деп, біраз сынап та алды. Енді «Мағжан адасқанын айтады. Мен қазақ елі деп түгел алып едім, енді білдім, токсаннан он садаға «мен токсанмен біргемін» деп отыр» – деп, ақынды қорғауға тырысады. «Бұрынғы Мағжан мен қазіргі Мағжанның арасында жер мен көктей айырма бар. Бұрынғы Мағжан бізге дос емес еді. Мағжанның мына жолы, мына өлеңі бізге жақындап отыр», – дей келіп: «Көріп біліп, ұғынып, түсініп алған соң еңбегімді токсан үшін жұмсаймын деген Мағжанды ішке тартпаса, сыртқа тебетін болмас. Бірақ жол баянды, табанды болсын», – деген бата тектес тілекпен өз ойын түйіндейді.

Ш.Тоқжігітов бұл мақаланы сол кездегі өлкелік партия комитетінің уақытша хатшысы Ораз Жандосовпен келісіп жазған бола-

тын. Олардың ойынша, бұл материал Мағжанның «Токсанның тобына» партия жауабы, партия пікірі ретінде басылып еді. Бұл жоспардан ештеңе шықпады. Мақала шығысымен оның авторы Ш.Токжігітов сынның астында қалды. Әсіресе, Әбдірахман Бәйділдин көзге түсті. Ол жазушылардың түрлі жиындарында, баспасөз бетінде («Жыл құсы», жинақ, 1927, ноябрь) Мағжанды да, оған оң кабак танытқан Шэймерденді де бар бәленің астында қалдыруға тырысты: ақынды да, ол туралы жазған авторды да «ұлтшыл», «партия бағытына қарсы» деп дәлелдеп бақты.

Өлкелік партия комитетінің осы жылы өткен 6-шы конференциясында баяндамашы Голощекин: «Мағжанның «Токсанын» малданып жүргендер де жоқ емес. Бірақ соған алдануға болмайды», – деп ақын шығармашылығына, оған пікір білдірген Ш.Токжігітовтің мақаласына да өзінің көзқарасын білдірді.

Міне, осындай жағдайда Ш.Токжігітов өзінің мақаласына, Мағжанның ақындық саяси беті мәселесіне қайта оралуға мәжбүр болды. Пікір таластыру түрінде жазылған бұл мақаласында ол тағы да «Мағжанның бұл өлеңі жаңа өлең, жаңа бет екені рас» («Жаңа әдебиет», 1928, №5) – деп бұрынғы пікірін тағы да шегелей айтты.

«Қазақ әдебиеті қандай жолмен дамуы керек?» деген төңіректегі айтысқа ақын-жазушылардың көпшілігі қатысты. Қазақ «пролетариат әдебиетінің қабырғасы катаюына едәуір еңбек сіңірген С.Сейфуллин де бірнеше мақала жазып, өзінің «байшыл» әдебиетке қарсы, «кедейшілдер» жағында екенін атап көрсетті. «Әдебиетті бағалау және құлық-сананы тексеру» атты көлемді мақаласында: «әдебиет – тап құралының бірі», «ешбір таптың мақсатын көздемейтін әдебиет шығармасы болмайды», «ең тұрлаулы жақсы – пролетариат бағытындағы әдебиет шығармалары», «байлар табының мақсатына құрал болатын әдебиет шығармаларының жақсы емес екендігі – байлар табының мақсаты жақсы емес», – деген негізгі қағидаларды басшылыққа ала отырып, сол кездегі әдебиетке баға берді. «Алашордашылдық» ісі аңқыған әдебиет шығармаларын, басынан құйрығына шейін «алашорданың дерті сіңген Әуезұлы, Жұмабайұлы, Аймауытұлы шығармаларын сүйкімді көріп жүргендерді» сынайды. «Жұмабайұлы Мағжанның пролетариат бағытына қарсы өлеңдерін, арам, жұмбақ шүбәлі, тіпті көркемдігі жоқ ертектерін де дәріптеп басып шығартып жүрмеді ме?» (Жыл құсы», 1928, №2) – деп, ұлы ақынның шығармашылығын жоққа шығаруға дейін барады.

Мәжит Дәулетбаев «Токсанның тобына» жыр арнады.

«– Тауба, тауба, мың тауба!  
Бүгінгі шыққан мың шуға.  
Бір дауы тағы қосылды.  
«Токсан» біздің ынғайда,

«Он» деген қалды «құдайға».  
Жырламай қайтем осыны», –

деп ақынды аман сақтап қалу әрекетіндегі жұртшылықпен үн біріктіреді («Еңбекші қазақ», 1927, 12 қыркүйек).

С.Сейфуллиннің құрастыруымен шыққан «Құс жолы» (1927) жинағында «Алқа» мүшелерін саяси тұрғыдан іске алғысыз еткен алты мақала бірден басылды. Осының барлығы да ақынға саяси айып тағудың дайындықтары болатын. Мағжанның шығармашылығы жайлы жылы пікір білдірген мақалалардың алдына тосқауыл қойылып, тіпті оның авторларына «халық жауы» Мағжанды қолдаушы деген кінәлар тағыла бастады.

М. Жұмабаевты «саяси тұрғыдан талқандауға» сол кездегі Қазақстан өлкелік партия комитетінің басшысы Голошекин де араласып, дем беріп отырды. Оның 1927 жылы Бүкілқазақстандық VI конференцияда сөйлеген сөзі әсіреқызыл коммунистердің ұлтшыл ақындарды қалай сынау керектігінің үлгісі ретінде қабылданды: «Ескі интеллигенцияның арасында сменовеховшыларды еске түсіретін қозғалыс бар. Сендер Жұмабаевтың «90» жөніндегі әйгілі өлеңін білетін шығарсыздар, ол өзі 90 жағында болғандықтан, 90 туралы жазады, ал көпшілік бұл сан шынайы екен деп алданып қалады. Олар 100 деп еді, жеңіліп қалды, енді 90 деп күңіренуде, бізге жақсы істерімен келсе, біз олардың арқасынан қағамыз, алайда 90-ды басқалардың қолдамауы қажет екенін аңғарту үшін біз арқасын сипап қана қоймай, бір мезгіл соккыға да жығып аламыз» («Советская степь» газеті, 1927 жыл, 21 қараша).

Осы кезде жас комсомол ақыны Ә. Тәжібаевтың:

«Мағжандай іздемеймін Қорқыт көрін,  
Қобызбен сарнамаймын сұрап өлім.  
Кезбеймін есуас боп ен даланы,  
Қуатты орыс, қазақ еңбекші елім.  
Көр де аулақ, өз басымнан өлім де аулақ,  
Көрсетем Мағжандарға көрдің төрін», –

деп жырлағаны да сол кездегі Мағжанға қарсы бағытталған идеологиялық науқанның салдары болса, екінші жағынан ақынның өзі мойындағандай:

«Менің оқуымның аздығы (барлығы қазақша жеті класс бітіргем), поэзия, өнер ғылымынан хабарсыздығым, эстетика мәселелерінің әлі түсіме де кіріп көрмегені бұл шақта тіпті мін емес сияқты, поэзияның суреткерлігі, музыкалық үнділігі, образдылығы, көркем мағыналылығы біздің арамызда сөз болып көрген емес. Мұндай нәзіктік әңгімелерін қозғағысы келгендерге құлақ асқанымыз жоқ. Қайта ондайларға күдікпен қарайтынбыз.

Біз ол кезде махаббат лирикасын, жаратылысқа, адамның жаң-  
күйіне арналған лирикаларды – оқушының сезімін улау, оның биік  
идеясын кірлеу деп түсіндік. Расында да дәл сол тұста «кімді кім» де-  
ген ызалы сұрақ сағат сайын айқайлап тұрғанда, хрестоматиялық  
өлеңдермен қауымның алдына шығу қиын болатын. Қауым дегеніміз:  
көбінесе сауатсыз жұмысшылар мен кедей-кепшіктер болатын да, олар  
өз біліктерінің көлемінде сөйлеуді тілейтін...

Сондықтан, акынның кім екендігі оның саяси бағытымен ба-  
ғаланды» (Ә. Тәжібаев. Жылдар, ойлар. Алматы, «Жазушы», 1976, 42–  
43 беттер).

Ә.Тәжібаев осы кез туралы кейіннен:

«Мағжанның алдында кешірілмес күнә жасадық...

Бірақ, біз оған сенбедік. Сол кездегі он сегіздегі бала, мен, «Еңбек-  
ші қазақ» газетінің редакторы Ғаббас Тоғжановтың тапсыруы бойын-  
ша «Токсанның жырын токсанның өз ұлы жырлайды» деген өлеңмен  
жауап жаздым. «Еңбекші қазақ» газетіне ол да басылып шықты. Бұл  
менің де, мені тәрбиелеп сөйлеткен ағаларымның да тарих аддындағы  
кешірілмейтін күнәсі еді» (Мағжан Жұмабаев, Шығармалары. Алғысөз.  
А. 1989, 12-бет) – деп жазады.

Мағжан жарты ғасырдан кейін халқына қайта оралып, 1989 жылы  
бір томдық өлеңдер жинағы шыққанда, Ә. Тәжібаев оған алғысөз жа-  
зып, бұрынғы көзқарасынан мүлдем басқаша, ақын шығармашылығын  
жоғары бағалаған пікір білдірді. Заман өзгереді, Заманмен бірге адам  
да, оның пікірі де өзгереді. Әбділда акынның Мағжан туралы әртүрлі  
пікірлер айтуы да өмір шындығы еді.

Осы бір жағдай туралы М. Жолдасбеков кейіннен былайша еске  
алады:

«Әбділда Тәжібаевтың Мағжан туралы айтқан сөзі әрине, жүрегінен  
шыққан сөз емес еді. Айтқызған еді, мәжбүрлеген еді, зорлықпен  
жаздырған еді ол сөзді.

Орталық Партия комитеті бюросының шешімімен асылдарымыз  
акталды. Акталған жазушылардың, халқымен енді рухы табысқан аға-  
ларымыздың, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұ-  
мабаев секілді арыстарымыздың кітаптарын шығаруды қолға алдық.

Бір күні Әбділда ағаны Орталық Партия комитетіне, өзім отырған  
кабинетке шақырдым. Аман-есендіктен соң:

– Аға, ағаңыздың аруағының алдында акталмайсыз ба? Соның күні  
туайын деп тұр ғой, – дедім.

– Ондай заман болса, қане! Пұшайман болып, ішімнен тынып  
жүрген жоқпын ба. Сен Мағжанды айтып тұрсың ғой. Ондай күн туса,  
көні, Мағжан туралы шынның сөзін айтуға мен дайынмын, – деді.

– Мағжанның жинағына алғы сөзді Сіз жазыңыз, сөйтіп ағаңыздың  
аруағы алдындағы күнәңізден арылыңыз, – дедім...

– Екі дүниеде де риза болар едім, шырағым, – деді сонда Әбділда аға.

Ол кісінің келісімін алып, Мағжан ағамыздың әйелі Зылиха жеңгемізге келдім. Бір жапырақ кісі болатын, сол кісінің үйіне бардым. Екі мәрте арнайы бардым. Алғашында келісім бермеді, оның үстіне жиен немере қызы килігіп, ол кісіні айныта берді.

– Женеше, не қыласыз, заман өтті ғой. Кең болыңыз! Айтайын деп айтты дейсіз бе сол кезде. Інісі ғой, ағасының аруағының алдында арылсын да! Бір бірімізді қырамыз ба енді?–дедім.

Зылиха жеңгей «Өздерің біліңдер» дегеннен асырып ештеңе айтпады. Біз болсақ, кек қуаламайық, күнәсінен арылсын деп, алғы сөзді Әбекене жаздырдық» (Мырзатай Жолдасбеков . Кісілік кітабы. А., 253–254 бетер).

Сол кездегі қазақ қаламгерлерінің басын біріктіріп, шығармашылық жұмыстарға жұмылдырып отыруға тиіс болған ҚазАПП ұйымы керісінше, дау-дамайды өршіте түсті. Шығармашылық мәселемен емес, акын-жазушыларды жік-жікке бөліп, оның ішінде байшылдық-ұлтшылдық әдебиетке қарсы күресті басты міндеті деп білді. ҚазАПП-тың бағытын жүргізіп, айтыстың қақ ортасында жүрген С.Мұқанов былай деп жазады: «ҚазАПП үш мәселеге ерекше көңіл бөлді: бірінші – әдебиеттегі байшылдық-ұлтшылдық бағытқа қарсы күресті күшейте түсу, ол үшін әдебиет майданында жүріп жатқан айтыстарды қоздырыш, байлардың да, байшылдықтың да таптық сырын айқындай түсу, сөйтіп тап жауына еңбекші таптың өшпенділігін күшейту» (С.Мұқанов. Таңдамалы шығармалары. XI том, А., 1977, 262-бет). Иә, жиырмасыншы жылдарда жүргізілген әдебиет туралы айтыстардың мақсаты – басты өкілі Мағжан болып табылатын «ұлтшыл», «байшыл» атанған Ахмет, Міржақып, Жүсіпбек, Сұлтанмахмұт, Мұхтар сынды акын-жазушыларды тарихтың сахнасынан қалайда қуып түсіруге алғышарттар жасау болатын... «Көркем әдебиеттегі байшылдық-ұлтшылдықты әшкерелеу ұлтшыл қазақ әдебиетінің даму тарихында 1927-28 жылдары ерекше қарқынмен жүрді десек асыра айтпаған болар едік», – дейді Сәбит Мұқанов. – Оған куә – сол кездегі газет-журналдардың бетінде жарияланған мақалалар. Мен осы қызу айтыстың қалың ортасында жүргендердің бірі болдым. Байшыл-ұлтшылдар пікірлерін бүркеншікті түрде өткіземіз деп тырысқанмен, совет әдебиетінің бағытындағылар олардың бет пердесін тез сыпырды да, кім екендіктері халық алдында айқын көрінген ұлтшылдар саяси ажалы жакындағанын сезіп, бір жүйелері:

«Сонау оннан мен аулақ, Мен тоқсанмен біргемін – (Мағжан Жұмабаев) деп, бұрынғы таптық бетінен жалтаруға тырысты... Сөйтіп, қазақ әдебиетіндегі байшыл-ұлтшылдар 27–28 жылдары идеологиялық майданда қирауға айналды» (сонда). Бұл кез Голощекиндік биліктің күшейіп, оның «кіші Октябрь» жасауға кірісіп кеткен тұсы болатын. Байларды тәркілеу, елді колхоздастыру әні-міне басталғалы тұрған. Соның алдында жүріп жатқан идеологиялық дайындық жұмыстары

өз нәтижелерін де бере бастап еді. 28-жылға дейін жазылған сын мақалаларда Мағжан туралы бірлі-жарымды оң айтылған пікірлер кездесіп отыратын болса, енді ол – басы ашық «халық жауына» айналды. Әдебиет жайлы мақалаларда Мағжанның «ұлтшылдық» қоңырауын соқпай кететіндер кемде кем болатын: Мағжанның «интеллигент алдында, Иван есалаң...» деп жүргені де сол Ленин болатын». («Еңбекші казак», 1929, №20).

«Бұл кездегі қазақ әдебиетінің айы мен күні асыл гөйі Мағжан, Мұхтар, Жүсіпбек тағы басқа алаштың «насыбайшылары» болды. Коммунистерден қорғаушы тауып алған соң, көкірегін кере бастады. Қасқырдың бөлтірігіндей болып, кедейдің елдігіне қарсы аттанды. Әсіресе, әдебиет майданында кеңес үкіметіне қарсы өз дегендерін ашық айтып отырды... Ел кедейлеріне бал апармай, кей уақытта алаштың уын бал деп беретін болды. Алаштың арманын кеңес арманы деп ұғындыратын болды. Әсіресе, бұл күй бүкіл Қазақстанда болумен бірге, Түркістанда көп өмір сүрді. Түркістан ортасы болды. «Ертеде Түркістанды Тұран дескен, Тұранда ер түріктер туып, өскен» деген ұлтшылдық, түрікшілдік қаны шығып тұрған Мағжанның өлеңін қара танитын қазақ оқушылары бісімілде орнына жаттап алды. Сол өлеңнің бойға сіңгендігі сонша, күні кешеге шейін сахнаға шығып айтып келеді... Мағжан ескі, өтіп кеткен Асан қайғының ескі қайығына мініп, Қойлыбайдың қобызын алып, Кенесарының моласына барып, жоқтау айтса, бұл заманның ақындары күрестің ортасында күресіп, белсене түсіп отыр» («Кедей айнасы» журналы. 1929, №4).

«Бізде кейінгі жылға дейін ұлтшылдық-байшылдық әдебиет үстем болды. Жалпы бағытындағы әдебиетіміз солардың көлеңкесінде көтеріліп өсе алмады... Мағжан, Мұхтар, Жүсіпбек қазақ әдебиетінің гүлі, үлгісі; олардан айрылсақ құр алақан қаламыз деп таңдайын тақ-тақ еткізеді. Тапшылдық сарын қазақшылыққа қойыртпақ болып, ұлтшылдық-байшылдық белін күлдіреуіштей етіп алды, пролетар әдебиетіне бет бермеді, өріс алдырмады... Бірақ, күні шамалы... біз жеңдік» («Кедей айнасы», 1929, №95).

Мағжан одан қалды ұлттық сипаттағы бүкіл қазақ әдебиеті «ұлтшылдықпен», «байшылдықпен», «ескішілдікпен» айыпталып, бұл туралы жылы сөз естудің өзі қиынға айналып бара жатқанда Ыдырыс Мұстанбаевтың «Жұмабаев және «Токсанның тобы»» («Советская степь», 24.V.1929) атты мақаласын жариялауы – үлкен азаматтық көрінісі еді. Мақала бастан-аяқ Мағжанды қолдап, ақын шығармашылығының күрмеуі күрделі қырларына ойлы көзбен қарауға шақырады дерлік. Партиялық басылым бетінде орысша жазылғанын ескере отырып, автордың негізгі пікірлеріне тоқтала кетейік. – Біздің баспасөзімізде бір саяси құбылыс еленбей қалды, – деп бастайды Ыдырыс өз сөзін. «Ол – Мағжанның «Токсанның тобы» атты өлеңінің шығуы. Бұл өлеңді Голощекин жолдас та өлеңнің біз үшін маңызы

зор, себебі ол Қазақстандағы социалистік құрылыстың жетістіктерінің жоғары екендігін көрсетеді және оны біздің кешегі дұшпандарымыз, ұлтшылдардың көсемі ақын.

Жұмабаев та мойындаған болатын деп, жоғары бағалаған. Сондай ақынға өз бағасын береді: «Жұмабаев тұрмыс үлгілерінен романтика жасады. Ақын өлеңдерінде басы артық, қоқыс нәрсе жоқ.

Ол – ешкімге ұқсамайтын ақын. Оның қарсылығын қазіргі тарихи жағдайдан іздеу керек. Жұмабаевтың лирикасын «мәдени идеалист» болған дала еркесі ақынның тебіреністері деп ұққан жөн. Революцияға дейінгі ақындардың ішіндегі көрнектісі осы – Жұмабаев». Мағжан төңкерістер кезінде адасты. Қазір оны өзі мойындап, қатарымызға келіп отыр. «Біздің ойымызша, «Токсанның тобы» шын жүректен жазылған», – деп өлеңнің мән-маңызын түсіндіреді. Жұмабаев – буржуазиялық-демократиялық қозғалыстың жемісі. Оның идеологиясы бізге жат, солай бола тұрса да шығармашылығы тарихи мазмұнға ие. Ақын қанша адасқанымен де оның өлеңі батыл қадам, маңызды оқиға», – деп, ақынды ішке тартады. Осылайдегенімен де қазақ қаламгерлерін Мағжаннан үйренуге шақырады: «Біздің әдебиетіміз, соның ішінде, Сейфуллин мен Майлин тіл жүйесі жағынан кемеліне жетті, Тоқағамбетов, Мұқанов үлкен еркіндікке, шабытка жетті: тіпті соларға да өлең құрылысы, техникасы жағынан Жұмабаев үлгі бола алады».

1929 жылы партия қызметкері Ыдырыс Мұстанбаевтың мұндай мақала жариялауының өзі ерлікке пара-пар болатын. Осындай пікірлері үшін Ыдырыс кейін өзіне лайықты «сыбағасын» алды; «халық жауы» атанып, жазықсыз жазаға ұшырады. Мағжанның:

«Мен өлмеймін, менікі де өлмейді,  
Надан адам өлім жоғын білмейді.  
Өзім – патша, өзім – қазы, өзім – би,  
Қандай ессіз не қылдың деп тергейді» –

деген өлең жолдарын оқығанда, ұлы ақынның алдағы уақытта өзінің ақындық тағдырының осылайша тәлкекке түсерін көрегенділікпен көре біліп, оған жауабын да беріп кеткендей сезінесіз. Алашорда қозғаласының белсенді мүшелерінің бірі, саяси, әдеби-эстетикалық көзқарастары жағынан Мағжанмен бір бағытта болып, оған «Алқаны» құруға, оның бағдарламасы «Табалдырықты» жазуға көмектескен М.Әуезовтың да саяси қудалаудан көз ашпай жүрген кезі болатын. Солай бола тұрса да ол 1929 жылы оңаша бір сәттерде Мағжан туралы жүрекжарды пікірін қағазға түсіріпті: «Бұдан (Абайдан – Д.Ы.) соң Мағжанды сүйемін. Европалығын, жарқыраған әшекейін сүйемін. Қазақ ақындарының қара қордалы ауылында туып, Европадағы мәдениет пен сұлулық сарайына барып, жайлауы жарасқан арын қызыға көріп, сез-

гендей боламын. Мағжан – культурасы зор акын. Сыртқы келісімі мен күйшілдігіне қарағанда, бұл бір заманның шегінен асқандай. Сезімі жетілмеген қазақ қауымынан ертерек шыққандай, бірақ, түбінде әдебиет таратушылары газетпен қосақталып, күндегі өмірінің тереңін терген акын болмайды, заманынан басы озып, ілгерілеп кеткен акын болады. Әдебиет – әдебиет үшін деген таңба айқын болмай, нәрлі әдебиет болуға жол жоқ. Сондықтан, бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекте бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз – Мағжанның сөзі. Одан басқамыздың бәріміздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін» («Қазақ әдебиеті», 23.XII.88). Пікір шынайылығымен құнды бұл жолдардан Мұхтардың жалпы, әдебиет, сөз өнері жайлы түсінігінің сол кездегі ресми бағыттан мүлдем өзгеше екендігі, осыған орай Мағжан поэзиясына берген бағасының аса жоғарылығы, оның жарқын келешегіне сенетіндігі айқын көрінеді.

М. Жұмабаев 1929 жылы 6 шілдеде Қызылжар қаласында ұсталып, төмендегідей ілеспе хатпен Алматыға жіберіледі:

«№6333 2 ПП ОГПУ-дің Шығыс бөлімінің  
КССР бойынша Алматы қаласындағы өкіліне.  
1929 жыл, шілде.

Үстіміздегі жылы 6 шілде күні тұтқынға алынған белгілі ұлтшыл қазақ ақыны Жұмабаев Мағжанды сіздерге жіберіп отырмыз. Пәтеріндегі тіпту кезінде оның ішінара өмірбаяны жазылған қалың дәптерден басқа ештеңе табылмады... Байтасов Абдолла Петропавловск қаласы шеңберінде көзге түспеді. Қалың дәптер «Қосымша» ретінде жіберіліп отыр. ОГПУ округтік бөлімі бастығының орынбасары – В.Никеров. Ш/Б өкілінің көмекшісі – Губайдуллин» (Ш.Елеуенов. Мағжан, Алматы, 1995, 109-бет).

Ілеспе хатта «белгілі ұлтшыл қазақ ақыны Жұмабаев Мағжан» деген тіркестен өзге ақынның «саяси қылмыстарын» дәлелдейтін бірде бір материал жоқ. Мағжанды Алматыға әкелген соң, айналдырған он шақты күннің ішінде ол аса қауіпті қылмыскер болып шыға келген:

«Қаулы: 1929 жыл, 20 шілде. Мен, Біріккен мемлекеттік саяси басқарманың Шығыс бөлімінің Қазақ АССР-і бойынша өкілетті өкілі бастығының көмекшісі Саенко №6 тергеу ісімен танысу барысында мынадай қылмысты істің ұйымдастырылғанын анықтадым:

1 Жұмабаев Мағжан кеңес өкіметіне қарсы күрескен және Орта Азиядағы басмашылар қозғалысымен байланысы бар астыртын ұйымның жұмысына белсене қатысқан;

2. Бұл астыртын ұйым Сырдария округіне қарасты Сарысу ауданының көлемінде қастандық әрекетпен айналысып жүрген ағайынды Әділевтердің бандысымен астыртын байланыста болған.

3. Астыртын ұйым біраз жылдан бері кеңес үкіметінің науқандық шараларына тұрақты түрде іріткі салып, мәдениет және шаруашылық жұмыстарына кедергі жасады, сондықтан да Мағжан Жұмабаевты Қылмыстық кодекстің 58 бабының 7, 11 тармақтарына және 59 бабының 3 тармағына сәйкес айыпты деп тауып, соған орай 128, 142, 147 баптарды басшылыққа ала отырып:

1883 жылы туған, ірі бай тұқымынан шыққан, жартылай феодал, партияда жоқ, үйленген, бұрын істі болмаған, бұрынғы алашордашы, Петропавл кеңес-партия мектебінің оқытушысы М.Жұмабаевты жоғарыда аталған қылмысты істерін мойындату үшін тергеуге алады, соған орай Петропавл кеңес-партия мектебіндегі қызметінен 29 жылдың 15 шілдесінен бастап қызметтен босатуды мақұл деп тауып, қаулы қабылдадым. Тергеу ісіне кедергі келтірудің алдын алу мақсатында Жұмабаев Қазақ АССР-інің ОГПУ-нің комендатурасына қамаққа алынсын.

ОГПУ-дің Шығыс бөлімінің бастығының орынбасары Саенко. Тергеушілер: Логачев, Альшанский (қолдары)» (Д. Досжан. Абақты).

Бұл Мағжанға қойылған алғашқы айыптар болса, сол кездегі әдебиеттің ұлттық даму жолын ұстанған алашордашыларға мынадай қылмыстар тағылды:

1. Жауапты орындарға кіріп алып, кеңес өкіметіне жат идеяны насихаттап, оны «Алқа» арқылы жүтезе асырды.

2. Жоғары оқу орындарының шәкірттеріне оқулықтар жазып, арнадатуға ұмтылған әрекеттерін жандандырған.

3. Әдебиеттің таптық мүддесін мойындамады.

4. Ұлтшы-буржуазиялық идеологияны көркем шығармалары арқылы насихаттаған. Сөйтіп, пролетариаттық мәдениетті мансұқ етіп, хандар мен феодалдық еркіндікті, еркін замандағы қазақтың бостандығын мадақтаған» (Қараңыз: М. Қойгелдиев. Табалдырық. Алматы.).

Бұл жерде басты назар аударатын нәрсе – алашордашылардың барлығы да Мағжан ұйымдастырмақ болып қолға алып, «Алқаның» мақсаты мен міндеттерін айқындаған бағдарламасымен танысып, қолдағаны үшін ең алдымен, айыпталғаны.

Бұған кейін алашордашылар ақталғаннан кейін зерттеушілердің тергеу материалдары негізінде жазған еңбектерімен танысқанда, көзіңіз толық жетеді. Солардың кейбіреулерін келтіре кетейік.

Жиырмасыншы жылдардың ортасында Мағжанды қаралау науқаны басталған тұстарда оған ара түсіп, ақынды қорғаушылардың бірі болған Ж.Сәрсенбин 1929 жылы 5 мамыр күні тергеушілерге:

«Кешікпей Мағжан екеуіміз «Алқа» айқындамасының (бағдарламасының – Т.Ж.) 16 данасын жан-жаққа бөліп, Ташкентке – А.Байтұрсыновтың, Орынборға – Ж.Аймауытовтың, Қызылжарға – Ж.Тілеулиннің, Семейге – С.Дөнентаевтің, Ленинградқа – М.Әуезовтің (басылымда «ұлы») деп жазылған, біз тергеу тәртібіне орай алдық –

Т.Ж.) атына салып жібердік. Сол жылы 19 қаңтарда Өлкелік коммунистік партия қарауына Орынбор қаласына шақырылдым. Мәскеуден жүрер алдында Ө.Бөкейхан мен М.Жұмабайұлы маған Орынбор мен Ташкенттегі азаматтармен байланыс жасап, «Алқа» айқындамасы туралы ойларын, оны қуаттайтын-қуаттамайтындығын біліп, пікірлерін Жұмабайұлына жіберуін қадағалауды тапсырды. Мұнымен коса бара салысымен Смағұл Сәдуақасұлымен хабарласып, бағдарламаны баспасөз жүзіне шығару керектігі айтылды. Орынборға келгеннен кейін «Еңбекші қазақтың» жауапты шығарушысы С.Сәдуақасұлына барып, бағдарламамен таныстырдым. Смағұл «Еңбекші қазаққа» басатынын, бірақ қазір оны А.Байтұрсынұлына, Е.Омарұлына, С.Қожанұлына, Ж.Аймауытұлына көрсетуімді өтінді... С.Қожанұлына барғанымда, ол С.Сәдуақасұлы екеуі «Алқа» жөнінде Мәскеуге барғанда М.Жұмабайұлынан естігенін айтты. Е.Омарұлы да, Ж.Аймауытұлы да бағдарламаны ұнатты. Е.Алдонғарұлы С.Сәдуақасұлымен хабарласып, бағдарламаны газетке емес, «Қызыл Қазақстан» журналына бастыру керектігі туралы ақылдасатынын білдірді.

...Әлихан Бөкейханов, Мағжан Жұмабаев (басылымда Бөкейхан, Жұмабайұлы деп жазылған – Т.Ж.) мен үшеуміз 1925 жылдың қаңтар айында оқытушылар съезіне келген Ахмет Байтұрсынұлы орналасқан жатақханаға барып, ол кісіні жазылып, даярланып қойылған «Алқа» әдеби үйірмесінің бағдарламасымен таныстырдық: «Қазаққа шаруасы мен тұрмысының түріне қарай шапан пішу жарасса да, еуропалықтар оған еуропалық костюм кигізгісі келеді. Қазақтың түйесін отарбаға қосып сүйреуді қалайды. Бұлай ету – қазаққа тән емес, жат нәрсе. Қазақ әдебиеті ұлттық әдебиет болуға тиіс. Мынандай үйірмелер арқылы оны жасау мүмкіндігі де бар. Сондықтан да «Алқаны» құру туралы пікірлеріңді қостаймын», – деді» (Қараңыз: Д.Қамзабекұлы. «Алаштың рухани тұғыры. А. «Ел-шежіре», 2008 301–302 бет) – деп жауап беріпті.

Ж. Аймауытов «Жекелеген әдеби еңбектерді дайындау белгілі бір тәртіп бойынша жүргізіліп, ұйым мүшелеріне өзара бөлініп беріледі. «Алқа» атты астыртын әдеби үйірменің өмір сүруі әдеби еңбектерді белгілі бір тәртіп бойынша бөлісіп дайындауға ұйытқы болды, оның бағыт-бағдарын («Табалдырықтың») анықтауға Жұмабаев М. және айыпталушылар Ысқаков Даниял, Досмұхамедов Х., Әуезов Мұхтар мен Кеменгерев Қошмұхамед қатысты», – деп, жазыпты.

Ахмет Байтұрсынов 1929 жылы маусымның 18 күні берген жауабында «...Қазақ әдебиетінің ағымдары туралы мәселені мен ешкіммен де бірігіп талдағам жоқ. Оның ішінде, Мағжан Жұмабаев жасаған әдеби платформаны Бөкейхановпен бірігіп талдаған емеспін. Қалай болған күннің өзінде, мен Мәскеуге барған кезімде Мағжан Жұмабаевты Бөкейхановтың пәтерінен көрмегенім анық, сондай-ақ Жұмабаевтың да пәтерінде болғаным жоқ.

Нақтысын айта алмаймын, бірақ Жұмабаев пен Бөкейханов мен орналасқан жатақханаға (ол РСФСР –дің Халық ағарту комиссариатының Мәскеудегі жатақханасы болатын, 1924 жылы күзде мен өлкетанушылардың өлкелік құрылтайына қатысу үшін барғанмын) келді ме, әлде бірімізде өлкетанушылардың құрылтайының мәжілісінде кездестік пе, әйтеуір, бір жүздескенім рас. Сондай-ақ, «Табалдырық» әдеби үйірмесінің бағдарын оқығаным да есімде жоқ. Әрине, әдеби шығармаларды оқыған болармыз, алайда ешқандай қолжазбаның болғаны жадымда сақталмапты, ал Сәрсембиннің газетте жарияланған мақаласы есімде. Мен Мәскеуде болған кезімде оны Жұмабаевпен көріп қалғаным бар. Сондай-ақ, «Табалдырық» әдеби үйірмесінің бағдарын оқығаным да есімде жоқ. Әрине, әдеби шығармаларды оқыған болармыз, алайда ешқандай қолжазбаның болғаны жадымда сақталмапты, ал Сәрсембиннің газетте жарияланған мақаласы есімде. Мен Мәскеуде болған кезімде оны Жұмабаевпен көріп қалғаным бар. Орынбор қаласында тұрғанымда Сәрсембин менің үйіме келген емес. Әйтеуір, менің жадымда қалмапты. Тіпті, өлкетанушылардың құрылтайынан кейін соның өзін көрдім бе, жоқ па, білмеймін. Жұмабаевтың әдеби бағдарын талқылауға арналып Алдыонғаровтың үйінде мәжіліс өткендігінен бейхабармын, тіпті, Алдыонғаровтың үйіне бір рет бас сұққан жоқпын», – дейді. 1929 жыл – төңкерістен кейінгі Қазақстан тарихындағы ауыр жылдардың бірі. Осы жылы халықтың алдындағы бар малын сыпырып алып, күшпен колхоздастыру басталды. Малың бергісі келмегендерден тартып алып, өздерін жер аударып, соттап жіберді. Ел тоз-тоз болып, кейбіреулері шетелге асты. «Елім» деп еніреген қазақ азаматтарының көпшілігі қолдан жасалған нәубетке қарсы тұрмақ түгілі, қуғынға ұшырап, бас қамымен кеткен еді. Қазақ зиялыларының алғашқы тобы осы жылдың басында ұсталып, сотталды. А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытовтармен бірге Мағжан да сотталып, әдебиеттің сахнасынан күшпен түсіріліп кете барды. Баспасөз бетінде жүргізілген саяси науқанның барысында олардың «ұлтшылдығы», «халық жауы» екендігі «дәлелдегендей» болған. Мағжанның бүкіл шығармашылығы «ұлтшыл», «халыққа жат» деп танылды. Оған «Алқа» деген ұйым құрдың, оның бағдарламасы «Табалдырықты» жаздың деген кінәлар қойылып, абақтыға айдалды...

Мағжан ұсталып кеткен соң да оның шығармашылығын қаралау тоқталған жоқ. Керісінше өрши түсіп, ресмилік сипат алды. Сол кездегі бүкіл идеологиялық жұмыс «ұлтшылдарға», алашордашыларға қарсы жүргізілді де, сөйлеген сөздерде, жазылған мақалаларда олардың басты өкілі ретінде Мағжанның аты аталмай кетпейтін болды. Бүгінгі мәселе ашық болды: Жұмабаев – «халық жауы». Әдебиет туралы пікір білдірген саясатшы – сыншылар бұрынғыдай Мағжан «байшыл» ма, «кедейшіл» ме деп айтысып, басты қатырмады. Өйткені, Мағжанның аты кейінгі акын-жазушыларды олардың ұстаған бағытынан үркіту, қорқыту үшін құбыжық ретінде аталды, үрей туғызды.

1930 жылы Мәскеуде шыққан «Әдеби энциклопедияның» төртінші томына Мағжан туралы мақала кіргізілді. Авторы – Әбдірахман Бәйділдин. Әбдірахман кезінде Әлихан Бөкейхановтың көмекшісі болған, кейіннен «солшыл» жолға түсіп, солақай сындарымен әсіресе, жиырмасыншы жылдары белсенділік танытқан азамат болатын. Қазақша, орысша жазылған көптеген мақалаларында әдебиетті саясатпен шатастырып, қазақта жоқ пролетариат әдебиетінің сойылын соқты. Оның мақалаларының барлығында дерлік төңкеріске дейінгі қазақ ақын-жазушылары – «байшылдар», XX ғасырдың басындағылар – «алашордашылар» болып шықты. Олардың бәріне де ұлтшылдық тән. Қазақ «ұлтшылдығының» жарқын өкілдерінің бірі – Жұмабаев» («Советская степь», 21.V.1928) деген сияқты сыңаржақ пікірлерін таратып келген болатын.

Әдеби энциклопедиядағы мақалада да Ә.Бәйділдин Мағжанды әдеби тұрғыдан емес, саяси тұрғыдан бағалап, біржақты кеткен. Онда «...Мағжан өзінің өлеңдерінде, фельетондарында, жекелеген публицистикалық мақалаларында ұлтшылдық идеяларды уағыздайды. Октябрь революциясынан кейін Мағжан нағыз пантюркист болып алды. Ақынның саяси бағыты «Шығыс», «Тәңірі», «Бостандық», «От», «Жаралы жан», «Жолдасқа» деген өлеңдері мен «Ертегі», «Батыр Баян», «Қорқыт», т.б. поэмаларында айқын көрінген. Мұнда Жұмабаев қазақ халқының өткен күнін, ескі тұрмысын үлгі тұтады; Шығысты идеал көріп, Батысқа қарсы қояды («Литературная энциклопедия», М., 1930, IV том, 202-бет) деп жазылған.

Төңкерістен кейінгі әдеби процеске белсене араласқан С.Мұқановтың осы жылдарда жазған мақалалары түгелге жуық әдебиеттегі «ұлтшылдықты» әшкерелеуге арналған десе де болғандай. Ол 1931 жылы жазған бір мақаласында алашордашылардың жеңіліп, пролетариат әдебиетінің бас көтеріп келе жатқандығын қазіргі кезеңнің елеулі оқиғасы санайды. «Байшылдар әдебиет майданынан шегінді, енді оларға еркелеп қабатын иттің тәсілінен артық тәсіл қалған жоқ («Жаңа әдебиет», 1931, №1) деп жазды. Сол кезде орыс әдебиетінде өріс алған жазушылардың бәріне «ескіше емес, жаңаша, Д.Бедныйша жазу керек» деп үндеген ұранға байланысты С.Мұқанов «Блокшылықтан демьяншылдыққа» деген мақала жазды. Мұнда Мағжан туралы...» жаратылыстың көркем кескінін еңбекпен байланыстырмау блокшылдық, оның шәкірті мағжаншылдық, пролетариат жазушысы бұдан сактануы керек... Блок – Мағжанның көркемдігі көбінесе... таза табиғи құбылыстарында болады... Қазір орыс әдебиетінде күдікті блокшылдық емес, күдіксіз Демьяншылдық үстем болып отыр» («Жаңа әдебиет», 1931, №2) – деген жолдар бар.

1925 жылдан басталған қазақ қаламгерлерін қуғындау – бүкіл республика бойынша ұлтшыл зиялыларды тап ретінде жою науқанының маңызды бір саласы болатын. Голощекиннің Қазақстанға келуіне

тұспа-тұс келетін саяси қуғындау істері отызыншы жылдардың бас кезінде күшейе түсті. Қуғынның көш басында алашшылдар тұрды. Әсіресе, 1932 жылы 20 қаңтарда ВКП(б) Қазақ өлкелік комитетінің мәдениет және насихат бөлімі мен Қазақстанның марксизм-ленинизм институтының «Сталин жолдастың хатына байланысты Қазақстанда теория майданындағы күрес міндеттері туралы» түсіндірме хаты шыққан соң мүлдем асқынып кетті. Қазақстанда ресми нұсқау ретінде басшылыққа алынған бұл құжат қазақ әдебиеті үшін аса қауіпті роль атқарады. Қаулыда «Қазақстанда социализм құру кезеңінің міндеттері мен талаптары өз дәрежесіне сай келмей, алашордашылдардың ықпалынан шыға алмай келе жатқан қазақ көркем әдебиеті мен әдеби сынының мәселелеріне ерекше назар аударылсын» («Большевик Қазақстана», 1932, №1, 89-бет) – деп, әдебиет жөніндегі саясаттан қай бағытта жүруі керектігін айқындады. Ұлттық әдебиетіміздің дамуына кедергі жасап отырған байшыл-ұлтшыл көзқарастардың кесірі деп, сынның семсерін солай қарай бағыттады. Компартияның әдебиет саласындағы саясатын жүргізу мақсатымен құрылған ҚазААП бұл іске құлшына кірісіп кетті.

Жалпы, Ш.Елеуенов айтқандай: «ҚазАПП Мағжан үшін нағыз кәззап болды» («Жұлдыз», 1992, №6 156-бет). ҚазАПП-тың бүкіл қызметі шығармашылық емес, әдебиеттегі «байшылдық-ұлтшылдықты» әшкерелеуге бағытталды десе де болғандай. Оның алғашқы басшысы Ә.Бәйділіннен кейінгі басшысы Мұстафа Қайыпназаров та қалысқан жоқ. Әдебиетке қатысы жоқ, партиялық саясатты жүргізу үшін әдейі жазушылардың басшылығына отырғызылған Мұстафа ресми жиындарда сөйлеген сөздерінде, сын мақалаларында әдеби сындағы «солақайшылықтың», дөрекі, әлеуметтік талдаулардың классикалық үлгісін көрсетті. Таптық принциппен мықтап қаруланған ол бүкіл қазақ әдебиетінің тарихын «байшыл-ұлтшыл» деп жариялады. Сол кездегі қазақ қаламгерлерін «байшылдар», «жолбикелер», «кедейшілер» деп жіктеп, сынаудың стандартты үлгісін жасады. Жазушыны сынау іс жүзінде осы үш топтың қайсысына жатқызуға болатынына сайды. Ал, Мағжандар болса байшыл-ұлтшылдарға жатқызылды.

ҚазАПП-тың 1932 жылы 26–30 ақпанда өткен бірінші құрылтайы тікелей осы қаулыны жүзеге асыру бағытында өтті. Осында жасаған баяндамасында М.Қайыпназаров «байшыл-ұлтшылдар» дәуіріндегі жазушылардың шығармаларын талдап, солардың бәрімен бірге «Мағжан нағыз төңкеріске қарсы акын» («Әдебиет майданы», 1932, №3, 8-бет) деп жариялады. Мағжанның пролетариат үкіметіне, қазақ халқына «жау» екендігі оның өлеңдері арқылы «дәлелденілді».

ҚазАПП-тың 1932 жылға арналған іс жоспарында «Байшыл-ұлтшыл әдебиетті ортаға салып, талқылап, ең соңғы түрде бетін ашып салу үшін Ахмет Байтұрсынұлы, Дулатұлы, Әуезұлы, Аймауытұлы, Сәдуақасұлы, Күлейұлы, Кеменгерұлы, Досмағамбетұлы және басқа-

ларының шығармаларын тексеруді» («Әдебиет майданы», 1932, №4, 12-бет) бірінші пункттен алға қойған.

М.Қайыпназаров 1932 жылы Мәскеуде «Қазақ әдебиеті буржуазияшылдықтың ықпалына қарсы күресте» («Казахская литература в борьбе с буржуазными влияниями») деген кітап шығарды. Атынан-ақ көрініп тұрғандай, бүкіл бір кітап қазақ әдебиетіндегі «ұлтшылдықты» әшкерелеуге арналған. «Алашордашыл», «байшыл» әдебиеттің бірсыпыра өкілдерімен бірге Мағжан өлеңдеріндегі «зиянды сарындарды» анықтауға да едәуір көңіл бөлінген.

Тұрманжанов «ҚазАПП-тың съезі не дейді?» деген мақала жазып: «Төңкерістен бұрынғы ауыз әдебиетінде де, жазба әдебиетінде де байлар тобының пікірі үстем болды» («Әдебиет майданы», 1932, №4, 3-бет) – деп, бүкіл қазақ әдебиетін жоққа шығарғандай болды. Алашордашы акын-жазушылардың шығармаларымен бірге Мағжанның «Шолпан» жинағын да «байшылдың», ұлтшылдықтың жемісі» деп бағалады. «Сондықтан, Алашорда оқығандары (жазушылары) төңкеріске дейін де төңкерістен кейін де қазақ еңбекшілерінің, пролетариаттың дұшпаны болды дейміз, еңбекшілердің досы емес, қасы болды дейміз» (сонда) – деп, тікесінен бір-ақ тартты.

Сол кездегі баспасөз беттерін қарап отырсаңыз, Мағжанның қаламынан шыққан дүниенің бірі қалмай қараланған. Тіпті, ақынның орыс әдебиетінен, Лениннен жасаған аудармаларына дейін «арам ниетті» деп айыпталып жатты. Мысалы, ақынның М.Горькийден жасаған аудармалары 1924 жылы Мәскеуде «Сұңқар жыры» деген атпен кітапша болып шыққан еді. Осындағы «Сұңқар жыры», «Жұртын сүйген жүрек», «Ана», «Темірді жұмсартқан ана», «Хан мен ұлы» т.б. шығармалар бұрмаланған, дұрыс аудармаған деп сыналды. Тіпті, Жүсіпбектің М.Жұмабаев Пушкин, Лермонтов, Байрон, Шекспир сияқты ақындарға еліктеген, «Мағжанның кейбір жалынды сөздері Максим Горькийдің сөздеріне ұқсайды» деген пікірлеріне шүйілген. Дәлелі: М.Горький мен М.Жұмабаев екеуі екі бағыттағы акын. Горький – пролетариат әдебиетінің атасы. Ал, ұлтшыл Мағжан, одан қалай үйренеді?

ҚазАПП-тың бірінші съезінде, «Сталин жолдастың хатына байланысты Қазақстанда теория майданындағы күрес міндеттері туралы» түсіндірме-нұсқауда, өлкелік партия комитетінің III пленумына сол кездегі танымал сыншы Ғаббас Тоғжанов қатты сыналды. Кемшіліктердің барлығы әдеби сынның нашарлығынан деп көрсетіліп, оның басты өкілі ретінде Ғаббастың есімі аталып, оны алашордашыл, ұлтшыл деп айыптамаған ресми жиын, қызметкер, баспасөз қалмады десе де болғандай. Сыншы да өз «қателерін мойындап» оны түзету мақсатымен әдебиеттегі «ұлтшылдықты» әшкерелеуге шұғыл кірісті. «Большевик Казахстана» (1932, №23, 5) журналына да «Байтұрсынов және байтұрсыновшылдық туралы» деген көлемді «зерттеу» мақаласын

жариялады. Сегіз тараудан тұратын еңбекте «Байтұрсынов және ұлттық әдебиет» деп жеке қарастырылып, бұл бағыттың басты өкілдерінің бірі ретінде Мағжан қараланды.

Осы уақытқа дейін алашордашыларды «әшкерелеу» істері негізінен баспасөз бетінде мақалалар арқылы жүргізіліп келсе, енді оларды «теориялық тұрғыдан» талқандау мақсаты алға қойылып, «ғылыми сипаты» «зерттеу» еңбектері шыға бастады. Бұл ретте С.Брайнин мен Ш.Шафиро айрықша еңбек сіңірді. Екі автордың «Алашорда тарихының очерктері» алдымен «Большевик Казахстана» (1933, №4, 6) журналында, кейіннен Мәскеуде жеке монография болып басылып шықты. Кітапта ұлт-азаттық қозғалыс, ұлттық әдебиет (ішінде Мағжан да бар) – барлығы да халыққа жат деп танылды. Осындай ізденістердің нәтижесінде «Жеке адам, «Алаш» партиясы былай қалып, енді бүкіл қазақ халқының, еңбекші бұқараның патша үкіметі мен империализмге қарсы шыққаны, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі, 1917 жылғы революцияларға қатысқаны түгелдей қараланып, жоққа сайыды, бәрі де «антимаркстік, антилениндік» болып шыға келді. Бүкіл ел теріс жолмен жүріп, оның қайраткерлері қысастықтан басқа ештеме ойламған жандар болып шыға келді» (Т.Кәкішев, Ақыл-парасатқа азаттық. «Лениншіл жас», ІЗ.ХІІ.1989).

Осы кез туралы Мағжанның өзі былай деп жазыпты: «Соңғы жылдары ештеме жазған жоқпын, әдебиеттен мүлдем сырт қалып, шеттеп барамын... Бақытсыздығыма қарай, сол кездегі қазақ әдебиетінде ауайын жасап жүрген кісілер мені аямай әдебиеттен аластауға тырысты, Ә.Бәйділин, Ш.Токжігітов дегендер нағыз қаныпезер екен, соңыма түсіп, күн көрсетуді қойды. Осынау шағын топ басылым бетінде шу көтергені соншалық, жазуға қолым бармай, сал адамдай сансырып калғаным рас. Тегі бір емес, екі емес, өне бойы ізіңе түсіп, тырнақ астынан кір іздеп, шулыған жасай берген соң жазушылар ортасынан қашады екенсің. Әдебиет табалдырығынан жаңа аттаған бозөкпе жастан бастап, ата сақалы аузына түскен жасы үлкеніне дейін жұрттың назарына ілігу үшін менің есімімді жіктеп, сөгеттеп, сын айтуды әдетке айналдырып алды. Олардың ойынша, мені сынаса ғана жоғарыда отырған лауазымды кісілерге ұнаймыз, көзіне түсеміз, жақсы аталамыз дейтін секілді. Большевиктік қырағылықты солай танытпақшы... Ал, менің әдеби қарсыластарымның «Мағжан байшыл», «Мағжан бектер мен хандарды жазады» деп жүргені – бекер айтылған ғайбат сөздер, олар – шығарманың көркемдік шындығын іздеуден гөрі тақырыбын ғана оқып, байбалам салып жүргендер» (Мағжанның 1938 жылы 20 ақпан күні, яғни атылардан тура бір ай бұрын, ату туралы үкім шыққаннан тоғыз күн кейін тергеушіге жазған түсініктемесінен. Д.Досжановтың «Абақты» кітабынан 269-270 б. алынды). Бұл жолдардан сол кездегі ащы шындық, акынның жан күйзелісі анық көрінеді.

Жалпы, Мағжантануда С.Мұқановтың алар орны айрықша. Коммунистік партияға, Совет үкіметіне, өле-өлгенше адал болып өткен

Мұқанов жиырмасыншы жылдардағы саяси күрес кезінде Мағжанның өлеңдерінен «ұлтшылдық» көріп, оған қарсы ашық күрессе, отызыншы жылдарда ресми түрде қарсы болды.

Голощекиндік ұлтшылдық саясаттың барынша өршіп тұрған кезінде жазылған «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. I бөлім. Ұлтшылдық, байшылдық дәуірі» атты еңбегінде де коммунистік партияның, Совет өкіметінің жалған идеяларымен барынша сугарылған С.Мұқанов Қазақстанда ұлтшылдық қозғалыстың дамуына ұзақ тоқталған. Ұлт-азаттық қозғалыстың барысында Алашорданың құрылуын айта келіп, оны қолдаған ақын-жазушылардың шығармаларын қарастырған. Алашордашыл атанған А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, О.Қарашұлы, С.Торайғырұлы, С. Дөнентайұлы. М.Әуезұлы, Б.Күлейұлы, Ж.Аймауытұлыларымен бірге Мағжан да осы топқа жатқызылып, жеке тарауда шығармалары қараланады.

Алашшыл әдебиетшілерді жерден алып, жерге тыққан С.Мұқановтың алашорда әдебиетіне арналған «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» 1932 жылы шықты. «Сталин жолдастың хатына байланысты Қазақстанда теория майданындағы күрес міндеттері туралы» 1932 жылы 10 қаңтарда ВКП(б) Қазақ өлкелік комитетінің Мәдениет және насихат бөлімі мен республикалық Марксизм-ленинизм институтының түсінік хаты шыққаннан кейінгі жүргізілген саяси қуғынның барысында алашордашыларды түгел тарихтан сызып тастауға әрекет жасалынды. Халқы үшін қасірет шеккен есіл азаматтар өз елінде, өз жерінде «халық жауына» айналды. Көп ұзамай-ақ алашшыл ақын-жазушылардың шығармашылықтары мүлдем жабылып, арнаулы жабық қоймаларға қамалды. Олардың кітаптарын халық арасынан жиналып алынып, оқуға тыйым салынды. Мағжандардың кітаптарын оқымақ түгілі, олар туралы жылы сөз айтудың, аттарын атаудың өзі саяси қылмысқа айналды. Мемлекеттік қауіпсіздік мекемелерінің қызметкерлері бүкіл баспа, газет-журнал қызметтерін жіті қадағалап, «ұлтшылдар» туралы мәселені «қырағылықпен» назарда ұстап отырды. Атап, баспасөз беттерінде олардың аттары кездесе, тек жаман жақтарынан ғана көрінуге тиіс болды. Сөйтіп, халықтың қамын жеп еңіреп өткен, бүкіл шығармашылық қызметін туған елінің мұң-зарына арнаған есіл азаматтар совет өкіметінің арқасында алпыс жылдай уақыт бойы «құбыжық» болып келді.

Сөйтіп, жиырмасыншы жылдардың соңы, отызыншы жылдардың басында Совет өкіметі мен большевиктер және Голощекин жүргізген саяси қудалаулардың нәтижесінде Қазақстандағы Алашорда бастаған ұлт-азаттық қозғалыс талқандалды. Жазалаудың екінші толқыны – отыз жетінші жылдың ойраны келгенде алашордашылардың жүріп, жанап өткен жерлерінің бәрінен «ұлтшылдықтың» ізін тауып жатты. Мағжандармен кездескеннің, бірге болғанның, сөйлескеннің өзі-ақ «халық жауы» екендігін анықтауға жеткілікті дәлел болды. Мағжан

сияқты алашордашылардың есімі қазақ халқы үшін үрей туғызар құбыжық, қазақ қаламгерлерін күндіз көз алдынан, түнде түсінен кетпей, қайда барсаң да қоймаймын дегендей қуалап жүретін қорқынышты елеске айналды.

Баспасөз бетінде жарияланған материалдарға сенсек, олардың қазақ халқына жасамаған жамандығы жоқ екен. Бір жағы, жапон империалистеріне дейін байланысып, Совет өкіметін құлату үшін ел ішінде жасырын жансыздары арқылы жантүршігерлік әрекеттер жасаған. Әдебиетті де оңдырмапты. «Халық жауларын» әшкерелеген «Әдебиеттегі алашорда агенті» («Лениншіл жас», 21.1.1937) деген сияқты үрейлі мақалалар қаптап кетті. Алғашқы мақалада автор: «Алматыдағы қазақ педагогика институтының әдебиет теориясы пәнінен сабақ беретін «оқытушысы» Мәметова Әмина да контрреволюцияшыл алашорданың агенті болып шықты», – деп жерден жеті қоян тапқандай қуанды. Дәлелі – Әмина сабақтарында Шәкәрім, Міржақыптармен бірге, Мағжанның да өлендерін мактайды екен.

1937 жылы жазалауға ұшырағандардың барлығы дерлік алашордашылардың ізбасарлары ретінде айыпталды. Ол үшін жоғарғыдағыдай дәлелдердің өзі жеткілікті болатын. Жазушылар ақталу үшін бас қамын жасап, пендешілікпен түрлі әрекеттерге барып жатты, бірақ одан ештеңе шықпады. «Алашорда төбеттерінің бір кезде қазақтың жаңа өркендей бастаған түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениетіне, совет әдебиетінің жас кадрларына жасаған шабуылы Қазақстан еңбекшілерінің есінде. Қазақ халқының ежелгі жаулары – Байтұрсынов, Дулатов, Бөкейханов, Жұмабаевтардың ашықтан-ашық жас Совет әдебиетін бөгепп, оның кадрларын ұстап, үнін өшіргісі келген бұзық ниеттері жүзеге аспай қалған кезде, олардың жолына түсіп, әдебиеттегі партияның саясатына қарсы жанталасып күреске шығушылар – партияға алдап кірген Сәдуақасов Смағұл, Бәйділін, Тоғжанов сияқты алашорданың сұркия, зұлым шпиондары еді» («Социалды Қазақстан», 29.VIII.1937), – деген сияқты жолдар қазақ зиялыларын, қаламгерлерін айыптаудың саяси қалыбына (стандарт) айналып, тағдырларын шешіп жатты. Сөйтіп, алашордашылар жүріп өткен ұлт-азаттықтың ақ жолы өзінен кейінгілер үшін тозақ жалынына айналды.

Алашшыл Әлекең, Ахан бастаған ұлт қайраткерлері аяусыз айыпталса, Мағжан, Жүсіпбек сияқты профессионал ақын-жазушылары жокқа шығарылса, енді қызыл комиссар большевик Сәкен бастаған қазақ қаламгерлерінің екінші толқыны да 1937 жылы жаппай ұсталып, қайтпас сапарларға аттанды. Алғаш «Алқа» ұйымын ұйымдастырмақ болған оның бағдарламасы «Табалдырықты» жазғаны үшін 1928 жылы сәуірдің 27-інде сотталған Мағжан Мирзоянның кезіндегі «жылымықта» 1936 жылы елге оралғанымен де 1937 жылы желтоқсанның 27-інде қайта ұсталды. Енді «Жапонның шпионы» ретінде айыпталып, 1938 жылдың 19 наурызында атылды.

Қазақ поэзиясының көгінде «Шолпан» болып туған Мағжанның жарық жұлдызы уақытша болса да сөнгендей болды...

Мағжандармен бірге қазақ әдебиетін әдебиет қылып тұрған ұлттық болмысы да кетті. «Түрі ұлттық, мазмұны социалистік» деген жалған теорияға, «социалистік реализм» әдісіне сүйенген қазақ совет әдебиеті өмірге келді. «Тап» деп тақылдаған, «совет» деп санқылдаған, Компартия мүддесін бәрінен жоғары қойған «Сөз – Советтік Армияға» айналды; сарбаздарша сапқа тұрып, коммунистік идеялардан басқа ұлттық атаулыға, соны ой-пікірлерге қарсы күрес құралына айналды. Қазақ әдебиеті өзінің ұлттық болмысын жоғалтып, «көпұлтты совет әдебиетінің» құрамдас бір бөлігіне айналып та қалған еді...

Мағжан 1960 жылы азаматтық тұрғыдан ақталды. Бірақ, ақын ақталғанмен де оның жүрегін жарып шыққан жаралы жырлары «қамаудан босатылмады». 1968 жылдың қараша айында қазақ университетінің Бейсенбай Кенжебаев бастаған қазақ әдебиеті кафедрасының ғалым оқытушылары Мағжанға арналған әдеби жиналыс өткізіп, онда ақын жырларын бастырып шығару мәселесін тиісті мекемелердің алдына қойды. Жауап болмады.

Мағжантану ісінде атақты башқұрт ақыны Сайфи Құдаштың азаматтық еңбегін айрықша атап өткен ләзім. Ол Мағжанның өлендерін идеологиялық құрсаудың тас қамалында тұншығып жатқан жерінен жарыққа шығару үшін тарихи еңбек сіңірді. 1968 жылы Мәскеуде орыс тілінде шыққан «Жастық шақ ізімен» атты кітабында Мағжанның атын қорықпай атап, ол туралы жылы лебіздер білдірді. Ақынның 1909-10 жылдары Уфадағы «Ғалия» медресесінде оқып жүрген кезіне, 1912 жылы Қазанда «Шолпан» жинағының шығуына байланысты өз ойларын ашық айтты. Осы үшін С.Құдаш та өзіне тиісті «сыбағасын» алды. Өйткені, «Жастық шақтың ізіменін» оқыған кейбір «қырағы» қазақтар қарап жатпай, Сайфидің үстінен домалақ арыздарды Мәскеуге қарай домалатқан еді. Мағжан поэзиясының Ұлылығына құлай берілген С.Құдаш бұған мойыған жоқ. Керісінше, Мағжан жырларын коммунистік идеологияның қапас құрсауынан құтқару үшін бел шеше кірісті. Ол 1969 жылы «Қазақ ақыны Мағжан Жұмабаев» деген көлемді зерттеу мақаласын жазып, сол кездегі республика басшысы, СОКП ОК-нің Саяси Бюросының мүшесі Д.Қонаевтың атына, Қазақстан Жазушылар одағының басқармасына жібереді. Мұнда ол «Мен Жұмабаевты өлең сөздің мүлде өзгеше шеберлерінің бірі деп есептеп келдім және есептеймін де; осы тұрғыдан қарағанда ол Абайдың лайықты мирасқоры» («Қазақ әдебиеті», 23.XII.1988) деп ашық мәлімдеп, ақын шығармаларын ақтауды күн тәртібіне қояды. Мағжанның поэзиясын ақтау үшін ол өмір сүрген дәуірге өскен ортасына, әлеуметтік өзгерістердің ақын шығармашылығында көрініс табуына талдаулар жасайды. Орыс, татар, башқұрт әдебиеттеріндегі осы тәкілеттес құбылыстармен салыстырулар жасай отырып, ақын жыр-

ларының жазылуындағы объективті, субъективті себептерге үніледі. Мақала-хат автордың Мағжан мәселесін жетік білетіндігі соншалық, акын шығармаларын шығаруға бөгет болып келе жатқан кедергілердің бүге-шігесіне дейін баяндап, келешекте ақталатындығына сенім білдірді.

Мағжанды ақтауды сұрап жазған Сәйфи Құдаштың мақала-хатын республика басшылығы тағы да жауапсыз қалдырды. Сол үнсіздік тағы да жиырма жылға созылды. Әлемдік, әлеуметтік дамудың нәтижесінде советтік империяда болған ұлы саяси өзгерістердің барысында ғана Мағжандардың мәселесін қайта көтеруге мүмкіндіктер туды.

1932 жылы өлендері оқылудан алынып, өзі отыз жетінің желтоқсанында екінші рет қамалған Мағжан 1988 жылдың желтоқсанында халқына қайта оралды. Мағжанмен бірге қазақ әдебиеті өзінің ұлттық сабасына түсіп, кең арнасымен толып аға бастағандай болды. Қазақ халқы өзінің шын мәніндегі ұлттық ақынымен қайта қауышып, әдебиет туралы түсінігінде ұлы өзгерістер жасалды. Қазақ әдебиетінің көгінде Мағжан поэзиясының жарық жұлдызы жарқырай жанды. Ұлы акынның қанымен, жанымен жазылған жанды жырлар әрбір қазақ оқырмандарының жүрегіне жол тауып, ұлттық намысын оятуда. Жалпы азаматтық арман-мұраттарды ту етіп көтеріп, халыққа қызмет етудің үлгісін көрсетуде...

М.Жұмабаев поэзиясының сиқырлы, мұңлы әуені алпыс жылдан кейін қайтадан әдебиетші ғалымдардың назарын өзіне аударуда. Кезінде іргесін Жүсіпбек, Мұхтарлар қалаған Мағжантанудың Советтік дәуірде ойрандалған ордасының шаңырағы қайта көтеріліп, уықтарын мықтап қадады. Мағжантану саласында әлі талай мақалалардың жазылып, үлкен-үлкен монографиялар өмірге келері ақиқат.

\* \* \*

Сонымен, Мағжан акын қазақ әдебиетінің төрінен орын алып, классигіне айналды. Ол туралы том-том зерттеулер жазылып, түркілік әдебиеттің аса көрнекті өкілі ретінде әлемге танылды. Десек те ол туралы даулы әңгімелер күні бүгінге дейін жалғасып келеді. Сондай тақырыптың бірі – Мағжанның трагедиялық тағдырына қазақ кеңес әдебиетінің көшбасшысы болған С. Мұқановтың қатысы туралы. Кей зерттеушілер М. Жұмабаевты ұлтшылдықпен саяси тұрғыдан айыптап, атқызған деп, тура сол кездегі Қазақстан Жазушылар Одағының басшысы болған Сәбитті айыптайды. Шын мәніндегі жағдайдың бұлай болмағандығын біз жоғарыда айтып та өттік. Енді осы мәселеге қатысты қолымызға түскен мына бір деректерді оқырман сарабына тартпақпыз.

Өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарындағы қазақ әдебиетін ұнғыл-шұңғылына дейін зерттеген Тұрсынбек Кәкішев: «Осы шешімі

қиын мәселелерді суыртпақтап отырғанда, Сәбит тағдырына қатты аландадым. Сәбит Мұқановты кінәсіз, мінсіз, кемшіліксіз деп ешкім есептемейді. Өмір өткелінде өзінің демократтығынан, адамға жақындығынан Сәбеңе жететін жан жоқтығынан емес, осы ғадетін толық сақтамағаннан таяқты көп жеген адамды табу да қиын. Тұла бойы қайшылыққа толы қайраткерге араша түсу мақсатымен емес, бар сырсыпатын тарихи шындық деңгейінде көрсетуді ойлап көпшілік түгіл, тіпті Сәбиттің өзі білмеген, жұрттың көзі түсе қоймаған бір құжатты бүгінгі оқушыға таныстыруды қажет тауып отырмын, өйткені өсек-аянның ініне су құяды», – дей келіп, осы мәселеге қатысты шындықтың бетін ашатын бірсыпыра құнды деректерді алға тартады:

«Решение бюро Алма-Атинского горкома КП (б) К по апелляции С. Муканова, 2 марта 1938 г. (Слушали: Апелляция Муканова). Муканов Сабит, член КП (б) К с июля 1920 г. партбилет №159860, рождения 1900 г. казах. По соцположению – служащий. В момент возникновения дела работал в качестве председателя СПК – писатель. Муканов обвиняется в том, что в своих литературных произведениях, как-то «Сын бая», «Мырзабек», «Темертас», «Литература XX века» протаскивал контрреволюционные националистические взгляды. Муканов был тесно связан с Сейфуллиным, Досмухамедовым, Асылбековым, Айсариным, Валиахметовым и Джумабаевым, ныне разоблаченными врагами народа. Когда Джумабаев был в ссылке, Сейфуллин имел с ним переписку и оказал денежную помощь. Муканов состоял в сейфуллинской контрреволюционной националистической группировке во время совместной работы в Союзе писателей. Муканов оградил Сейфуллина от критики, тем самым зажимал критику и самокритику. Решением бюро Фрунзенского ГРК КП (б) К Муканов «как активный член контрреволюционной националистической группировки, как пособник врагов народа и как неразоружившийся буржуазный националист» из рядов партии исключен. Муканов в своих заявлениях не отрицает предъявленные ему обвинения в допущенных ошибках в своей литературной работе и в своих связях с Сейфуллиным, Валиахметовым, Айсариным и другими, но заявляет, что он ничего не знал об их контрреволюционной националистической деятельности. Обвинение, предъявленное Муканову о его переписке с Джумабаевым и оказании ему денежной помощи, когда Джумабаев был в ссылке, ничем не подтверждается. Докладывал Г. Холодов, Муканов присутствует.

(Постановили:)

Ввиду неясности отдельных вопросов, дело о Муканове отложить и поручить Т. Холодову дорасследовать материал и доложить на бюро. Секретарь ГК (б) К. Шураков».

Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағатынан алынған материалдар негізінде «Қазақстан» баспасынан шыққан «Политические репрессии в Казахстане в 1937–1938 гг.» атты құжаттар

жинағынан алынған бұл үзіндіде бәрі тайға таңба басқандай анық тұр. С. Мұқановтың Мағжанмен тығыз байланыста болғаны, ол айдауда болғанда, хат жазысып тұрғаны, тіпті оған ақшалай көмек көрсеткені өзіне айып болып тағылған.

Ғалым С. Мұқановтың сотталып, айдауда жүрген Мағжанға жазған хатын оқып бергенін (10.11.1959), ол хатта «таяуда түрмеден шығасыз, сонда қай жақта боласыз, зорлық-зомбылықты кек тұтқан пиғылда шығасыз ба, әлде «Токсанның тобығындағы» ойға ойысасыз ба? Біз үшін, қазақтың қасиетті поэзиясының келешегі үшін Сіздің совет жағына шыққаныңыз олжа болар еді деген ойларды жазыпты. «Сізге тиісті орындар жазғызды ма?» – деп сұрағанымда: «Жоқ, өзім жаздым... – арымның әмірімен жазғанмын», – дегенін (Т. Кәкішев. Санадағы жаралар. «Қазақстан», 1992, 224-бет) – еске түсіреді.

Осы сияқты деректі Ш. Елеукеновтің «Мағжан» монографиясынан да кездестіреміз:

«1936 жылдың қыркүйек айында Қызылжарға, Сәбит Мұқанов келе қалғанда, Мағжанды әдейі іздеп тауып алып, шүйіркелесе сөйлеседі, жылы-жылы сөздер айтып, Алматыға қызметке шақырады. 1936 жылы 27 қазанда Мағжанға жазған хатында: «Сізбен жолығып сөйлескенде де мен айттым ғой: егерде өзіңіз шын ниетпен совет әдебиетіне қызмет етем десеңіз жазуыңызға ешкім бөгет болмайды деп. Сол сөзім әлі де сөз. Егерде шын ниетпен совет әдебиетіне атсалыссаңыз, Сізді бетке қағатын, бұрын пәлен болып едің дейтін кісі болмайды. Пролетариаттың рахымы мол. Ол қорғай да біледі, жарылқай да біледі. Бірақ, пролетариат – сөз емес, істі жақсы көреді» (Ш. Елеукенов. «Мағжан». 1995. 127, 135–136-беттер).

С. Сейфуллин мен С. Мұқановтардың шығармашылығын індете зерттеген Т. Кәкішевтің «Мағжан – Сәбит» (1999) атты көлемді зерттеуінде осы мәселеге орай мынадай жолдар жазылған: «Мағжан сотталып, Беломор каналында арып-ашып жүрген кезінде жазған хатын Сәбең 1959 жылы 10 қарашада маған оқып берген еді. Оны өзімнің «Дала – жүрек» деген естелігімде тарата жаздым. 1990 жылы Абай атындағы опера және балет театрында Сәбеннің 90 жылдығына арналған салтанатты жиналыста жасаған баяндамамда бүкіл республикаға естірте айттым.

Осы тұста Зылиха апайдың М. Горькийге, оның әйелі Е. Пешковаға барып, Мағжан жазасын 3 жылға қысқартқан шағы болатын. Мәскеудегі Қызыл профессорлар институтында оқып жатқан Сәбит Мұқановтың осы игілікті қадамға араласпауы мүмкін еместей көрінеді маған. Сотталған Мағжанға Сәбиттің хат жазып, өтініш білдіргені тарихи шындық екені қазір әбден дәлелденіп отыр. Біріншіден, С. Мұқанов музей қорында хаттың түпнұсқасы сақталуда. Екіншіден,

Сәбеннің естелігін естіген құйма құлақтардың бірі Жайық Бектұровтың естелігі: «Мен Мағжанға 1932-33 жылдары Москвада

окуда жүргенімде ГПУ-ден рұқсат алып, оған лагерьге Мурманск жағына хат жазып жібердім» деген дерек («Бес арыс» 1992. 325-бет) болса, үшіншіден, 20 жылдары таптық желекті мықтап жамылған, большевиктік үгіт-насихатқа әбден бой алдырып, Мағжандарға айтпағаны қалмаған Сәбиттің жеке адамға табыну әбден дәуірлеп тұрған кезде «тап жауы» ретінде сотталған Мағжанды өзінің пролетарлық қанатының астына алуы - қайран қалатын құбылыс. Алаш қозғалысына қатысқан қайраткерлер мен ақын-жазушылар Алматының көшесінде Мағжанмен амандасуға жарамай, теріс айналып кетіп жатқанда 1937 жылы 20 ақпанда «Құрметті жолдасым Сәбит! Мен Қазақстанға жаңа жолға түскенімді өзімнің қалам күшімен көрсетсем деген жалғыз тілекпен оралдым. Мен қалған өмірімді, берік ниетім мен үмітімді істе дәлелдеу үшін социалистік құрылысқа еңбек етуге бел будым. Мен үшін енді еңбекші таптың, коммунистік партияның қолынан басқа қол жоқ. Қалай болғанда орталыққа жетуім керек деп шештім. Егер жолға қаражат тапсам орталыққа баруды ойлап отырмын. Әрине, өз халімнің мүшкілдігін айта отырып, Сізді бірдемеге міндетте-гім келмейді. Сізге осылай жазуға қазіргі халім мәжбүр етіп отыр. Кешіріңіз. Құрметпен Мағжан» – дегенді тебіренбей оқи алмайсың. Демек, Мағжанға Сәбиттің хат жазғаны, қол созғаны ешбір күдік келтірер жай еместігін пенделік тұрғыдан тағы бір қарастырып өткеннің артықтығы жоқ.

Мағжан Алматыға 1937 жылы 25 наурызда көшіп келгенде алдынан шығып, қарсы алған жалғыз Сәбит. Жазушылар Одағының бастығы болып отырғанда Мағжанды қарсы алуға талай адамды жұмсауға мүмкіндігі болғанын ешкім жоққа шығара алмайды. І Алматыға өзі барудың ең бір мықты сыры – күнәларын жуу ғана емес, азаматтық таныту екені сөзсіз.

Станса басында Мағжан «Менің жолым – теріс. Сәкендікі – дұрыс болды. Алдымен, соған сәлем берейін» деп, Сәбен ойламаған тілек білдіреді. Ыңғайын тауып хабар жеткізген Сәбиттер қалаға жеткенше Сәкен үй-іші аса қадірлі қонақ келе жатыр деп әлекке түседі. Келген сәтте Мағжан мен Сәкен көздеріне жас алып құшақтасады. Жол соқты болып келгендер Сәкен үйіне қонып, келесі күні Сәбит үйіндегі түнемел қонақасыға барады».

Енді онан кейінгі оқиғаның басы-қасында болған Мұхаметжан Қаратаевтың куәлігіне құлақ салайық: «Одақтың председателі Сәбит Мұқанов екеуіміз бір кабинетте отырамыз. Орта бойлы, жұпынылау киінген, өңі сынық кісі кірді. «Мен Мағжан Жұмабаев боламын, шырағым. Сәбитті іздеп келіп едім...» дегенде, орнымнан ұшып тұрдым. Сәбен кіріп, амандық-саулықтан соң, телефонның құлағына жармасты. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің екінші секретары Нүрпейісов: «Келе беріңдер, бірақ шеше алмаймын. Мирзоянның өзіне кіріңдер» – деді. Сәбен маған да жүр деп, үшеуіміз Мирзоянның қабылдауына бардық. Сәбен Мағжанды қызметке орналастыруға,

қаражат жағынан көмектесуге әрекеттенгені анық. Тіпті, оны Жазушылар Одағына алуды да ойластырды» (Ш. Елеуқенов. «Мағжан». 1995. 138-бет) дегенін талайлар естігенмен Сәбеннің азаматтығын көрсетуге пайдаланбай жүргендер аз емес.

Бұлар көз көргеннің, естігендердің куәлігі болса, әлгі кітапта мынадай құжат бар (21 апрель. 1937. Секретно. тов. Джаманкулов). «Как тебе известно, в Алма-Ата приехал алашординский поэт Магжан Жумабаев, (который) написал на имя Союза писателей заявление о том, что признает антисоветские ошибки и просит помочь ему исправиться и дать работу. По этому поводу я на днях беседовал с тов. Мирзояном. Он мне говорил что надо дать работу, то есть дать на перевод на казахский язык из произведений классиков русской литературы, чтобы этим ему оказать материальную помощь. Прошу тебя, как члена партии и зав. КИХЛ-ом, учесть эту мою записку и слова тов. Мирзояна на перевод с выдачей аванса по договору. С ком. приветом, Пред. ССПК и член партии С. Муканов» деп хат жазуы да Сәбиттің азаматтығының жарқын беті болса керек.

Өстіп жүргенде «Социалистік Қазақстан» газетінде Сәбитті «әшкерелеген» мақала басылды. Оған қайтарған жауабында Мағжанның «совет үкіметінен қылмысыма ылайық әділ жаза тартып, түзелдім» деген сөзіне алданып, оған либеральдық жасағаным, Қазақ көркемсөз баспасынан немістің фашизмге қарсы жазушысы Файхтвагнердің «Оппегеим семьясы» деген романын аудару үшін беруге себепкер болғаным рас. Бұл қателікті мойынға алып, толық түзетем» деп мойындаған кезде Мағжан ұсталмай, кім көрінгенге барып, жұмыс іздеп сандалып жүрген болатын».

Осы мәселеге орай, әлеуметтік желілерде де бірнеше пікірлер көрінді: «Сен орысқа, советке қарсы емі жоқ аурумен ауыратын пақыр боларсың. Көрсоқыр неме, сен архивке бар да, мыналарды қара! Ол репрессия болып жатқанда, Сәбит жазушылар одағының бастығы қызметінен баяғыда алынып тасталған. НКВД, КГБ архивтеріндегі Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлиндердің тұтқындалғаннан кейін ашылған қылмыстық істерін, тергеу протоколдарын, басқалардың арыздарын қара. Мен қарадым, көрдім, айғақтаймын: басқаларды ұстап беруге Сәбиттің оған еш қатысы жоқ, өз басы дауға түсіп әуре болған. Сол кездегі Қазақстанның орысша, қазақша газет-журналдарын қара. Кімнің кімді көрсеткені, ұстатқаны сонда да тұр.

Бір Асқар Т. деген ақын арыз беріп, онысы газетке де НКВД арқылы басылып кетіпті: «мен отыз төртінші жылы жазушылар одағының бастығы Жансүгіровке келдім. Менің ақын болғанымға он жыл толды, юбилейімді өткіз деп. Міне «кілессік қайда» !!! Мені қолдаудың орнына Жансүгіров сен әлі жассың, ақындық өнеріңді жетілдір, шеберлігіңді шыңда деп, өлеңдерімді сынап, қайтарып жіберді. Міне, Қазақстан жазушылар одағын «бес жұлдыз» басқарады. Сәкен, Ілияс, Бейімбет,

Сәбит, Ғабит деген. Солар әдебиет майданында жастарға жол бермейтін зиянкестер, жаулар» деп. Онан басқа Қалмахан Ә. деген акын, жазушы тіптен белсенділік көрсетіпті. Отыз жетіде Қазақстан жазушылар одағының партия ұйымының хатшысы болған ол жазушылардың үстінен әнгір-таяқ ойнатқан. Ал оны жиырма бесінші жылы Астана Қызылордаға көшкенде, көшеде есек арбамен су тасып жүрген жерінен өлендерін газетке басып, батырақ акын деп тәрбиелеген Сәкен Сейфуллин екен. Сәкенді ұстап әкеткен отыз жетінің жиырма бесінші сентябрінде бір сағаттан соң, Сәкеннің үйіне келіп, әйелі Гүлбаһрамға: оңбаған халық жауының әйелі, кет, үйді босат, мына үйді маған берді, міне ордерім деп, Сәкеннің қолжазбаларын, заттарын жауып тұрған жаңбырдың астына лақтырып, әйелін қуып шығып, ылаң салған. Сондықтан білмесең Сәбитке, оның әруағына тиіспей, жөніне жүр, мүмкін сенің көкелерің шығар сол асрыстарды ұстатып жіберген» (Заке).

«Жариялаған авторға үлкен алғыс! Пікір білдірген ҚАЗАҚқа толық қолдау көрсетемін. Мағжанға Сәбендей көмек көрсеткен адам кемде кем. Тек Мағжан емес, барлық қазақ қаламгерлеріне қамқорлығын аямаған. Соңғы кезде сенсация жасағыштардың тарапынан Сәбеңе жағылмаған күйе, жабылмаған жала қалмады. Бәріне уақыт төреші» (Жәнібек Елекбаев).

«Мағжанның осы хатын алған Сәбит Сәкен Сейфуллин екеуі Петропавлдағы Мағжанға әрқайсы алты жүз елу сомнан ақша салады. Мағжан сол ақшаға әйелімен Алматыға келеді. Қарсы алған Сәбитке ең алдымен, мені Сәкеннің үйіне апар дейді. Сәкенмен солай қауышады. Кейін отыз жетіде Мағжанды тұтқындағанда Сәкен мен Сәбит Мұқановтың Мағжанға салған ақшаларының қвитанциясы (түбіртегі) қоса тәркіленіп, қылмыстық ісіне тігілген. Бүгінгі есертқатар Сәкен мен Сәбитті Мағжанды құртқандар деп талай рет «талпынып», қарсы қоюға әрекет етіп көрді, бірақ жаңағы ақша қвитанциясы туралы мәлімет жарияланған соң, ауыздарын жапты. Сәкен атылып кете барды. Сәкеннің құйыршығы, Мағжанға көмектескен деген айыппен Сәбит бір жылдан астам уақыт жұмыссыз, қудалауда жүрді. Баласы марқұм Марат Сәбитұлы айтатын: отыз жетінің күзіне қарай кешкі тамақты ішкен соң, әке-шешеміз елең-аланда балаларын ертіп, қазіргі Панфилов паркіне барып, тығылып ағаш арасында түнейтінбіз деп. Сондағы қорқыныш: түнде келіп, кара машина әкемізді алып кетеді деген үрей болатын» (Қазақ).

Бұл жерде сырттай қарағанда, бір-біріне жау көрінгенмен де, Сәкен, Сәбиттердің қолдарынан келгенше алашордашыларға, соның ішінде Мағжанға да мүмкіндігінше көмегін тигізіп, жағдай жасағандығы көрінеді. Былай қарасақ, Сәбит пен Сәкен – заманына қарай бейімделген тұлғалар. Олардың мықтылығы да, кемшілігі де – сол. Ал енді алашордашылардың мықтылығы да, кемшілігі де – олардың

сол өзіндік пікірлерінде қалып, кеңес үкіметін жырлай алмауы. Екі бағыттың да басты мақсаты халыққа, ұлтқа адал қызмет қылу болды. Сондықтан да күні бүгінде де Сәбең, Сәкен туралы артықтау сөздер айтылып қалады. Олар заманына лайықты өмір сүріп, халқына адал қызмет студия әртүрлі жолына түсіп кетуге мәжбүр болғанын ескеруіміз керек.

Иә, өмір өзен тоқтамай ағып жатыр. Сол ағынмен бірге заман, сол заманмен бірге адамдар да өзгеріп жатыр. Әр дәуірдің өзіндік өзгешеліктері, рухани басымдықтары болады. Өзгермейтін нәрсе: өзін сақтаймын деген ұлт ұлттық құндылықтарын көзінің қарашығындай сақтайды; сақтай алмаса, өзі де жоғалады.

Ұлылар да – пенде. Олар да адам болғандықтан пендешіліктен ада емес. Кемшіліксіз идеал адам өмірде жоқ. Өмір болған соң, әртүрлі пікірлердің айтылып жатуы да - заңды. Бұл жердегі басты мәселе әр адамның ұлтына, халқына қалай қызмет еткендігінде жатыр. Мәселеге осы тұрғыдан келгенде, Мағжан Жұмабаев бүкіл саналы ғұмырын халқына арнап, ұлтының ұлт болып қалуы үшін ой тербеп, асыл ойлар қалдырған қазақ әдебиетіндегі ұлы тұлғалардың бірі. Өйткені, қазақ бар жерде Мағжанның рухы да өмір сүре берді.



## «ҚАЗАҚ ЕЛІМ, БІР АУЫЗ СӨЗІМ САҒАН»

«Дариға, сол күндерде күнім қаран...  
Қазақ елім, бір ауыз сөзім саған:  
Болғайсың, сыншы болсаң, әділ сыншы,  
Кінәні жүрекке қой, қойма маған».

*Мағжан*

Әдетте, Абайды – философ ақын, Мағжанды – лирик ақын дейміз. Абай ақылдың ақыны да, Мағжан сезімнің ақыны (С.Мұқанов). Ұлылар ешкімге ұқсамайды, олардың әрқайсысы өзінше өзгеше. Қазақтың екі ұлы ақынының өзгешеліктері де осы жақтарында жатыр. Абайда – ой басым болса, Мағжанда – сезім басым. Абай әлеуметтік лириканы шыңға шығарса, Мағжан адам жанының сиқырлы сезімдерін жырлауда алдына жан салмады.

Махаббат – әлем поэзиясындағы мәңгілік тақырыптардың бірі болса, қазақ поэзиясында Абай арқылы жаңаша жаңғырды. Ол жырлаған «Айттым сәлем, Қаламқас», «Көзімнің қарасы» сияқты өлеңдері махаббат сезімдерін асқақ гимнге айналдырып жіберді. Ал, табиғатынан лирик М.Жұмабаевтың шығармашылығында да махаббат тақырыбы айырықша орынға ие. Мағжанды өз кезінде ақын ретінде танытқан да осы махаббат жайлы өлеңдері болатын. Бұл турасында кезінде Ж.Аймауытов «Ақын махаббатқа сенеді: жүрегі сезеді, махаббатсыз өмірде мағына бар деп білмейді. «Көңілді ашатын, жалынды басатын, жалғыздыққа, зарыққанда, талыққанда жүрекке ем болатын жалғыз ғана махаббат, адам шын сүйсе, махаббат жүректі жаралайтын тікенек! Жар сүйсе жүрек жазылады, сүймесе өледі, махаббат – бір тәтті у, дүниенің у-шуы жүрекке махаббаттай күшті әсер бере алмайды» – міне, ақынның махаббатына көзқарасы. Бірақ, махаббатты мәңгі деп ұқпайды. Кейде махаббат тез сөніп қалуға мүмкін деп қарайды» (Мағжан Жұмабаев. Шығармалары. А., 1989, 421-бет) – деп жазған болатын. Бұл жолдары Жүсіпбек Мағжанның:

«Махаббат – бір тікенек,  
Жүрекке барып қадалар.  
Бакытсыз ғой бұл жүрек,  
Тамшылап одан қан ағар.  
Тез жазылмақ бұл жара,  
Бал тілімен сүйсе жар.  
Сүймесе жүрек, дариға,  
Өлер жүрек, қансырар.  
Махаббат – бір тәтті у,  
Ішер жүрек, болар мас.  
Дүниедегі у мен шу,  
Мас жүректі оятпас» (сонда, 144-бет), –

деген шумақтарын оқып отырып жазған сияқты. Содан соң «Сүйгенім анық» атты өлеңіндегі сезімнің, яғни махаббаттың да өзгермелілігін жырлаған.

«Алдағаным жоқ,  
Арбағаным жоқ,  
Сен сөзіме, сұлу қыз!  
Тап сол сағат  
Сүйгенім хақ,  
Куә мынау көп жұлдыз!»

(сонда, 104-бет), – деген жолдарды меңзеп отырғандай.

«Әйел сүйем, бірақ емес сендерше,  
Мен сүйемін, жан-денесін бергенше.  
Жан денесін бірдей алам, улаймын,  
Қысып сүйем, құшағымда өлгенше»

(«Сырым»)

деп жырлаған ақын үшін махаббаттан күшті нәрсе жоқ. Өмірдегі ең қымбат, ең асыл – махаббат. Ол оны тақ пен тәжге де, тіпті дүниенің бар байлығына да айырбастамайды. Өйткені, шын ғашық болудан артық бақыт жоқ. Сүйгенімен ләззатты шақты бірге көру адам ғұмырының жұлдызды шағы, өміріне нәр беретін, әр беретін бақытты шағы. Сондықтан да ақын:

«Сүй, жан сәулем, тағы да сүй, тағы да!  
Жылы, тәтті у тарады қаныма.  
Бұл ләззаттың бір минутың бермеймін,  
Патша тағы, бүкіл дүние малына» –

деп жырлайды. Сезімді бұлайша асқақтата жырлау бұрынды-сонды қазақ поэзиясында кездесе бермейтін. Мағжан Абайдың «Айттым сәлем, Қаламқасындағы» «саған құрбан мал мен бас» деген ойларды ары қарай дамыта, тереңдете алып кетіп, махаббаттың сиқырлы сезімінің күдірет күшін жан дүниесімен жайып салады. Абай «махаббатсыз дүние бос, хайуанға оны қосындар» десе, Мағжан махаббатсыз көп күндерден адамның ең асыл сезімі патшалық құрған бір күнді артық санайды. Өйткені адам – сезімімен адам. Сүйіспеншілік сезімдерінсіз адамдардан адамдық істер күтуге болмайды. Махаббат – адам өмірінің мәні. Ақын тағы бірде ғашығынды:

«Жалындап күйіп,  
Бір ғана сүйіп,  
Өлсең де болмай ма?» –

деп, сауал тастай жырлайды. Өйткені, адамды адам қып тұрған – махаббат.

Ақынды ақын қылатын да – махаббат. Гүл болмаса, бұлбұлдың сайрамайтындығы сияқты, ғашық болмаған ақын да жырлай алмайды. Шын сүйген ақын ғана шабыттанып, шын жырлай біледі. Сондықтан да ақын тағы бірде өзін гүлден гүлді қуалап ұшатын көбелекке теңейді («Жас сұлуға»).

Сүйіспеншілік – Мағжан поэзиясының өзегі, қаны, жаны, бүлкілдеп соғып тұрған жүрегі. Оның «Сүй, жан сәулем», «Төгілген шашы», «Күміс нұрлы ай», «Шолпан», «Н-ға», «Сүйгенім анық», «Хор сипатты қарындас», «Жас сұлуға», «Сәуле», «Гүлсім ханымға», «З-ға», «Жұлдызды – жүзік, айды – алқа ғып берейін» т.б. өлеңдерінде адам жанының сүйгеніне деген не бір тылсым сырлары әсем өрнек тапқан. Осы өлеңдерінің қай-қайсы болса да өзінше бір әлем; бір-бірін қайталамайды. Шетінен самалдай соғып, жібектей желпіп, жүректі тербетіп, ғажап бір күйге бөлейді.

Ақынның бірсыпыра өлеңдері нақтылы оқиғаларға байланысты туған. Мағжан Петербургтегі ақсүйек қыздардың педагогикалық институтын бітіріп келіп, Қызылжардағы мұғалімдер курсына бірге қызмет істеп жүрген татар қызы Гүлсім Камаловаға ғашық болып, өлеңнен жыр дестесін жасады. Оның «Гүлсімге», «Гүлсім ханымға», «Г-ге», «Айырылғанда», «Тірілдім». «Сүй, жан сәулем» өлеңдері осы Гүлсімге арналған. Ақын Гүлсімді жұмақтағы періштеге теңейді:

«Жұмақтағы кәусар судан,  
Бетіндегі алтын будан,  
Періштелердің жырынан.  
Жұмақ суы сылдырынан,  
Тәңірінің дәл өз нұрынан,  
Жаратылған періште еді,  
Мекені оның ғарышта еді»

*(Гүлсімге).*

Гүлсімді алғаш көргенде, Мағжан оны былайша сипаттапты:

«Бота көз сиқырлы сөз аз, ханым Гүлсім,  
Көктегі күн күлмесін, Гүлсім күлсін!  
Гүлсім – Күн, көкте ақырын жүзе білед –  
Сүйдіріп, күйдіргенін қайдан білсін!»

*(«Гүлсім ханымға»).*

Асқан сұлулығымен, анау-мынауы көзіне іле бермейтін, өзі ешкімге де бұрылмай, берген сәлемнің өзін бірде алып, бірде алмай, тіпті жүретін ерекше тәкаппар мінезімен көзге түскен Гүлсім ханым осы жолдарды оқыған соң Мағжанға деген көңілі жібіп, тіпті оған арнап өлең де жазыпты...

Мағжанның алғашқы әйелі Зейнепке, айттырып, бірақ қосыла алмаған қызы Жәмилаға, құдай қосқан қосағы Зылихаға, Жамал, Ғазиза, Шолпан, Әмина сияқты қыздарға арнау өлеңдері бар. «Қарындасқа», «Зарлы сұлу», «Қайғылы сұлуға», «Шын сорлы», «Алданған сұлу» сияқты жырларында да өзі аса ардақтап жырға қосқан қазақ қыздарының сол кездегі тағдырында кездескен аянышты халдеріне күйзеледі, күңіренеді. «Зарлы сұлу» деген өлеңінде өмірдің гүлі, тіршіліктің сәні

ару кыздарды қайғыға батырғандардың «санадан жүзі сарғайсын» деп, қарғайды. Олардың қайғысына ортақтасып, мұнын мұндасады; қиналғанда жанына қуат береді.

Ақынның «Шолпы» өлеңін оқығанда ұшы-қиыры жоқ қазақтың кең даласы, жайлауға шыққан жалпақ ел, қызыл-жасыл киініп, бір-бірімен әзілдесіп, шүйіркелесіп кетіп бара жатқан жастар, солардың ішінде екі иықтың арасына бос тастаған қос бұрымдағы шолпысы сынғырлаған сұлу қыз көз алдымызға келеді. М.Әуезов суреттеген Абайдың Тоғжаны елестейді. Шолпы – қазақ қызының ажырамас атрибуты. Шолпы таққан қыз бұрынғысынан да әсем, бұрынғысынан да сұлу көрінеді. Оның үстіне қыздың шолпы тағуы – оның есейіп оң-солын танып, бойын түзеп жан-жағына қарай бастауының, бойжеткендігінің де белгісі. Сондықтан да шолпының сынғыры ақынға ерекше әсер етеді; сезімін оятып, ерекше бір дегбірсіз күйге түсіреді:

«Сылдыр, сылдыр, сылдыр...  
Қанымды қайнатты құрғыр.  
Шық-шық жүрекке тиеді,  
Құлпара талқан боп сынғыр!»

Дыбыс пен сөз қайталау шебер қолданылған өленді оқып шыққанда, айналаңның бәрі сылдырлап, сылдыр-сылдыр дыбысқа толып кеткендей болады.

Сұлулық – шартты ұғым. Олай дейтініміз, эстетиканың заңдылықтарына сай, жалпы жұрт мойындаған сұлулық бар да, әркімнің өз сұлуы тағы бар. Шығыс пен Батыстың, әр ұлттың сұлулық туралы ұғымдары мүлдем езгеше. Сұлулық – ұлттық категория. Сұлулық туралы талғам ұлттық ерекшеліктерге, әдет-ғұрыпқа, салт-санаға, тұрмыс-тіршілікке, қоршаған ортаға, тәлім-тәрбиеге, білім дәрежесіне, кәсібіне орай қалыптасады. Қазақы ауылда өскен адам үшін «ботагөзден» асқан әдемі көз жоқ. Ал, еуропалықтар үшін ең сұлу – көк көз. Сол сияқты өскен ортасына, алған тәрбиесіне байланысты әр адамның өз сұлуы тағы бар. «Талғамға таласпайды», «сұлу – сұлу емес, сүйген сұлу» деу осыған байланысты айтылса керек. Демек, әркімнің өз сұлуы бар. Ұлы Абайдың өзі де:

«Жарқ етпес қара көңілім не қылса да,  
Аспанда ай менен күн шағылса да.  
Дүниеде, сірә, сендей маған жар жоқ,  
Саған жар менен артық табылса да» –

деп жырлаған. Сол сияқты Мағжанның да өз сұлуы бар. Ол – оның сүйгені. Ақын «Сен сұлу» деген өлеңінде өз сүйгенін еш нәрсеге тең келтірмейді. Ақынға «жанға жайлы май», «қызықты орман, көңілді еркін кең дала», «күміс табақ көкте жүзген ай», «кешкі ескен жібек жылы жел», «хош иісті түрлі-түсті гүл», «әдемі аспан – төбедегі көк шатыр», «асқар тауы, дариясымен жер», «сылқ-сылқ күліп, сылдыр қаққан

су», «көлге қонып қанқылдаған қу», «бейне айнадай жарқыраған ай-  
дыннан күн шығарда көтерілген бу», «шаңқай түсте өткір алтын күн»,  
«жымындаған жұлдыздармен түн» сұлу, бірақ та:

«Толып жатыр түрлі сұлу дүниеде,  
Бәрінен де маған, сәулем, сен сұлу!»  
Тағы бірде ол:  
«Көзінде көк нұры жоқ,  
Аузында жұмақ жыры жоқ,  
Жалынсыз, усыз құшағы.  
Иірілмейді жыландай,  
Сөзі де жоқ құрандай,  
Білгені қазан-ошағы.  
Жабайы ғана жарым бар,  
Неге екенін білмеймін –  
Сол жарымды сүйемін.»

(«Сүйемін»)

деп, ағынан жырлады. Асыл жардың сырты сұлу болуы аз, оның  
үстіне жұбайлық тіршілікте отасып бірге тұру үшін, шаңырақтың  
түтіні түзу шығу үшін басқа да бірқатар адами қасиеттердің де ке-  
рек екенін аңғартады. Бұл жерде Мағжанның эстетикалық талғам-  
түсінігінің Абайдың сұлулық туралы көзқарастарымен біршама түйісіп  
жатқандығын байқатады.

М.Жұмабаевтың поэзиясында әйел тек нәзік жан, әдеміліктің бей-  
несінде ғана емес, қоғамның белді бір мүшесі ретінде де жырланады.  
Ол әйелдердің де теңдікте болуын аңсайды. «Түн еді», «Қарындасқа»,  
«Р... альбомына», «Ж-ға», «Ф-ға» деген сияқты өлеңдерінде қазақ  
қыздарының ауыр халдерін суреттей келіп, олардың болашақта теңдікке  
жетуіне сенім білдіреді, теңдік, азаттық жолына түсуге шақырады.  
«Түн еді» атты өлеңінде қазақ қызына «Көргенше сонша қорлық, сон-  
ша зорлық, у ішіп, отқа түсіп неге өлмедің?!» – деп налыған ақын:

«Мынау ту кімнің туы – Әйел туы!  
Енді әйел азат ұшқан көлдің қуы.  
Улаған жанымызды сансыз жылдар,  
Жойылды бүгінгі күн қасірет уы» –

деп, келешекке үлкен үмітпен қарайды. Қазақ әйелін «Кешегі әйел пе-  
ріште, Адамды бастар ғарышқа, Жүзі жарқын нұрлы айдан» («Әйел») –  
деп періштеге теңейді. Сондай әйелді қорлауды хайуандыққа санайды.

Ананы жырламаған ақын кемде-кем. Адам үшін өмірден қымбат  
еш нәрсе жоқ болса, сол өмірді сыйлаған – ана. Мағжан да ананы жырға  
қосқан. «Сүйемін» деген өлеңінде ол асыл анасын, сүйген жарын, өскен  
елін, туған жері Арқаны сүйетінін жырлайды. Осылардың ішінде ана-  
ны бірінші қояды. Адам жақсы нәрсені ұнатады. Мағжан анасын сұлу  
болғандықтан емес, анасы болғандықтан жақсы көреді.

«Күлдей күнгүрт шашы бар,  
Токсан бесте жасы бар,  
Көз дегенің сұп-сұр көр.  
Тасбиық санап бүгіліп,  
Жерге қарап үніліп,  
Көрсө ауыр күрсінер,  
Менің бір қарт анам бар,  
Неге екенін білмеймін –  
Сол анамды сүйемін».

«Анама» деген өлеңінде нәзік жанды акын ананың балаға деген ыстық махаббаты мен мөлдір сезімін шынайы суреттейді. Лирикалық кейіпкер аялы алақанға салып, мәпелеп өсірдің, түн ұйқыңды төрт бөлдің, тентектігімді кешірдің, тәтті қылығыма сүйсіндің, тәрбиеледің, сөйтіп ер жеткіздің, енді өмірдің ұзақ жолдары күтіп тұр, ақ батанды бер дейді:

«Жаным анам – жібек тілді, ақ көңіл,  
Жазу болып, шегер болсам ұзын жол,  
Шет жерлерде теріс жолдан сақтарға,  
Жан балаңа ақ батанды бере көр!...»

Өмірге ғашық акын ана сүтімен бойына дарыған ана тілін де сүйеді. Отаршылдық кездегі қысымға түскен қазақ тілінің жай-күйі акын жанын мазалап, жүрегін сыздатады. Бұл тектен-тек емес еді. Акын жүрегі халықтың барометрі іспеттес: ел басындағы қуанышқа алдымен қуанатын да, төніп келе жатқан қаратүнекті алдымен сезінетін де – акын. Тілдің кемуі түбінде ұлттың кемуіне, бұзылуына алып баратынын сезген акын жүрегі дабыл қағады. Ақынның ойынша: тіл – ұлттың туы, тіл – ұлттың қаны, тіл – ұлттың жүрегі:

«Күш кеміді айбынды ту құлады;  
Кеше батыр – бүгін қорқақ бұғады.  
Ерікке ұмтылған ұшқыр жаны кісенде,  
Қан суынған, жүрек солғын тартады».  
Тілдің кемуі салдарынан:  
«Қыран құстың қос қанаты қыркылды,  
Күндей күшті, күркіреген ел тынды.  
Асқар Алтай – алтын ана есте жоқ,  
Батыр, хандар – асқан жандар ұмытылды!» –

деп күңіренеді. Тілінен айырылған халық бәрін де жоғалтады, ең бастысы ұлттық рухы кеміп, ұлттық болмысы азайған:

«Ерлік, елдік, бірлік, кайрат, бақ, ардың,  
Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың...»  
Ұлт үшін тілден асыл нәрсе жоқ:  
«Алтын Күннен бағасыз бір белгі боп,  
Нұрлы жұлдыз, бабам тілі, сен қалдың!»

Тіл мен ұлт – ажырамас ұғым. Ұлттық асыл қасиетіміздің барлығы осы тіл арқылы адамның бойына сіңіп, ұлттық рух, ұлттық болмыс береді. Ұлт тілінсіз – ұлт болуы мүмкін емес. Сондықтан да ұлтын сүйген азаматтар алдымен, тіліне қамқорлық жасаған, сол арқылы ұлтының өсіп-өркендеуіне, кемелденуіне қызмет еткен. Ұлты мықты болса, сол ұлттың өкілі болып табылатын адам да мықты. Демек, адамдар ұлтқа қызмет етеді, ал ұлты өз кезегінде азамат ұлдарының абыройын аспандатып, есімін елге таратып, үлгі қылады.

Өткен ғасырдың соңғы ширегінде авардың атакты ақыны Расул Ғамзатовтың менің тілім ертең өлетін болса, мен бүгін өлемін деп айқайға салуы да ұлт тілінің ұлт өміріндегі ең негізгі өзегі екендігін өмірдің өзі көрсеткендіктен туындаса керек. Осы мәселені жиырма-сыншы ғасырдың басында-ақ ақындық жүрегімен сезінген Мағжан айқаймен дабыл қағады. Отаршылдықтың салдарынан тілінің мүшкіл халге түсіп отырғанына отандастарының назарын аударып, оны қорғап қалуға үндейді. Қазақ тілі, оның иесі қазақ ұлты қаншалықты ауыр күйді басынан кешіріп отырса да, оның болашағына кәміл сенеді.

«Жарық көрмей жатсаң да ұзақ, кен-тілім,  
Таза, терең, өткір күшті, кең тілім.  
Тарап кеткен балаларыңды бауырыңа  
Ақ қолыңмен тарта аларсың сен, тілім!..

Мағжанның осы бір көрегендік ойлары егемендік алған Қазақстанда бүгінгі күні жүзеге асып отыр. Қазақ тілі – Қазақстанның мемлекеттік тілі. Қиын-қыстау кездерде әлемге шашылып, бытырап кеткен қазақтар қазір төбемізде желбіреп тұрған көк байрақтың астына жиналуда.

Ақынды ақын қылатын – сүйіспеншілік сезімдері. Ата-анасын, ғашық жарын, туған жерін, өскен елін сүймеген адам ақын бола алмайды. Өзіне өмір сыйлаған анасын, ләззат берген ғашығын сүйіп өскен Мағжан туған жерін де, қазақ елін де жанымен сүйе біледі. Ақынға туған жерден ыстық жер жоқ.

«Сағымы сайран құрады,  
Бораны ұлып тұрады,  
Қыс – ақ кебін, жаз – сары.  
Орманы жоқ, шуы жоқ,  
Тауы да жоқ, суы жоқ,  
Мәңгі өлік сахарасы.  
Сарыарқа деген жерім бар,  
Неге екенін білмеймін  
Сол Арқамды сүйемін», –  
(«Сүйемін»)

деп жырлайды ақын. Туған жердің табиғаты көркем бе, болмаса сұрықсыз ба, бәрі бір – туған жер туған жер болып қала береді. Оны сол

жерде кіндік қаны тамып, өмірге келгендігі үшін, есі кіріп, ер жеткендігі үшін сүйеді. Мағжан үшін де өзі туған Сасықкөлден артық жер бетінде жер жоқ. Ақын көзімен қарасаңыз, «алыстан мұнарланып шалқыған көлдің» жағасындағы ауылда өткен өмір – романтика. «Туған жерім – Сасықкөл» атты өлеңінде ақынның туып-өскен ауылына деген ыстық махаббаты бүлкілдеп тұр.

«Айдын көл ата қоныс құт болған көл.  
Сусын боп, сұрағанға от болған көл.  
Кеше бірлік, ынтымақ түгел шақта,  
Бейне бір сенің басың сүт болған көл» –

деп жырлаған туған жерінің ертеңі ақын жүрегін мазалап, тыныштық бермейді:

«Білмеймін не боларын қайран көлім,  
Жарайды тең болмаса күн мен түнің.  
Итиіп қарашекпен келіп конса,  
Басыңнан құсың ұшып кетер сенің».

Ақынның «қарашекпен» деп жақтырмай отырғаны – отаршылдық саясаттың барысында қазақ жерін басып алып, қоныстанып жатқан келімсектер. Туған жердің мысалы арқылы ақын бүкіл отаршылдыққа қарсы шығып отыр. Осы жағдай жалғаса берсе, болашақ тағдыры қалай болар екен деп, сарыуайымға салынғандай да болады.

Шын мәнінде елін, жерін сүйген адам ғана халқының патриоты бола алады. Олар халқына адал қызмет етіп, өмірін соған арнайды. Патриоттар елінде болып жатқан әрбір оқиғадан қалыс қала алмайды. Жақсы болса, халқымен бірге қуанады; жаманына күйзеледі. Мағжан да өзінің бар саналы өмірін туған халқына қызмет етуге арнаған шығармашылығымен елінің елдігін де, ездiгін де жырға қосқан, сонысы үшін отқа да күйген, суға да түскен аяулы азаматтарымыздың қатарында көріне біледі.

М. Жұмабаев тап тартысын, кедей теңдігін жырлаған жоқ, оның өлеңдерінде қазақ ұлты тұтастай жырланды. Мағжанды ұлт тағдыры толғандырды. Ол қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін басқалармен салыстыра отырып, патша өкіметінің отары болып отырғанына күйінді. Сондықтан да оның өлеңдерінде пессимизм, сары уайым, ұлт тағдырына алаңдаушылық басым.

«Сұм өмір абақты ғой саналыға» деп өзі айтқандай, отаршылдықтың салдарынан қазақ даласында болып жатқан келеңсіздіктер ақын жүрегін сыздатады. Оң, солын енді айырып, өмірге енді араласа бастаған жас жігітті қазақтың берекесіз тұрмыс-тіршілігі алаңдатады. Бір жағынан байлыққа, билікке таласып, екінші жағынан, отарлау саясаты қоздырып, ел ішінде өріс алған дау-жанжал «ішінде сорлы қазақ қалқып жатыр, кең жері күнге қурап жатыр, сұр жылан қанын-сөлін сорып жатыр».

«Мінекей, қазақ солай бітіп жатыр,  
Күн сайын артқа қазақ кетіп жатыр.  
Сезінбей өзгенікін, өзінікін,  
Аты өшкір оқығандар нетіп жатыр?» –

деп налиды акын алғашқы өлеңдерінің бірі – «Жатырда».

«Шын сорлы», «Сорлы қазақ», «Қазағым», «Осы күнгі ой», «Пайғамбар», «Жаралы жан» т.б. өлеңдерінде отаршылдықты қазақ даласының алғашқы аянышты күйі ақындық сезім арқылы көрініс табады.

«Қазағым, таянды ғой қылта мойын,  
Жер, мал кетіп, бос қалды біздің қойын...  
Бар жерді күннен күнге алып жатыр,  
Хохолдар алып қала салып жатыр».

*(«Қазағым»)*

«Ойламай отқа түскен неткен жанбыз,  
Сөз ұқпас мылқау, меңіреу, жүрген жалғыз...  
Тақаулы тамағына өткір пышақ,  
Тек жатыр тұяқ серіппей сонда да аңсыз...

Жер кетті, жаның кетті, қам жемедің,  
Құл болдың қаратабан енді малсыз.  
Ортаға қамап алып қырып жатыр,  
Қара жүрек «надандық» қолмен сансыз».

*(«Осы күнгі ой»)*

«Сар дала, бейне өлік сұлап жатқан,  
Кебіндей ақ селеулер бетін жапқан.  
Тау да жоқ, орман да жоқ, өзен де жоқ,  
Сәуле емес, қан шашып тұр күн батқан».

*(«Жаралы жан»)*

Бұл өлең жолдарында отаршылдықтың бұғауындағы қазақ даласының қайғысы мен қасіреті жатыр. Ел басына қара бұлттай төніп келе жатқан қауіп-қатерді жүрегімен сезінген акын шырылдатып ащы шындықты бүкпесіз барынша жайып салады.

«Сорлы қазақ» деген өлеңінде қазақтардың еш нәрседен хабарсыз пыр-пыр ұйықтап жатқан керенаулығына қатты назаланады. Соған қылыш алып кезенген надандықты қуатын кез келді:

«Өнер алып, басқалармен қатар бол,  
Қосыл бірдей адамзаттың тобына» –

деп қазағын өнер-білімге шақырады.

«Балалық шак» өлеңінде білімсізді есекке теңейді. Ол адам құсап тірі жүргенімен де «өлікпен тең, ит-құсқа жем». Ал оқыған адам:

«Білген жан – көсем!  
Сөйлесе – шешен.  
Жұртты аузына қаратар!..  
Білімдінің сөзі ем,  
Мейірімі көп, өзі кең!»

«Өнерден кеш қалмайық, ойланайық», «Заман түлкі болғанда, тазы болмай», «Биік қырдан алдағы аса алмаппыз» («Қазағым»), «Ескіше тұрып егеспе», «Заман – түлкі, тазы бол», «Базарша дүкен құр енді» («Өткен күн») – деп, замана ыңғайына қарай бейімдел дейді.

«Қор болдық, өнер қумай қайран елім!  
Күш кетіп, талай жаннан көрдік керім» –

деп ел басындағы ауыр жағдайдың барлық себебін білімсіздік пен сауатсыздықтан көреді.

«Өнер-білім қайтсе табылар», «Қарағым» деген өлеңдерінде жастарды оқу-білімге шақыралы. «Ер жігіт өнер табар ерте қуса» деп өнер іздеуге, «Қарағым, оқу оқы, босқа жүрме» деп, білім іздеуге үндейді. Оқығанның көкірек көзі ашық, оң-солын айыра алады; өнерлі өмірдің небір қиындықтарын ақылымен, өнерімен жеңіп, өрге жүзеді, сөйтіп қорлық пен езгіден шығу жолын табады деп біледі ақын.

Мағжан – басынан бақайшағына дейін ұлттық ақын. Надандықтан құтылудың жолы өнер-білімді болу деп білген ақын қазақ халқының ұлттық тұрмыс-тіршілігіндегі жақсы қасиеттерін жырға қосады. «Өткен күн» өлеңінде қазақтардың бұрынғы тұрмыс-тіршілігіне көз жіберіп, оның ізгілікті жақтарын үлгі етеді. Хақназар, Абылай, Қабанбай, Бөгенбай, Қазыбек. Жәнібек сынды халық қорғаны болған ұлдарын мақтан тұтады; Шөже, Орынбай, Жанак, Біржан, Наурызбайлардың «бір сөзі мың ділдалық» асылдар еді деп бағалайды.

«Өткен күнді ойласам,  
Ойға терең бойласам,  
Кешегі қайран қазақтың,  
Сәулеті мен дәулеті,  
Көз алдыма келеді» –

деп өзінің қазағын, оның өткен тарихын шабыттана жырлайды. Осындай берекелі ел надандықтан қор болып барасын, енді «арыстаным, сұңқарым, қажымас, талмас тұлпарым, басың көтер тұр енді!» деп, қимылға шақырады. Жаңа заманда жаңаша өмір сүр, «ескіше тұрып егіспе, заман – түлкі, тазы бол, базарша дүкен құр», – деп, заманға бейімделіп өмір сүруге шақырады.

Жалпы, Мағжан – қазақтың ұлттық тұрмыс-тіршілігін, өткенін жан-тәнімен сүйген ұлтшыл ақын. Өткен өмірдің жақсы жақтарын өлеңмен өрнектеуге келгенде, ақынның қаламы жүйрік. Романтик ақын қазақтың тарихына барғанда бауыры жазылып, көсіліп сала береді.

Өлендерінің ұлттық идеяларымен суарылып отыруы – ақынның бүкіл поэзиясына тән өзіндік ерекшелігі. Осындай қасиеттері үшін де Мағжан кеңес өкіметі кезінде ескішіл, өткенді аңсайды, ұлтшыл деп айыпталды. Біздіңше, бұл ескішілдік, өткенді аңсаушылық емес, қайта оны құрметтеу, тарихтың тағылымды жақтарын насихаттау, олардан үйрене отырып, заманға сай тіршілік жасауға, өзгелермен терезесі тең өмір сүруге үндеу. Бұлайша жырлау ұлтын шын сүйген туған халқына адал ақындардың ғана қолынан келеді. Осы тұрғыдан келгенде, Мағжанның ұлтшыл екендігі рас.

Азаттықты аңсаған Мағжан отаршылдарды барынша жақтырмаған. Бір кездерде еркін жатқан елді жат жұрттықтардың билеп-төстегеніне наразы:

«Оралдай ата-мекен жерлеріне,  
Қасиетті атаның көрлеріне,  
Аузы түкті шет елдер ие болып,  
Көрсетіп тұр қысымды ерлеріне».

(«Орал тауы»)

«Пайғамбар» өлеңі:

«Күнбатысты қараңғылық қаптаған,  
Күні батып, жаңа таңы атпаған.  
Түнеріп жүр түннен туған перілер,  
Тәңірісін табанына таптаған» –

деген жолдармен басталған. Бұл өленде отаршылдық саясатқа ғана емес, батыстын бүкіл болмысына, яғни оның саяси-мәдени даму бағытына қарсылық бар. Ақынның сезінуінше, тәңірден безініп, «інжілді өртеп, табанға сап құранды, әділдікті күткен ессіз қарыннан», Мұсаның тілін кескен, Айсаның ұлының қанын ішкен, Аллаға емес әззілге табынған «елді қараңғылық түні басып тұр». Қап-қараңғы түн «қайғы мен қара қанға тұншығуда». Қаптаған «шегір көзді жандар жүр».

«Қап-қара түн. Толқынданған қара қан,  
Қара түнде өңшен соқыр шұбырған.  
Сол шұбырған сансыз соқыр алдында,  
Ентелеген кәдімгі Иван есалаң».

«Пайғамбар» өлеңінен алынған бұл шумақ Мағжанның жарық көрген жинақтарында жоқ. Халықтар арасындағы достыққа нұқсанын тигізеді деген сылтаумен алынып тасталып келеді. Шындығында, бұл жердегі «ентелеген кәдімгі Иван есалаң» делініп отырған – сол кездегі Ресейдің отаршылдық саясат жүргізіп отырған ат төбеліндей басшылары. Ал «қара түнде өңшен соқыр шұбырғандар» – жалған саясатқа елігіп, оңай олжа іздеген отаршылдардың соңынан еріп, қазақтың даласына қарай шұбырған келімсектер...

Қап-қаранғы түн басып, «қанды шуда» қалған күнбатыс «күншығыстан бір пайғамбар күтеді». Мағжанның ойынша, батысты қаптаған мұндай алапаттан құтқаратын күншығыс:

«Қайғыланба, соқыр сорлы, шекпе зар,  
Мен – Күн ұлы, көзімде күн нұры бар.  
Мен келемін, мен келемін, мен келем,  
Күннен туған, Гүннен туған пайғамбар».

«Күншығыс» өлеңіндегі:

«Күнбатысты шаң басқан,  
Шаң емес, қара қан басқан.  
Тарсыл-гүрсіл, қанды атыс.  
Көп білем деп бөлуге,  
Көп күлем деп өлуге,  
Жақын қалды Күнбатыс» –

деген жолдар «Пайғамбардағы негізгі ойды ары қарай жалғастыра түскен. Ақын азамат ретінде мұндай жағдайды көріп тұрып, бейтарап қала алмайды. Оның үстіне батыстың асып-тасқан, отаршылдық саясатының зардабы басқа халықтарға да, оның ішінде қазақ даласына да тиіп жатыр. Бұлай жалғаса беретін болса, орны толмас олқылықтарға апарып соқтыруы мүмкін. Сондықтан да бұл алапатқа қайткен күнде де тосқауыл қою керек. Мұны тоқтату тек Күншығыстың ғана қолынан келеді. Болашақ үшін мазасызданған ақынның лирикалық кейіпкері атой салады:

«Қысық көзді Күншығыс,  
Бұл тұрысың қай тұрыс?  
Серпіл енді, алыбым!»

Сөйтіп, Батыс елдерінде бастау алған қырқыс-шабысты тоқтатуға үндейді. Адамзаттың болашағына осылайша қатер төніп тұрғанда Шығыстың, оның ішінде қазақ даласының да бейғам жатқанын қаламайды. «Қысық көзді Күншығысты» «желкілдеген тумамен» Батыстың:

«Күл қылайық қаласын,  
Құл қылайық баласын» –

деп өзінің істегенін өзіне істеп, кек қайтаруға шақырады да артынша-ақ:

«Жоқ, жоқ! Ашу басалық!  
Гүл қылайық қаласын,  
Ұл қылайық баласын,  
Мейірім есігін ашалық». –

деп сабырлық, парасаттылық танытады. «Қанға – қан, жанға – жан» демей, қазақтың «таспен ұрғанды аспен ұр» дегеніндей, үлкен ойға ша-

қырады. Сөйтіп, «Күншығыс» өлеңінде Мағжан ақын үлкен гуманистік пікір айтып, азаматтық ой биігінен көріне білді. Жалпы, Мағжанның «Орал тауы», «Пайғамбар», «Күншығыс» өлеңдерінде еуропацентризмге күшті қарсылық жасалады.

«Жаралы жан» өлеңінде сол батыста қаптаған жандардың қазақ даласына да жетіп, бәрін бүлдіріп жатыр; шыбын жан қысылып, қуат кеміп, аққан қан көбейіп барады; «мынау қарға, құзғынның, бердің-ау, тәңірім, тілегін» – деп тәңіріге жылайды. «Жүректі жара жеп барад, Жасаған-ау, қалай шыдаймын?!» деп күйзелген ақын:

«Сауықшыл есіл елім-ай,  
Сарыарқа сайран жерім-ай!  
Күмістей таза суы бар,  
Айдын шалқар көлім-ай!» –

деп елінің бұрынғы берекелі кезін аңсайды.

«Тұлпарға мініп бір шапсам,  
Болмас еді басқа арман!» –

деп армандайды. Ақын қазақты «Қайғылы сар даланы күңіrentкен, Зарына адам шыдап тұра алмаған» жаралы жанға теңейді. Сол әлсіреп жатқан жаралы жанды азаптан құтқаруға «оқыған азаматтарды» шақырған ақын:

«Азамат! Анау қазақ қаным десең,  
Жұммақтың суын апар, жаным десең.  
Болмаса, ібіліс бол да у алып бар,  
Токтатам тұншықтырып зарын десең!..» –

деп қатты-қатты сөздер айтуға дейін барады.

«Жаралы жанда» бодандықтағы қазақ елін:  
«Жалқау жел өзін-өзі зорға сүйреп,  
Жан-жақта жүргендей-ақ жындар билеп.  
Ың-жың дауыс келеді құлағыма,  
Перілер ән салысып, тұр ма күйлеп» –

күйінде көрген ақын осы халді тәңіріге жылап тұрып жеткізсе, одан рақым күтсе, «Тәңірі» атты өлеңінде оған енді бізді құтқара көр деп жалбарынады. Басқалардың барлығына оң көзбен қарап, «жақсы жайдан» орын бердің, көзін ашатын «жолбасшылар» жібердің, ал біз осының бәрінен құр қалдық, «баласы алты алаштың – біз не қылдық?» – деп арызданады. Тәңіріге:

«Бақытсыз қаңғып жүрген қазақ сорлы,  
Әркімге күні кетіп мазак сорды.  
Бір елші жібермедің, санға алмадың,  
Жалаңаш түйе баққан араб құрлы» –

деп мұнын шағады. Өзіне «ашы таяқ тұшы етке» тиген соң жан ашумен айтып жатырмын деп, әділ тәңіріден қазағын қайғы-қасіреттен құтқара гөр деп тілейді.

Халқымды жақсылыққа жеткізе гөр деп, тәңіріге жалбарынған ақын енді бірде:

«Қалың елім, қалың кара ағашым,  
Қайраты мол айбынды ер, алашым!  
Өзі-ақ құлар, сырың берме, сабыр қыл,  
Ақымақтар байқамаған шамасын» –

*(«Сагындым»)*

деп көрегендік танытады. Шындығында да біз азаттықты қолымызға қару алып күресіп алған жоқпыз. Мағжан айтқандай-ақ, жиырма-сыншы ғасырдың соңына қарай отаршылдықтың ордасы өзінен өзі күйреп, ортасына түсті. Мағжанның тәңіріге жалбарынып сұрағаны қабыл болғандай, қазақ даласында азаттықтың ақ таңы ағарып атты... Бірақ, бұл күндерді Мағжандар көре алмады. Оған дейін әлі біраз уақыт, күресті, азапты жолдардан өту керек еді. Халқының жарқын болашағына кәміл сенген Мағжан осы бағытынан таймай, адамға бір-ақ рет берілетін өмірін елінің ертеңі үшін садақа етті.

«Не көрсем де алаш үшін көргенім,  
Маған атақ ұлтым үшін өлгенім!  
Мен өлсем де, алаш өлмес көркейер,  
Істей берсін қолдарынан келгенін!» –

деп өмірін халқына қызмет етуге арнаған ақын мен қазақтың кең даласында еркін «бетім қайтпай өскен батыр баламын».

«Тұлпар мініп, туды қолға алайын,  
Суырып қылыш қан майданға барайын,  
Жердің жүзі кім екенін танысын,  
Жас бөрідей біраз ойын салайын.

Тірілтейін алып атам аруағын,  
Тазартайын Сарыарканың топырағын,  
Жан-жағына тегіс билік жүргізіп,  
Кемеліне келсін кейінгі ұрпағым» –

*(«Тез барам»)*

деп, атқа мініп, атой салады; осы жолда өзін құрбан да етеді. «Жан-жағына тегіс билік жүргізіп, Кемеліне келсін кейінгі ұрпағым» – деген Мағжанның ақшаңқан ойлары бүтіндері егеменді Қазақстанда жүзеге асып жатыр.

«Бесік жыры», «Мен жастарға сенемін» өлеңдерінде болашаққа деген зор сенімді көреміз. Ақын ойларын жүзеге асыратын – жастар. «Бесік жырында» – ана баласын бесікке бөлеп, әлдилеп өлең айтады.

Баласынан «алмас қылыш, найза құрыш белге буарсың. Сен сырттаным, арыстаным жауды қуарсың» – деп тілейді. «Туған жерден, өскен ерге не қымбат? Жас жолбарыс, жаумен алыс, шаң, қанға бат», – деп тілек айтады. «Мен жастарға сенемінде» болашақта қазақ даласында азаттықтың таңы ататынына сенім мол:

«Алаш айбынды ұран,  
Алаштың олар құрбаны,  
Мен жастарға сенемін.  
Алаш атын аспанға,  
Шығарар олар бір таңда,  
Мен жастарға сенемін!»

Мағжан қазақтың бір ұлы тұлғасы жайлы «Алтын хакім Абайғаны» жазды. Бұл өлең жазылған кезде Абай әлі таныла қойған жоқтұғын. Ақын қайтыс болғанда Әлиханнның орысша жазған қазанамасы мен мақаласы белгілі. 1909 жылы алғаш шыққан Абайдың кітабында Кәкітайдың мақаласы берілді. Ахмет «Қазақтың бас ақыны» 1913, ал Міржақып «Абай» (Ибрагим) Құнанбаевты» 1914 жылдары жазды. Ал Мағжанның Абайға арнаған өлеңі оның 1912 жылы шыққан «Шолпан» жинағына кірген. Демек, Мағжан – ұлы Абайдың ұлылығын алғаш таныған, оған асыл сөз арнағандардың бірі. Дүниедегі ең асыл алтын болса, Мағжан Абайды да алтынға, яғни адамзаттың алтынына теңейді.

«Шын хакім, сөзің асыл – баға жетпес,  
Бір сөзің мың жыл жүрсе дәмі кетпес.  
Қарадан хакім болған сендей жанның,  
Әлемнің құлағынан әні кетпес!»

Өзінің елін, жерін барынша сүйіп, оны асқақтата жырға қосқан Мағжан қазақ даласының көркем бейнесін жасады. Әдебиеттің басты міндеті уағыз айту емес, көркем бейнелеу деп білген Мағжанның поэзиясында қазақ даласына жан бітеді. Табиғатқа жан кіріп, олар да сыбырлайды, күбірлейді, қайғырады, күрсінеді, күледі, маужырайды, мүлгиді.

«Аспанменен тірескен,  
Тәңірімен тілдескен,  
Көкшетауым біп-биік.  
Қою қара көк бұлт,  
Жайнап, ойнап, құлпырып,  
Көкшетауды тұр сүйіп».  
Бұл – Көкшетаудың бейнесі.  
«Оранып өмір бойы көк мұнарға,  
Аспанда алып Ала емген арда,  
Айбынды аспан ана алып туған,  
Бөбегін бөлеп қойған меруерт қарға.

[illegible]

73

М. Жұмабаев сөзбен сурет салуға өте шебер. Ол өмірде жиі кездесетін жай әншейін қарапайым құбылыстың өзіне назар аударып, мән беріп, үлкен ойлар айта алады. Жай адам болса, судағы толқындарға қарап тұрып, көңілі тыншығып, саябыр тауып, дем алар еді, Ад Мағжан болса, толқынға қарап тұрып, өмір туралы үлкен бір ойларға кетеді:

«Толқыннан толқын туады,  
Толқынды толқын қуады,  
Толқынмен толқын жарысад.  
Күніреніп кеңеспен,  
Бітпейтін бір егеспен,  
Жарысып жарға барысад...  
Сылдыр, сылдыр, сылдырап,  
Бірінің сырын бірі ұрлап,  
Толқынды толқын қуады.  
Жарына бал береді,  
Береді де өледі,  
Өледі толқын, тынады».

(«Толқын»)

Ақынның құдіреттілігі сол, жұрт онша көңіл аударар бермейтін толқынның тылсым табиғатына үңіле отырып, өмірдің мәні туралы терең философиялық ойлар түйе білген.

Мағжанның жазғы даласы;

«Созылып ұйықтап бел жатыр,  
Төсін керіп көл жатыр,  
Тыныш тәтті түс көріп.  
Суға – айнаға қаранып,  
Салқынша леппен таранып,  
Қамыс та тұр тербеліп...  
Ақ бұлттар тұр жусап,  
Күніренеді жер сусап,  
Алыстан ақырын Күн күлер.  
Қызыл жүзді гүлдерді,  
Бұраңдаған белдерді,  
Сүйемін деп күйдіретр»

(«Жазғы жолда»)

күйінде көрінеді. «Қысқы жолда» боранды дала суреттеледі. Долданып, «екі иінінен дем алып», бірде «осқырып», бірде «ысқырып», бірде сақ-сақ күліп, бірде баяулап, бірде жаяулап, бірде жыбырлап, бірде сыбырлап «қараңғы түн» сар далада тоқтаусыз соғып тұрған боран...

«Жыл мезгілдері», «Күз», «Жазғытұрым», «Күзді күні», «Жаз келеді» сияқты өлеңдері жылдың әр түрлі кезеңдеріне арналған. Мағжанның мұндай өлеңдерінде Абайдың әсері анық байқалады.

Оған мына бір жолдарды салыстыра оқығанда көзіңіз жетеді. Абай жазады:

«Кемпір шал күржең қаққан, бала бүрсен,  
Көңілсіз қара суық кайда кірсең.  
Кемік сүйек, сорпа су тимеген соң,  
Үйде ит жоқ, тышқан аулап, кайда көрсен»

деп суреттесе, Мағжан:

«Көрік жоқ ойда-қырда шығып жүрсен,  
Естілмес құстар даусы құлақ түрсен.  
Қақтанған, жамыла түсіп, от маздатып,  
Көресің кемпір шалды үйге кірсен»

деп бейнелейді. Бір көріністі екі ақын қатар көріп, қатар жырлаған сияқты.

Қалай десек те, Мағжанның поэзиясында Абайдың ақындық дәстүрі өз жалғасын тапты. Бұл тек өлеңнің тақырыбы, бейнелілігі ғана емес, техникалық, құрылымдық жағынан да көрініп тұрады. Мағжанда Абай қолданған өлең өлшемдерінің барлығы дерлік қолданыс тапқан.

«Айда атыңды, Сәрсембай» атты өлеңінде Мағжанның ауылға деген ыстық махаббаты шынайы көрінеді. Кезінде бұл өлең туралы кереғар пікірлер де айтылды. Кеңес өкіметі тұсындағы тұрпайы әлеуметтік сын оған антисоветтік пиғылда жазылған деп, айып тақты. Шындығында қалай екендігіне көз жеткізу үшін өлеңге көз жүгіртейік. «Айда атыңды, Сәрсембайда» он жеті жасар Мағжанның Қызылжардағы оқуынан қайтып келе жатқандағы көңіл-күйі көрінеді. Біраз уақыт қалада оқуда болған жас жігіт «айда атыңды, Сәрсембай» деп, ауылына асыға түседі. Кең далада еркін өскен балаға тар қаланың қапас тіршілігі ұнамайды. Даланың тәрбиесін алған балаға қала:

«Таудай болып созылып,  
Қала – бір жатқан дәу пері», –

күйінде көрінеді. Маужыраған табиғаттың аясында бұла өскен бала қаланың у-шу өмірін жақтырмайды. Қазақ тәрбиеленген адамға қала тұрғындарының тұрмыс-тіршілігі де әнтек көрініп, мүлдем ұнамайды:

«Әйелдері ұятсыз,  
Күнде сүйгіш тұрақсыз.  
Қылмыңдасар, керілер.  
Жүздерінің қаны жоқ,  
Көздерінің жаны жоқ,  
Еркектері – перілер.  
Оларда отты жүрек жоқ,  
Тамақтан басқа тілек жоқ,  
Қорсылдаған «доңыздар».

Қаланың адамдары үшін өздері тұратын тар «сасық үңгірі» жұмақтан артық. Олар көк аспанды, қалықтаған айды, жымыңдаған жұлдызды көре алмайды. Қаланың осындай келеңсіз жақтарын жүрегі қабылдамаған ақын:

«Сарыарқаның топырағы –  
Менің жаным шырағы,  
Кеудемді төсеп жатамын.  
Оның жібек желінің,  
Тәтті кәусар көлінің,  
Қазір дәмін татамын» –

деп, туған ауылына асығады. Өлең:

«Ауылға қашан жетеміз?  
Айдашы, атты, Сәрсембай!» –

деген жолдармен аяқталады.

Ал, енді осы өлеңнің айтар ойын өзіңше топшылай бер. Көркем шығарманың әлеуметтік идеясына негізгі мән берген тұрпайы солақай сындар мұнан кеңес өкіметіне қарсылық көріп, авторды саяси жағынан айыптады. Қаланы прогреске, ауылды регреске балаған олар қаланы құбыжық көріп, елге асығып бара жатқандарды социализмнен феодализмге қашып бара жатқандар, яғни қоғам дамуын кері бұрғысы келгендер деп, біржақты түсіндірді. Мұның да жаны бар шығар. Бірақ та біздіңше, бұл – шығармада айтылған ойдың бір ғана сілемі. Негізгі ой бұдан да ауқымдырақ, күрделірек. Ақын сол кездің өзінде-ақ болашақта бүкіл адамзат қоғамының басын ауыртар зәру проблемаларды көтеріп отыр. Ақын – өз дәуірінің ақыл-сезімі, көкірек көзі, сақ құлағы. Сол қоғамға төніп келе жатқан алапаттарды Мағжанның мазасыз жүрегі ғасыр басында-ақ сезініп, дабыл қаққан.

Ең алдымен, Мағжан отаршылдармен бірге келіп, қала тұрмысында орын ала бастаған келеңсіз құбылыстарға қарсылық білдіреді. Еуропалық тұрмыс-салтқа тән ашық-шашық еркіндікті ақын жүрегі қаламайды. Адам еркіндігінің барынша шектен шығып, бетімен кетуі қазіргі адамзат қоғамын дағдарысқа ұшыратып отыр. «Ұятсыз» еркіндік әлеуметтік өмірдің негізі отбасылық құрылымын быт-шытын шығарып, қоғамды іштей аздырып, бұзуға дейін алып келді. Батыстың насихаты мақтап келген еркін өмірдің бүгінгі сикы осындай, болашағы бұлдыр.

Мағжан батыстан тамыр жайып, тарап келе жатқан осы бір қоғамдық жұқпалы дертті ғасыр басында-ақ байқап, дабыл қаққан. Адамгершілік, ұлттық қасиеттерінен айырылған «отты жүрегі жоқ, тамақтан басқа тілегі жоқ, қорсылдаған «доңыздан», түн баласы перілерден» кашады. Мағжан қала тіршілігіндегі сырттан келген мәдениеттің үстем болуынан туындайтын келеңсіз құбылыстардан, басқаша айтсақ, казактың ұлттық тұрмыс-тіршілігіне, болмысына білдірмей кіріп, іш-

тей іріте бастаған рухани дерттен сақтандырып отыр. Мағжанның қауіп расқа шықты. Кеңес өкіметі жылдарында түрлі айла-шарғыларды барынша шебер пайдалана отырып жүргізілген орыстандыру саясатының барысында қазақ халқы өзінің бірсыпыра рухани құндылықтарынан айырылып қалды; біршама бөлігі ұлттық болмысын жоғалтып, мәнгүртке айналды. Данышпан Мағжан ғасыр басында осыны көрегендікпен көре біліп ескерткен еді. Енді егеменді ел болғанда жоғалтқанымызды тауып, барымызды түгелдеу, сөйтіп халқымыздың рухани қазынасын толықтыру, ұлттық болмысымызды қалпына келтіру ең үлкен міндет болып табылмақ.

Бұл айтып отырғанымыз рухани экология мәселесі болса, «Айда атынды, Сәрсембай» көтерген тағы бір маңызды жәйт – табиғат экологиясы. Бұл да бүгінгі күні ғаламдық мәселе болып отыр. Мағжан суреттеген қала:

«Айналасы – тұман, түн.  
Демалысы – от, түтін.  
Жарқ-жұрқ етер көздері.  
Сөзі у-шу, ың да жың,  
Сасық иіс тым ауыр».

Бұл – қазақ даласына келе жатқан экологиялық апаттың алғашқы көрінісі. Мұндай қалада тұрғысы келмеген лирикалық кейіпкер «тұншықтым гой, құдай-ай!» – деп, кең далаға қарай қашады. Мағжанның айтқанына мән бермей, берсек те саяси тұрғыдан басқаша түсініп келгеніміз тағы да рас. Күні кешеге дейін табиғатта адамнан күшті ешкім жоқ, «адамға табын, жер енді» деп, табиғатты «бағындырып» келгеніміз – өмір шындығы. Пайда іздеп орынды-орынсыз тиісудің салдарынан табиғат қазір әлемдік апаттың сәл-ақ алдында тұр. Өндіріс орындары шоғырланған қаладағы зауыт-фабриктердің түтіні айналаны улап жатыр. Түтінге тұншыққан лирикалық кейіпкердің ауылға кашуында біреулерге түсер пайда үшін халыққа, табиғатқа келер зиянға қарамастан, өндіріс орындарын қалай болса, солай салып, елдің саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани, экономикалық орталығын улап, бүлдіріп жатқан саясатқа қарсылық бар.

Сонымен, Мағжанның «Айда атынды, Сәрсембай» өлеңінде көтерілген негізгі мәселе – рухани және табиғат экологиясы. Халқын сүйген ақын қазақ даласына біртіндеп кіре бастаған батыс мәдениетінің келеңсіз жақтарынан сақтандырады; сөйтіп өз ұлтын рухани тамырдан ажырамауға шақырады. Ғылым мен техниканың дамуын орынды, тиімді пайдалана білмесе, оның аяғы орны толмас олқылықтарға апарып соқтыратынын көрегендікпен ескертті.

Жалпы, Мағжан поэзиясында даланы асқақтата жырлау басым. Лирикалық кейіпкердің қалаға қарағанда далаға бүйрегі бұрып тұрады. Сонымен бірге ол «ауыл» сөзін қазақ деген мағынада синоним ретінде де қолданатын сияқты. Оған көз жеткізу үшін Мағжанның мына бір өлең жолдарына назар салайық:

«Қалада жүрген інішек,  
Қайыс бұған беліне.  
Көз қырынды сала гөр,  
Қазақтың қыршын төліне.  
Мақсатың болса, шерлі елді,  
Шығару өмір өріне, –  
Қаш қаладан, қарағым  
Еліне қайт, еліңе».

(«Еділдің сағасында»)

«Айда атынды, Сәрсембайдағы» қарапайым қазақ Сәрсембай Мағжанның тағы да бір өлеңінен кездеседі. «Сәрсембайдың жырында» «домбырам басы бал қурай» деп, лирикалық кейіпкер халық әнінің әуенімен домбыра тартып отырғанда, қос ішек «күңіренеді», «еңірейді». Домбыраға қосылып, күйші де көзіне жас кеп, егіледі. Өйткені:

«Ай, албар-ды, албар-ды,  
Сәрсембайда зар бар-ды.  
Зардан басқа не болсын,  
Шықпаған құр жан қалды.  
Бетегелі барқыттай,  
Белес белден айырылдым.  
Балдан қалған сарқыттай,  
Күміс көлден айырылдым».

Мағжан жырларында кездесетін Сәрсембай азаттығынан, жерінен айырылған бодан қазақтың жиынтық бейнесі сияқты. Сәрсембайды төңкеріске дейін қаладан қашып келе жатқанда көрсек, одан кейін де оның жағдайы жақсармаған.

«...Мағжан өлендерін оқығанда, адамды әлдилеген, тербеткен сипатты, біресе мұң-зарға, біресе қайғы-шерге, біресе сары далаға, біресе өткенге айдайды, жанынды билеп, көзге әлденелер елестейді; алдында ұшы-қиыры жоқ, бір белден ассақ, бір бел, толқынды сары далада тұрғандай боласың, екі жағына кезек теңселіп, ырғаң-ырғаң басып, қарқарасының қоңырауы сылдырлап, сәукелесі, үкісі бұлғаңдап кетіп бара жатқан көшті көргендей боласың; кейде ақ сандықта ақ көйлегі, жез құманы бұлғаңдап, шолпысы сылдырлап бел асып бара жатқан әйелдерді көргендей боласың» (Ж.Аймауытов).

«Мен қуансам, жас баладай қуанам,  
Көрген адам талай деген: «Есалаң!»  
Мен қайғырсам, орнатамын қиямет,  
Жас баламын – тағы да тез жұбанам.  
Күлсем егер, есім шығып күлемін,  
Жылағанда, қап-қара қан төгемін».

Қасым болса, қанын ішкім келеді,  
Досым болса, жолында оның өлемін.»

(«Сырым»)

дегендей, акын нені айтса да риясыз жан-жүрегімен беріліп жырлайды. Жаны нәзік, жүрегі сезімтал ақының қуануы да, кайғыруы да тез. Ол бірде от боп жанады:

«Күннен туған баламын,  
Жарқыраймын, жанамын.  
Күнге ғана бағынам.  
Өзім – күнім, өзім – от,  
Өзіме-өзім табынам».

(«От»)

Енді бірде арыстан, жолбарыс, бұлт, жел боп кетеді:

«Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?  
Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрар?  
Көкте – бұлт, жерде желмін гулеген,  
Жер еркесі – желдің жөнін кім сұрар».

(«Мен кім?»)

«Қайғыланба, соқыр сорлы, шекпе зар,  
Мен – Күн ұлы, көзімде күн нұры бар.  
Мен келемін, мен келемін, мен келем,  
Күннен туған, Гүннен туған пайғамбар», –

(«Пайғамбар»)

деп, бүкіл әлемді жаманшылық атаулыдан құтқарар пайғамбар кейпіне келеді. Қарапайым өмірде бұлайша сөйлеу әнтектеу көрінсе, өнердің шарттылық сипатына орай қолданыла беретін мұндай тәсілдер өлеңнің поэтикалық қуатын арттыра түседі. «Культурасы зор акын» Мағжан шабытына мініп, қиялымен шарықтаған бір тұстарда оның от болып лапылдап жануы, желдей гулеуі, арыстанша айбат, жолбарысша қайрат қылуы, пайғамбар болып халқын қараңғылықтан құтқаруға ұмтылуы – нанымды. «Романтизм дегеніміз, ерекше жағдайда ерекше бейнелер жасау» десек, Мағжанның Күннен туып, оттай жанған лирикалық кейіпкері – нағыз романтикалық бейне. Лирикалық кейіпкер романтикалық көзбен қарағанда, батыстың қап-қараңғы түн, ал шығыстың жарқыраған күн болып көрінетіндігі де сондықтан. Қазақтың бұрынғы өмірінің:

«Өткен күн ертегімен таласқандай,  
Уа, дүние, ол күндерде алаш қандай?!» –

болатындығы да сол себептен.

«Мағжан – алдымен, сыршыл ақын. Мағжан сөзіндей «тілге жұмсақ, жүрекке жылы тиетін» үлбіреген нәзік әуез қазақтың бұрынғы ақындарында болған емес. Ол жүректің қобызын шерте біледі, оның жүрегінен жас пен қаны аралас шыққан тәтті сөздері өзгенің жүрегіне тәтті у себеді» (Жүсіпбек). Мағжан жырларында адам үшін ең қорқынышты сөз «өлімнің» өзінің өңі өзгеріп, жұмсарып сала береді. Тіпті, адамның жанын балқытып, тәтті бір күй кешеді:

«...Өлім күйі-тәтті күй,  
Балқиды жаным бұл күйге.  
Мені де, өлім, әлдиле,  
Әлдиле, өлім, әлдиле!..  
Бетімнен тәтті бір сүйіп,  
Алдыңа алшы әлдилеп...  
Балқиды жаным бұл күйге.  
Мені де, өлім, әлдиле,  
Әлдиле, өлім, әлдиле!»

Сөз құдіреті деген осы!

«Қарасуды теріс ағызған» деген сияқты бұдан артық қандай құдірет керек?!

Мағжанша «Үнсіз өмір – сөнген көмір, отсыз жүрек – бос қуыс» («Болса гүлсіз»). Айтып өткен ақында арман бар ма дегендей, Мағжан да өз ойларын жасырмай жырға қосқан. Халқының қамын ойлап, мұңын мұңдап, жырын жырлаған ақын «мен күніренем ұлы ойлар кеп басыма» («Берниязға») деп толғанады. Ал «ой деген – у», «ой – бір теңіз». Ойлана берсең, түпсіз, тұңғық ойлардың тереңіне батып, жүрегің қысылып, жаның жараланады. Халқының келешегін ойлап, жүрегі қырық жамау болған Мағжан:

«Ой улады –  
Жаным ессіз, жаным мас.  
Жүректе зар, көзде жас.  
Ой улады –  
Көмір болды жүрегім.  
Ой улады –  
Сарғаямын сөнемін», –  
(«Ой»)

деп те жырлаған.

Сонымен М.Жұмабаев – адам жанының небір нәзік сезімдерін сол күйінде мөлдірете жыр жолдарына айналдырып, ақ қағазға түсіре алған лирик. Ол – орыс отаршылдығының салдарынан бүліне бастаған қазақ даласының ертеңін ойлап, уайым қылған, дабыл қаққан ұлт ақыны. Халық өмірінің күнгейі мен көлеңкелі жақтарын, асыл армандарын жырына қосып, сөзден сұлу сарай салдырған сөз сиқыршысы.

## МАҒЖАН ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ТҮРКІШІЛДІК САРЫН

Бүкіл саналы ғұмырын қазақ халқының жарқын болашағына қызмет етуге арнаған Мағжан Жұмабаевтың есімі түркі әлеміне де кеңінен танымал. Шындығында да өмір бойы қанша қиындық көрсе де қазағын, алашын жырлаудан танбай өткен ұлы ақын қазақтың ғана емес, бүгінгі таңда күллі түркі әлемінің рухани көгіндегі жарық жұлдыздардың біріне айналып отырғаны да – өмір шындығы. Халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымының шешімімен 2018 жылдың Мағжан Жұмабаев жылы болып жарияланып, ақынды еске алу іс-шараларының Түркияның Анкара, Кастамону қалаларынан бастау алуының да символдық мәні бар.

Қазақстанда көптен күткен азаттықтың ақ таңы атып, тәуелсіздік алғанда, оны егеменді ел ретінде бірінші танып, шын қуанған ел Түркия болды. Бұл кездейсоқтық емес еді. Түбі бір түркі елдері тарихтың не бір тар жол, тайғақ кешулі ауыр жолдарында тұрымтай тұсымен болып бір-бірінен көз жазып, өзгелердің бодауында кетіп қалған тұстарда анадолылықтар ғана ғұнның қара шаңырағын құлатпай, ошағындағы отын сөндірмей, түріктің түтінін түтетіп, өзгелерінің азаттық алуын тілеп отырған бірден бір ел болды. Бір кездерде Еуразияның кен төскейінде атой салып, түркі халықтары бірінен соң бірі бодандықтың ноктасына ілініп жатқанда, түріктердің де тәуелсіздігін сақтап қалу оңайға түскен жоқ. Жан-жақтан жау анталап, Түркияның тәуелсіздігі қыл үстінде тұрған 1920-22 жылдардағы ұлт-азаттық соғыс кезінде Мағжан түріктерге қолдау көрсеткен «Алыстағы бауырыма» атты өлеңін жазды. Өз елінің де жағдайы жетісіп тұрмағанына қарамастан, ол азаттық үшін алысып, қансырап жатқан түрік елін былайша көз алдына елестетеді:

«Алыста ауыр азап шеккен бауырым,  
Қуарған бәйшешектей кепкен бауырым.  
Қамаған қалың жаудың ортасында,  
Көл қылып көздің жасын төккен бауырым.  
Алдынды ауыр қайғы жапқан бауырым,  
Өміріңше жапа шеккен жаттан бауырым».

Сен сол жаққа кеткенде, бұл жақта мен «Жас балапан қанат қақпай» қалып едім. «Жөн сілтер, жол көрсетер жан болмады, жауыз жау қойсын ба?» – деп өзінің де мүшкіл халін мұң ғып шағады:

«Қорғасын жас жүрекке оғы батты,  
Күнәсіз таза қаным судай ақты.  
Қансырап, әлім құрып, естен тандым,  
Қараңғы абақтыға берік жапты...  
Көрмеймін кеше жүрген қыр-сайды да,  
Күндіз – Күн, түнде – күміс нұрлы Айды да...»

Ақын жүрегі кешегі күндей күркіреген ғұндардың бүгінгі күйін көріп, аһ ұрады:

«Япыры-ай, айрылдық па қалың топтан,  
Шабылып қайтпайтұғын жауған оқтан?!  
Түріктің жолбарыстай жүрегінен,  
Шынымен қорқақ құл боп жаудан бұққан?!»

Өлең:

«Бауырым! Сен о жақта, мен бұ жақта,  
Қайғыдан қан жұтамыз. Біздің атқа,  
Лайық па құл боп тұру? Жүр кетелік,  
Алтайға, ата мирас алтын таққа» –

деп, алыста қиналып жатқан бауырын бүйтіп жеке-жеке қор болып жүргенше, атамекенге оралып, бірге жүріп, зор болайық деген ойларды білдіретін жолдармен аяқтаған. Өлеңде өзгеге құл болу үшін емес, халқының адал ұлы болуды әспеттеген ер түріктің асқақ рухы соғып тұр. Мағжанның бұл өлеңін кезінде жат жұрттықтарға қарсы азаттық үшін күресіп жатқан түріктердің оқып танысуына, туыстық көңілмен алыстан сәлем жолдап, бауырмалдық ниетпен қол ұшын ұсынған рухани көмекті сезінуіне түрік бауырлардың мұршасы болды ма, болмады ма – ол жағы мәлімсіз. Белгілісі – қазақ ақыны М.Жұмабаевтың бауырлас халықтар бірлігін көтеріп, әлемдік деңгейге шығуы.

Қазақ әдебиеті XIX ғасырда Абай болып, шыңға шықса, XX ғасырда Мағжан болып жарқырады. Абай қазақ поэзиясында ойшыл ақын атанса, Мағжан адам сезімін жырлаудың асқан үлгісін көрсетті. Абай толғанбаған қазақтың мәселесі жоқ, сондықтан да ол шын мәніндегі ұлт ақыны атанды. Ал Мағжан болса, ұлт өмірін жырлаумен бірге онымен шектеліп қалмай, жаңа заманға орай, түркішілдік идеясын көтерді. Батыстан төніп келе жатқан «қара бұлтқа» қарсы тұрып, әлемдік деңгейге көтерілген ақын болды.

М. Жұмабаевтың ақындығы жайлы алғаш рет толымды пікір айтқан Ж. Аймауытов: «Сөз жоқ, Мағжан ұлтшыл, түрікшіл, санашыл, дарашыл ақын», – дей келіп, оның түрікшілдігі жайлы: «Мағжанның түрікшілдігі тыңнан тауып алған жаңа нәрсе емес, әуелден-ақ бар болатын, ол «Ғалияда» жүргенде, түрікшіл пікірде бірер өлең жазған. Бірақ орысша оқуға кіргеннен былай ол пікірін жарыққа шығара қоймайтын. ...Кольчактың кер заманы, одан қала берсе, ұлтшылдықтың аузына қақпан салған кеңес заманы Мағжанның баяғы басылып қалған түрікшіл сезімін қайта оятты... Жеке ұлтшылдықтың өрісі тарылғандығын көріп, түрік тұқымды жұрттармен әдебиет жүзінде өзгеше одақ жасаған болады. Бара-бара Мағжанға түрікшілдік те тар ауданда көрінеді, ол күншығыстың, Азияның ақыны болып, Еуропамен, Батыспен «араздасады». Ресейде болсын, Мағжанның түрікшіл, азиятшыл болу себебі оның өз қиялынан болмаса, оның солай болай-

ын деген тілегінен деп ұғуға болмайды. Оның терең негізі бар: мәселен күншығыс халықтарын алсақ, бәрі де Батыстың, Еуропаның жемі, азығы, атып жейтін аңы болып келе жатыр», (Ж. Аймауытов. Мағжанның ақындығы туралы. Кітапта: Мағжан Жұмабаев. Шығармалары. А., 1989, 409–410-беттер) –деп, жазған болатын.

Мағжанның түрікшілдігі хақында С. Мұқанов 1932-жылы шыққан «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» атты монографиясында былай деп жазыпты: «Түрікшілдік пікірі Мағжанға «Медресе Ғалияда» оқып жүрген кезінде татар түрікшілдерінен жұққан. 1914 жылы болатын жиһангер соғысында түрік немістермен одақтасып, орысқа қарсы соғысты. «Қазақ» газеті бар, жалпы ұлтшылдар бәрі шынында, түрік тілегін тіледі. Сол тілегін олар ауыл арасына да жайды. «Түрік жеңсе екен» деген тілекке қазақ байларының (байларының дейтініміз, кедей түрікті ол кезде қалай білсін) ынтасы құлағандығы сондай, балаларына Ануарбек, Талғатбек, Мұстафа, Кәмал, Әмірбек, Жамалбек, Сұңғатбек сияқты түрік патшаларының атын қойды. Ануар патша туралы ел арасында ертегі тарап, ел іші оны ертедегі Бабақұмар сияқты сиқырлы, айлакер адам және адамзатқа бітпеген күші бар палуан деп жүрді. Міне, елдің ол кездегі алдыңғы қатардағы адамдарына сондай түрікшілдік пікірді таратқан Мағжан сияқты оқығандар» (С. Мұқанов. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. А., 2008, 186-бет).

Осы пікірлерден-ақ М. Жұмабаевтың қазақ ақындарының ішінде ұлттық деңгейде қалып қоймай, түркішілдік, адамзаттық биіктікке көтерілген бірден-бір ұлы ақын болғандығын байқатса керек. Сонымен, түрікшілдік сарын Мағжан поэзиясын шыңға шығарып тұрған ерекше бір қасиеті, өзіндік сипаты болып табылады.

Мағжанның «Алыстағы бауырыма» өлеңі алыста қиналып жатқан бауырын бүйтіп жеке-жеке қор болып жүргенше, атамекенге оралып, бірге жүріп, зор болайық деген оптимистік ойларды білдіретін жолдармен аяқталған. Өленде өзгеге құл болу үшін емес, халқының адал ұлы болуды әспеттеген ер түріктің асқақ рухы есіп тұр.

Мағжанның бұл өлеңін кезінде жат жұрттықтарға қарсы азаттық үшін күресіп жатқан түріктердің оқып танысуына, туыстық көңілмен алыстан сәлем жолдап, бауырмалдық ниетпен қол ұшын ұсынғанын рухани сезінуіне түрік бауырлардың мұршасы болды ма, болмады ма, ол жағы мәлімсіз. Сол кездегі нақтылы жағдайға қарасақ, ондай мүмкіндік те, мұрша да бола қоймаған сияқты. Белгілісі – қазақ ақыны М. Жұмабаевтың бауырлас халықтар бірлігін көтеріп, әлемдік деңгейге шығуы.

Бір кездерде Мағжан көтерген түрік бірлігі идеясы – күні бүгінге дейін өзінің зәрулігін жоймай келе жатқан маңызды мәселе. Бұған Мағжанның осы өлеңіне деген көңілін білдіретін 80 жылдан кейін жазылған жауап хатты оқығанда көзіміз жетеді. «Алыстағы бауырыма» он екі шумақтан тұратын болса, түріктің белгілі қоғам қайраткері, мағжантанушы ақын Фейзуллах Будақ жазған «Мағжанға жауапта»

қазақ ақыны көтерген мәселелерге он екі шумақпен нақтылы жауап берген. Бір таң қаларлығы: осыдан бір ғасырдай бұрын түрік бірлігі жайлы Мағжан айтқан ойлар мен бүгінгі түрік ақынының ойлары бір жерден шығып отырған. Енді осы бір қызғылықты үндестікке көз жеткізу үшін екі өлеңнің мәтініне салыстыра көз жіберелік.

*Мағжан:*

Алыста ауыр азап шеккен бауырым,  
Қуарған бәйшешектей кепкен бауырым.  
Қамаған калың жаудың ортасында,  
Көл қылып көздің жасын төккен бауырым.

*Фейзуллах:*

Алыстан азабымды білген бауырым,  
Жұбатып, көздің жасын жүрген бауырым.  
Отырып өзі жаудың ортасында,  
Көңілін мұң-зарыма бөлген бауырым.

*Мағжан:*

Алдыңды ауыр қайғы жапқан бауырым,  
Өмірінше жапа шеккен жаттан бауырым.  
Түксиген, жүрегі тас жауыз жандар,  
Тірідей терің тонап жатқан бауырым.

*Фейзуллах:*

Тұмшанып қайғы-мұңға қалдым бауырым.  
Қуарып бәйшешектей солдым бауырым.  
Сен дұшпанды бұрыннан білуші едің,  
Мен саған енді куә болдым бауырым.

*Мағжан:*

Япырмай, емес пе еді алтын Алтай,  
Анамыз бізді тапқан, асау тайдай?  
Бауырында жүрмеп пе едік салып ойнақ,  
Жүзіміз емес пе еді жарқын айдай?!

*Фейзуллах:*

Анамыз еді-ау ортақ алтын Алтай,  
Ол бір тұлпар болғанда, біз бір-бір тай.  
Бауырында ойнақ салып біз жүргенде,  
Тап біздей жайнамайтын күн менен ай.

*Мағжан:*

Алалы алтын сақа атыспап па ек,  
Тебісіп бір төсекте жатыспап па ек?

Алтайдай анамыздың ақ сүтінен,  
Бірге еміп бірге дәмін татыспап па ек?

*Фейзуллах:*

Алалы алтын сақа атқан едік,  
Тебісіп бір төсекте жатқан едік.  
Алтайдай анамыздың ақ сүтін де,  
Бірге еміп бірге дәмін татқан едік.

*Мағжан:*

Тұрмап па ед біздің үшін мөлдір бұлақ,  
Сылдырап, сылқ-сылқ күліп таудан құлап?  
Даяр боп ұшқан құстай соққан құйын,  
Тілесек бір-бір тұлпар бейне пырақ!

*Фейзуллах:*

Сылдырап, біздер үшін бұлақ ақты,  
Шатырлап, найзағайлар ойнап жатты.  
Даяр боп ұшқан құс пен соққан құйын,  
Біз мінген аттар тұлпар, һәм пырақты.

*Мағжан:*

Алтайдың алтын күні еркелетіп,  
Келгенде жолбарыс боп, жаңа жетіп.  
Ақ теңіз, Қара теңіз ар жағына,  
Бауырым, мені тастап, қалдың кетіп!

*Фейзуллах:*

Бір күні бұл дәуреннің соңы жетіп,  
Тәңірдің жазуымен сапар шектік.  
Ақ теңіз, Қара теңіз ассақтағы,  
Жүректі сол Алтайға тастап кеттік.

*Мағжан:*

Мен қалдым – жас балапан қанат қақпай,  
Ұшам деп ұмтылсам да дамыл таппай.  
Жөн сілтер, жол көрсетер жан болмады,  
Жауыз жау қойсын ба енді мені атпай?!

*Фейзуллах:*

Білемін, ұшам дедің, ұша алмадың,  
Дәрменсіз, көкке қанат қаға алмадың,  
Жөн сілтер, жол көрсетер ешкімің жоқ,  
Дұшпанның тырнағынан каша алмадың.

*Мағжан:*

Қорғасын жас жүрекке оғы батты,  
Күнәсіз таза қаным судай ақты.  
Қансырап, әлім құрып, естен тандым,  
Қаранғы абақтыға берік жатып...

*Фейзуллах:*

Саған атқан оқ маған өтіп жатты,  
Күнәсіз қанымызды төгіп жатты,  
Егерде қан төгілсе мына біздің,  
Түбімізге бөліну жетіп жатты.

*Мағжан:*

Көрмеймін кеше жүрген қыр-сайды да,  
Күндіз – Күн, түнде – күміс нұрлы Айды да!  
Ардақтап, шын жібектей арайға орап,  
Өсірген алтын анам Алтайды да.

*Фейзуллах:*

Мен де аңсаймын кешегі қыр мен сайды,  
Күндіз – Күн, түнде – күміс нұрлы Айды.  
Бізді жібек құндаққа орап алып,  
Бауырында әлпештеген ана – Алтайды.

*Мағжан:*

Япырмай, айырылдық па қалың топтан,  
Шабылып қайтпайтұғын жауған оқтан?!  
Түріктің жолбарыстай жүрегінен,  
Шынымен қорқақ құл боп жаудан бұққан?!

*Фейзуллах:*

Айрылып бір-бірімізден отқа түстік,  
Тарихтың қазанында қайнап, пістік.  
Тайсалып, қайтпайтұғын жауған оқтан,  
Жігіттік батырлықтың антын іштік.

*Мағжан:*

Шарқ ұрып ерікке ұмтылған түрік жаны,  
Шынымен ауырды ма, бітіп халы?!  
От сөніп жүректегі құрғады ма,  
Қайнаған тамырдағы ата қаны?!

*Фейзуллах:*

Ұмтылған бостандыққа түрік жаны,  
Ауырып көрген емес бітіп халі.

Жүректің жалын оты сөнген емес,  
Соғып тұр тамырында ата қаны.

*Мағжан:*

Бауырым! Сен ол жакта, мен бұ жакта,  
Қайғыдан қан жұтамыз. Біздің атқа,  
Лайық па құл боп тұру? Кел, кетелік,  
Алтайға ата мирас алтын таққа!

*Фейзуллах:*

Бауырым, сен ол жакта, мен бұл жакта,  
Не таптық, шашырағанда шартарапқа?  
Барлығын күш-қайраттың жинау керек,  
Атадан мирас болған ұлы Отанда!

Мағжанның осы өлеңін түріктердің қалай қабылдағанынан, оған жауаптың қалай жазылғанынан біршама хабар беретін «Егемен Қазақстанда» жарияланған мына бір материалға назар аударайық. Мұнда Мағжанға 83 жылдан кейін өлеңмен жауап жазған Фейзуллах Будақтың сұхбат кезіндегі негізгі ойы «Мағжан – Алтайдағы жүрегім» дегенге сайыпты:

«1995 жылдың басында Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-түрік университетіне Түркия жағынан проректор болып тағайындалды. Түркістанға келіп, жұмысыма кіріскен алғашқы күндердің бірінде Есім хан алаңындағы ректораттың үлкен залында бір жиналыс болды. Жұмыстың қауырттығына байланысты, жиынға кешігіп барған едім. Залға кіргенімде Түркиядан келген жас мұғалім бір керемет өлең оқып тұр екен. Қазақстанға келердің алдында қазақшаны жақсылап үйренгенмін. Сондықтан, оқылған өлеңнің әр сөзін анық түсіндім және ол сөздер менің жүрегімді қатты толқитты. Бұл өлеңде менің жас күнімнен сеніп келген идеяларым, өз ойларым жүргендей етене жақындықты сездім.

«Түркістан – екі дүние есігі ғой,  
Түркістан – ер түріктің бесігі ғой,  
Тамаша Түркістандай жерде туған,  
Түріктің Тәңірі берген несібі ғой.  
Ертеде Түркістанды Тұран дескен,  
Тұранда ер түрігім туып-өскен.  
Тұранның тарихы бар толқымалы,  
Басынан көп тамаша күндер кешкен».

Өлеңді бастан-аяқ тебіреніп, сүйінішпен тыңдадым. Өлеңнің ортасынан бастап тыңдағандықтан, авторын біле алмай отырдым. Кеш соңында өлең оқыған мұғалімнің жанына барып, кімнің өлеңі екенін сұрадым. Мағжан Жұмабаевпен алғаш сол кезде танысқан едім. Жас

ұстаз Мағжан туралы магистрлік диссертация қорғаған екен. Оқып шықтым. Содан кейін Мағжанның өмір жолымен, өлеңімен тереңірек таныса бастадым.

...Түркияда жиырма жылдан бері үздіксіз Мағжанға арналған ғылыми конференциялар өтіп келеді. Сонда ақынның өмірінен, өлеңінен хабардар болған түрік жұрты, ақынның «Алыстағы бауырыма» өлеңін естігенде, көзіне жас алмағандары сирек болады. 83 жылдан кейін мен Мағжанға жауап жаздым. Мағжанды Түркияда таныту үшін үш кітап жаздым. Ол өлеңнің жазылу тарихы былай еді. Бірде бір жиында қазақ студенті «Мағжанның «Алыстағы бауырыма» өлеңіне жауап жазылды ма?» деп сұрады. Не жоқ, не иә деп айтарымды білмей, ыңғайсызданып, жазылар деген едім, күмілжіп. Содан бастап Мағжанға («Алыстағы бауырыма») жауап іздеп, шарқ ұруда болатынымын. Ақырында түн жарымнан өтіп, үйдегі бар жан ұйқыға жатқаннан кейін, кішкене жұмыс бөлмесінің орнына үлкен залды таңдап, бар жарықты жағып, үлкен тамақ үстелінің жанындағы орындықтардың біреуіне жайғастым. Сол сәтте жан дүниемді нұрға бөлеп тұрған ұлы сезімге сай жарық әрі кең ортада болғым келген еді. Сондықтан да үлкен залды лайық көріп, бар жарықты жағып қойдым. Мағжан Жұмабаевтың түрік ұлт-азаттық күресі үшін сексен жыл бұрын жазған өлеңін алдыма қойып, жауап жаза бастадым. Жыр жолдары адам сенбес түрде, дәл бір бұрыннан жазылып-сызылып, жадымда жатталған өлең секілді қағаз бетіне төгілуде еді. Еш бөгелместен, тегіс жазық жерде ағып жатқан ағын су секілді жүректен құйылып жатқан жауаптың соңғы шумағының ақырғы нүктесіне жеткенде, бір сәт жүрегім тоқтап қалғандай сезіндім. Басымнан өткеріп жатқан бұл қандай хәл, неткен күй еді? 17–18 жасымда (яғни 33–34 жыл бұрын) жыр жазуды ойға алып, қалам тартқан бірнеше өлеңімнен басқа ешқандай еңбегім жоқ болатын. Сонда бұл қалай болды? Бір сәт Мағжанның рухы келіп, маған бұйрық беріп, бұларды жаздырды ма деген ойға келіп, іркіліп қалдым.

Содан кейін жазғандарымды бастан-аяқ қайта-қайта оқып шықтым. Иә, бұлардың барлығы көп жылдардан бері Мағжан өлеңін әр оқыған сайын іштей түйген сезімдерімнің қағаз бетіне түскен көрінісі еді. Бұл – бүгін күні бойы барша ой-сезімді, бүкіл жан дүниемді жаулап алып, санамда бірте-бірте айқындала түскен мөлдір жыр тамшылары, жүрекжарды ізгі ойлар еді. Жауабы әр оқыған сайын терезені ашып тастап немесе балконға шығып, бүкіл Анкара аспанын зор дауыспен күркіреткім келген еді. Бірақ мұны жасай алмай, қайта келіп, өлең мен оның жауабын қайталап оқи бастадым. Қызық бір күйге түскен едім. Кейде көкірегім жарылып, жүрегім сыртқа атылардай тулап, кейде терезеден өзімді бос кеңістікке тастап жіберіп, бейнебір құс секілді қалықтап ұшып кетердей күй кешуде болатынымын. Бірақ, осы ой-сезімдермен іштей алысып жатқанда, Мағжанның өлеңі мен жауабымды, әр оқыған сайын тура бір алғаш рет оқып жатқандай толқып-тебіреніп, бас алмастан оқи бердім».

Ф. Будак қазақтың ұлы ақынын түркі әлемінің ұлы ойшылдарының қатарына қосады. Оны мұндай биікке көтерген ақын поэзиясындағы түркішілдік, яғни түркілік бірлік идеялары екендігіне назар аударады:

«Мағжан өлеңдеріндегі рухани күш тамырын тереңге тартып, түркілердің Түркістан аймағында хандықтар мен тайпалық одақтарға бөлінбей тұрған дәуірлерінен бастау алып жатыр. Мағжан отарланған қазақ даласында дүниеге келіп, бүкіл ғұмырын езгі мен қанауға түскен қоғамда өткізуіне қарамастан, оның рухы мен арманы тәуелсіз Түрік қағанатының кең жазира даласында қанат қағып, өлеңдері осындай қайнар көзден нәр алған. Мағжан Жұмабаев – көне түркі топырағында жат жерліктер ұстанған отарлау саясаты салдарынан ұзақ жылдар бойы бөлініп бөлшектенген бір халықтың жүйелі түрде қазақ, қырғыз, өзбек секілді ұлттарға топтастырылуына қарсы наразылығын білдіріп, жалынды өлеңдерінде қайсарлықпен ортақ түркі аты мен ортақ түркі болмысын әлемге танытқан парасатты ойшылдардың бірі. Оның өлеңдеріндегі ұлттың аты – ТҮРКІ, Отанның аты – ТҮРКІСТАН еді. Мағжан – менің Алтайдағы жүрегім.

...Мағжан Жұмабаев сөз етіп отырған түркі халқы оның өз көңіліндей кең-байтақ территорияда өмір сүруде, ал ақын жүрегі болса ұлы түркі әлемінің барлық жерінде соғып тұр. Мағжан өзіндік қырымен сол жылдары Анадолыда: «Түріктерге Түркия да, Түркістан да емес отан, Отан – ұлы және мәңгілік өлке Тұран» деп жырлаған ақын Зия Гөкалппен бір жолды, бір мақсатты ұстанғанын көрсетеді. Мағжанның ұлт ұғымы туралы жазған өлеңдеріндегі құдіретті ой оның тек әдеби көркем күшінен ғана емес, сонымен қатар өзіне және ұлтына деген үлкен сенімінен, ұлтының бойындағы ұлы күштен нәр алып жатыр. «Мен» деп өзін емес, түркі халқын меңзеген «Мен кім?» деген өлеңінде Мағжан халқының ұлттық болмысын былай сипаттайды: «Көкте күнмін, көпке нұрым шашамын, Көңілге алсам, қазір ғарышқа ұшамын. Шеті, түбі жоқ теңізбін кара-көк, Еркемін – толқып, шалқып, тасамын». Мағжан өлеңдеріндегі бұл сарын сол жылдары Анадолы көгінде күркіреген дәл осындай бір айбынды үнді еріксіз еске салады. Бұл шумақтар ұлттық мәселе тұрғысында Мағжанмен бір көзқараста болған, Мағжан секілді дархан жүректен нәр алған Мехмет Акиф Ерсойдың: «Мен ежелден азатпын, еркін алға басармын, Шынжырлап құрған торына дұшпанның өзін асармын. Буырқанған селдей боп, бөгеттерден арқырап, Қоршаған тауды қопарып, байтаққа сыймай тасармын», – деген өлең жолдары бар («Егемен Қазақстан», 31.01.2018).

М. Жұмабаевтың «Күншығыс», «Пайғамбар», «Тез барам», «Жер жүзінде», «Мен жастарға сенемін», «Түркістан» т.б. өлеңдерінде түрікшілдік, түрік бірлігі идеясы жырланады. Осылардың ішінде әсіресе «Түркістанда» түрік рухы барынша асқақталған.

«Түркістан – екі дүние есігі ғой,  
Түркістан – ер түріктің бесігі ғой.  
Тамаша Түркістандай жерде туған,  
Түріктің тәңір берген несібі ғой» –

деген жолдармен басталатын ұзақ өлең түркі халықтарының гимні іспеттес. Онда түркілер мекені Түркістан-Тұран орналасқан жерге поэтикалық сипаттама, олардың тарихына қысқаша шолу жасалынған,

«Тұранға жер жүзінде жер жеткен бе?  
Түрікке адамзатта ел жеткен бе?  
Кең ақыл, отты қайрат, жүйрік қиял,  
Тұранның ерлеріне ер жеткен бе?!» –

деп, Отанын сүйген ақын көк түріктерді өзгелерден өзгеше көреді: ақынға сенер болсақ, дүниеде түріктен асқан халық жоқ. Шаңқан боз шабытына мініп, қиял көгінде шарықтаған ақынды туған халқы соншалықты сүйіп, жырға қосқандығы үшін кінәлау қиын. Бұлайша жырлау поэзияға тән қасиеттердің бірі. Бұл – басқа халықтарды жек көргендік емес, өз халқын барынша сүйгендік; өз халқы арқылы бүкіл адамзатты сүйгендік.

Ақын Тұраннан шыққан қайраткерлерді мақтаныш тұтады. Афрасиябтың, Кей-Қысыраудың, Зұлкарнайынның, Шыңғысханның, Ақсақ Темірдің, Ұлықбектің, әл-Фарабидің, т.б. аттары асқақ сезіммен аталады. Ал, осылардың біразын күні кешеге дейін біле бермегеніміз, білсек те ол қазақ па, өзбек пе деген сияқты тайыз ойдың жетегінде жүргенімізді жасыра алмаймыз. Ал, Мағжан бұларды өткен ғасырдың басында-ақ түрік халықтарына ортақ ұлылар санаған,

Осы жерде тағы мына бір жағдайға назар аудара кеткен жөн. Ол – Тұраннан шыққан ұлылар қатарында Шыңғысхан есімінің аталуы. Бір кезде дүниені қаһарымен тітіренткен Шыңғысханның тұлғасы күні бүгінге дейін түрлі пікірлер туғызып келеді. Еуропацентристік ілім бойынша, ол – талай елдерді қанға бөктіріп, қырып-жойып, жерін басып алған басқыншы. Соңғы уақыттарда ол туралы басқаша пікірлер де көріне бастады. ЮНЕСКО жүргізген әлеуметтік сұраулар бойынша, Шыңғысхан соңғы мыңжылдықтағы ең жарқын тұлға аталды.

Қазірдің өзінде де Шыңғысханның қандай тұлға екендігі жайлы пікірталас қызу жүріп, кереғар пікірлер айтылуда. Ол жөніндегі пікір қысқартылып, бірі – оны Еуразияны қиратқан қанішер десе, екіншісі – оны әлемді аузына қаратқан ұлы тұлға деп қарайды. Қай-қайсысы да өз пікірлерін дәлелдеуге нақтылы деректерді қажетінше таба алады. Бізше, ол осы уақытқа дейін Шыңғысхан Моңғолдың ханы, тегі моңғол болып келді. Мағжан болса, ол Шыңғысханды Тұраннан шыққан ұлылар қатарына қосып, есімін бірінші атаған. Ал, енді соңғы уақыттарда жүргізілген генетикалық сараптамалардың нәтижесі Шыңғысханның гені – 60 пайыз қазаққа, 40 пайыз моңғолдың бір тайпасына жақын

екендігін анықтап отыр. Сонда Шыңғысхан кім? Мағжан Шыңғысханды Тұраннан шығарып, турасын айтсақ, түркітектес деп, осыдан бір ғасыр уақыт бұрын айтқаны ойлантпай қоймайды. Екіншіден, осы уақытқа дейін Шыңғысханды басқыншы, жауыз деген пікір басым болып келсе, Мағжан оған Тұран мақтанышы ретінде қарап, аспандата жырға қосады:

«Тумайды адамзатта Шыңғыстай ер,  
Данышпан, тұңғиық ой, болат жігер.  
Шыңғыстай арыстанның құр аты да,  
Адамның жүрегіне жігер берер»

Бұл жолдарға түсініктеме беріп жатудың өзі – артық. Мағжанның ойынша, қазақтар – түріктердің қара шаңырағына ие болып қалған халық:

«Көп түрік енші алысып тарасқанда,  
Қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па?!»

Өлеңде қазақ тарихына да қысқаша шолу жасалынып, Қасым, Назар, Есім, Тәуке, Абылай, Кенесары есімдері мақтанышпен аталған. «Арыстан елге отан болған Тұранда» хандық құрған қазақ хандары «қазақтың қасқа жолды Қасым ханы», «әділ хан аз болады Назардайын», «алашқа Есімханның жолы дайын», «Тәукедей данышпан хан», «Алаштың арыстаны Абылай еді», «Кешегі ердің ері көкжал Кене» деп сипатталады. Бұл жолдардың қазақ хандарын жырға қоспақ түгілі, аттарын атаудың өзі қиын, тап күресінің барынша күшейіп тұрған кезінде жазылғандығы да есте болғаны жөн. Тіпті, ол кез түгілі күні кеше заман ептеп түзеліп, Мағжан ақталып, оның шығармалар жинағы кітап болып шығып, туған халқына қарай қайтадан жол тартқанда (1989) Кенесарыға арналған бір шумақ өлең алынып тасталған. Ол жолдар мынадай:

«Тұраннан Сарыарқаны бөлек деме,  
Түркістан алты алашқа болған кебе.  
Тұранның топырағын құшып жатыр,  
Кешегі ердің ері көкжал Кене».

Жалпы, Мағжан Алаш, Алтай, Түркістан, Тұран этнонимдерін жиі қолданып, бүкіл шығармашылығының өзегіне, сарынына айналдырғандай. Әсіресе, Алаш сөзін. Ақын бұл сөзді қазақ деген мағынада ғана емес, түркі жұрты деген мағынада да қолданады. Мысалы, түркі жұртынан шыққан ұлы тұлғалардың бірі Қорқыт туралы дастаны мынадай жолдармен басталады:

«Алтайға жер жүзінде тау жоқ жеткен,  
Алтайға бетегедей алтын біткен.  
Бейіштей алтын Алтай етегінде,  
Ертеде Алаш елі мекен еткен.

Ол күндер көз жетпейтін ерте күн ғой,  
Ерте күн ертегідей ерке күн ғой.  
Өткен күн – ұстатпайтын сұлу сағым,  
Жалғыз-ақ желден жүйрік жетеді ғой.

Өткен күн ертегімен таласқандай,  
Уа, дүние, ол күндерде алаш қандай?!  
Ой-қырдан орғып-қарғып еріккенде,  
Алтайға ойнақ салып жүрген аңдай»

(Мағжан Жұмабаев. Шығармалар. 3 томдық. 2–3 том. Алматы, «Білім», 1996, 6-бет).

М.Жұмабаев – қазақ халқының ғана емес, түркілік, әлемдік деңгейге көтерілген, сөйтіп, түркішілдік, жалпы адамзаттық мәселелерді көтерген ұлы ақындардың бірі ғана емес, бірегейі. Кезінде Мағжан жырлаған түркішілдік идеялары күні бүгінге дейін өзінің мәні мен маңызын жоя қойған жоқ. Керісінше, уақыт өткен сайын әсіресе ғаламдасу ерекше қарқын алған ХХІ ғасырда барынша өткірленіп, күн тәртібіне өткір қойылуда. Мағжан айтқандай, қазақ халқының болашағы туысқан түркі халықтарымен бірге болғанда ғана – жарқын. Сонда ғана барып, біз алдымен, түркі бауырларымызбен, одан қалды басқа да халықтармен тереземіз тең өмір сүріп, әлемдік өркениеттен өзімізге лайықты орнымызды ала аламыз.



## «КҮҢІРЕНІП ОЙЛАҒАНДА, АЛАШ ЖАЙЫН...»

«Жүрегім, мен зарлымын жаралыға,  
Сұм өмір абақты ғой саналыға.  
Қызыл тіл, қолым емес, кісендеулі,  
Сондықтан жаным күйіп, жанады да».

*Мағжан*

Поэма – акынның шығармашылық мүмкіндіктеріне орай неғұрлым кеңірек жол ашатын ауқымды жанр. М. Жұмабаев та қаламын құлаштай тербеп, «Қорқыт», «Ертегі», «Оқжетпестің қиясында», «Қойлыбайдың қобызы», «Батыр Баян», «Жүсіпхан», «Қаныш байдың киссасы», «Өтірік ертеке», «Токсанның тобы», «Толғау» поэмаларын жазды. Әрине, бұлардың барлығы бірдей, алтынмен апталып, күміспен қапталған деуге келе бермес; көркемдіктері де түрліше деңгейде. Тіпті, бүгінгі күннің жанр талаптарына сай келе бермейтіндері де бар. Мысалы, «Токсанның тобы» мен «Толғау» поэмадан гөрі «толғау» жанрына жақындау сияқты. Мұны екіншісінің тақырыбы да айтып тұр.

Акын «Толғауда»:

«Жапанда жалғыз күңіреніп,  
Мен ойыма ергенмін...  
Қайда барсам, көр көрдім.  
Айдарлысы құл болып,  
Тұлымдысы тұл болып,  
Еңіреген ел көрдім.  
Қаралы көптің ішінде,  
Қара салып басыма,  
Елмен бірге еңіредім...  
Күлкісін гүлге бөлейтін,  
Жыласа бірге жылайтын,  
Жаны бір жолдас жырауымен»,  
деп, «Токсанның тобында»:  
«Мен мұндымен мұндастым,  
Адассам ел деп адастым,  
Жырладым елді жалпылап», –

деп, ағынан жарылады. Екеуінде де лирикалық кейіпкердің жүрек-жарды толғаныстары публицистикалық сарынмен жырланған.

Жанрлық айырымның негізгі бір белгісі оның көлемі болса, «Қойлыбайдың қобызы» мен «Оқжетпестің қиясында» қысқа қайырылған. Солай бола тұра бұл екеуінің поэма аталған себебі, бұларда қамтылған оқиғалардың, тақырып аясының ауқымдылығы, қозғалған мәселелерінің маңыздылығы болса керек.

«Қойлыбайдың қобызы» аңызға құрылған. Акын оқиға желісіне Ш.Уәлихановтың «Тәңірі» деген мақаласында келтірілген деректерді пайдаланса керек. Қалың найман ішінде үлкен ас болып, бәйгеге

екі жүздей ат қосылады. «Ерігіп аңғал батыр, маңғаз байлар» «жын жүгендеп, пері мінген, алдында жорғалаған шашты шайтан» Қойлыбай бақсыға кедейлігін кемітіп, «бәйгеге қобызың қос» деп, тәлкек етеді. Намыстанған бақсы қобызын бәйгеге қоспақшы болады. Ол үшін қобызын бір сексеуілге байлатып тастайды да Қақаман бастаған жындарын көмекке шақырады. Ат келетін мезгілде Қойлыбай бақсы қолындағы жалаңаш қылышын қобыз қылып, сарнап, жын-перілері сар далапы құйындатып, дүрілдетіп, қап-қара бұлтқа қосып, ойнақ салады. Бір кезде қопарып, сүйретіп кеткен сексеуілімен жан-жағын сабалап қобыз бәйгенің алдында келе жатады. Көздеріне сенер-сенбесін білмеген «қалың ел таң-тамашадан тас боп қатты». Адам сенбейтіндей, бірақ халық үшін қажет осы бір аңызды жырға айналдырғандағы негізгі ой «Қойлыбайдың қобызының» соңындағы мына бір жолдарда жатыр:

«Жарасқан бай мен биі, батыр, бақсы,  
Алыста елестейсің заман кайран!  
Айрылдық балпан басқан батырлардан,  
Аузынан уыз төгілген маңғаз байдан.

Құдай-ау, албастының ойнағындай,  
Мынау сұм заманға кез қылдың қайдан?  
Шіркін-ай, кер заманды күл қылар ем,  
Бата алсам, Бағаналы Қойлыбайдан».

Ақынның әлеуметтік бағыты айқын: ол өткен замандардағы «балпан басқан батырларға», «маңғаз байларға» іш тартып, кенестік кезді «албастының ойнағындай» «сұм заман» атап, Қойлыбайдан бата алсам, «кер заманды күл қылар ем» деген ойын ашық айтады.

Мағжан поэмалары – түгелге жуық аңыздық, тарихи оқиғаларға негізделген. «Ертегі», «Жүсіпхан», «Өтірік ертегі», «Қойлыбайдың қобызы», т.б. ертегі түрінде, «Қорқыт», «Оқжетпес киясында», «Батыр Баян» тарихи-аңыздық деректерге сүйеніп жазылған. Негізгі идеялары – ұлт азаттығы, ұлттық дәстүрді сақтау, адамгершілік асыл қасиеттерді дәріптеу, халыққа қызмет ету, достық, т.б. «Қаныш байдың қиссасында» байлыққа мастанып, жас тоқал алған байдың оны бала көтермедің деп, таяққа жыға бергені, соңында ұрып өлтіргені, о дүниелік болып кеткен тоқалдың шал ұйықтап жатқан кезінде қарақұрт болып келіп шаққандығы баяндалады. Басты идея – тіршілікте асыптаспа, өмірде не жасасаң, сол алдыға келеді. «Өтірік ертеkte» ауыз әдебиетіндегі санамақтың формасы ұтымды қолданылған. Балалардың қабылдауына жеңілдету мақсатымен «ерте, ерте, ерте екен» деп бастап, Ширазда болған ертек-әңгімені баяндайды. Мысық түрлі айла-шарғылар қолданып, тышқандарға күн көрсетпейді. «Олар менің азығым, Бұл – құдайдың жазуы», – деп ойлайтын мысық қалың тышқанды сорлатуын қоймайды. Поэманың соңында автор айтылар ойды ашып тастап, оқырман балалардың алдына жайып салады:

«Мысық – талаушы екені,  
Ханның – қанаушы екені,  
Қалың тышқан – қалың ел».

Поэманың соңында күллі тышқан көтеріліп, мысықты орнынан түсіріп, айдап шығады. Қанша мықты болсаң да, «көп қорқытады, терен батырады» деген ой аңғартады. Қаптесер мысыққа: «Кет, қанішер! Баскесер!» – десе, тышқандарға:

«Еркін қалдың, қалың ел!  
Еңіреме енді, жасың тый!  
Енді сені талау жок!  
Енді құл ғой қанау жок!  
Өзіңе-өзің болдың би!» –

деп, жалынды сөз сөйлейді. Тышқандар «Жасасын!» деп қол соғады. Автор одан арғысын мен айтпаймын, сен сұрама дегендей, оқушысын ойға жетелейді. Поэманы оқып шыққанда, сол кездегі елдегі саяси жағдай, яғни большевиктердің Николай патшаны қуып шығып, теңдік, бостандық заман орнатамыз деп ұрандатып жатқаны, бірақ халық халінің бұрынғыдан өзгермей, тек қанаудың бір түрінен екінші түрге ауысуы ойыңызға оралады. Автор ендігісін айтпаймын, ішің білсін дегенде, сол кездегі саяси жағдайды ашық айтпай, өнер күшімен түспалдай бейнелеп, мегзеп отырған сияқты.

«Жүсіп хан» поэмасы да ертеке үлгісінде жазылған. Ертеде сонау Иран елінде «елін бақпай, тақ баққан» Аббасхан патшалық құрыпты. Жұлдыздарға қарап бал ашатын балгер оған тақта отыра берсеңіз, оныншы күні қаза табасыз дейді. Хан он күнге тағын біреуге бере тұрғысы келеді. Мұны естіген уәзірлерінің барлығы да түрлі себептер айтып, бас тартқан соң, базарда отырған Жүсіпті алып келіп, таққа отырғызады. Бұрын зорлық-зомбылықты, әділетсіздікті көп көрген Жүсіп хан болған соң:

«Жақтап жарлы, жалшыны,  
Сыпырғандай тезекті.  
Өңшең залым кезептен  
Еңбекші елді аршыды».

Халық: «Мың жаса, Жүсіп, мың жаса!» – деп қуанса, «тірі қалған төбеттер» бұған көңісі келмей, оныншы күн дегенде ақылдасып, Жүсіпханды өлтіріп тынады. Таққа бұрынғы Аббас хан қайта отырып, «өңшең сұмдардың бағы» қайта жанды.

«Сұм-сұркия уәзірлер,  
Хан керегін әзірлеп,  
Шапты, шанышты, ел талап.  
Бұқара сорлы бүткендеп,

Табанда ылғи тепкі жеп,  
Жүрді жасы сорғалап», –

деп, хан тағынын маңында жүретін жылпостар мен жағымпаздарды іс-әрекеттері барынша сыналады.

Белгілі дала данышпаны Қорқыттың есімі түркі халықтарының кеңінен танымал. Шамамен VIII ғасырда Сыр бойында өмір сүрген Қорқыт халқының қамын ойлап, күйін күйлеп, мұнын мұндап, күңіренумен өткен. Оны адам қайтсе өлмейді деген сауал толғандырып желмаясына мініп, дүниенің төрт бұрышын кезіп кетеді. Қайда барса да естігені «Қорқыттың көрі» деген сөз болған соң, еліне оралып қобызын қолға алып, өмір туралы толғанып күңіренген екен деген аңыз бүгінгі күнге жеткен. Осы аңызға негіздеп жазған Мағжанның поэмасы «Қорқытта» қобыздың күйі төмендегіше суреттелген:

«Қобыздан мұнды дыбыс сорғалады,  
Майпандап ә дегенде жорғалады.  
Біресе асау тайдай ойнақ салды,  
Біресе сары нардай ырғалады...

Біресе жүйрік желдей кетеді есіп.  
Асқарды аттай өтіп, дария кешіп.  
Біресе әлдекімге тіл қатқандай,  
Желменен жапырақтай күбірлесеп...

Күңіренді, жылады зарлап қобыз,  
Жанды ертеді толқынды, мұнды лебіз.  
Жасын төкті көл қылып шерлі Қорқыт,  
Жан жыласа, жыламай кала ма көз».

Поэма негізінен халыққа белгілі аңызға құрылғанымен де ақындық қиялмен, өміршең ойлармен, көркемдік құралдармен өрнектеліп түскен. Дастанда Қорқыт, «адам қайтсе өлмейді?» деген өмірдің негізгі мәселесіне жауап іздеп, тауға, орманға, суға, желге сауал қояды: «Жаны – тас, жүрегі – тас тау не десін», «ежелден ой білмеген меңіре орман», «беті құр соғылғаннан жыбыр-жыбыр» «су, басы жоқ, аяғы жоқ сыбыр-сыбыр» жел де ештеңе айта алмайды. «Үнсіз алас ұрған күнге, «өгіз де бір аузын бұған» айға, «қылмындай қар қатындай көзіл қысқан» жұлдызға бұл сұрақты қоймайды да. Өйткені, олар да не десін

«Қорқыт» құрылымы жағынан екі бөліктен тұрады деуге болады. Дастанның негізгі бөлігі белгілі аңызды көркемдік тұрғыда жаңғыртып, ондағы терең ойлардың тұңғығына бойлап, жаңашыл пайымдауға арналған. Халқы үшін ой кешіп, күңіренген Қорқыт Мағжан үшін асқақ тұлға. Дастанда Қорқыт та идеалдандырылып суреттеледі.

«Өткен күн ертегімен таласқандай,  
Уа, дүние, ол күндерде алаш қандай?!»

«Қарны тоқ, қайғысы жоқ, жаны тыныш,  
Малдай-ақ қор-қор ұйықтап ел жатқанда».

«Байлары малмаң-малмаң мал бакқанда,  
Батырлар балпаң-балпаң ел шапқанда».

«Өткен күн ертегі ғой, тамаша таң,  
Ойласақ, өткен күнді жұбанар жан»,

дегені сияқты кестелі өрнектер айтылар ойдың негізгі лейтмотиві ретінде дастанның өн бойында алтын арқаудай, қайталанып отырады.

«Атасы акындардың ақын Қорқытты» Мағжан тектен-текке жырлап отырған жоқ. Әділетсіздіктерді көп көріп, өмірі қуғын-сүргінмен өткен акын Қорқыттан өзіне бір жақындықты, үндестікті көргендей болады. Қорқыт туралы жыр төге отырып, өзінің де өмір жайлы өзекті өртер өршіл ойларын төгіп-төгіп жібереді. Дастанның өн бойында лирикалық кейіпкердің болып жатқан оқиғаға қатысты ойлары ұтымды кірігіп отырған.

«Ол күндер көз жетпейтін ерте күн ғой,  
Ерте күн – ертегідегі ерке-күн ғой,...  
Өткен күн – ұстатпайтын сұлу сағым,  
Жалғыз-ақ желден жүйрік жетеді ғой», –

деген жолдардан басталған сегіз шумақ түгелімен Мағжанның заман туралы толғаныстарынан тұрады. Акынды тыңдасақ, сар далаға құлақ салсақ, Қорқыттың сарыны әлі күніреніп тұр. Сол сарынды тыңдай-тыңдай жаным уланды. Ойлай берсем, «артымда – ор, алдымда – көр, өтеді өмір». Ендігі жан-жолдасым – жалғыз қобыз. поэманың соңындағы:

«Өмірде арманым жоқ – Қорқытқа ерсем,  
Қорқыттай жанды жаспен жуа білсем.  
Жас төгіп, сұм өмірде зарлай-сарнап,  
Құшақтап қобызымды көрге кірсем», –

деген шумақтың философиялық ойы – терең. XX ғасырдың ақыны Мағжан мен VIII ғасырдың ақыны Қорқыттың арасындағы параллелді, үндестікті көреміз. Оларды жақындатып тұрған – халық, екеуінің де сол халықтың жоғын жоқтап, мұның мұндаған жоқтаушысы болуы. Акын халқының жоқшысы болып, өмірден күніреніп өткен Қорқытты идеал тұтып, соның жолын қалайды, яғни «сұм заманда» елінің ертеңі үшін қауіп-қатері мол күрес жолына түседі.

Жалпы «Қорқытты» өмір туралы, өмір сүрудің мәні жайлы жазылған, соған жауаптар іздеген философиялық дастан деуге болады. Акынның:

«Ақын – жел, есер гулер жүйрік желдей,  
Ақын – от, лаулап жанар аспанға өрлей.

Қиялы жан-жүрегі – ойнаған от,  
Ақынды аласұртар тыныштық бермей?», –

деген сияқты өлең шумақтары жай сыдыртып оқи салуға көнбейді. Айтылуы келіскен терең ойлар оқырманын арбайды; өмірдің түпсіз тұнғығына қарай тартып, ақынмен бірге ой кешуге мәжбүрлейді.

«Ойменен, пара болған, жан жыртылып,  
Мерт болған ессіз жүрек айға ұмтылып».

«Алыста сөнген оттай үміт өлді,  
Сұм тағдыр қатты қақты созған қолды».

«Қызарып ашуменен күн батқанда,  
Ерініп, еркеленіп таң атқанда», –

деген сияқты көркем кестеленген айшықты жолдар «Қорқытта» жиі кездеседі. Асыл сөздің мұндай інжу-маржандарын тек Мағжанның ғана поэзиясынан көре аламыз.

Жұмабаевтың шығармашылығында тарихи тақырып ерекше орын алады. Қазақтың тарихындағы ел билеген абыздар, ел қорғаны болған батырлар жайлы жыр толғағанда ақынның қаламы су төгілмес жорғадай жорғалайды. Ақындық қиялы шарықтап, шабытты шақта жазылған шығарманың бірі – Кенесары туралы «Оқжетпестің қиясында» поэмасы.

Кенесары – қазақ халқының ұлт-азаттық тарихындағы бірегей кесек тұлғалардың бірі. Әдебиет халық өмірінің айнасы десек, Кенесары қозғалысы да қаншама суреткердің ойын қозғап, талай-талай көркем шығармалар өмірге келді. Бірақ та отаршылдықтың жаңа замандағы түрі кеңес өкіметі жылдарында бұл тақырыпқа шідер салынып, оны жазған ақын-жазушылар қуғынға түсті. Соған қарамастан, Мағжан осы тақырыпқа қорықпастан барған. Онда да саналы түрде барып, бір ғана бұл дастанында емес, бүкіл шығармашылығының өн бойында Кенесары рухын көтеріп отырған.

«Оқжетпестің қиясында» алдымен, оқиға өтетін жерді суреттеумен басталады:

«Арқада Бурабайға жер жетпейді,  
Басқа жер ойды ондай тербетпейді».  
Ақын үшін Бурабайдай жер жәннаты жоқ.  
«Арқада Бурабайға жер жетпесе,  
Алашта Кенекеме ер жетпейді.  
Көкшеде күңіренген Кенем қайда?!  
Дариға, жүрегімді дерт өртейді».

Бұл – оқиғаның байланысы. Осы жерде алаштың теңдесі жоқ біртуар ұлы Кенесары екендігі айтылып, сол Кенені жоқтайды. «Күңіренген Кенесі» – халық қамын жеген Кенесары. Кенедей халық ұлын жоқтап ақын жүрегі аһ ұрады. Ақын суреттеген Көкшенің көрінісі:

«Көкшені күндіз-түні мұнар басқан,  
Қап-қара бұлттармен құшақтасқан.  
Алдында бұйра жалды бөлек тау тұр,  
Көкшеге қосылмаққа қойнын ашқан».

Көкшенің сұлу табиғаты мөлдіреп көз алдыңызда тұра қалады.  
«Қап-қара бұлттармен құшақтасқан» Көкшетау, «жел ойнап, ақ бетіне  
меруерт шашқан көл... «Күндіз-түні мұнар басқан» Көкшенің аясын-  
да мұнарадай тастан құйып жасаған Оқжетпестің қиясында ой кезіп  
Кенекең жүр...

«Алашта талай-талай ерлер өткен,  
Ерлерде Кенекеме кім бар жеткен?  
Сүйремей елін өрге, көрге сүйреп,  
Ер емес, «ершіктер» ол елді еңіреткен.  
Жалғыз-ақ Кенекем ғой Қайрат қылған,  
Қазақты құтқарам деп қалың өрттен».

Поэмада Оқжетпестегі бір үңгірді бірнеше күн мекен қылған Ке-  
несарының ақсақалды «аппақ қарт» болып келген «аруаққа» кездесуі,  
оның отаршылдықта күйзеліп жатқан елдің жағдайын айта келіп, «елің  
қалды жау қолында», соны сен құтқар, мен саған тілектес болып отыра-  
мын, егер сен осы жолда мерт болсаң, «сол сағат мен осы жерде тасқа  
айналам», сөйтіп «алашта тағы сендей ер тууын күтемін» деуі жыр  
жолдарына айналған. Ақын қарияның аузына мынадай сөздер салады:

«Ел үшін еңіреп туған жолбарысым,  
Білемін жүрегінде бар бір жараң.  
Сені улаған қазақтың қайғысы ғой,  
Дариға, қазағынның күні қараң.  
Алаштың алдын қара тұман жапқан,  
Мынау орыс обыр ол еміп жатқан.  
Заман азған шағында, адам азбак,  
Көп ерлер жаумен бірге елін шапқан.  
Кешегі Абылайдан азып туған,  
Уәли анау, қар қатынмен басы қатқан.  
Шормандай шолпылдаған шолақ билер,  
Орыстың шекпеніне елін сатқан.  
Кенежан елің қалды жау қолында,  
Алып кет алашыңды осы жақтан».

«Мынау орыс обыр, ол еміп жатқан» деген жолдарды орыс би-  
леп тұрған кеңес өкіметі жылдарында тек Мағжан сияқты ұлтын  
жан-тәнімен сүйген адал ұлдары ғана жаза алады. «Абылайдан азып  
туған Уәли анау» дегенге келсек, патшалы Ресейдің отаршылдық са-  
ясаты кезінде Абылай хан ұрпақтарының бір бөлігінің патшаға саты-  
лып кеткендігін айтып отыр. Уәлиің ұрпақтары замана ығына қарай

жығылып, патша жағына шығып алды да Қасымның балалары халық жағында қалып. азаттықтың ақ туын көтеріп көтеріліске шықты. Сөйтіп, ағайынды кісінің балалары бір-бірімен жау болып, екі жаққа кетісті. «Орыстың шекпеніне елін сатқан» ел билеген ер-азаматтар барынша айыпталып отыр.

Қазақтың кең даласында атой салып, орыс отаршылдарына талай-талай ойран салған Кенесарының сатқындықтың салдарынан қырғыздардың қолынан қаза тапқаны белгілі. Туысқан екі халықтың арасындағы қарым-қатынастарға сызат түсіруі мүмкін осы бір келеңсіз жағдай поэмада:

«Біле алмай надандықпен ердің ойын,  
Сорлы қырғыз мерт қылды ғой арыстанды», –

деп баяндалған. Яғни, Кенесарының қырғыздар қолынан мерт болуын екі халық арасындағы жаулықтың салдарынан емес, әлі де ұлттық, азаттық сана-сезімнің пісіп жетілмегендігінен, Қытайға қатынасқа шықпақ болған Кенесарының оның болашаққа барар жолдың азаттық арқылы ғана өтетіндігін қырғыздардың түсінбегендігінен көреді. Осындай орны толмас ойсыз іске барған қырғыздарды айды.

Кенесарымен бірге азаттықтың ақ туы құлағаннан кейінгі қазақ даласының көрінісін:

«Тұлпар-тулақ, ел арып, аруақ боп,  
Сарыарқа сайран жердің сәні кетті.  
Жолбарыстар жортатын сар далада,  
Қорсылдаған доңыздар мекен етті», –

деп суреттейді. Сөз құдіреті деген сол емес пе – бір шумақ өленде қазақ даласының саяси-әлеуметтік портреті барынша көрініп тұр. Еркін дала – «Сарыарқа сайран жер», «Жолбарыстар жортатын сар дала», ал бодан далада «қорсылдаған доңыздар мекен етеді». Бұдан артық кестесін келтіріп, жетесіне жеткізіп айту мүкін емес сияқты.

Кенесары Алатауда абайсызда мерт болғанда, Көкшетаудағы тілекші қарт та Оқжетпесте қара тасқа айналып, «алаштан Кенекемдей бір ер күтіп» әлі тұр. Автор Кенесарыдай ұл туып, елді езілуден құтқарып, азаттыққа бастар күнді асыға күтеді. Шыдамы таусылып:

«Құдай-ау мәңгілікке қарғамасаң,  
Кенедей енді неге ер тумады?!  
Кене жок, ізін басар іні де жок,  
Дариға, жүрегімді дерт улайды» –

деп, құдайдан сұрайды. Осы жағдайдың жанына батып, жүрегін улап тастағанын айтып, ашынады.

«Оқжетпестің қиясында» Көкшетаудың сұлу табиғаты барынша көркем кестеленген. Көкшенің көлі:

«Мөп-мөлдір, дөп-дөңгелек көл ортада,  
Жел ойнап, ақ бетіне меруерт шашқан».  
«Бетінен жел кеп сүйіп алғаннан соң,  
Көбіктеніп көл екеш көл ойнайды».  
«Толқындар тасты сабап, тулап жатты».  
«Күңіренген көлдердің көбігімен».  
«Төменде тулай-тулай толқын өлді».

Тағы да мына бір көріністі тамашалаңыз:

«Тербеліп, күңіреніп қара бұлттар,  
Жер мен көк қасиетті жырға толды.  
Бұлтты айдап, сылдыратып сумен ойнап,  
Ерке жел тасты құшып сақ-сақ күлді».

Ал, поэманың басты қаһарманы Кенесарының бар болмысы мына бір екі жолға сыйып кеткен:

«Келеді маң-маң басып Оқжетпеске,  
Құмдарға жолбарыстай тастап ізін».

Мағжан поэзиясындағы табиғат барлық уақытта да адамға қатысты көрінеді. Адам табиғаттың аясында алынып, соның бір бөлігі ретінде тікелей байланысты бейнеленеді. Психологиялық параллелизм жиі қолданылып, табиғи құбылыстар адам болмысын аша түсу мақсатында қызмет етеді. «Оқжетпестің қиясындағы» табиғат көріністері де адам жанымен астасып, негізгі идеяны жарқырата түсуге шебер пайдаланылған.

«Оқжетпестің қиясында» поэмасының композициялық құрылымы өзгеше. Көркем шығарма форма мен мазмұнның өзгеше бір үйлесім табуы десек, дастанның формалық жағы назар аударады. Кенесарының ұлт-азаттық жолындағы күресі ұзын-сонар баяндалмайды. Оқжетпестің қиясында «қамалған қазағына жол таппаққа» ой кешіп жүрген Кенесарыға өң мен түстің арасында «алпақ қарт» болып елес – аруақтың тіл қатуы ұтымды шыққан. Арып-азып бара жатқан елдің аянышты халін айтып, осыдан құтқару сенің қолыңнан келеді деп, ата-баба аруақтарының атынан сөз сөйленуі, бата берілуі тәңіріге табынған қазақтар үшін өте әсерлі шыққан. Сөйтіп, Кенесары қозғалысы көп айтылып келген хандық билікті қалпына келтіру жолындағы емес, ата-бабалар армандап кеткен азаттық үшін болған халықтық күрес деп бағаланады.

«Ертегі» дастанында да осы «Оқжетпестің қиясында» айтылған негізгі идея жалғасын тапқан. Мағжан ұлт-азаттық күрестің идеалы тұтып, мақтан көретін, ойын тербеп, шабыт құятын халық қаһарманы Кенесары – осы поэманың да негізгі кейіпкерінің бірі.

Поэмаға Кенесарының әке жолын қуған баласы Сыздықтың Бетпақтың шөлін кезіп жүріп, бір күні түнде арам ойлы Жезтырнақты

кездестіріп, одан айласын асырып, құтылып кетуі өзек болған. Бір ғана шағын оқиғаны тілге тиек ете отырып, автор талай-талай өршіл ойлар айтып тастайды.

Акын жүрегі мазасыз... Тілім-тілім. Отқа оранған жанды жүрек біресе от құшқысы келіп, біресе арақ іздеп, «аласұрады, жынданады, жас жүрек». Бәрі де жоқ. Жалғыз жолдасы қиял ғана серік болып, ертек айтып жұбатады. Ертеде өткен Кенесары мен оның ұлы Сыздықтың елінің азаттығы жолындағы күресте ертегі сияқты ерлік істерін ойға алғанда, акын жүрегі бір сәтке пайыз тауып, жұбанғандай болады.

«Ертедегі адамдардың бәрі де ер,  
Түн жағында ел бар екен орыс дер.  
Орыс елі арқаға қол салған соң,  
Жас Кененің жүрегінде қалған шер», –

деген бір шумақ өлеңге қаншама ойлар сыйып кеткен. Ертеде кең даланы еркін жайлап жатқан өр мінезді, кең пейілді қазақ деген халық едік. Сол бейбіт жатқан елді түн (батыс демей, түн деуінде де үлкен мән бар) жағындағы орыстар күшпен басып алып, отарға айналдырған соң, Кенесары сияқты намысты ерлердің жүрегіне қалың шер қатып, азаттық жолындағы күреске шықты деген ойлар поэзияға айналған. Кенесары:

«Ту алады, орыс елін шабады.  
Ер талмайды, аста тұлпар талады.  
Ел-жұрт іздеп, Алатауға барғанда,  
Өз бауыры қырғыздан қаза табады».

«Ер талмайды, аста тұлпар талады» дегенде, қырғыздармен болған соғыста Кенесарының асқан жауынгерлігінің арқасында өзіне қару дарытпай, алдырмағанын, тек атына оқ тиіп барып қолға түскенін аңғартып отыр. Кененің жау қолынан емес «өз бауыры – қырғыздардың қолынан қаза тапқанына үлкен өкініш білдіреді. Дастанда Кенесары «алаш деп у, қазағым деп қан жұтқан», «заулап жанған өрт еді» (осы тіркес үш рет қайталанатын) деп сипатталған. Кенесінен айрылған соң, «алты алаштың жүрегін дерт» жайлайды.

«Тұлпар өлсе, қалмай ма онын тұяғы,  
Тартып туған артында ұлы жоқ па екен?!»

Кененің ұлы «төс үстінде желкілдеген қара жалы бар жас арыстан Сыздық» «ерден туған ердің жолын қуады». Осыдан былайғы әңгіме Сыздық жайында өрбиді.

Сыздық та әке жолын қуып, азаттықтың ақ туын көтеріп шығады. Бірақ, «алаш сорлы келешегін көрмей», оның соңынан ермейді. Бұған құса болған Сыздық «Түркістанның бетпақ шөлін кезеді». Жүрегін өкініштен дерт басып, дала кезіп кеткен Сыздықтың түн ішінде жезтырнаққа кездесуі – акын қиялынан туындаған, көркемдік тәсіл. Ертегі,

аңыздарда жиі кездесетін жезтырнақтар – адамға жауыздық жасайтын жамандықтың иелері. Мағжан да сол жезтырнақты Сыздыққа қиналып, арып-ашып, жалғыз жүргенде сұлу келіншек кейпінде кездестіріп, бас геройының бейнесін сомдай түсу үшін шебер пайдаланған. «Сұлу келіншек былқ-сылқ етіп қылмаңдап», «сылаңдап», «тал шыбықтай жүзге иіліп, бұраңдап», «сызылып», «жұлдыздайын жымындап», «былқ-сылқ етіп қылмындап» арбаса да Сыздық сезімге берілмей, бойын алдырмайды. Оның арам ойын сезген батыр қаһарланып, келіншекті қуып жібереді. Ойы жүзеге аспаған жезтырнақтың тегін кетпейтінін, кектеніп тағы бір соғарын сезген Сыздық орнына бір «дөңбек тасты» жатқызып, өзі анадай жерде келуін күтеді. Біраз уақыттан кейін қайта соққан жезтырнақты күтіп отырған батыр айлсын асырып, өлтіреді. Бұдан шығар қорытынды – алдына халықтық үлкен мақсаттар қойған адамды жау ала алмайды. Оған жаулық жасаған өзі құрған торға өзі түседі.

Дала кезіп, әлдекімнің қолынан айдалада арам өлгенше:

«Осы ойлармен ерттеді атын мінгелі,  
Жолдан безіп, қанды жолға кіргелі.  
Алаш елі, сары сайран жері үшін,  
Жаһанда емес, жау қолында өлгелі», –

делініп, әкесі Кене салған «қанды ізге» түседі. Поэманың сюжеттік желісі осымен біткен. Автор Кенесары, Сыздықтарды елге үлгі тұтып, өзі мақтан етеді. Бірақ, солар бастаған ізгі істің жалғаспай жатқанына:

«Заман озды, адам тозды, ерлер жоқ...  
Заман озды, ер заманы ерте екен...» –

деп, өкініш білдіреді.

Ертегі тыңдаған бала ғажайып бір әлемге еніп, ерекше бір сезім күйін кешпей ме? Сол сияқты Мағжан да ертегілік форманы шебер пайдаланған. Дастанның өн бойында «ертек, ертек, ертек, ертек – ерте екен» деген қоңыр үн (6 рет қайталанады) естіліп, көңілінді тербетіп тұрады. Оған «ерте күнде ешкі жүні бөрте екен» деген ертегілік тіркеспен бірге «есіл Кене заулап жанған өрт екен», «Сыздық ердің жүрегі шер, дерт екен» деген Кенесары мен Сыздықты, «ерте күнде ерлер екпінді өрт екен», «хан заманы, ер заманы ерте екен» деп, заманды сипаттаған әуезді, бейнелі тіркестер қосылып, поэмаға ерекше бір сымбат бере түседі.

Кезінде советтік социологиялық сындар Мағжанды өткен заманды ертегідей ғажап қылып жырлады, ол ескішіл, ескіні аңсайды деп айыптаған болатын. Онысы рас та. Мағжан өткенді аңсағанда, елінің еркін, азат өмір сүрген кезін аңсайды. Отаршылдықты бүкіл адамдық болмысымен, жан тәнімен жек көрген ақын елінің, өткен замандардағы мамыражай тұрмыс-тіршілігін мөлдірете суреттеу арқылы туған

халкының өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттыру, сөйтіп орыс отаршылдарының арам ойлы айла-шарғыларына беріле бермеу сезімін оятуды мақсат тұтты. Мағжан ертегідей болып қалған бұрынғы еркін, азат заманды көбірек жырлайтын себебі де сондықтан болса керек.

Поэманың соңы «бітті ертегі; аласұрад жас жүрек; не керек? ештеңенің керегі жоқ, айтшы тағы, тағы ертек!», – деген терең ойлы жолдармен аяқталған. Ақынға бүгінгі күннің ештеңесінің керегі жоқ, оған керегі – ертегі, яғни қиялға айналып кеткен елінің азаттығы.

Мағжанның ақындық кемеліне келгенде жазған поэмасы «Батыр Баян».

«Жүрегім, мен зарлымын, жаралыға,  
Сұм өмір абақты ғой саналыға.  
Қызыл тіл, қолым емес, кісендеулі,  
Сондықтан жаным күйіп жанады да.  
Қу өмір қызығы жоқ қажытқан соң,  
Толғанып қарауым сол баяғыға.  
Түйіннің тоқсан түрлі шешуі бар,  
Әдемі ертегідей баяғыда.  
Әдемі өткенді ойлап айнымасам,  
Сұм өмір күшті уын аяды ма?» –

деген шумақпен басталған. Мұнда да біз жоғарыда айтқан ойларды нығырлай түсер сілемдер жатыр. Өмірден әділетсіздікті көп көрген ақынның жүрегі жаралы. Азаттығы жоқ елде өмір сүру саналы адамға абақты сияқты: «сұм өмір абақты ғой саналыға; қызыл тіл, қолым емес, кісендеулі», Сондықтан да «Толғанып қарауым сол баяғыға... Әдемі ертегідей баяғыда». Ақын шынын жасырмай жайып салады: «Әдемі өткенді ойлап айнымасам, Сұм өмір күшті уын аяды ма?»

«Батыр Баян» да ақынның басқа поэмаларында жиі колданылған лирикалық толғаныстан басталған. Мағжанның өмір туралы ұстанымы, көзқарастары жыр жолдарына айналып, өнер калыбына құйылған.

«Ертегі уатпай ма баланы да,  
Сөз сиқыр ғой жазбай ма жараны да?  
Ақын да бір бала ғой айға ұмтылған,  
Еркімен өзі-ақ отқа барады да...  
Ақында адамзаттан дос болмайды,  
Жалғыз-ақ сырын сөйлер қаламына».

Поэмадағы сюжеттік желі оқиға өтетін Көкшетауды, оның ішінде Бурабайдың көркем көрінісін суреттеуден басталады. Бәйгеге қосылған шын тұлпардың бірден суырылып алға шығатыны сияқты, Мағжан да «Батыр Баянында» ә дегеннен-ақ шабыттың пырағына мініп, көсіле шабады.

«Арқада жер жетпейді Бурабайға,  
Бөленген бұйра сыпсың қарағайға.

Бұлт құшқан мәңгі мең-зең Көкшетауға,  
Бөлектәу: «Ой, бауырым!» – дер анадайда.  
Оқжетпес найза қия-қыранға ұя,  
Қарасаң жанның шері тарамай ма?  
Солардың ортасында Бурабай көл,  
Мөп-мөлдір, дөп-дөңгелек ұқсайды Айға.  
Бурабай – Арқа аралы. Жер еркесі,  
Ертеде қоныс болған Абылайға».

Мағжан үшін Көкшетаудың қазақ тарихындағы орны ерекше. Олай болатын себебі: бұл жердің табиғатының сұлу болуы ғана емес, Абылай, Кенесары сияқты халық қамын жеген арыстардың мекені болғандығынан да. «Ертеде қоныс болған Абылайға» деген жолдан бастап, оқырман Мағжанның соңынан еріп, оқиға желісіне түседі. Бір жағынан орыс, екінші жағынан қытай – екі оттың ортасында қысылған қазаққа ол аз дегендей, енді қалың қалмақ шауып, өкпені қыса түседі. «Елге қорған болған Абылайдың» ақ ордасында осы жағдайдан шығудың жолын ақылдаспаққа жиналған үлкен жиын... Елдің бар игі жақсылары осында. Негізінен тарихи оқиғаларға, деректерге сүйеніп жазылған поэмада есімдері елге танымал бірсыпыра белгілі кайраткерлердің есімдері аталады. Олардың әрқайсысының образын ашарлық бір ауыз сөзбен сипаттамалар беріп отырған:

«Жиылды өңшен ноян ығай-сығай,  
Байжігіт, Тасболат пен би Толыбай.  
Ту баста Абылайды хан көтерген,  
Қамқоры Қарауылдың шешен Қанай.  
Ашуы жауған қардай, шөккен нардай,  
Қарт қыран Қанжығалы қарт Бөгенбай.  
Бөкеннің жас жолбарыс жеткіншегі,  
Аузынан жалын шашқан жас Жанатай,  
Найзасын нажағайдай ойнататын,  
Жас барыс Бәсентиін Сарымалай...»

Осындай ретпен Оразымбет, Елшібек, Жәнібек, Жәбек, Сырымбет, Қарабұжыр сияқты батырлардың да есімдері аталады. Жиын біреуді күтіп, бірнеше күнге созылады. Ханның өзімен бірде олай, бірде бұлай сөйлесіп, кейде сөзге келіп қалатын дала батырларының күткен күйі былайша суреттеледі:

«Батырлар бұғаудағы арыстандай...  
Көкшенің бауырында өңшең көкжал.  
Күңіреніп күтіп жатты, күндер талай».

Осыншама би-батырлардың күтіп жатқаны – батыр Баян болатын. Абылай ханнан бастап өңшең көкжалдардың қыбыр етпей күтіп жатуларына қарағанда, батыр Баян да тегін адам емес. Ер Көкшенің,

Ер Қосайдың ұрпағы батыр Баян да – тегіне тартып туған нағыздың өзі. «Қазақтың батырлары бәрі қыран, Сонда да бір батыр жоқ Баяндай тап». Сол батырдың батыры Баян күтпеген жерден бір оқыс оқиғаға тап болып, алқалы жиынға кешігіп жатқан... Автор осы жерде шегініс жасап, батыр Баянның басын шырмап қалған жағдайды баяндауға көшеді:

Жоңғарларға жасаған бір жорықта батыр Баян он төрт жасар, бөбек дерлік бір аруды олжалап қайтады. Қыздың сұлулығы былайша суреттелген:

«Сол сұлу – сұлу екен атқан таңдай,  
Бір соған бар сұлулық жиылғандай.  
Торғын ет, шапақтай бет, тісі меруерт,  
Сөздері – су сылдырлап құйылғандай.  
Бір улап көзқарасы, бір айнытқан,  
Жұлдыздай еркелеген сөнбей-жанбай.  
Лебізі – жібек лебі, жұмақ желі,  
Кәусардай татқан адам қалар қанбай.  
Шын ер ғой батыр Баян алып қайтқан,  
Еліне сол сұлуды естен танбай».

Қазақ әдебиетінде сонау ауыз әдебиетіндегі Қыз Жібектен бастап, талай арулардың сұлулықтары ақындарға шабыт құйып, ғажайып портреттері жасалынды. Солардың ішінде Мағжан тамсана жырлаған осы бір қалмақ қызының ару бейнесінің орны ерекше, шоқтығы биік. «Шын ер ғой батыр Баян алып қайтқан, Еліне сол сұлуды естен танбай» деген жолдардың өзі неге тұрады.

Батырлардың әдетте аңғалдау, өжеттеу, ойына алғанын істемей қоймайтын бір бет өжеттеу, мінезі тік, доғалдау, бетің бар, жүзің бар демей, белден басатын тасырлау келетіні бар. Ал, батыр Баян батырлығының үстіне адамгершілігі жоғары азамат ретінде де көрінеді. Қалмақ қызын ұнатқанымен оның көңіліне қарап, өз ойын жүзеге асыруға асықпаған. Ал, Баянның орнына басқа батыр болса, тұтқындағы қалмақ қызының көңіліне қарамай-ақ, ойындағысын жүзеге асырар еді. Бұл жерде батыр Баян бір жағынан – адамды сыйлап, құрметтей білетін, жамандыққа бара бермейтін азамат ретінде көрінсе, екінші жағынан – қалмақ аруын сүйіп қалғандығы да байқалады. Жақсы көріп, кұлай сүйген адамның жүрегін ғашығының арбап, жаулап алып, тырп еткізбей тастайтыны бар емес пе еді? Батыр Баян да сондай күй кешеді. Оның үстіне тұтқындағы қыз қайда барар дейсін, ертелі-кеш әйтеуір бір көнер деген дәмелі тәтті ой тағы бар...

Қызыл гүлге көбелек қонбай тұрмайды. Ақша маңдай аруды көргенде, Баянның інісі он бес жасар Ноян оған бірден ғашық болады. «Билеген асау жүрек, қайнаған қан», «бар ақылы білегінде» жас ноян сұлу қызды көргенде:

«Жас Ноян қызды көріп от боп кетті,  
Көздері қызыл жалын шоқ боп кетті.  
Жер мен көк, ай, жұлдызды тұман басып,  
Бір қыздан басқа нәрсе жоқ боп кетті».

Романтикалық көтеріңкі леппен жырланып, әсірелеу амалының қолданылуы өлең жолдарын тым ажарландырып, әсерлендіріп жіберген. Жүрегіне ұшқын түсіп, аяғы өртке айналған жап-жас Ноян от боп жанып, аласұрады. Осы жерде Мағжан да шабыттана түсіп, жыр жолдарын төгіп-төгіп жібереді.

«Жастықта жалынданып сүйген қандай!  
Баладай өксіп жылап күйген қандай!  
Көрмесен, жан-жарыңды өлгендей боп,  
Қайғырып күлден кебін киген қандай?  
Кеудеңе жан кірмей ме, көзің шалса,  
Өмірің жаңа ағарып атқан таңдай.  
Кеуденді қасиетті сәуле кернеп,  
Жүрегің сол минутта жарылғандай.  
Не дерсің салпаң құлақ есектерге,  
Өгіздей өмір сүрген сүймей-жанбай!» –

деген жолдар махаббаттың мәңгілік жырындай әсер етеді. Абай «махаббатсыз дүние бос, хайуанға оны қосыңдар» десе. Мағжан сүймей-жанбай өмір сүргендерді салпаң-құлақ есекке, өгізге теңеп, бұл ойдың поэтикалық қуатын, әсерлілігін арттыра түскен.

Поэмада қалмақ қызы Ақшамандай «сұм сұлу» аталып отырған. Мұндағы «сұм» эпитет ретінде тегіннен-тегін қолданыла салмаған. Ол өзін батыр Баянның жақсы көргендігін пайдаланып, қулығын бір асырып жүрсе, Ноянның құлай сүйгенін сезіп, өзінің жасырын ойларын жүзеге асыруға шындап кіріседі. Бұл жерде, әрине, қалмақ қызының казактардың тұтқынынан құтылу үшін ойластырған іс-әрекеттерін айыптауға да болмайды. Азаттыққа ұмтылу – өмірдің заңы. Мағжанның қызды «сұм сұлу» деп отырған себебі – қыздың айласын асырып, оның соңының орны толмас қайғылы оқиғаға апарып соқтыруы; алдымен Ақшамандайдың өзі мен Ноянның, одан соң қиын-қыстау кездерде еліне қорған боп жүрген батыр Баянның мерт болуы, Баянға еріп жорыққа шыққан казак жауынгерлерінің көзсіз ерлікке барып, қырылып кетуі.

Сонымен, қалмақ қызының сұлулығына арбалған және мен сендікпін, тек әке-шешемнің алдынан өтейін дегеніне нанған Ноян көнеді де екеуі қашып шығады. Бұл жайсыз хабарды естіген батыр Баянның психологиялық жай-күйі шебер суреттелген.

«Боз үйде жалғыз қалып Баян енді,  
Жаралы жолбарыстай күңіренді.  
Қорғасын миын, ойын төмен басып,

Ақылға алғыр құстай ашу төнді.  
Бір көк сұр түс енгізіп бар денеге,  
Сұм жүрек қанды өзіне жинай берді.  
Ақыры ашу ерді билеп кетіп,  
Жалп етіп, сөнген шамдай ақыл өлді,  
Өлді ақыл. Атып тұрып батыр Баян,  
Боз үйден оқ жыландай шыға келді».

Бұл жолдарда ашу үстіндегі адамның жан жүйесіндегі құбылыстарды анық көруге болады. «Ақыл өліп», ашу атқа мінгенде, мұның ақыры жақсылыққа апарып соқтырмасы белгілі. «Боз үйден оқ жыландай» атып шыққан батыр Баян белдеудегі көк тұлпарға міне салып, кең далада дүбір салып, ғашықтықтың буына мас болып, ақылға қона бермейтін әрекетке барған екі жастың соңынан қуып береді. Екі ғашықты қуып жеткендегі батырдың кейпі

«Ой жоқ боп, жүрек шок боп, құр екпін боп,  
Сұңқардай сорғалаған келді Баян» –

түрінде керінеді. Артынан қуып жеткен батыр Баянды көрген жас Ноян атының басын тежеп, «ашулы ағасына қарап күліп», ойында бөтен ештеңе жоқ, «жан көке» деп, қарсы жүреді. Мұнысы: бір жағынан, өзінің әнтек ісі үшін кешірім сұрағандай болса, екінші жағынан, ағасына еркелегендік те еді. Бірақ, «ақыл өліп» ашу бойды билеген батыр Баян көзінің алды қарауытып ештеңені көрмей, ештеңені сезбей, ет қызуымен садаққа қол салып, алдымен бауыры Ноянды, сонан соң өзі жақсы көретін қалмақ қызы Ақшамандайды жайратып салады. Екі жастың оқ тиіп, аттан құлап түскеннен кейін қансырап жатқан күйін суреттеген жолдарды сезімсіз оқу мүмкін емес:

«Қомағай қара топырақ бүлкіл қағып,  
Асығып екі жастың қанын ішті».

Аса қорқынышты жағдайды естен кетпестей бұлайша бейнелеу – қазақ әдебиетінде бұрын-соңды кездесе бермеген, тек Мағжан сияқты сөз құдіретін көтере білетін арқалы ақынның ғана қолынан келетін ғажайып көрініс.

Ал, енді істеу түгілі, айтуға адамның аузы бармас, қылмысқа паралап, тіпті адам жаны үшін одан да ауыр қанды оқиғадан кейінгі батыр Баянның түрін көрсеніз:

«Күлдей қу, тұнжыраған түндей болып,  
Жия алмай, құр теңселіп, ақыл-есті.  
Тұрды да біраздан соң батыр Баян,  
Атынан есі ауғандай құлап түсті».

Сөйтіп, бір сәтке бойды билеп алған ашу дегенін істеп, халық сүйіктісі батыр Баянды адамдық кейпінен айырып, елге маскара етті. «Ашудан бұғып қалған қорқақ ақыл» болары болып қойған соң барып,

«мұның не?» – деп күбірлей бастады. Адам бірденеге қатты ренжігенде ақылға салмай, эмоцияға ерік бергенде ашумен істелген іс осындай ауыр жағдайдарға апарып соқтыратынын тамаша жеткізген. Барлық уақытта да ақылға салып, арынды ашуды бұғаулап ұстау қажеттігін аңғартады. «Ашудан бұғып қалған қорқақ ақыл» деп, екеуінің арақатынасынан көркем бейне жасайды.

Болған қанды оқиғаға адам баласы ғана емес, бүкіл табиғат та ішін тартқандай мінез көрсетеді:

«Сол кезде сар дала да күнгірт тартты,  
Еңкейіп бара жатты күн де батып.  
Құшақтап ақ селеуді жылады жел,  
Өзінің қасірет жырын қоңырлатып».

Бірте-бірте ақылға келе бастаған батыр Баян өзінің ашу үстінде не істеп қойғанын енді сезініп, аһ ұрады:

«Құшақтап екі жасты күніренді ер,  
Көзінен ыстық жасты сорғалатып.  
Қайғыдан жарылғандай қайран жүрек,  
«Уһ-уһ!» – деп, үзілгендей есіл өзек».

Мағжанның жырлауында осы бір қасіретті көріністің көркемдік бояуы қалың шыққан. «Өз бауыры, өз сүйгенін өзі өлтірген, Болар ма, сірә, сорлы адам менен?!» Өзін-өзі іштей жеген батыр Баян зарланып, күңіреніп, екі көзінен қан тамшылап, айдалада қанды өзек болған Жолдыөзекте азапты түн кешеді.

«Жүрегі тас болса да шыдай алмай,  
Қамығып, қайғы басып, күрсінді жер.  
Молайтып минут сайын қасірет жырын,  
Жанында өксіп-өксіп жылады жел», –

деп, батыр Баянмен бірге қара жер де, жүйрік жел де қайғы жұтады.

Басқа түспесін, басқа түссе адам бәрін де көтере алады: батыр Баян өзі өлтірген өзінің бауыры Ноян мен өзі сүйген Ақшамандай екеуінің денесін өз қолымен жер қойнына беріп, қабір басында көзден аққан ыстық қанға беті шомылып, есеңгіреген қалпы ұзақ отырады. Бір кезде орнынан тұрып, атына мініп,

«Жолбарыс жортып кетті бетін түзеп,  
Шаңдатып, Абылайдың ордасына».

Осының барлығы бірінші тарауда баяндалады. Екінші де біріншідегідей, ақынның азаматтық-әлеуметтік бағыт-бағдарын аңғартатын лирикалық толғаныстармен басталған:

«Өткен күн таң-тамаша ертегі ғой,  
Ерлері ертегінің өрт еді ғой.  
Айрылып о текпінді ерлерінен,

Алаштын жанында ауыр дерт еді ғой.  
Сонау дерт түгелімен ауып маған,  
Дариға, жүрегімді өртеді ғой».

Ақын қазақ елінің азаттығы үшін алысып, халқының қамын жеп жүрген ерлерді көре алмай, алаштың ертеңін ойлап күңіренеді; ащы ойлар жегідей жеп, сары уайым жанын улай береді. Осындай бір кездерде алашы үшін сар далада атой салып, жолбарысша жортқан ерлерді есіне алғанда, «кеудеме күннің нұры толғандай боп», көңілі көтеріліп, шабыты шарықтап жыр толғайды. Жанға медет берер сондай ердің бірі – батыр Баян. Осындай бағытта өз ойларын төгіп-төгіп алған соң ақын Абылай ханның ордасына қарай тұлпарымен құйғытып келе жатқан батыр Баянға қайта оралады. Алай-түлей ойлармен өзін күтіп отырған хан ордасына асыққан батыр құстай ұшып, самғап келеді:

«Мұңайып мәңгі мұңда белдер қалды,  
Жынды жел сақ-сақ күліп, сүйді беттен.  
Жан-жақта жас қайыңдар қала берді,  
Иіліп әдеппенен сәлем еткен».

Жиынға келіп жеткен батыр Баян қалың жұртқа сәлем беріп өте шығады. Хан ордасының төрінде отырған Абылай ханға қарай озып, қол қусырып тұра қалған ол ізет көрсеткен соң, өз жайынан тұспалдай хабар етіп:

«Талқыға жан-жарамды сала алмаймын,  
Мәнімді мен айтпайын, сен сұрама», –

дейді. Бұл жерде де қаһарлы ханның алдында жиынға кешігіп келген күнәсі үшін құрақ ұшып, иіліп кешірім сұрап тұрған пақырды емес, тік тұрып, өзінің «іші жалын, жаны жара» жан екендігін ғана айтқан, терезесі тең тұрып тіл қатқан тәкәппар батыр Баянды кереміз.

«Тілегім – енді жауға аттаналық,  
Қан көрсе, қас қыран да шер тұра ма?! –

деген батыр Баянның басындағы жағдайды іштей түсінген Абылай оған ләм-мим деп тіл қатпай, алдына отырғызып, дәм ұсынады. Осы эпизодтың өзі-ақ батыр Баянның, Абылай ханның алдында аса беделді, салмағы бар азамат екендігін аңғартса керек.

Қазақтардың бас қосып, әскер жиып, жорыққа аттанайын деп жатқанын біліп қойған қалмақтар қулыққа көшіп, Абылай ханға елшілер жіберіп, мәмілеге келуді ұсынады. Артық қан төккісі келмеген Абылай мұны жөн көріп, кейін қайтуға шешім қабылдайды. Бірақ, мұны жөн көрмеген батыр Баян жүз жасағымен жауға аттанып, олардың мың қаралы қолымен айкасқа түседі. Сондағы соғыстың көрінісі:

«Аз болса, бір қазаққа жүз қалмақ кеп,  
Ат қойып, қиқу салып, қамаласты.  
Тер саулап, тебінгіден, қылыштан қан,

Шаң, түтін будақ-будақ аспанға асты.  
Аз қазақ көп қалмаққа салды тойды,  
Көк аспан қара түтін шаңға тойды.  
Алдаспан ажалменен бәсеке боп,  
Қанішер, қайқы қара қанға тойды.  
Жып-жылы адам қаны бүлкіл қағып,  
Қуалай жылжи берді ойдан-ойды».

Бұл жолдар өмір мен өлім белдескенде, ойналып тұрған ғаламат сұрапыл соғыстың гимніндей әсер етеді. Батыр Баянның жауға салған ойраны:

«Қалың қол ортасында батыр Баян,  
Баянның батырлығы алашқа аян.  
Екі көзі екі қызыл шоқ боп кеткен,  
Аузынан көбік болып бұрқырап қан.  
Оң-солға алдаспанды сілтегенде,  
Бұлақтай қалмақ қанын бұрқыратқан», –

күйінде суреттелген. Бірақ, күш тең емес еді. Қанша қырғанымен қалың қалмақ таусылмайды; аз қазақ жеңіледі. «Қайран ер қайсар Баян, жолбарыс» құлап түседі. Көз алды шыр айналып, тұманданып, елеске айналады. Абылайды көргендей болады. Енді бірде көз алдынан «жұлдыздай жымындаған сөнбей-жанған» Ноян мен Ақшамандайды көреді. Оларға өлер алдындағы жан сырын жайып салады:

«Көзімнен неге ақпайды қан боп жасым,  
Жан беріп, жазғаным ғой, жан жарасын.  
Кетсе де жаннан жара, қан кетпек пе?  
Дариға, жазамнан да күнәм басым!  
Күнәмді тәңірі кешпес, кешер бірақ,  
Жауында жан берген соң алты алашым!»

Сұлу сөзді сыңғырлатып сызып, мөлдіретіп мыжып жаза берген мықтылық емес. Хас шебер аз сөзбен көп нәрсені аңғартады. Мағжанның осы бір алты жолында поэманың бүкіл рухы сайрап тұр. Дастанда батыр Баянның ел қорғаған ерлік істері паш етілуімен бірге көтерілген тағы да бірнеше адами мәселелер бар. Солардың ең бастысы – Адам деген үлкен әріптермен жазылатын қасиетті ұғымға сай өмір сүріп, адамшылық басты қасиеттерді сақтап қалу мәселесі. Батыр Баян да – жұмыр басты пенде. Ол ер қорғаған, қамал бұзған батыр болғанымен де адамға тән қасиеттердің барлығы да оған жат емес. Қанша мықты болғанымен де ашу үстінде аңдамай істелінген бір ғана іс оны бүкіл абырой, атағынан жұрдай қылады. Батыр Баянға кісі өлтіру – сөз емес. Ол жаумен алысқанда қаншама дұшпанның қанын ағызып, жер жастандырған. Кісі өлтіру – ол үшін үйреншікті іс. Бірақ, өзінің бауырын, бауыры болғанда да туған інісін бір қызға бола өлтіру – кешірілмес күнә.

Батыр Баян жай ғана батыр емес, елінің ертеңі үшін жауымен алысып қан кешкен, қасына қатал болғанымен жақынына жұмсақ, сабырлы, сезімтал, адамгершілігі жоғары, досқа адал азамат та. Бұл жағдай оның қалмақ қызы Акшамандаймен арадағы қарым-қатынасынан анық көрінеді. Солай дегенімізбен де оның батырлығы басым. Ал, батырдың аңғалдығы, бір ашуға мінсе оңайлықпен қайтпайтындығы тағы бар. Поэмада батыр Баянның інісі Ноян мен қалмақ қызын ашу үстінде өлтіруі – бас кейіпкердің батырлық апайтөс болмысын барынша жарқырата түскен. Намысқой Баян інісі Ноянның қалмақ сұлуымен қашуын опасыздық көріп, кешпейді. Басқа басқа басынан құс ұшырмайтын батырға туған інісінің мұндай әрекетке баруы – оны батыр ғана емес, адам ретінде де намысын аяққа таптап, бүкіл ел-жұрт алдында қорлағандай болады. Намысын қорғай алмаған батыр түгілі шын мәніндегі адам да емес. Сондықтан да алдымен, адам болу – парызың. Содан кейін барып сен батырсың, баскасың. Міне, Мағжан поэманың бас қаһарманына өзінің бауырын өлтірткенде, осындай өзекті ойлардың жетегінде болған болуы керек.

Адамдықтың да шегі бар. Адамның пендешілік істері белгілі бір мөлшерден асып кеткенде, ол өзінің адамдық болмысын жоғалтады, ол адам кейпіндегі хайуанға айналады. Адам жасайтын қылмыстардың ішіндегі ең ауыры – кісі өлтіру. Адамның өмірге келуі де, кетуі де – алланың эміріндегі іс. Адам өмірін үзуге ешкімнің хақысы жоқ. Бірақ, қайтесіз, өмір дегеніміз күрес болған соң, адам үшін ең бір ауыр осы бір қылмыс түрі тоқтамай келеді.

Кісі өлтірудің де түр-түрі бар. Соғыс жағдайында адам кісі өлтірмек түгілі, бірін-бірі қырып жатады. Өйткені, сен оның көзін жоймасаң, ол сені жоқ етеді. Сондықтан да ел қорғап, ерлік көрсеткендерді қылмыскер деп танымай, керісінше, құрметтеп, батыр деп аспанға көтеріп отырған. Мұның барлығы – ел үшін болса ғана. Ал, жеке бастың қамымен, артықшылыққа жету мақсатымен кісі өлтіру – қылмыс. Қаншама жауды қырып, батыр Баян атанған ол енді екі адамды өлтіргенде, бар абырой атағынан айырылып, қылмыскерден бетер қара бет күйге кешеді. «Бала белде, қатын жолда» деп білетін қазаққа жақсы көріп қалған қай-қайдағы қалмақтың бір қызы үшін туған бауырын өлтіруден артық масқаралық жоқ. Осының барлығын іштей сезінген батыр Баянды ешкім айыптап жатпаса да, өзін-өзі іштей жегідей жеп, жүрегі тілім-тілім, жаны жаралы болады. Халық алдында топ бастап жүрген азамат намыстан өртеніп, адамшылық рухы мүжіледі. Өмірлік принципінен айрылған адамдық сезім оны намыссыз өмір сүруге жібермейді. Өлім туралы ойламақ түгілі, біреуді қайтсем жер жастандырам деп жүрген батыр Баянның өзін-өзі өлімге айдауының негізгі сарындары осындай. Өмірде адамға лайықты өмір сүріп, халқының мақтанына айналған батыр Баянға енді осы атақты сақтап қалу үшін өлімнен, онда да кінәсін жуып, өлуден басқа жол жоқ.

Әрине, батыр Баянға өзін өлімге айдамай-ақ, бұрынғысынша елін жауынан қорғап, ерліктерімен кінәсін жуып, қызмет етіп жүре берсе, оның қылмысы кешірілер ме еді қайтер еді? Оған барса, Баян батыр Баян болмаған болар еді. Автор тек Баянның батырлығын көрсетуді мақсат етсе, солай етуге де болар. Бірақ бұл жердегі бас қаһарман – адамшылықты ту еткен, халқына қызмет етуді өмірінің басты мақсаты санаған, сол жолда өмір мен өлімнің арасында жүріп, сан ерліктер жасаған, сол үшін де елі құрметтеп батыр Баян атанған ерекше тұлға, халқының сүйіктісі. Ол өзінің өліміне де саналы түрде барып, еліне арнады; жауын қырып, өмірі түгіл, өлімімен де жұртына қызмет етті.

Қылмыстың аты – қылмыс. Оның үлкен, кішісі жоқ; ауыр-жеңілі болады. Қандай қылмыс болмасын, оны жасаған адамға кешірім жоқ; ол міндетті түрде жазалануы керек. Біліп, білмей жасаған қылмысы үшін жазасын алған адам ғана тәубесіне келіп, адам қалпына қайта түсіп, дұрыс өмір сүре алады. Ал, қылмысы үшін жазаланбаған адам адамдықта тән емес қылықтарын одан әрі жалғастыра береді де адамшылықтан тайып барып, хайуандық жолға түседі. Егер ол шын мәніндегі абзал жанды адам болса, артық-кем кеткен қылықтары үшін күніге алла-тағаладан кешірім сұрап, құлшылық етеді; өзінің жасаған кінәсі үшін опық жеп, онысын жууға ұмтылып отырады. Бұл – адамның ішкі жан дүниесінің байлығына, рухани қасиеттеріне байланысты. Адам деген ардақты ат та осы жанның рухани байлығына тікелей қатысты. Батыр Баян да – осындай биіктен көріне білген абзал азамат. Бәрінен де адами қасиеттерді жоғары қоятын ол өзінің ашу үстінде жасап қойған қылмысын өзіне-өзі кешпейді. Керісінше, маскара санайды. Бұдан да өлген жақсы деп, өзін-өзі ауыр жазаға бұйырады.

Осы жерде тағы бір мәселе бар. Адамшылықта да, мұсылманшылықта да өзгені де, өзін де өлімге кию – қылмыстың ең ауыры. Мұны білетін батыр Баян өзіне-өзі қол салмайды; қан майданда дұшпанмен алысып жүріп, жау қолында қаза табады. Сөйтіп, дегеніне жетеді. Хас батырдың қазасы – қан майданда. Автор бас қаһарманын жаумен айқас үстінде мерт қылып, оның батырлық бейнесін биіктете түскен.

Ф. Достоевскийдің «Қылмыс пен жаза» романындағы қарапайым студент Раскольников еске түседі: ол ешбір кінәсі жоқ, бар айыбы бай болғаны үшін кемпірді өлтіріп, оның дүниесіне иелік жасап, заң орындарының қолына түспей, құтылып кетеді. Бәрін ойластырып, ақылмен істегені соншалық, мұны іздеп жүрген полициялардың өзімен бірге жүріп, бірге іздеседі. Қылмыскерді таба алмауға айналады.

Бірақ... Мәселенің бәрі осы «бірақта» жатыр. Саналы студентті еш жазығы жоқ кемпірді неге өлтірдім деген ой күндіз-түні мазалай береді. Уақыт өткен сайын өлген кемпір елес болып, күндіз ойынан, түнде түсінен шықпай, «менің жазығым не, жазығым саған жақсылық жасағаным ба?» – деп, қоймайды. Жанын жегідей жеген осындай ішкі ойлар қылмыскер студентті күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырып,

әбден қалжыратады. Өлген кемпірдің рухы жігіттің сана-сезіміне кіріп алып, күндіз-түні көз алдынан кетпей, айыптай беруінің салдарынан өмір сүрудің өзі қорқынышты көрініп, жынды болып кетуге сәл-ақ қалған студент Раскольников мұны таба алмай жүрген заң орындарына өзі барып, беріледі. Өйтпесе, ол адам болудан қалып, жынды болып кеткен болар еді. Немесе, сол жолды жалғастырып, кісі өлтірумен айналысатын жауыз, яғни, жыртқыш, хайуандық жолға түсіп кетуі мүмкін-тұғын. Ол адам болып қалу үшін міндетті түрде жазалануы керек. Достоевскийдің кейіпкері осы жолды таңдайды.

М. Жұмабаевтың батыр Баянында осы Раскольниковке ұқсастық бар. Ұқсастығы көтеріп отырған проблемасы жағынан болғанымен де батыр Баянның бейнесі қарапайым студентке қарағанда аса күрделі. Достоевский қылмыс пен жазаның ара қатынасын тек философиялық тұрғыдан қарастырса, Мағжанда бұл мәселе ауқымдылау, жан-жақты байланыстарымен кеңірек қамтылған. Поэмада қылмыс пен жазаның адам өміріндегі орны отан сүйгіштік, халқына қызмет ету, ағайын-туыстық, адамгершілік, махаббат, т.б. мәселелерімен байланыстырыла көтеріледі. Бір қалыппен өлшеуге келмейтін адам өмірінің қым-қуыт қуыстары шынайы көрініс табады.

Өмірдің күрделілігі – адам жанының күрделілігінен. «Батыр Баянда» осы адам жанының құпия сырларына терең үңіліп, оның өмірдегі орнына нәзік талдаулар жасалынған. Мінез – адамның, тағдырын анықтайтын басты категория. Батырлық мінез Баянның өміріне тікелей әсер етіп, оны халық қаһарманы дәрежесіне дейін көтерді. Сонымен бірге шарықтау шегінде тұрған батыр тұлғасын күл-талқан етті. Соңғы рет ерлік пен ездік, өлім мен өмір аяқасқа түскенде, жарқ етіп көрінген намысқа толы батырлық мінез Баянның тұлғасын тағы да биікке бір-ақ шығарып, кейінгі ұрпақтың үлгі тұтар мақтанышына айналдырды. Батыр Баян бізге елін сүйген, қорған болған батырлығымен бірге адамшылық, азаматтық, адалдық, өз мүддесінен халық мүддесін жоғары қоюшылық, гуманистік, сезімталдық, табандылық сияқты қасиеттерімен де қымбат.

Адам да – табиғаттың баласы. Жақсы адам дүниеден қайтса, бүкіл ел қайғыратыны сияқты «алаштың ардагері батыр Баян» жау қолынан мерт болғанда:

«Жаудан да мейірімді боп жылады жел,  
Күніреніп, ер денесін құммен жауып,  
Іленің толқындары әлі күнге,  
Айтады ерге жырау ауық-ауық».

«Батыр Баян» поэмасы мынадай кең мағыналы өлең жолдарымен аяқталған:

«Ерлерді ұмытса да ел, сел ұмытпас,  
Ерлерді ұмытса да ел, жел ұмытпас.

Ел үшін жанның кешіп, жауды қуған,  
Ерлерді ұмытса да ел, шөл ұмытпас.

Ел үшін төккен ерлер қанын жұтқан,  
Ерлерді ұмытса да ел, жер ұмытпас.  
Арқаның селі, желі, шөлі, белі,  
Ерлерді ұмытпаса, ел де ұмытпас!»

Судыратып, көз жүгіртіп оқығанда, бұл жолдардың мағынасы бұлдырап, онша байқала бермейді. Байыппен оқысаң, өзекті ойлардың өңіріне ала жөнеледі. Мұнда ең алдымен, өткен тарихты білу, оны құрметтеу мәселесі көтеріледі. Әрбір халықтың тарих көшінде жүріп өткен жолдары бар. Тарихтың тар жол, тайғақ кешулі жолдарынан аман-есен өтіп, бүгінгі күнге жету оңай болған жоқ. Небір қиын-қыстау күндерде, ел басын қара тұман тұмшалаған шақтарда ел-жұрты үшін отқа да күйіп, суға да түскен, сол жолда өздерін құрбан да еткен ер-азаматтар қаншама?! Оларды ұмыту – өзінді ұмыту, болашағыңды ұмыту. Осы бір әрбір ұлттың ұлттық болмысын, сапасын анықтайтын қасиеттерге Мағжан оқырман назарын аударып отыр. Поэма жазылған кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы қазақты бодан қылып бағындырып ұстауды оңайлату мақсатымен ұлттың өткені, тарихы атаулыға қарсы күрестің қарқынмен жүргізіліп жатқандығына қарсылық болатын – бұл. Бұл – оқырманды өз ұлтының өткен жолдарын білуге, оны құрметтеуге шақыру-тұғын. Қазақ даласының желінен бастап, жеріне дейін елі үшін алысқандардың ізі сайрап жатыр, сондықтан да олар ұмытпайды дегенді айтып отыр. Қазақтың даласы – қазақтың тарихы. Ол – бір кезде қазақтың арыстары «елім, жерім» деп, күн, түн катып жолбарыстай жортқан сар даласы. Сол далада өмір сүріп жатқан бүгінгі ұрпақ кешегі ата-бабалардың халқының болашағы үшін жасап кеткен ізгі істерін біліп, оны одан ары жалғастыруы керек. Сонда ғана ол халық толыққанды өмір сүріп, ертеңгі күнге нық сеніммен аяқ баса алады... Ұлтының ертеңін ойлап, жарқын болашақ үшін еңбек етіп, бақытты ғұмыр кешеді.

«Батыр Баянда» көтерілген тағы да бір маңызды мәселе – жер-су атауларына байланысты. Көшпелі ғұмыр кешкен қазақ халқының ғасырлар көшіндегі ізі қасиетті даламыздың төсінде сайрап жатыр. Түсіне білген адамға қазақтың даласы ата-бабаларымыздың сахараға жазып кеткен шежіресіндей. Тілін тапсаң, жер-су атауларынан бастап, әрбір тасына дейін еліміздің өткені жайлы шежіре-сыр шертеді. Ат үстінде, түйе комында жүріп, кең сахарادا сайран салып, еркін өмір сүрген ата-бабаларымыз өздерінің не істеп, не қойғандары, арман-өсиеттері; өмірден түйгендері жайлы ойларын кейінгі ұрпақтарға аманат етіп даламыздың бетіне айқыш-ұйқыш шимайлап жазып-сызып кете берген сияқты. Сондықтан да қазақтың даласы – үніле білген адамға тұнып тұрған тарих. Оны оқып, үйреніп, ата-баба істерін әрі

карай жалғастыру – кейінгі ұрпақтардың қасиетті парызы. Тарихын біліп, содан өнеге, рухани қуат алған халық – күшті халық. Сол себепті де отаршылдар ең алдымен, бодан елді тарихи жадынан айыруға тырысады. Патша өкіметі кезінде басталып, кеңес өкіметі тұсында жаңа қарқынмен өріс алған осы бір географиялық атауларды жаппай өзгертуден халқымыз күні бүгінге дейін рухани зардап шегуде. Қазақстанның кейбір қалалары мен көптеген жер-су, елді мекен атаулары қазіргі кезде де ұлтымызға жат есімдерімен аталып келеді. Сырт көзге жай әншейін көрінгенімен де халықтың сана-сезіміне байқатпай әсер етіп, ұлттық тура жолдан тайдыратын осы бір қатерлі мәселеге Мағжан да кезінде назар аударыпты. «Арқаның селі, желі, шөлі, белі, Ерлерді ұмытпаса, ел де ұмытпас» – деп, жырлапты. Мағжан сол кездегі саясатқа байланысты білім беру жүйесінің еуропоцентризмге орай жүргізілуінің жергілікті ұлттарды мәңгүрттікке апарып соқтыратынын білген сияқты. Өзінің тарихын ресми оқу-біліммен толық біле алмайтынын сезіп, әрбір тасына дейін шежіре болып сайрап тұрған қазақ даласына ойлы көзбен қарауға шақырады. Бұл да – бір есте жүрер Мағжан тағлымы.

«Батыр Баян» поэмасы – М. Жұмабаевтың шығармашылық кемел кезінде бір демде шабытпен жазылған шоқтығы биік шығармасы. Поэмаы Мағжан поэзиясының шыңы десе де болғандай. «Батыр Баян» Мағжанның ғана емес, бүкіл қазақ поэзиясының інжу-маржандарының қатарында. Қазақ әдебиетін әлемдік деңгейге көтерген өресі биік өрелі шығарма. Шын тұлпар шапқан сайын көсілсе, шын асыл уақыт өткен сайын жарқырай түседі. Мағжанның поэзиясы да, оның ішінде «Батыр Баян» поэмасы да заманалар жайымен жылжыған сайын інжу-маржандай жарқырай түсуде.

Мағжан – алдымен, сөзбен сурет сала білген бейнешіл, жүрек қылын шерте білген сыршыл ақын. Өмір шындығын шынайы жырлаған сыршыл да сыншыл ақын. Әдетте, біз Мағжанның сыршылдығын айтып жүрміз де, сыншылдығына онша мән бере бермейміз. Мағжан – өзінің бүкіл шығармашылығымен кеңес заманына қарсы шығып, сынап өткен күрескер ақын. Мағжанның бүкіл поэзиясы – кеңестік тоталитарлық жүйеге қарсылық. Біз Абайды сыншыл ақын дегенде өз дәуіріне қарсы шықты демейміз, өмірде кездесетін кейбір келеңсіз құбылыстарды аяусыз сынағанын айтамыз. Ал, Мағжан болса, бүкіл кеңестік жүйеге, отаршылдыққа қарсы шығады. Қарсы шыққанда, оның кемшіліктерін айтып, сынамайды, қоғам дамуының негізгі заңдылықтарына қайшы келетіндігін көркем сөздің құдіретімен ұғындырып, жокқа шығарады. Демек, М. Жұмабаев – замана тынысын тамыршыдай тани білген сыршыл да, сыншыл да ұлы ақын.

Бұл жерде біз «ұлы ақын» деген тіркесті тектен-текке айтып отырғанымыз жоқ. Мағжанның поэзиясы желдей желпіп, жібектей сипап, жаныңа ләззат, бойыңа қуат берумен бірге адамды өмір туралы

терең ойларға жетелейді. Кейбіреулер ойлайтындай, Мағжанның өлені сыртқы жылтырағымен ғана емес, ішкі ойымен де күшті. Мағжанда әдемілігіне, жылтырақтығына бола қолданылған бір де бір сөз жоқ. Әрбір сөз белгілі бір ойды бейнелеу құралы ретінде ғана қолданылады. Көркем әдебиеттің басты міндеті уағыз айту емес, өмірді бейнелеу деп білген Мағжанның поэзиясында ақылды тура айту жоқ. Тіпті, «Толқын» атты өлеңі әншейін жазыла салынған сияқты көрінгенмен, бажайлай оқыған адам өмір туралы терең ойға қалары анық. Ақын нені айтқысы келсе де өмірдің құбылыстарына үніліп, соны көркем кестелеу арқылы өз идеяларын мегзейді. Мағжанның өмір туралы философиялық толғаныстары көркемдіктің кестелерімен барынша көмкеріліп, тереңде жатады. Тереңдікке кез-келгеннің қолы жете бермесі тағы бар. Оның үстіне Мағжан поэзиясы гүлдей құлпырып, сыртқы түрімен-ақ адам көңілін арбап тастайды да оқырман оның ішкі жағына үңіле бермейді, сұлу сөздің сиқыры оған мұрша келтірмейді.

Шын әдебиет дәуірлік емес, мәңгілік тақырыптарды қаузадайды. М. Жұмабаев та дәуір биігінен көтеріліп, мәңгілікке жол тартқан шығармалар жаза білді. Мағжан жырлаған мәңгілік, әлемдік тақырыптар сол кездегі дәуір шындығына қайшы келгенімен де уақыттар өткен сайын өміршендігін дәлелдей түсуде. Ұлттық, адамзаттық асыл идеяларды көтере білгені үшін кезінде қуғын-сүргінді көп көріп, жазықсыз жазаланған Мағжанның есімін кейінгі ұрпақтары ұлы ақын ретінде мақтан тұтады. Өлеңнен өшпес ескерткіш жасаған Мағжанның есімі халқымен мәңгі жасай береді.



## «ШОЛПАННЫҢ КҮНӘСІНДЕГІ» ӨМІР ФИЛОСОФИЯСЫ

Шығармашылық жолын поэзиядан бастаған Мағжан жиырма-сыншы жылдардың алғашқы жарымынан прозаға қарай бет бұрғандай болды. Оның қоғамдық өмірдің түрлі мәселелерін көтеріп жазған мақалалары «Бостандық туы», «Ақ жол», «Сана», «Жаңа мектеп», «Шолпан» секілді газет-журнал беттерінде жарияланып жатты. Сол кездерде үлкен саяси өзгерістерге ұшырап жатқан әдеби өмірге де араласып, бірнеше сын-зерттеу мақалаларын жазды; күшпен таңылып жатқан пролетариаттық әдебиетке қарсы ұлттық бағыттағы әдебиеттің «Алқа» аталған бағдарламасын жасады; Қызылжардағы педагогикалық училищеде дәріс оқи жүріп, қазақтың ұлттық тәрбиесіне арналған «Педагогиканы» жазды. Осы жылдарда Мағжанның қазақ прозасының алтын қазынасына қосылған «Шолпанның күнәсі» атты әңгімесі өмірге келіп, «Шолпан» журналының бірнеше нөмірінде (1923, №4, 5, 6, 7, 8) жарияланды.

Мағжанды ақын ретінде атын шығарған оның сырлы сезімге оранып, нәзік лиризмге бөленген махаббат, өмір жайлы толғаныстары болса, «Шолпанның күнәсі» оны тағы да бір қырынан, прозашы ретінде танытып, сан қырлы дарын иесі екендігін дәлелдеді. Лирик ақынның көркем прозадағы алғашқы да соңғы да қалам тербетуі болып қалған туындысы – оны өмір құбылыстарын тереңінен қопаратын кең тынысты, кең құлашты, ойшыл суреткер екендігін де көрсетті.

Көркем шығарма дегеніміз – өмірдің сөзден өріліп, көмкерілген көркем бейнесі; басқаша айтқанда, сұлу сөзбен салынған сурет. Сондықтан да көркем тілдің, сол көркем тілмен өрнектелген өмірдің көркем бейнесінің болуы – әдебиет үшін басты шарт. Сол себепті де кез-келген көркем шығарма ең алдымен, осы тілдік жағынан бағаланады. Тілі нашар болса, ол әдебиет емес; оны ары қарай көркем шығарма ретінде талдаудың қажеті жоқ. Ал, шын мәніндегі көркем шығарма сөз сиқырымен, тіл құдіретімен бірден тартып алып, оқырманын өзіне қарай баурай береді. Мәселеге осы тұрғыдан келгенде, «Шолпанның күнәсі» әдеби шығарманың тіліне қойылатын ең жоғарғы талаптарға жауап беретін болғандықтан да сол тілдің құдіретімен өмірдің мәні мен мақсаты жайлы тылсым ойларға жетелейтін көркем туынды дейміз. Мысалдарға жүгінейік. Мына бір үзіндіден мамыр айындағы төрт түлікті қазақ аулының бейнесі көз алдыңызға келіп тұра қалғандай:

«Май айы. Ауыл қыстаудың жанына жылжып қана қонған. Шаршы түс мезгілі. Кішкене жел бар. Маса жоқ есебінде. Көкте көкала торғын бұлттар маужырап қалғып, ерініп қана әлдеқайда жылжып бара жатыр. Ауада торғын оралып жүрген сыкылды... Желіде еркелікпен тартылып, мойнының ауырғанына қарамай қиястанып асау құлындар тұр. Олардың жанында құйрығы мен арқасын анда-санда салмақпен сиіппіз тұрған сақа биелер» (Мағжан Жұмабаев. Шығармалары. Алматы, 1989, 300-бет).

Тағы бір мысал:

«Жібек майдың сұлу түні. Көкте бір бұлт жоқ. Қара көк барқыт кен көкте ойменен, мұңменен, салмақпен ақ алтын ай жүзіп барады. Не іздейді екен, ол? Жарынан айрылған әйел ме екен? Баласынан айрылған ана ме екен?.. Қыстаудың сыртындағы сулы шіліктегі көл-бақалар шулап жатыр. Бақ-бақ-бақ. Не дейді екен, олар? Жан керек, жар керек, бала керек дей ме екен? Көл бойынан дамылсыз «күдірет-ау, күдірет-ау» деген дауыс естіледі. Өмір бойы күдіретті аузынан тастамайтын қандай ауыр күнә істеді екен, ол құс?» (сонда, 302-бет). Бұл жерде алғаш көрген ауылымыздың көрінісі кеңейіп, даланың өз заңымен жүріп жатқан тіршіліктің бүлкілін сезінгендей боламыз.

«Шолпанның күнәсі» – сұлу сөзбен сұғарылған көркемдігі кемел туынды. Әңгіменің көркемдік қатпарлары қалың. Солай бола тұра, оқуға жеңіл, кез-келген адам еркін түсініп оқи алады. Мағжанның мықтылығы сол – әңгімені қарапайым тілмен жазып, сол қарапайымның өзін табиғи күйінде сұлулықпен сұғарып, өнер туындысына айналдыра білген. Яғни, оқырман таңдамайтын, өрісі кең шығармаға айналған. Бұл – нағыз шеберліктің белгісі болса керек.

Қазақ аулындағы әйел тағдырына арналған қаншама шығарма жазылды десенізші. Олардың барлығында дерлік от басы, ошақ қасынан ұзамай, күн есебінде тіршілік еткен қазақ әйелінің аянышты тағдыры суреттелді. Ал, Мағжанның әңгімесіндегі бас кейіпкер Шолпан – мүлдем басқа қырынан көрінген әйел. Ол – малға сатылып, шалға тиген, сол үйдің күні сияқты ертеден кешке дейін бейнеттен көзін ашпаған сорлы емес, керісінше, өзінің сүйгеніне қосылып, бақытты өмір сүріп жатқан бақытты жан. Бірақ та «байлар да жылайды» дегендей, бақытты шаңырақ иелерінің шалқыған шақтарынан айрылып қалуы, сол «бақытты» уысынан шығарып алуы әп-сәтте екен. Әңгіме бір-біріне сүйіп қосылып, бақытқа мас болған екі жастың (Сәрсенбай мен Шолпанның) шаңырағы күтпеген жерден шайқалып, ортасына түсуімен, сонында бас кейіпкер Шолпанның қайғылы қазаға ұшырауымен аяқталады.

Мағжанның әңгімеде көтеріп отырғаны – адам ғұмыры үшін аса күрделі мәселе саналатын өмірдің мәні не деген сауалға жауап іздеу. Бұл өмірде байкамаса, бәрі мүмкін. Алда не күтіп тұрғанын ешкім білмейді; бүгінгі батыр – ертеңгі пақыр, бүгінгі бала – ертеңгі дана, бүгінгі зор – ертеңгі қор дегендей... Сондықтан да еш уақытта да «астым-тастым» деп астамсуға, «жолым болмайды» деп тіршіліктен түңілуге әсте болмайды екен. Өмірде не болмайды? Бәрі де болады. Міне, өмірдің осы бір даналық философиясының бір ұшқыны «Шолпанның күнәсінде» шынайы көрініс тапқан.

Әңгіме бір-бірін ұнатып қосылған Сәрсенбай мен Шолпанның бақытты ғұмыр кешіп жатқанын суреттеуден басталған. Шығармада суреттелген оқиғалар да, соларға қатысатын кейіпкерлер де көп

емес. Автор бейнелемек болған өмір көріністерінің, айтпақ болған негізгі идеяларының барлығын бас кейіпкер Шолпанның ойлары, толғаныстары арқылы жүзеге асырады. Оның күйеуі Сәрсенбайдың, көршісі Нұржанның, көңілдесі Әзімбайдың, емші Темір қожаның бейнелері эпизодтық сыпат танытқанымен де өзіндік болмысымен есте қалады.

Шолпанның көңілдесі 18–19 жастағы Әзімбай «Ұзын бойлы. Екі жауырынына екі кісі мінгендей. Ылғи күліп қана тұратын қой көзді. Жаңа шығып келе жатқан қара мұрты қара жібек сықылды» (сонда, 301-бет). Ол Шолпанның қасында «Қоян қуған төбеттей көрпеге кіргеннен-ақ аласұра бастады... Шынын айтқанда, есалаң Әзімбай тілге келуге, ойлауға мұрша бермеуші еді-ау... Жас Әзімбай. Мас Әзімбай. Есалаң Әзімбай» (сонда, 304-бет) түрінде жас жігіттің бар болмысы шынайы көрінеді.

Көтерген мәселелері жағынан келгенде, «Шолпанның күнәсі» терең ойларға бөлеп, философиялық сыпат танытады. Осы тұрғыдан келгенде, бұл шығарманы философиялық әңгіме деп анықтаған жөн.

«Бала болмаса, сол кезде ішіндегі дәні шіріп, кеуіп қалған шөптің қауызындай, бос өмірдің кетігін кім толтырар?»;

«Жаһанда онан күшті нәрсе жоқ деп, иман келтірген махаббаттың күші ерімен екеуін бір-біріне берік байлауға үш-ақ жылға жетіп, енді өз-өзінен сөнейін деп тұрған жоқ па?»;

«Тегінде адамның жүрек сырын шеттің ұғуы мүмкін нәрсе емес қой. Теңіз терең емес, адамның жаны терең. Су түбінде жатқан зат – жел толқытса ғана шықпақ. Ой түбінде жатқан сыр – шер толқытса да шықпақ емес. Шықса, шер мен сырдың көлеңкесі, сәуле ғана шықпақ. Дүниеде адамнан қиын жұмбақ жоқ. Адам – шешуі жоқ жұмбақ. Шешуі деп атауға болатын болса, адамның шешуі – жалғыз өлім»;

«Өмір – бір құрулы машина. Тоқтау білмейтін, шаршау білмейтін жансыз машина»;

«Махаббат сөнсе, өмірде не қызық қалмақшы»;

«Теңізден терең, таудан зор күнә қылып болса да, ол бала табуға міндетті. Ізгі тілек үшін істелген күнәні жасаған кешпес пе екен? Жоқ, Құдайдың рахметі мол, ол кешеді»;

«Күннен күн, құлдан құл тумақ емес пе? Болса, бала құл болмасын, ұл болсын»;

«Теңіз – терең емес, әйелдің жаны – терең. Жеті қабат жер астындағы нәрсені білуге мүмкін, бірақ әйел жанының мінезін білуге мүмкін емес. Бір қарасаң әйел – бала, күйерін білмей отпен ойнайды»;

«Әйел – ердің тәңірісі, жарата да алады, жоқ қыла да алады, сүйдіре де алады, күйдіре де алады. Әйел – ердің құлы, табанының астында топырақ болады, ердің көлеңкесіне айналады, өзі жоқ болады. Әйелдің аруағы басса, ер күйеді, жанады. Бірақ, өзінің жеке бір адам

екендігін ұмытпайды, жоймайды. Ердің аруағы басса, әйел адамдықтан шығып, жокқа айналады. Есінен айрылады. Тілі байланады»;

«Адам құрығынан құтылғанмен, заман құрығына құтылып кететін еш нәрсе жоқ».

Көбіне Шолпанның ойлары түрінде беріліп отырған бұл жолдардың өмір туралы терең тұңғыықтарға тартары анық.

Әңгімеде қазақ өмірінің тыныс-тіршілігінің бейнесін жасау мақсат тұтылмаған. Автор алдына бір ғана мәселені, яғни отбасылық тіршіліктегі ерлі-зайыптылардың арасындағы қарым-қатынастардың дүниетанымдық көзқарастарға, әлеуметтік ортаның әсеріне орай құбылмалылығын, соған орай бақыттылық туралы ұғымның да түрліше түсінілетіндігін көркем бейнелеуге тырысқан. Халық әнінде айтылатындай, «өмірдің бар ма-ай, байлауы-ай?» – деген сияқты сауалдарға жауап іздейді.

«Шолпанның күнәсі» – психологиялық әңгіме. Бұл турасында М.Жұмабаевтың шығармашылығын арнайы зерттеп, көлемді монография жазған Ш. Елеуенов мынадай пікір білдіреді:

«Батыр Баян» поэмасында, «Шолпанның күнәсі» әңгімесінде жан диалектикасын көркемдік принцип есебінде жүзеге асырып, қазақ әдебиетінің әлі тусырап жатқан тыңына түрен салды...

Жан әлемінің құпия сырларын саралайды. Әңгіменің бас кейіпкері Шолпан – әр түрлі сыртқы жағдайлардың және ішкі толқыныстардың нәтижесінде үнемі өзгеріп, үрдіс дамып отыратын характер». Жазушы сол өзгерістерді жан диалектикасын жіті қадағалау жолымен көрсетеді. Осының арқасында бала көру сияқты қарапайым тақырып биік адамгершілік өреге көтеріліп, адамның құлықтылығы, бас бостандығы проблемаларына ойысады...

Мағжан өзін жан диалектикасының сұңғыла білгірі және шебер суреткері есебінде көрсете біледі. Шешім кейіпкердің ішінде піседі және бір қызығы еркінен тыс жүзеге асады. Характер іштің ашылуына қарай көрініс табады. Кейіпкердің өз менін таныған санасы («самосознание») бұ жерде сырт көзден күштірек рөл атқарып тұр». (Ш. Елеуенов. Мағжан. Алматы, 2008, 280–282-беттер).

Әңгіменің бас кейіпкері Шолпан – ауылдың қарапайым қызы. Шығармадағы сюжеттік желі осы Шолпанның тұрмысқа шыққаннан кейінгі ерлі-зайыптылық тіршілігіндегі басынан өткен қым-қиғаш оқиғаларды диалог арқылы психологиялық тұрғыдан баяндауға құрылған. Оқиға Шолпанның отбасылық өмірдің барысында өмірдің мәні туралы ұғымының өзгеріп отыруы салдарынан туындап отырған жағдайлардың ағынымен өрбиді. Бүкіл әңгіме негізінен, бас кейіпкер Шолпанның ой-толғаныстарына құрылған десе де болғандай.

Дүниеде не жылдам? Адамның ойынан жылдам, шапшаң нәрсе жоқ шығар, сірә. Мұның өзі сол адам өмір сүретін ортаның

құбылмалылығынан болса керек. Өзгермелі өмірдің сол өмір-өзен ағынымен кетіп бара жатқан адамдардың ой-санасын мың құбылтатыны белгілі. Осы бір өмірдің шексіз философиясын, бітпейтін симфониясын Мағжан шағын әңгімесінде Шолпанның басынан өткен оқиғаларды оның өзінің ой елегінен өткізу, яғни өмірге деген ойлары, толғаныстары арқылы шебер бейнелей алған.

«Шолпанның күнәсінде» бас кейіпкердің өмірге көзқарасы сыртқы әсерлердің салдарынан «мың құбылады». Қазақы тәрбиедегі Шолпан отбасылық өмірдің алғашқы кездерінде «Баласыз өмірдің қызығы жоқ қой», – деп ойлайтын. Бұл сол кездегі қазақ қауымының адам өмірінің мәні өмірге ұрпақ әкеліп, тәрбиелеу, артында жақсы із қалдыру деп білетін ұлттық дүниетанымның негізгі қағидасы-тұғын. Өмірдің мәні де, сәні де бала деп білетін қазақ балалы үйді – базарға, баласыз үйді – мазарға теңеген. Алғашында Шолпан да осылай ойлады.

Бірақ сүйгеніне қосылып, жар құшағына мас болған Шолпан көп ұзамай-ақ бұл ойынан өзінен-өзі айнаиды. Осы бір жар сүюдің, махаббат құшағының ләззатты сәттерінен айрылып қалғысы келмеген ол енді «жасаған-ау, бала бере көрме!» – деп тілейді. Сондағы ойы – өмірге бала келсе, «әдемі өмірім бұзылады-ау». Оның бұл тілегі орындалғандай да болып, арада біраз жылдар өтті. Бірақ...

Иә, бәрі бір-ақ күнде бірден өзгеріп шыға келді. Кешкісін көршісі Нұржанның үйіне әңгімелесіп қайтуға барған Сәрсенбай келгесін оның үш баласының тәтті қылықтарын айтып, жатпай қояды. Күйеуінің біреудің балалары жайлы ынты-шынтысымен беріліп айтқан ұзақ әңгімесі Шолпанның нәзік жанын «қаракөк теңіздің тоқындарындай» толқытты. Осы бір кездегі әйел жанының аласұрған сәттері былайша суреттелген:

«Сәрсенбай манағы мақалды айтқаннан кейін Шолпанның сұңқардай ұшқыр жанын, желдей есалаң жүрегін қара жыландай қап-қара ойлар орап алып, улай бастап еді. Түпсіз теңіздің қаракөк толқындарындай қап-қара ойлар бірінің артынан бірі келді... Үш жыл бойына созылған есалаң тілек. Өлдеқайда алыста бұлдырлап келе жатқан кәрілік. Көзінің оты сөніп, сұп-сұр күлге айналған, күздей көңілсіз кәрілік. Жанның қанатын қыркатын, жүректің отын сөндіретін кәрілік. Бала болмаса, сол кезде сөніп бара жатқан өмірге кім сәуле берер, кім оны жылытар?.. Бала болмаса, сол кезде ішіндегі дәні шіріп, кеуіп қалған шөптің қауызындай бос өмірдің кемтігін кім толтырар?.. Жоқ-ау! Өлдеқайда алыстағы кәрілікті қоя тұршы. Оған өмір не жетер, не жетпес, сол кәрілік жетпей-ақ, осы күннің өзінде-ақ, өмір босап қалайын деп тұрған жоқ па? Жаһанда онан күшті нәрсе жоқ деп иман келтірген махаббаттың күші ерімен екеуін бір-біріне берік байлауға үш-ақ жылға ғана жетіп, енді өз-өзінен сөнейін деп тұрған жоқ па? Ессіз Шолпан үш жыл бойына бала болмасын деп тіледі. Енді сол бала

болмағандықтан, ертегідей әдемі өмір қу мазарға айналайын деп тұрған жок па?» (сонда, 295–296-беттер).

Түнімен осындай ойлармен алай-түлей алысып шыққан Шолпан ертеңіне таң алагеуімнен бастап, «Жасаған-ау, бала бере көр!» – деп, тілей бастайды. Бірақ, ойлағаны орындалмады. «Не керек, жақын, жаттың ортасында жалғыз болды. Бітеу жара болды, жалғыз өртенді, жалғыз жылады, дүниеден безді, сопы болды. Бала сұрады, қалайда бала болмады» (сонда, 297-бет). Намазға жығылды, болмады; қожамолдаға қаралды, бірақ бала болмады...

Құлшылықтан, тілеуден ештеңе шықпады. Сәрсенбай мен екеуінің арасындағы махаббатты сөндірмеудің, бақытты шаңырақтың шамын өшірмеудің, күйеуіне қайткенде де бала сүйгізіп, бақытты етудің жолын іздеп аласұрған ойлары Шолпанды мазалап қоймайды. «Сөз жок, мен бақытсыз болсам, Сәрсенбай да бақытсыз. Ендеше, осы батып бара жатқан өмір кемесін бақыт жарына кім сүйреп шығара алады?

– Шолпан. Жалғыз Шолпан. Бір өмір үшін емес, екі өмір үшін Шолпан осыны істеуге міндетті. Шолпан бала табуға міндетті.

Теңізден терең, таудан зор күнә қылып болса да, ол бала табуға міндетті. Ізгі тілек үшін істелген күнәні Жасаған кешпес пе екен? Жок, Құдайдың рахметі мол, ол кешеді. Тәңір кешер-ау, бірақ адам кешер ме?... Жасаған-ау, өзің кеше гөр, бір өзің...» (сонда, 299-бет).

Осындай шешімге келген Шолпанның ойлары «Күннен күн, құлдан құл тұмақ емес пе? Болса, бала құл болмасын, ұл болсын... Ынжық, жасық құл баланың болғанын болмағаны игі...» (сонда, 300-бет) – деп, ары қарай тағы да бой бермей, шарқ ұрады. Бұл жерде «жығылсан, нардан жығыл» дегендей, апайтөстік байқалғанмен де ұрпағының мықты болғанын ойлайтын қазақтың текті жермен байланысқысы келетін ұлттық мінезі көрінеді. Осылайша орағытқан ойлар болашақ баланың әкесі болуға жас қайнысы Әзімбайды лайық көріп, бір-ақ тоқтайды...

Шолпанның жаратқанға жалбарынғаны қабыл болып, екіқабат болады. Бірақ, бала тусам, Сәрсенбай екеуіміз бақытты боламыз деген арманның құл талканы шығып, бәрі керісінше кетеді. Алдымен, Әзімбайдың Шолпанға келгіштеп жүргені, соңынан одан аяғының ауырлай бастағаны жайлы өсек ауылды өрттей жайлайды. Осылардың барлығы Шолпанға да, Сәрсенбайға да оңай тимей, жандарын жегідей жейді. «Махаббат жібі үзілді. Өмір бұзылды. Бәріне лағынет жаусын! Өмірді улаған сол іштегі балаға лағынет жаусын!...». Осылайша енді жаратқанға жалбарынып, бізді бақытты қылады деген баласы – екеуінің арасындағы жағдайды ушықтыра түсті. Шақшадай басы шападай болған Шолпан енді тілеп алған баласына лағнет айта бастады.

Әңгіме трагедиямен аяқталады; Шолпан мен Әзімбайдың үстінен шығып қалған Сәрсенбай әйелін көзіне шөп салғандығы үшін тепкілеп өлтіреді...

Ал, бір кездері сүйіп қосылған қосағы Сәрсенбай мұндай адам жаны шошырлық жауыздыққа неге, қалай барды? Жалпы, Сәрсенбай осындай оңбаған, қаны бұзық адам ба? Оны осындай қатыгездікке алып барған нендей құдірет? Сәрсенбайдың Шолпанға деген сүйіспеншілігінің жек көрушілікке, одан «кек алушылыққа» қалай айналғаны – әңгімеде психологиялық ыңғайда шебер көрініс тапқан.

Шолпанның ұнатып қосылған күйеуі «сегіз жыл бойы «сен» деген Сәрсенбай» әйелі туралы гулеген өсектерді ести берген соң, бір жылы сөз айтудан қалады. Бұл жағдай «Қит етсе, сыныктан сылтау тауып, балағаттап тастайтын болды. Балағаттың аяғы жекуге, қамшыға айналып бара жатқан жоқ па?» (сонда, 305-бет) – деген әйелінің ойлары арқылы көрінеді. Сәрсенбайдың толық бейнесі көңілдесімен бірге болған әйелінің үстінен түсіп қалып, оны тепкілеп жатқанда, айтқан мына бір сөздерінен ашылады:

«– Иттің ғана баласы, мен сенен бала сұрадым ба?.. Мен саған ойнас жасап бала тауып бер дедім бе? Сен иттің адал ісімді арамдап жүргеніне жарты жыл болды ғой!.. Шығарма дыбысыңды!.. Өлтірем мен сен итті! Өлтірем! Күнде күйгенше, бір-ақ күйейін!.. Өл ит, өл!..» (сонда, 306-бет).

Бұл жерде әдетте үндемейтін, біртоға Сәрсенбай бір жағынан – көзіне шөп салған әйелінің опасыздығын кешіре алмаған намысқой азамат ретінде көрінсе, екінші жағынан – пендешілік күнәсі үшін адам, адам болғанда да өзінің сүйген жары әйелін қатыгездікпен өлтірткен бұрқ еткен адуын ашудың құлы болып та елес береді. «Жуастан жуан шығатыны» деген осы шығар.

Ал, қазақ үшін «көзге шөп салудан» өткен қорлық жоқ. Басына қалпақ киіп жүрген әрбір қазақ алдымен, өзінің жеке бас намысын қорғайды. Азамат ретінде жеке басының, ата-ананың, ағайын-туыстың, елдің, жердің, ең соңында ұлттың, халықтың, мемлекеттің намысын қорғай білу – әрбір адамның азаматтық деңгейін анықтайтын көрсеткіш іспеттес. Қорғай алмаған – жігіт емес, ез. Мәселеге осы тұрғыдан келгенде, Сәрсенбай өзінің жеке бас намысын қорғауға мәжбүр. Керек десеңіз, мұндай жолға қалай барғанын оның өзі де байқамай қалады. Бұрыннан қалыптасқан дала дәстүрінен Сәрсенбай да шыға алмады; шығуы қиын да еді. Ал, ол осы сияқты «еркектік мінез» көрсетпегенде, оның еркек болып, жұрт қатарында жүруінің өзі екіталай еді...

Қалай десек те, пендешілігі үшін адамды өлтіруге, онда да азаптап, қинауға болмайды. Ал, осы мәселеге Батыстық көзқарас тұрғысынан келетін болсақ, басқаша ойлауға да болады; керек десеңіз мұндай пендешілік оншалықты «күнә» да емес, оған бола шала бүлініп, кісі өлтірудің қажеті жоқ...

Бұл жерде тағы мынадай бір мәселенің басы қылтияды. Жалпы Шолпанның қылығын күнә деуге бола ма? Мұның да ойланарлық тұстары баршылық. Шолпан күйеуіне жамандық жасамақ түгілі, ол

туралы жаман ойды ойына алған да емес; күндіз-түні ойлайтыны – «оны қайтсем, бақытты қылам». Әңгімедегі бас кейіпкердің бар «күнәсі» – оның құдай қосқан жары Сәрсенбайды шын сүйгендігі. Шолпанды күнәлі әрекетке итермелеген де оның өзге емес, өз күйеуі Сәрсенбайға деген шынайы махаббаты еді. Осылайша, сүйіп қосылған қосағына қалайда жақсылық жасау ниетімен саналы түрде күмәнді жолға баруы – Шолпанды адал жарының бақыты үшін барлығына да дайын күрескер әйел дәрежесіне дейін көтереді. Ол мұндай жолға күйеуінің көзіне «шөп салу», не болмаса тәңқұмарлықпен емес, керісінше, бедеу Сәрсенбайдың бедеулігін өзіне білдірмей, сол бедеуліктің салдарынан перзент сүйе алмау қасіретінен құтқару үшін барды. Бұл жерде Шолпанның күйеуіне шын ниетпен жасамақ болған жақсылығы керісінше, жақсылық болмай, бір шаңырақтың ортасына түсуіне, одан қалды оның өзіне қайта соғып, ақыр соңында көз жұмуына алып келді. «Жақсылыққа жақсылық» емес пе еді? Жақсылық қалайша жамандыққа айналып кетті? Осыдан кейін өмірді түсініп көр.

Мағжанның «Батыр Баян» поэмасында да дәл осылай болмағанымен де осыған ұқсас жағдай суреттеледі. Батыр Баян жаугершілікте қолға түсіріп, өзі алмаққа жүрген қалмақтың сұлу қызын туған інісі Ноян ғашық болып, алып қашатыны бар. Ағасының ойын біле тұра, мұндай әрекетке барған інісінің ісіне барынша ыза болған намысқой Баян бауыры Ноянды қуып жетіп, ашу үстінде найза салады. «Ашу – дұшпан, ақыл – дос». Сонынан ашуы тарап, өзіне-өзі келгенде барып, не істеп, нені бүлдіргенін сезініп, опық жейді. «Бір қызға таласып, туған інісін өлтірген» деген сұмдық сөзден өліп кете жаздаған намысты батыр жауға аттанып, өз қателігін туған елінің, жерінің алдында қанымен жуады.

Демек, екі жағдайда да кейіпкерлердің осындай қылмысқа дейін баруы – ер жігіттердің өздерінің азаматтық намысын сын сәттерде ет қызуымен қорғауынан туындап отыр. Жалпы, намыс – адамды адам ретінде асқақтата түсетін ең асыл қасиеттердің бірі. Намыс дегеніміз – адамның рухани болмысының, адамшылық қасиеттерінің күнделікті тіршіліктегі биік көрінісі, жеке бастың ар-ожданын, абыройын сақтай білуі. Намыс жеке бастың намысы, ағайынның намысы, ұлттық намыс, елдік намыс дегендей, түрліше болуы мүмкін. Кейде ретсіз жерде намыстанатын жалған намыс та болады. Қазақ: «Ер жігіт – намысының құлы», – дейді. Мағжанның Сәрсенбайы да өзінің жеке басының абыройын сақтап қаламын деп, намысқа шауып, байқамай барып жарға соққанын өзі де білмей қалды.

Намыс та алмас секілді. Алмасты дұрыс сілтей білсе, кеспейтіні жоқ; жөнді ұстай алмаса, өзін жарақаттайды. Сол сияқты жоғарыда біз сөз етіп отырған Мағжанның кейіпкерлері өздерінің өр намыстарын ойланып жатуға мүмкіндік жоқ сын сәттерде қорғау үстінде намысқа ашу үстінде шауып, өзгені де, өздерін де мерт қылады. Бұдан шығатын

корытынды сол, адамның барлық іс-әрекеттері ақылға сүйенуі керек; ал ашу үстіндегі асығыс істер ол каншалықты ізгі ниеттермен басталғанына карамастан, күтпеген келенсіз жағдайларға ұрындыруы мүмкін.

Бұл дүниедегінің барлығы да – өлшеулі. Өлшем әрекет кімге қарсы, қай кезде, қай жерде, қалай, каншалықты деген сияқты көптеген факторларға тікелей байланысты. Бұған тағы да өмір шындығын танып білудің өзі де түрліше, шындық категориясының шартты екендігін қосыңыз. Әркімнің өз шындығы бар. Сонда аса күрделі қоғамдық өмірдің ішінен тура жолды тауып, шындықтың аулына жетудің өзі оңай болмасы анық. Осылардың барлығын ақылға салып, тәжірибеге сүйеніп, ой-сана сарабынан қатал өткізбесе, намысымды қорғаймын деп жүргенде басқа жолға түсіп кетіп, қылмыскер болып шыға келуің ғажап емес. Сондықтан да барлық уақыттарда да ақылмен, біліммен анықталатын өмірдің өз өлшемдерін басшылыққа алып отыру аса маңызды. Мағжанның Сәрсенбайы өмірдің осы сияқты заңдылықтарынан шығып кетудің салдарынан осындай адам жаны түршігерлік істерге ұрынған.

Ал, «Шолпанның күнәсінде» сүйген жарын ашу үстінде өлтірген Сәрсенбайдың бұдан кейінгі тағдыры сөз болмайды. Өйткені, бұл авторды қызықтырмайды. Бұл жерде Мағжанның назар аударып отырғаны – күйеуіне жақсылық жасамақ болған Шолпанның әрекеті неліктен керісінше шықты, оның «күнәсі» шынында да өлім жазасына лайықты ма; қарапайым жан Сәрсенбайды өзінің сүйген жарын осыншама қатыгездікпен өлтіруге жетектеген қандай дүлей күш?

Адам бұл өмірге бақытты болу үшін келеді. Ал, бақыт дегеніміздің өзі не? Бұл мәңгілік сауалға тарихи, ұлттық, дүниетанымдық тұрғыдан әр кездерде әр түрлі жауаптар берілген. Біреулер оны өмірдің қызығын көру деп біледі. Қазақтың түсінігі бойынша, өмірдің басты мақсаты – өсіп-өну, артына жақсы ұрпақ қалдыру. Осы сияқты бақытты түсінудің өзі өзгермелі екендігі Шолпанның бейнесінен анық көрінеді. Шаңырақ көтерген алғашқы жылдарында махаббаттың буына мас болған ол өмірдің мәні жар құшағының ыстық қызуы деп білсе, кейіннен бұл түсінігі өзгеріп, перзент сүюге белді бекем буады.

Мағжанның суреткерлік шеберлігі Шолпанның басынан өтіп жатқан қым-қиғаш оқиғаларға орай оның ішкі жан-дүниесінде болып жатқан өзгерістерді психологиялық тұрғыдан нанымды көрсете алуынан жарқырай көрінеді. Бұл жерде Мағжан сырты жылтыр әсіре қызыл сөзден, артық бояудан, жасанды оқиғалардан ада; қазақтың қарапайым, «шапан киген» қара сөзін сол табиғи күйінде қолдана білу барысында дала өміріндегі қоңыр тіршіліктің бір көрінісін шынайы бейнелей алған.

«Шолпанның күнәсі» М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні», Б.Майлиннің «Ұлтуған» тәрізді әңгімелерін еске түсіреді. Бұлардағы оқи-

ғалар әр түрлі ынғайда дамып, адам тағдыры, оның ішінде ауылдағы қазақ әйелінің тағдыры алдыңғы қатарға шыққан. Екі әңгіменің екеуінде де аяғы негізгі кейіпкер әйелдің өлімімен аяқталады. М. Жұмабайұлы да драматизм элементтерін, трагедияның қара бояуларын қоюландыра түсіп, тағдырын өз қалауына қарай өзгертуге талпынған қазақ әйелінің бейнесін сомдаған. Әңгіме Шолпанның өлім аузында сандырақтап жатып, көз жұмуымен аяқталады:

«Шолпан болар-болмас «Алла» деді...

– Балам қайда? Әлгі неге келіп бір көріп шықпайды? – деді де, көрпенің бұрышын құшақтағандай болып, ерні беу-беу дегендей қимылдап, сұлық болып тағы талып кетті...

Күнмен таласа Шолпан да өмірмен қоштасты» (сонда, 308-бет).

Бұл өмірмен қоштасар алдында Шолпанның «алла» деп, кәлимаға тілін келтіріп, «балам қайда?» деп, сандырақтап жатуының өзі-ақ оның ішкі жан дүниесіндегі өзгерістердің жай-күйінен толық хабардар еткен. Өліп бара жатып та имандылықты, баласын ойлайтын қазақ әйелінің биік бейнесі көз алдына келіп тұра қалғандай болады...



Әдеби аударма – көркем әдебиеттің ішіндегі аса қиын да күрделі өнер түрі. Аударма – «бір тілде айтылған не жазылған мәтіннің екінші тіл арқылы жеткізілуі, әдебиеттің кең арналы, мол саласының бірі» (Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 1 том. А., 1998). Мәскеуде басылған әдебиеттің энциклопедиялық сөздігінде: «әдеби шығармашылықтың түрі, оның нәтижесінде бір тілдегі туынды басқа тілде қайта жасалып шығады» (Литературный энциклопедический словарь. М., 1987, 58-бет) – деп, түйінделген. «Әдебиеттану терминдер сөздігінде» «әдеби шығарманың бір тілден екінші тілге көшіріліп қайта жасалуы, басқа тілдегі түпнұсқа негізінде жазылған көркем туынды» (Әдебиеттану терминдер сөздігі. А., 1998, 58-бет) – деген түсініктеме берілген. Демек, әдеби аударма дегеніміз – көркем шығарманың бір тілден, екінші тілде қайта жасалуы; немесе басқа тілдегі түпнұсқа негізінде қайта жазылған көркем туынды. Толық мағынасындағы аударма қалайда түпнұсқаға сәйкес болуы – негізгі шарт. Десек те көркем шығарманың мәтінін бастан-аяқ сөзбе-сөз дәл тәржімалау мүмкін бола бермейді.

Аударма не үшін қажет? Орыстың ұлы сыншысы В.Г.Белинский бұл туралы «...аударма көбінесе, түпнұсқаны оқымағандарға және оқуға мүмкіншілігі жоқтарға арналып жасалады; ең бастысы бір халықтың тіліндегі әдеби шығармаларды екінші халықтың тіліне аудару ісіне халықтардың өзара ауыс-түйістігі, сонан келіп, әдебиеттің көркеюі және ақыл-ой еңбегінің дамуы негізделеді» (В. Г. Белинский. Толық шығармалар жинағы. 13 том, М. 1948, 163-бет) – деген ой түйіпті.

Көркем аударма жасау үшін аудармашының кем дегенде, екі халықтың тілін жетік білуі қажет. Онсыз аударма сапасы ойдағыдай шықпайды; түпнұсқасының ұлттық сипаты, өзіндік өзгешеліктері сақталмайды. Аудармада сөз қолдану, ойдың мағынасын толық жеткізу, шығарманың көркемділігін жоғалтып алмау сияқты мәселелерге баса назар аударылады. Аудару үстінде жеке сөздерге балама іздеу барысында ана тілінің бүкіл қазынасы аударылып-төңкеріліп қарастырылып, отырады. Соның арқасында тіл қазынасының қалтарысында қалып қойған не бір байырғы сөздер, кейде тіпті, ұмытылып бара жатқан атаулар да аударма арқылы жазу, сөйлеу қызметіне белсенді түрде қайта жегіліп, әдеби тілдің ортасынан ойып тұрып, орын алып шыға келеді.

Аудару үстінде жеке сөздерге балама іздеу арқылы тілдік қорымыздағы бар сөздер мағына жағынан сараланып, ұғымдық шектері нақтылана түседі. Тәржімаланатын сөздердің алуан түрде қолданылуына орай, өзіміздегі синонимдік мәндес сөздердің титтей де болса ұғымдық айырмасын тауып, әрқайсысын белгілі бір тілдегі синонимінің баламасы ретінде тұрақтанып, сол арқылы ол сөздің өзінің ұғымдық мағынасы мен түрлі қырлары ашыла түседі.

Аудару үстінде жеке сөздерге балама іздеу арқылы архаизм, яғни ескіріп бара жатқан көне сөздер жаңғырып, қазіргі жанды әдеби ті-

ліміздің қатарына қосылып жатады. Олардың көбі бірте-бірте бұрынғы мәнін өзгертіп, жаңа мағынада қолданылады.

Мұның барлығын айтып жатқанымыз – аударманың, әсіресе ұлт тілінің, ұлттық әдебиеттің, ұлттық мәдениеттің өркендей түсуіндегі аса маңызды рөліне назар аудара түсу. Осындай аса күрделі мәселелердің теориялық, тәжірибелік жақтары қазақ әдебиетінің XX ғасыр басындағы жарық жұлдыздарының бірі Мағжан Жұмабаевтың аударма саласындағы еңбектерінде оң шешімдер тапқанын көреміз.

Мағжан 1923–1927 жылдары Мәскеудегі атақты акын В. Брюсов басқаратын Жоғары әдебиет институтында оқи жүріп, орыстың сол кездегі көптеген атақты ақындарымен аралас-құраласта болды; екінші жағынан Нәзір Төрешұлов басшылық жасаған Күншығыс басысының қазақ бөлімінде қызмет істеп, аудармамен де айналысты. Орыс, әлем әдебиетін жетік білетін акын дүниежүзі және орыс әдебиеті классикасының озық үлгілерін қазақ оқырмандарына таныстыруда елеулі еңбектер атқарды.

М. Жұмабаев – табиғатынан романтик акын. Сондықтан да ол кейде символистерге, кейде сентименталист ақындарға еліктеген. Ж.Аймауытов: «Мағжан – еліктегіш акын. Еліктеу – ақынға мін емес, қандай күшті ақындар алдыңғы ақындарға еліктемей жаза алмаған. Еліктеу – алдағандық не адасқандық емес, іздену соқпағына өзін-өзі салып, сан түрлі сырлы саздарды қазақ поэзиясына әкелу әрекетінің басы, – деп атап көрсетеді.

Қалың қазақтың арасынан шығып, орысша оқып, екі тілге жетік болған Мағжан орыс әдебиетінен үйреніп қана қоймай, кей тұстарда олардың үздік өкілдерімен үзеңгі қағыстыруға дейін барады. Акын Гете, Гейне, Пушкин, Лермонтов, Блок, Фет, Мережковский, Бальмонт, Ф.Сологуб, З.Гиппелус, Байрон, Брюсов, Горькийлерге еліктеумен бірге олардың өлеңдерінің ішінен өзіне ұнаған кейбіреулерін қазақ тіліне аударып, дәлме-дәл аударманың, еркін аударманың тамаша үлгілерін жасады.

Мағжан аудармаға бірден келген жоқ. Орыс әдебиетін барынша жақсы білетін оған әсіресе символист ақындардың сөз саптауы, ойды символмен айтуы ұнады. Орыс символисттерінің көркемдік әлеміне үніліп, оның көрнекті өкілдерінің өзіндік ерекшеліктерін, поэзиясының қыр-сырларын зерттеді. Өзі де осы бағытта қалам тартып, қазақ поэзиясына ұлы жаңалықтар әкелді.

«Мағжан өзі сүйген, қалаған, өзіне үлгі тұтыңған акын-жазушыларын ғана аударған. Солардың ішінде Гетеден аударған «Орман патшасы», М. Горькийден аударған «Күн шығады да батады», «Сұңқар жыры», Лермонтовтың «Тұтқыны» – ерекше атауға тұратын нәрселер. Мағжан орыстың, Еуропаның осындай алыптарын аударып отырып, қазақ тіліне солардың рухын мол қылып жеткізуге тырысқан» (Ө. Тәжібаев. Мағжан Жұмабаев. Кітапта: Мағжан Жұмабаев. Шығармалары. Алматы, «Жазушы», 1989, 12-бет).

Ақын бір ғана әйел тақырыбына алты жүз сексен жеті өлең жазған Александр Блокты сүйіп, оған өлең арнады. Мұнда ол Блок поэзиясының негізгі ерекшелігі болып табылатын әйел тақырыбы екендігін былайша дөп басыпты:

«Александр Блок –  
Мәңгі жас жүрек  
Үмітін бір үзбеген...

«Әдемі әйел» – идеал,  
«Әдемі әйел» – бір қиял,  
Блоктың басын байлаған.

«Әдемі әйел» – бір гүл,  
Блок – бір бұлбұл,  
Блок – бұлбұл сайраған»

(Мағжан Жұмабаев. Шығармалар. 1 том. Алматы, «Білім», 1995, 158-бет).

Мағжанның атақты өлеңі «Мені де өлең, әлдиле» орыстың атақты символист ақыны Бальмонттың «Убаюкивай меня смерть» өлеңінің ізімен жазылған. Он шумақтың әрқайсысы үш жолды үш тармақтан және екі жолды бір тармақтан, барлығы 11 жолдан тұрады. Бұл жерде қазақ ақыны орыс ақыны өлеңінің негізгі «Убаюкивай меня смерть» деген жолын негізгі сарын етіп алып, ары қарай өзінше жырлаған. Қазақ поэзиясында бұл тақырып бұрын-соңды дәл осылайша жырланбағандықтан, «Мені де өлім, әлдиле» өмірден түңілушілік, пессимистік сарында жазылған деп бағаланып келді. Өлеңге назар аударайық:

«Қажыдым енді күш бітті,  
Көңілсіз, салқын, күн бұлтты,  
Жел бұйығып, тербелед.  
Әлдекімнің өлгенін,  
Оны қалай көмгенін,  
Әңгіме қылып, күңіренед.  
Жел, күңіренбе, жасың тый,  
Өлім күйі – тәтті күй.  
Балкиды жаным бұл күйге.  
Мені де өлім, әлдиле...  
Әлдиле өлім, әлдиле!...»

(Мағжан Жұмабаев. 3 томдық шығармалары. 1 том. Алматы, «Білім», 1995, 166 бет). Әрине, ақынның символизм әдісімен жазылған бұл өлеңін қарапайым түсінікпен ұғына қою қиын екендігі көзге ұрып тұр. Десек те өлеңді ұғуға ұмтылып, ойлы көзбен оқыған оқырманды өмірдің өткіншілігі, жалған екендігі жайлы небір ойларға

жетелері анық. «Мені де өлім, әлдиле» көркем сөзбен кестеленген өмір философиясы іспеттес.

Осы жерде тағы мынадай бір мәселеге назар аудара кеткен жөн. Жалпы, адам үшін ең қорқынышты нәрсе – өлім. Сол өлімнің өзі ақынның өлеңінде онша қорқынышты емес, керісінше,

«Өлім күйі – тәтті күй...  
Бетімнен тәтті бір сүйіп,  
Алдыңа алшы әлдилеп...  
Балқиды жаным бұл күйге.  
Мені де өлім, әлдиле...  
Әлдиле өлім, әлдиле!...» –

деген сияқты жолдардың адам жанын ерекше бір жылы сезімге бөлейтіндігі көрінеді. Бұл дегеніміз – Мағжан сияқты сөз құдіретін барынша меңгерген ұлы ақындардың ғана қолынан келетін шын шеберлік.

Қазақ ақыны орыстың тағы бір ақыны Феттің ізімен төмендегіше жырлайды:

«Жібек түн –  
Бәрі – тың.  
Сайраған,  
Жайнаған.  
Екі жас –  
Екі мас:  
Жүрек мас,  
Көзде жас!  
Сүттей Ай,  
Терең сай:  
Бұлбұл,  
Гүл-гүл.  
Екі жан.  
Ыстық қан.  
Жан ессіз.  
От сүйіс.  
Орман –  
Тынған.  
Сылдыр.  
Гүлдер.  
Күбір, Сыбыр.  
Тұман.  
Таң, таң!...»

(Мағжан Жұмабаев. 3 томдық шығармалары. 1 том. Алматы, «Білім», 1995, 113 бет).

Бұл өлеңін Мағжан аудармаға жатқызбаған. Десек те, «Біраз Фетшенің» орыс ақынының «Шепот, робкое дыханье» өлеңіне өте жақын

екендігіне көзіңіз жетеді. Фет былайша жырлапты:

«Шепот, робкое дыханье,  
Трели соловья,  
Серебро и колыханье  
Сонного ручья.

Свет ночной, ночные тени,  
Тени безконца,  
Ряд волшебных изменений  
Милого лица.

Вдымных тучках пурпур розы,  
Отблеск янтаря.  
И лобзания, и слезы.  
И заря, заря!...»

(А. Фет, Стихи. 2 том, 150 бет).

Енді осы екі өлеңді салыстырып қарайтын болсақ, бір-біріне ұқсайды деуге де, ұқсамайды деуге де болады. Ұқсайтыны: екеуінің де тақырыбы бір – түнгі сұлу табиғат құшағында махаббат жалынына оранған екі жастың жүрек лүпілі, сүйіспеншілік сезімі; айлы түнде онаша кездескен екі ғашықтың алай-түлей көңіл-күйінің баяндауыш қолданылмай, атаулы сөйлемдермен берілуі. Ұқсамайтыны: сыртқы формалық жағынан келгенде, мүлдем өзгешелік танытады. Феттің өлеңі он екі жол, үш шумақтан тұрса, Мағжанда көлемі екі есеге көбейіп, жиырма төрт жол болған. Өлең жолының көбеюі жол сайынғы буын санының азаюы есебінен пайда болып, мұның өзі орысша өлеңнің композициялық құрылымының мүлдем өзгеріп, қазақ тілінде жаңа өлеңнің тууына алып келген.

М. Жұмабаев алдымен, ақын болғандықтан да орыс поэзиясынан жиырма шақты ақынның өлеңдерін қазақша сөйлетті. Олардың ішінде Лермонтовтың «Тұтқын», «Сарғайып келген егін толқынданса», Кольцовтың «Шалдың үміті», Горькийдің «Күн шығады да батады», Мятловтың «Бұтақ», Дмитриевтің «Дәрігер», Гетенің «Орман патшасы», «Айрылдым сенен жан сәулем», Гейненің «Екі бетің сұлу қыз», «Күннің батуы», Абу Фирастың «Жау жеңді...» секілді өлеңдері бар. Кей аудармаларының кімнен тәржімаланғаны көрсетілмей, тек «арабтан», «орышадан» делініп, ал тіпті кейбіреулерінің тақырыптары да қойылмаған. Мысалы, «Көңілде қайғы қалдырмас» «Арабтан», «Бала мен құс», «Ертеңгі сәулелер» «Орышадан» деп қана көрсетілген.

«Көңілде қайғы қалдырмас» деген жолдан басталатын бір шумақ өлеңнің не тақырыбы, не кімнен аударылғандығы жоқ, тек жакшаның ішіне жазылған «Арабтан» деген анықтамасы ғана бар. Демек, бұл өлеңді нақтылы бір араб ақынының қазақша тәржімәсі деуге келіңкірей бермейді. Ақынға белгілі ме, белгісіз бе, әйтеуір бір араб ақынының

өлеңінде айтылған идея ұнаған болу керек те, Мағжан соны дереу өзінше, казак тілінде еркін өлең шумағына айналдырған болуы керек:

«Көңілде қайғы қалдырмас,  
Қандай да болса, үш нәрсе:  
Көкорай шалғын, ағын су,  
Әдемі жарың, әсіресе».

(Мағжан Жұмабаев. 3 томдық шығармалары. 2–3 том. Алматы, «Білім», 1996, 112 бет).

Осы сияқты «Бала мен құс», «Ертеңгі сәулелер» өлеңдерінің де кімнен аударылғандығы көрсетілмей, тек «Орысшадан» деген ғана анықтама беріліпті. Сондықтан, бұл өлеңдерді де аударма дегеннен гөрі орыс поэзиясының үлгісімен жазылған ақынның өз өлеңі деуге де болады. «Бала мен құс» – бала мен құстың диалогына құрылған. Бала кең далада сайрап, еркін жүрген құсқа далада саған қауіпті, одан да сен маған кел, мен саған тамағың мен суыңды даярлап, қаршыға мен аңшыдан қорғаймын; сен тек жырыңды жырлап отырсаң болды дейді. Оған жыршы құс:

«Жоқ мырза, бұл мақтаған қапасына,  
Кірмейтін боран суық лапасыңа.  
Бермеймін қалың ағаш, өзен суды,  
Келсе де мың бір пәле бұл басыма!

Жайнаған түрлі гүлмен кең даламды,  
Қай жакқа ұшсам-консам ен даламды,  
Балақай, ас-суымен сыйланам деп,  
Жанымнан өз еркімнен құр қалам-ды». (сонда) –

деп, жауап береді. Бұл жердегі басты идея тіршілік жасауға қанша қауіпті болғанымен де кең даланың еш нәрсеге айырбастауға келмейтін соншалықты жақсы жақтары да бар, соның ең бастысы қаладағы тіршілік етуге бар жағдай жасалынған қапастан гөрі ұшы-қиыры жоқ сайын даладағы еркіндікке жететін еш нәрсе жоқ. Орыс ақыны жырлаған осы бір жолдардағы ойды ұлы даланың төсінде туылып, қасиетті топырағынан нәр алып өскен ақын іліп алып, ары қарай тереңдете жырлап кеткен.

Белгісіз орыс ақынының «Ертеңгі сәулелер» аталған өлеңінде алаулап атып келе жатқан күннің алтын сәулелерінен бозторғай, қоян, тауық, ара оянып, тіршілікке қызу кірісіп кетеді. Ал жалқау, еріншек баланың бетіне алтын сәуле оны оятамын деп, қанша түскенімен де ол ұйықтай береді. Осындай жағдайды суреттей келе Мағжан өлеңнің соңын:

«Ойлап тұрсақ, мінеки,  
Дәл осындай біздің жай.  
Сәулесіне білімнің  
Басқа жұрт ашқан көзін-ай.

Өнерімен көкке асқан,  
Көре алмадық азын-ай.  
Жамылдық, жаттық, ұйықтадық,  
Келдік өлер кезіне-ай!»

(Мағжан Жұмабаев. 3 томдық шығармалары. 2–3 том. Алматы, «Білім», 1996, 114 бет) – деген сол кез үшін аса маңызды болған ой түйінімен аяқтапты.

Аудармаға келгенде, акынның түпнұсқаның құлы болып кетпей, дәл аударған да, кейде қазақ оқырманының өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, ішінара еркін кететін тұстары да бар. Лермонтов сияқты атақты акындардың өлеңдерін аударған акын көбіне дәлме-дәл аударуға ұмтылып, қазақ тілінде де шебер сөйлете алғандығы көрінеді. Аударылған деген ескертпесі болмаса, аударма екендігі білінбей, қазақ тілінде өмірге келген өлең сияқты әсер береді.

Айтқанымызға көз жеткізу үшін 6 шумақ, 24 жолдан тұратын М. Ю. Лермонтовтың «Узник» өлеңінің қазақ тілінде «Тұтқын» аталып, қалайша сөйлегенін жолма-жол салыстырайық:

### Узник

«Отворите мне темницу,  
Дайте мне сиянье дня.  
Черноглазую девицу,  
Чернокривого коня.

Я красавицу младую  
Прежде сладко поцелую.  
На коне потом вскочу,  
В степь, как ветер улечу.

Но окно тюрьмы высоко,  
Дверь тяжелая с замком.  
Черноокая далеко,  
В пышном тереме своем.

Добрый конь в зеленом поле,  
Без узды один в поле.  
Скачет, весел и игрив,  
Хвост по ветру распустил.

Одинок я – нет отрады,  
Степь белые кругом.  
Тускло светит луч лампы,  
Умирающие огнем.

Только слышно: за дверями,  
Звучно-мерными шагами.

### Тұтқын

«Абақтыдан құтқарып,  
Сәулесін күннің көрсетші.  
Қаракөз жанға қыз салып,  
Қара жал жүйрік ат берші.

Жас сұлуды жүрекке  
Қысып әуел сүйейін.  
Сонан соң ырғып жүйрікке,  
Желдей ұшып, гулейін.

Есік берік әйнек те,  
Дариға, бірақ тым биік.  
Қара көзді аулақта,  
Жатқан шығар жат сүйіп.

Жасыл қырда ерігіп,  
Жүгенсіз жүр ғой тұлпар ат.  
Құйрық жалы төгіліп,  
Бос ойнақтап, көңіл шақ.

Жоқ жұбаныш, жалғызбын,  
Жаланаң тас – айналам.  
Шашады әлсіз жарығын,  
Сөнетін оттай сорлы шам.

Естіледі жалғыз-ақ,  
Ар жағында есіктің.

Ходит в тишине ночной,  
Безответственный часовой».

Күзетші жүр, үнсіз сақ,  
Аяғын басқан есеппен».

«Тұтқынның» М. Ю. Лермонтов жазған орысша, М. Жұмабаев аударған қазақша нұсқаларын жоғарыда келтіргендей салыстыра қарағанда, кейбір жолдарының қазақ тілінің заңдылықтарына орай, орын ауыстырғаны болмаса, екеуінің де бір-біріне сәйкес келетіндігін байқау қиын емес. Мағжан аудармасының мықтылығы сол, аударма екендігі білінбейді дерлік. Аудармашының түпнұсқа өлеңнің рухы мен мән-мағынасын дұрыс ұғынып, сол күйінде қазақша сөйлете алғандығын байқау қиын емес.

Орысша мәтіндегі «На коня потом вскочу, В степь как ветер улечу» деген поэтикалық тармақ қазақ тілінде «Сонан соң ырғып жүйрікке, Желдей ұшып, гулейін» түрінде онан сайын құлпыра түскен. Әсіресе осындағы «В степь как ветер улечудің» «Желдей ұшып, гулейін» болып аударылуы – желмен жарысып, ат құлағында ойнап өскен қазақ баласының қанын қыздыра түсетіні анық.

«Тұтқынды» М. Жұмабаевтан кейін Қ. Аманжолов пен Қ. Жармағамбетов те қазақша сөйлетіпті. Салыстыра қарағанда, орыс тіліндегі «Отворите мне темницу, Дайте мне сияние дня» деген алғашқы тармақ үш ақында үш түрлі аударылған.

Мағжан:

«Абақтыдан құтқарып,  
Сәулесін күннің көрсетші».

Қасым:

«Ашындаршы тар қапасты,  
Көрсет күнді соқсын жел»

Қайнекей:

«Құтқар мені тас зынданнан,  
Күн сәулесін көрсет маған».

Осындағы «темницаның» қазақ тіліндегі «абақты», «тар қапас», «зындан» болып үш түрлі аударылғанын байқау қиын емес. Сырт қарағанда, мұнда тұрған ештеңе жоқ сияқты; үшеуі де негізгі бір мағынаны білдіретін синонимге жатады. Десек те, түпнұсқадағы «темницаның» мағынасына, сондай-ақ суреттеліп отырған жағдайға «абақты» сөзінің түсінігі жақындау келетіні байқалады.

Ақынның М. Ю. Лермонтовтан аударған екінші өлеңі «Сарғайып келген егін толқынданса» да дәл аудармаға жатады. Мұны да салыстырып көрейік.

### **Когда волнуется желтеющая нива**

«Когда волнуется желтеющая нива,  
И свежий лес шумит при звуке ветерка.  
И прячется в саду малиновая слива  
Под тенью сладостной зеленого листка.

Когда росой обрызганный душистой,  
Румяным вечером иль утра в час златой.  
Из под куста мне ландыш серебристый  
приветливо кивает головой.

Когда студенный ключ играет по оврагу  
И, погружая мысль в какой то смутный сон.  
Лепечет мне таинственную сагу  
Про мирный край, откуда мчится он.

Тогда смиряется души моей тревога,  
Тогда расходятся морщины на челе.  
И счастья я могу постигнуть на земле,  
И в небесах я вижу бога...»

(Классики и современники. Москва, «Художественная литература», 1980, 27–28-беттер).

Осы өленді акын төмендегідей қазақша сөйлетіпті:

### **Сарғайып келген егін толқынданса**

«Сарғайып келген егін толқынданса,  
Жас орман жел күңіретіп, әнге салса,  
Жапырақтың жасыл ләззат саясында,  
Бақшада мойыл қаймақ жасырынса.

Себілген алмас шықпен шын хош иіс,  
Сары алтын – ерте, яки қырмызы кеш.  
Бір топтың қолтығынан күліп қана,  
Бас иіп есендесер күміс ландыш.

Секіріп салқын бұлақ ойнап сайда,  
Батырып көмескі түс, тұманды ойға.  
Шапқылап шыққан жерін әңгіме ғып,  
Былдырлап ақ бетінен сүйгізсе айға.

Сол уақыт жай табады асау жаным,  
Сол уақыт жадырайды қас-қабағым.  
Шын бақты тапқандай боп, осы жерде-ақ,  
Көремін көк жүзінде жасағаным...»

(Мағжан Жұмабаев. Шығармалар. 3 томдық. 2–3 том. Алматы, «Білім», 1996, 121–122-беттер).

Аудармаға үніле карағанда, негізінен, түпнұсқаның қазақ тілінде сол күйінде сөйлеп тұр деуге болады. Десек те бірлі-жарым айырмашылықтар да кездесіп қалады. М. Ю. Лермонтовтың «Сарғайып келген егін толқынданса» өлеңін Мағжаннан кейін отызыншы жылдары Сәкен Дайырбеков, жетпісінші жылдары Шәміл Мұхамеджанов, сексенінші жылдары Ғали Ормановтар да қазақ тілінде сөйлетіпті. Бұлар Мағжан аудармасымен таныс болды ма, болмады ма, ол жағы белгісіз. Енді осы төрт аудармаға салыстыра отырып, көз жіберсек, сөз саптаудағы кейбір өзгешеліктер байқалады. Мысалы, орыс ақынының бірінші шумағындағы «малиновая сливасын» Мағжан «мойыл қаймак» деп аударса, С. Дайырбеков пен Ғ. Орманов «кызыл өрік», ал Ш. Мұхамеджанов «қара өрік» деп алыпты. Сол сияқты «волнуется» сөзін Мағжан «толқынданса» деп дәл аударса, жоғарыдағы ақындар «жайқалып», «жайқалғанда», «ырғалғанда» түрінде беріпті.

Үшінші шумақтың соңындағы «Лепечет мне таинственную сагу, Про мирный край, откуда мчится он» тармақ аудармада «Шапқылап, шыққан жерін әңгіме ғып» деген бір ғана жолмен беріліп, «Былдыр-лап ак бетінен сүйгізсе Айға» деген жол жаңадан қосылған. Осы сияқты «И в небесах я вижу бога» деген жолын қазақ тілінде «Көремін көк жүзінде жасағаным» деп сөйлеткенде, орыс тіліндегі «бог» сөзін қатқылдау естілетін «құдайдың» орнына жұмсақ «жасағанды» алуынан да шеберліктің қырын көреміз.

Гейнеден аударылған «Күннің батуы» өлеңін ерекше бір сезіммен оқысыз. Өлеңді оқып шыққанда, балқар ақыны Қайсын Құлиевтің өлерінің алдында артына өсиет ретінде қалдырған «өмірде шындық қана айтылса» деген сөзі еске түседі. Шындығында да өмірді түзейтін де, бұзатын да – сөз. Гейненің өлеңі екі ғашық Күн мен Айдың махаббат мұңына арналған. Бір-біріне ғашық ерлі-зайыпты Күн мен Айдың арасын ажыратқан өсек сөз дегеніне жеткенімен де сүйіспеншіліктің отын сөндіре алмайды; керісінше маздата түседі. Махаббат жыршысы атанған Мағжанды осы бір тақырып, шабыттандыра түсіп, қолына қалам алып, мен болсам, былай жырлар едім деп, Гейнемен өнер жарысына түскендей болады. Өлеңнің аударма екендігі еш білінбей, сезімнен құйылып түскен Мағжанның төл туындысындай әсер етеді. Сан тарап ойларға жетелейтін махаббаттың мұңды әуезін толқымай оқу мүмкін емес. Өлеңді оқиық:

«Баяғы өткен заманда,  
Бұларда артық бақ болған.  
Ай – әйел боп, Күн – ері,  
Толықсып тұрған шақ болған.

Нұрлары балқып, екеуі,  
Қосылысқан бір мезгіл.  
Айнала жұлдыз – балалары –  
Жайнаған өңшең алмас гүл.

Жайнатып бақытын қоймаған,  
Өтірік, өсек жайылған.  
Көрместей ғып бір-бірін,  
Дұшпан ғып бұларды айырған.

Осы күнде тәкәппар,  
Күн көкте жалғыз жайнайды.  
Сәулесіне алтын мәз болып,  
Күн ұзын көкте ойнайды...

Түн болса, аппақ қайғылы,  
Қорқып қана ай туар.  
Апалап ерген артында,  
Балалары – жетім жұлдыздар...

Жүрегі жанып мұнайып,  
Көзінен күнді батырад.  
Айтатындай өтініп,  
«Токта!» – деп, балалар шақырад.

Тәкәппар күн қарамас,  
Мұңды айдың түсіне.  
Онан жаман қызарар,  
Ашу сыймай ішіне.

Айыпсыз айға қарамай,  
Жатары барып – түл төсек.  
Күн мен Айды айырған,  
Не қылмас дейсің бұл өсек!»

(Мағжан Жұмабаев. Шығармалар. 3 томдық. 2–3 том. Алматы, «Білім», 1996, 120–121-беттер). Аударма екендігі білінбей, ерекше бір сезіммен оқылатын өлеңнің негізгі айтар ойы «Күн мен Айды айырған, Не қылмас дейсің бұл өсек!» деген жолдарда жатыр. Өлең адам түгілі, Ай мен Күннің өзін ажыратып жіберген өсек сөзден бүкіл адамзат ұрпағын сақ болуға шақырып тұрғандай. Ақын күннің күнді жарқырап, айдың түнде тууының, ай туған соң аспанда жамыраған жұлдыздардың жымындауының өзінен ерекше бір сурет жасап, философиялық терең ойларға жетелейді.

М. Жұмабаев немістің ұлы ақыны Гетенің екі өлеңін қазақ тілінде сөйлеткен («Орман патшасы», «Айрылдым сенен жан сәулем»). «Орман патшасының» орыс тілінде Огарев пен Жуковский аударған екі нұсқасы бар. Огаревтың тәржімесі – еркін. Ол түпнұсқадағы жалпы оқиға желісін сақтай отырып, күйеуі тастап кеткен әйел мен оның өлім алдында жатқан баласының аянышты тағдыры суреттеледі; есі кіресілі-шығасылы, сандырақтап жатқан баланың көз алдына елестеп жатқан галлюцинация мен шешесінің диалогтары арқылы тағдыр тәлкегіне тасталған жетім мен жесірдің ауыр тіршілігі өз ауыздары-

мен айтылып, шынайы көрініс табады. Ал, Жуковскийдің аудармасы түпнұсқаны дәл беруге ұмтылған. Мағжан осы екі нұсқаның ішінен орыс оқырмандарына кенінен тараған Жуковскийдікін тандапты.

«Орман патшасы» туралы А. Топорков кезінде мынадай пікір білдіріпті: «Мен баллададағы орман патшасы мен бала арасындағы драмдан үш бейнені көремін. Олар: албасты, ес, ақыл-ой. Егер албасты бізді билеп алса, онда ақыл мен ой албастыны қызықтыруын тоқтатады. Гетенің бала деп отырғаны – біздің санамыз. Балладаның соңындағы баланың өлуі – адам санасындағы албастыға сену мен ақылдың арасындағы күрестен кейінгі сананың өлуі, яғни мистикалық елестерге сенуіміз. Гете оны өзінің өмірінің бір ауыр кезеңдерінен, болмаса киялында орман патшасы шақырған елестерден алған» (А. Топорков. Лесной царь. «Труды и дни», 1913, №1–3, стр. 8–18). Балладада суреттелетін оқиға мен айтылар ойды бүгінгі күннің түсінігінен ұққымыз келсе, адамдардың миы олардың бақытты өмір сүруге көмектесетін емес, керісінше кедергі келтіретін қоқыстарға толып кеткен; сондықтан да өлім аузында жатқан баланың санасында бұл өмірдің емес, жастайынан санасына құйылған о дүниенің елестері өзіне тартып, ақыр соңында бала өледі. Мағжан немістің ұлы ақыны Гете жырлаған осындай саяси астары қалың балладаны аударуға саналы түрде барған.

Мағжан шығармаларының алғашқы басылымына алғысөз жазған акын Ә. Тәжібаев «Орман патшасын» балаларға арналған өлең деп, айқындапты. Нақтылы оқиғаны суреттеген өлеңнің балладалық сыпаты айқын. Тәржіманың 11–12 буынмен жазылған 7 шумақтан тұратын түпнұсқадан басты айырмашылығы – шумақ санының екі есеге көбейіп, 7–8 буынды жыр үлгісімен жазылуы.

Орыс тіліндегі:

«Кто скачет, кто мчится под холодной мглой?  
Ездок запоздалый, с ним сын молодой.  
К отцу, идрогнув, малютка приник;  
Обняв, его дерит и грест старик»

(Г. Гете. Собрание сочинений в десяти томах. 1 том. Москва, «Художественная литература», 1975, стр.173)-деген жолдар қазақ тілінде

«Қараңғы салқын түнде кім,  
Аяңдамай желеді.  
Жанында жас ұлы бар,  
Жолаушы жортып келеді.

Әкесіне дірілдеп,  
Тығылды бір уақ нәресте.  
Құшақтап қысып баласын,  
Жылытады қарт әке»

(Мағжан Жұмабаев. Шығармалар. 3 томдық. 2–3 том. Алматы, «Білім», 1996, 117-бет) – болып сөйлеген. Бұл жерде ең алдымен, кейбір жолдарының ауысып түскені болмаса, өлеңнің дәл аударылғандығы бірден көзге түседі.

Енді өлеңнің жолма-жол аудармасына назар аударайық:

«Кто скачет, кто мчится под холодной мглой?»

«Қараңғы салқын түнде кім // Аяндамай желеді».

«Ездок запоздалый, с ним сын молодой»

«Жанында жас ұлы бар // Жолаушы жортып келеді».

«К отцу, идрогнув, малютка приник»;

«Әкесіне дірілдеп, // Тығылды бір уак нәресте».

«Обняв, его дерит и грест старик».

«Құшақтап қысып баласын // Жылытады қарт әке».

Бұл мысал аударманың түпнұсқаға жолма-жол сәйкес келетіндігін, яғни дәлме-дәл аударма екендігін көрсетіп тұр. Сөзімізді нақтылай түсу үшін өлеңнің соңғы шумағын да салыстырып көрейік:

«Ездок оробелый не скачет, летит»;

«Жолаушы енді қысылып, // Шаппайды, ұшып келеді».

«Младенец тоскует, младенец кричит»;

«Қайғырады нәресте, // Нәресте жылай береді».

«Ездок погоняет, ездок доскакал...»

«Құйындатып жолаушы, // Үйіне ұшып келіпті».

«В руках его мертвый младенец лежал».

«Бірақ оның қолында // Нәресте жолда өліпті».

Жалпы аударма түпнұсқаға дәл келеді дегенімізбен де бірлі-жарым азын-аулақ айырмашылықтар да жоқ емес. Мұның себебін екі халықтың тұрмыс-тіршілігіндегі, сөз өнеріндегі ұлттық өзгешеліктерден, оқырманға түсінікті болу жағынан іздеген жөн.

Мағжан араб ақыны Әбу Фирастан бір өлең аударыпты. Бостандық үшін күрескен әрі батыр, әрі ақын Әбу Фирас (932–967) көп өмірі қамауда өтіп, ел-жұртын сағынып жазған элегияларымен танымал болған. Бүкіл саналы ғұмыры қазақ халқының ұлт азаттығы жолындағы күресіне арналған қазақ ақыны араб ақынының еркіндікті аңсаған өршіл үніне назар аударған сияқты. Қасіреттен қан жұтып жатқан тұтқынның анасына жазған хаты түрінде жазылған өлең мынадай жолдармен аяқталады:

«Сабыр қыл, анам, сарғайма,

Дамылсыз зарлап күні-түн.

Қуан, қыл шүкір құдайға,

Иманым үшін тұтқынға».

(Мағжан Жұмабаев. Шығармалар. 3 томдық. 2–3-том. Алматы, «Білім», 1996, 115-бет). Осы соңғы бір шумақтың өзін каншама ойлар кернеп тұрғандай. Ең алдымен, өлеңде тұтқындағы ақынның өзінің анасын, туған елін барынша сүйетіндігі, әсіресе анасына деген перзенттік ыстық махаббаты жалындап тұр. Өзінің тура жолда болғандығы үшін тұтқында жатқанына қалаланбай, керісінше мақтан тұтады; анасын да жігерлендіре түседі. Осы жерде тура осындай жағдайдың Мағжанның да басынан өткенін еске сала кеткіміз келеді.

Мағжан «Күн шығады да батады» деген өлеңін М. Горькийден аударылған деп көрсетіпті. Орыс жазушысының жетпісінші жылдары басылып шыққан 25 томдық шығармалар жинағында дәл осындай өлең кездеспеді. Есесіне «Фольклорлық жазбалар» деген атаумен осы тақырыпқа жазылған үш өлең қатар беріліпті. Солардың бірі

«На погосте Смерть сидит,  
На деревню вниз глядит.  
Черен ворон прилетел,  
Супроти старухи сел:  
– Что ты, тетка, тут сидишь,  
Что всматриваешь?»  
– Ой, птица, вековая...»

(М. Горький. Полное собрание сочинений в 25 томах. Том двадцатый. Москва, Издательство «Наука», 1974, стр. 519–520) – деген жолдардан тұрады.

Максимнің орыс тіліндегі өлеңі екі шумақтан, Мағжан аудармасы төрт шумақтан тұрады. Түпнұсқада ауыл шетіндегі моланың үстінде отырған ажал төмендегі ауылға қарап отырады. Бұтақ басына келіп конған қара қарға қарсы жерде отырған кемпірге: «Бұл жерде не қылып отырсың; Не қарап жатырсың?» – дейді. Өлең кемпірдің: «О, ғасыр жасаған құсым менің...», – деп, жауап бере бастаған жерінен үзілген. Осы бір ертегілік, символдық эпизодты Мағжан өмірге жақындатып, жырлаған: абақтыда отырған лирикалық кейіпкер күндіз-түні қатал бақылауда. Өлең

«Қарға, қарға, қара қарға,  
Неге төніп келесің?  
Көзің сүзіп күтпе бекер,  
Мен – сенікі емеспін».

(Мағжан Жұмабаев. Шығармалар. 3 томдық. 2-3 том. Алматы, «Білім», 1996, 116-бет) – деген жолдармен аяқталады. Тәржіманың теориясы тұрғысынан келетін болсақ, бұл өлеңді аударма дегеннен гөрі М. Горький өлеңінің ізімен жазылған өлең деп, қабылдаған дұрыс сияқты. Өлеңнің соңындағы: «Қарға, қарға, қара қарға», – деп басталатын шумақ қазақ ауыз әдебиетіндегі балаларға арналған осы тектес өлеңдерді бірден есіне түсіреді.

Мағжанның аудармаларын сөз еткенде, оның өзі ақын бола тұра, поэзиядан гөрі, прозалық туындыларды көбірек қазақшалағаны көзге түседі. Жалпы, Мағжанның жиырмасыншы жылдарда поэзиядан прозаға қарай ойыса бастап, «Шолпанның күнәсі» әңгімесін, қазақтың ұлттық «Педагогикасын» жазғаны, сондай-ақ әдебиет пен мәдени өмірдің түрлі салаларына арналған көптеген публицистикалық мақалаларын жариялағаны белгілі. Мұның басты себептері – ақынның басындағы шығармашылық ахуалға байланысты болса керек. Романтикаға толы жастық шаққа тән, көбіне көтеріңкі көңіл-күйді қажет ететін поэзиядан гөрі енді есейіп, оң-солын танып, өмірдің қыр-сырына қанығып, тереңірек үңіле бастаған Мағжан өзінің әлеуметтік ой-пікірлерін халыққа жеткізудің бірден-бір тиімді жолы деп, прозаны қол көрген сияқты. Сол себепті де болса керек, М. Жұмабаевтың прозалық аудармалары басым жатыр.

М. Жұмабаевтың аудармалары хақында Ә.Тәжібаев: «Мағжан өзі сүйген, қалаған, өзіне үлгі тұтынған ақын-жазушыларын ғана аударған. Солардың ішінде оның Гетеден «Орман патшасы», М. Горькийден «Күн шығады да батады», «Сұңқар жыры», Лермонтовтың «Толқынын» ерекше атауға татитын нәрселер.

Мағжан орыстың, Еуропаның осындай алыптарын аударып отырып, қазақ тіліне солардың рухын мол қылып жеткізуге тырысқан» (Мағжан Жұмабаев. 3 томдық, 2–3 том, А., 1996, 478-бет) – деп жазады.

М. Горькийдің «Старуха Изергиль» атты әңгімесін қалай аударғаны туралы профессор Бейсенбай Кенжебаев: «Бір жолы мен Мағжанның үйіне бардым. Мен барғанда, Мағжан жұмыс істеп, жазу жазып отыр екен. Сұрастыра келгенімде, Максим Горькийдің кейін қазақ тілінде «Сұңқар жыры» деген атпен кітап болып шыққан әңгімелерін аударып жүреді екен. Дәл мен барғанда, «Старуха Изергиль» атты әңгімесін аударып отырған болып шықты. Үстел үстіндегі жазып отырған қағазының бетіне үңілдім, онда «Жұртын сүйген жүрек» деген сөзбасы көзіме түсті.

– Аға, аударып отырған әңгіменіңіздің аты жаңа ауызша айтқаныңызда басқа еді, қағазда жазғаныңызда бір басқа ғой? – деп, сұрадым.

«Ұстаздық қылған жалықпас, үйретуден балаға» деген емес пе, Мағжан үстелден шегініп отырып, маған бұл жайдың мәнін баяндады.

– Басқа тілден шығарма аудару – ол шығарманы өзінікі етіп алу деген сөз, өзінікі болған соң, ол өгей бала екені білінбесе керек. Ол үшін шығарманың тұрқы, тұлғасы аударылмай, мағынасы рухы аударылуы қажет. Мына әңгіме солай аударуға әбден келіп, соны өзі тілеп тұр: әңгіменің рухы, жаны атында емес, асыл затында, мағынасында, ал мағынасы – халқын сүйген ер азамат жайлы, жұртын сүйген жүрек туралы. Тағы бұл әңгіменің осылай «Жұртын сүйген жүрек» болып аударылуы – оны жазған, М.Горький өз стиліне дәл, оның осы әңгімені

жазған кезде ұстаған әдебиеттік бағытына сай» (Мағжан Жұмабаев. Шығармалар. 2–3 том. А., 1996, 462–463-беттер) – деп, еске алады.

М. Жұмабаевтың орыс әдебиетінен жасаған аудармалары – оның шығармашылық қырларын толық аша түсетін, аса бір жемісті саласы. Ол орыс, әлем әдебиетінің ішінен тандап жүріп, қазаққа пайдалысын, қазаққа қатысы барын, сосын казактың тұрмыс-тіршілігін бейнелеген шығармаларды ғана шығармашылықпен аударды. Дарынды ақын аударма саласында да тәржімашылық өнердің асқан үлгісін көрсете білді.

М. Жұмабаев аудармаларының бір ерекшелігі – оның аударма екендігінің онша байқала бермейтіндігі. Әңгімедегі сөз кестелерін айрықша мәнерлеп, ұлттық бояуға қанық сөз тіркестерін де молынан пайдалана білген. Сонымен бірге, түпнұсқадан мағыналық-мазмұндық жағынан ауытқымай, өзінің дара стилімен өзгеше көркем бой түзейтіндігі де көзге түседі.

Оған Мағжанның М. Горькийдің «Жұртын сүйген жүрек», «Сұңқар жыры», «Ана», «Темірді жұмсартқан ана», «Хан мен ұлы», Вс. Ивановтың «Бала», «Өз өмірімнен әңгіме», «Темірбай», «Жолығу», «Сай», Д. Н. Мамин-Сибиряктың «Ақбозат», П. Дороховтың «Большевик баласы» шығармаларына жасаған аудармаларын оқығанда, көзіңіз жетеді.

М. Жұмабаев алғашында орыс жазушысы Максим Горькийдің бірнеше әңгімелерін аударды. Мағжанның М. Горький прозасына деген ықыласы ерекше болған. Орыс жазушысының әңгімелеріндегі ел тағдырын, ұлт мұңын қазақ халқының тұрмыс-тіршілігімен тығыз байланыстырғанына іш тартып, жақын көрді.

М. Горькийдің романтикалық әсердегі әңгімелері ақын М. Жұмабаевты қызықтыра түскен. Бұл орайда, ол М. Горькийдің тәрбиелік максаттағы романтизмге толы әңгімелерінің ұрпақ тәрбиесіне елеулі әсері барын аңғарған. Бұл аудармашының талғампаздығын көрсетсе керек. Бұл жөнінде мағжантанушы Ш. Елеукенов: «М. Жұмабаевтың аудармашылық репертуарын талдағанда, оның қолына түскенді ғана емес, қазақ тұрмысына қажетті деген шығармаларды іріктеп, белгілі жүйемен тәржімалағанына көз жеткіземіз» (Ш. Елеукеов. Мағжан. Алматы, «Санат», 1995, 384-бет) – деп жазыпты.

Жалпы, Мағжанның прозалық аудармаларын қарастырғанда, нағыз қуатты аударма тудыра білгендігін, тіл шеберлігін, түпнұсқадан ауытқымай, шығарманың нәрін қазақ тілінде майын тамыза жеткізе білгендігін айта кеткен жөн. Оның Горькийден аударған әңгімелерінің бәрі – ерлік, өрлік, ана ерлігі, отанға сүйіспеншілік сияқты адамды патриоттыққа, ерлікке, махаббатқа үндейтін туындылар.

Мағжанға Горькийдің Дауылпазы мен Сұңқары, халық үшін жүрегі күйген Данко, тіршіліктегі қайсар әйел-ана бейнелері, ерлік пен өрлік өзгеше әсер еткен еді. Онда да кез-келгенін аударма бермей, қазаққа пайдалы, жанына жақын-ау дегендерін ғана аударғаны байқалады. Осындай ұстаныммен ол жазушының «Жұртын сүйген жүрек» («Ста-

руха Изергиль»), «Сұңқар жыры», «Ана», «Темірді жұмсартқан ана», «Хан мен ұлы» әңгімелерін қазақ тілінде шебер сөйлеткен. М. Горькийдің «Старуха Изергиль» атты әңгімесін түгел аудармай, бір үзіндісін ғана қазақшалапты.

«Сұңқар жыры» «Сары бас жылан таудың қиясына өрмелей шығып, бір дем қапсағайда иіріліп, теңізге қарап жатты.

Жоғары Көкте Күн жарқырап, тау ыстық демін көкке жіберіп тұрды. Төменде толқындар тасқа соғылып жатты» (Мағжан Жұмабаев. Шығармалар. Алматы, 1996, 122-бет) – деген сөйлемдермен басталған.

Мұның М. Горькийдегі түпнұсқасы: «Высоко в горы вполз уж и лег там в сыром ущелье, свернувшись в узел и глядя в море.

Высоко в небе сияло солнце, а горы зноем дышали в небо, и бились волны внизу о камень» (М. Горький. Избранные сочинения. Гос. изд. худ. лит. Москва. Ленинград. 1946, 36-бет).

Екі нұсқаны салыстыра қарасақ, сөйлем мен сөйлем сәйкес келеді. Десек те аздаған айырмашылықтарды да байқауға болады. Түпнұсқада «в горы» сөзінің қазақшасы «тауға» жаңадан «кия» сөзі тіркеліп, «таудың қиясына» делініп алынған. Ал, «ущелье» «қапсағай» алынып, оның алдында тұрған анықтауышы «сырое» аударылмаған. Екіншісі екіге бөлініп, екі сөйлем болып аударылған.

«Сұңқар жырында» аудармашы еркін кеткен; бас жағын аудармай, Рагимнің айтқан әңгімесін ғана қазақшалаған.

Түпнұсқада: «Вдруг в то ущелье, где Уж свернулся, пал с неба Сокол разбитой грудью, в крови на перьях...

С коротким криком он пал на землю и бился грудью в бессильном гнев о твердый камень...» (сонда).

Аудармада: «Бір мезгілде сары бас жылан иіріліп жатқан қапсағайға көктен төсі жаралы, қанаты қанды сұңқар құлап түсті...

Сұңқар бір саңқ етіп, жерге құлап, әлсіз ашумен төсін тасқа соқты...» (М. Жұмабаев. Шығармалар. Алматы, 1996, 122-бет). Бұл жерде ең бастысы – әңгіменің дәлділігі, автордың өзіндік стилі сақталып тұр.

«Свернулся» «иіріліп», «с коротким криком» «бір саңқ етіп» деп алынып, қазақ түсінігіне сай берілген.

«И крикнул Сокол с тоской и болью, собрав все силы:

– О, если б в небо хоть раз подняться!... Врага прижал бы я... к рамам груди и ...захлебнулся б моей он кровью!... О, счастье битвы!...

А Уж подумал: «должно быть, в небо и в самом деле пожить приятно, коль он так стонет!» (сонда, 36-бет) аудармада:

«Барлық күшін жиып, қасірет-зармен саңқылдап жіберді. Сұңқар: – Уа, дариға-ай! Көкке енді бір көтерілсем!... Жауымды төсімің жарасына жаныштар едім... Менің қаным тұншығып өлер еді ол!.. Әй, соғыстың сайраны-ай?..

«Сұңқардың осынша күңіренуіне қарағанда, көкке шығу тегінде жаксы болуға тиіс-ау» – деп ойлады сары бас жылан» ( сонда, 123-бет) – деп, қазақша еркін көсіледі.

Аударма өнері кез келген қаламгердің оңтайына келе бермесі анық. Мәселеге осы тұрғыдан келгенде, аударма саласында да М. Жұмабаевтың шығармашылық шеберлігі барынша жарқырай көрінеді. Аудармада Мағжанның алға қойған басты максаты – әңгіменің дәлмедәл тәржімасын емес, оның бүкіл көркемдік болмысын, әсіресе көркем көмкерілген бүкіл рухын дәл жеткізу болғандығы байқалады.

«Сұңқар жыры» мынадай жолдармен аяқталған:

«Ерлердің ессіздігі. Тұрмыстың түпкі түйіні – осы. Ер Сұңқар! Жауларынмен қарсыласып қансырадың... Күн келер – сенің ыстық қаныңның тамшылары тұрмыс қараңғылығында ұшқындай жарқырап, талай ер жүректерге жарық пен азаттықты аңсататын от берер!

Өлсең – өл! Сен бірақ ерлердің жырларында өлмессің? Жарыққа, азаттыққа жөн сілтейтін айбынды үлгі боларсың? Ерлердің ессіздігін жырлаймыз біз?...» (сонда, 124-бет).

Түпнұсқада: «Безумство храбрых – вот мудрость жизни! О, смелый Сокол! В бою с врагами истек ты кровью... Но будет время – и капли крови твоей горячей, как искры, вспыхнут во мраке жизни, и много смелых сердец зажгут безумной жаждой свободы, света!

«Пускай ты умер!.. Но в песне смелых и сильных духом всегда ты будешь живым примером, призывом гордым к свободе, к свету!

«Безумству храбрых поем мы песню!..» (сонда, 37-бет).

Әңгіменің негізгі айтар идеясы барынша жарқырап көрінген осы бір жолдардың аударма екендігі онша біліне бермейді. Шабытпен, рухпен жазылған асыл сөз. Бұл жерде орыс жазушысы М. Горький мен қазақ қаламгері М. Жұмабаев өнер жарыстырып, тіл құдіретін танытып тұрғандай көрінеді.

Аудармашы әңгіменің жалпы болмысын сақтай отырып, айтылар негізгі идеяға келгенде, шығармашылық еркіндікке жол береді. Түрлі баламаларды, тіркестерді, бейнелі өрнектерді өз жағынан қосқан: «ерлердің ессіздігі», «ыстық қаныңның тамшылары», «айбынды үлгі», «тұрмыстың түпкі түйіні – осы» («Вот мудрость жизни»).

Мағжанның М. Горький әңгімесін ғажайып дәлдікпен аударған тұстары да жеткілікті. Тәржімада түпнұсқаның негізгі идеясы, символдық бейнелері сол өзгермегеген күйінде қазақ ұғымына түсінікті, шебер тілмен қазақ тілінде «майын тамыза» жеткізе білгендігіне көз жеткізеді.

Мағжан орыс жазушысының «Старуха Изергиль» шығармасының қазақ тілінде қалайша «Жұртын сүйген жүрек» болып кеткен себебін былайша түсіндіреді:

«Басқа тілден шығарма аудару – ол шығарманы өзіндікі етіп алу деген сөз, өзіңікі болған соң, ол өгей бала екені мүлде білінбесе керек. Ол үшін шығарманың тұрқы, тұлғасы аударылмай, мағынасы, рухы аударылуы қажет. Мына әңгіме осылай аударуға әбден келіп, соны өзі тілеп тұр: әңгіменің рухы, жаны атында емес, асыл затында, мағынасында, ал мағынасы – халқын сүйген ер азамат жайлы, жұртын

сүйген жүрек туралы. Тағы бұл әңгіменің осылай «Жұртын сүйген жүрек» болып аударылуы оны жазған кісінің, Максим Горькийдің өз стиліне дәл, оның осы әңгімені жазған кезде ұстанған әдебеттік бағытына сай» (Мағжан Жұмабаев. Шығармалар. 2, 3 томдар. Алматы, «Білім», 1996, 463-бет).

Аудармашы «Старуха Изергильді» түгел аудармай, тек Данкоға қатысты Изергиль кемпірдің әңгімесін ғана аударған. Онда да Изергиль кемпірдің өмірін емес, оның айтқан ертегісін ғана қазақшалайды. Ержүрек жас жігіт Данконың халқы үшін жасаған ерлігін ғана әспеттеген.

Аудармада дәлме-дәлдік те, ауытқушылық та бар. Изергиль кемпірдің бейнесін жасағанда, еркіндікке барған. Мысалы, «Себебі Изергиль өткен күндерін есіне түсіре бастаса, философиясының тегеуріні астында жоғалып кетуші еді. Дұрысы – Изергиль философиясы жүгенсіз, жабайы философия болғанмен, замана ұсталықпен орап тастаған, бас-аяғы табылмайтын, түрлі түске боялған домалақ жіпке ұқсайтын еді» (сонда, 126-бет) – деген сөйлемдер қазақшасында ойдан қосылған.

Мағжан түпнұсқадағы «Данко смотрел на тех, ради которых он понес труд, и видел, что они – как звери. Много людей стояло вокруг него, но не было на лицах их благородства, и нельзя было ему ждать пощады от них. Тогда и в его сердце вскипело негодование, но от жалости к людям оно погасло. Он любил людей и думал, что, может быть, без него они погибнут. И вот его сердце вспыхнуло огнем желания спасти их, вывести на легкий путь, и тогда в его очах засверкали лучи того могучего огня...» (сонда, 481-бет) – деген жолдарды:

«Данко азап шегіп, артына ерген адамдарына қарап, олардың бәрінің қанішер аңға айналғанын көрді. Айналасында адам көп еді, бірақ біреуінің бетінде де адамшылық әсері жоқ еді. Олардан енді аяу күтуге мүмкін емес екендігі білінді. Сол уақытта Данконың жүрегінде ашу қайнап кетті. Бірақ елін аяғандақтан, бұл ашу тағы сөнді. Ол өз елін қатты сүйетін еді» (сонда, 129-бет) – деп тәржімалапты.

Бұл жерде орысша мәтін қазақша мәтінде де бірдей сөйлеп тұр. Кей жерлерде суреттеліп отырған оқиғаға байланысты сөйлемдер қосып, еркіндеу кеткенімен де түпнұсқаның мазмұнына, көркемдігіне еш селкеулік түсірмей, қайта әңгімені көріктендіре түскен.

«Кинул взор вперед себя на ширь степи гордый смельчак Данко, – кинул он радостный взор на свободную землю и засмеялся гордо. А потом упал и умер» (сонда, 485) – деген жолдар: «Өлім алдында қайсар ер Данко кең қырға қырандай бір көз салып, азат жерге қуанышпен бір қарады да күлді.

Күлді де, жығылып, жан берді», – дегеннен соң, шабытты аудармашы: «Артта қалған ағаштар ақырын сыбырласты, Данконың қаны тамған шөптер анау сыбырға сыбыр қосты. Қуаныш сол» – деп аударылыпты. Бұл жерде Горький әңгімесінің көркемдігіне нұқсан

келтірмей, оның басты идеясын сақтап, керісінше көркемдік жағынан ұта түскендігі көрінеді.

М.Горькийдің «Сказки об Италии» деп аталатын ертегілер топтамасының ішінен «Ана туралы ертегіні» таңдап алып аударыпты. Орыс жазушысының ана тақырыбындағы шығармаларын Ғ. Мүсірепов те аударып, соның ізімен бірнеше әңгімелер жазған: «Ананың анасы», «Өлімді жеңген ана», «Ана кесімі айнымайды».

М. Жұмабаев әңгіме тақырыбын «Ана» деп қойған. Әңгімеде халқы үшін ұлын өлтірген қайсар ана бейнесі түпнұсқадағыдан еш төмендемей, қазақшада да құлпыра түскен.

«Со стен видели, как все теснее сжималась петля врагов, как мелькают вокруг огаей их черные тени; было слышно ржание сытых лошадей, доносился звон оружия, громкий хохот, раздавались веселые песни людей, уверенных в победе – а что мучительнее слышать, чем смех и песни врага?» (сонда, 87-бет) – деген жолдарды Мағжан: «Қала халқы қорғаннан жау құрсауының жыландай жиырылғанын, от айналасында жаудың қап-қара көлеңкелерінің ойнағанын көріп тұрды. Жаудың бабындағы аттарының кісінегені, қару-жарақтарының күңгірі, қарқылдаған күлкілері естіліп тұрды.

Женуіне күмәні жоқ жаудың қуанышты әндері қалаға айқын келіп тұрды. Жаудың күлкісі мен әнін естуден ауыр не азап бар?» (сонда, 131-бет) – деп аударыпты.

Әңгіменің осы жері Ғ. Мүсіреповте «Жау шеңбері қысып келіп, арандай азулар, қоң етіне найзадай кіріп бара жатқанын көріп отырған жұрт ауырысында, бірақ қайыспайды! Жау аттарының кісінеуі, жау құралдарының салдыр-гүлдірі айқын естіліп тұрды. Басым жау қарқылдап күліп, барқырап өлең айтып, мазақтай бастады. – Күт ажалынды! – дегендей, жанға батар ауыр азап та осы еді. Жеңеріне көзі жетіп, көңілі өсіп тұрған жаудың мазағынан ауыр азап бар ма?!» (Ғ. Мүсірепов. 3 томдық таңдамалы шығармалары. 1 том. А., 1980, 153-бет) болып суреттелген. Мұнда түпнұсқаның мазмұны сақталғанымен, аудармашы әңгімені еркін қазақшалаған. Бұл жерде Ғ. Мүсірепов әңгімені аударып отырып, оны өзінше қайта жазып шыққан десе де болғандай. Сондықтан да болса керек, жазушының шығармалар жинағында бұл әңгіме аударма емес, оның төл туындысы ретінде жарияланып жүр.

М. Жұмабаевтың «Ана» әңгімесінің аудармасы жөнінде Қ. Мұхаметханов: «Аударма ұғымды, сұлу жазылған. Тілінде кемдік жоқ» (Қ. Мұхаметханов. Абай мұрагерлері. Алматы, 1995, 149-бет) – деп жазады.

«Ана – жаратушы, құрушы. Ана – қорғаушы. Ананың алдында қиратуды, бұзуды айту – оған қарсы сөз айту болып табылады. Ұлан мұны білмеді. Ананың тәңір берген қасиетін жокқа шығарды» (сонда, 135-бет) түпнұсқадағы: «Мать – творит, она – охраняет, и говорит при

ней о разрушении – значит говорить против нее, а он не знал этого и отрицал смысл ее жизни» (сонда, 89-бет) мәтінінің қазақшасы.

Бұл үзіндіде түпнұсқадан ауытқушылық байқалмағанымен, оқиға желісі кей тұстарда жетіле түскен. Мағжан аударма барысында ұлт мәселесін, ұлт тағдырын алдыңғы сапқа шығарады. Бұл аудармашының идеялық-саяси бағытын аңғартса керек.

Мағжанда «Мұнда кел. Басынды менің көкірегіме қой да, өзіңнің бөбек күнінді, қайырымды, қайғысыз болғаныңды, жұрттың бәрінің сені жақсы көргенін есіне түсіріп, жатып, тынық...» (сонда, 136-бет) деген жолдар Ғ. Мүсіреповте: «Бері келші, – деді ана, жауыз ұлына, – басынды тіземе салып, азырақ қисайшы. Бала кезінде қандай ерке едің, жұрт көзіне қандай сүйкімді едін, соларыңды есіне алшы...» (Ғ. Мүсірепов. Тандамалы, 3 томдық, Алматы, 1980, 156-бет). Бұл жерде түпнұсқадағы мәтін мағынасына орай, Ғ. Мүсірепов ананың ұлын жеккөрінішті етіп суреттейді.

Ал, енді осы жолдар түпнұсқада: «Иди сюда, положи голову на грудь мне, отдохни, вспоминая, как весел и добр был ты ребенком и как все любили тебя...» (сонда, 89-бет) – түрінде берілген.

Келтірілген үзінділерді салыстыра отырып, Горький мәтініне Мағжан аудармасының мағынасы жағынан өте жақын және түпнұсқаға жолма-жол сай келетіндігін байқау қиын емес. Аудармашы ана мен ұлының мінездеріне тән қасиет-сипаттарын айнытпай, дәл бейнелейді. Өңгімедегі ананың өр мінезділігі, барлық ана секілді ұлын өте жақсы көретіндігі, ұлымен бірге туған жерін, ұлты үшін ешнәрседен тайынбайтын қайсарлығын, жалпы, «Ананың» мінез-құлқын тани білуге мүмкіндік береді.

Түпнұсқа: «Тогда она, накрыв его своим черным плащом, воткнула нож в сердце его, и он, вздрогнув, тотчас умер – ведь она хорошо знала, где бьется сердце сына» (сонда, 89-бет).

Ғ. Мүсірепов осы жолдарды: «Үстіндегі қара киімін баласының кеудесіне жапты да, жарқылдаған қанжарды қара жүрекке қадап жіберді. Баласының жүрегі қай жерде екенін білетін ана қолы қателескен жоқ: қанішер тырп етпестен қатып қалды» (сонда, 156-бет) – деп аударыпты.

Ал, Мағжанда: «Сол уақытта ұлын қара шапанымен жауып, жүрегіне пышак сұғып алды. Ұлы селк етті, сол сағатта өлді. Ұлының жүрегінің қай жерде соғып тұратынын білетін ана ғой ол» (сонда, 136-бет). Бұл жерде түпнұсқадағы бір сөйлем аудармада үш сөйлем арқылы жеткізілген.

«Человек, я сделала для родины все, что могла», – деген сөйлемді аудармашы: «Ұлт үшін ананың қолынан келетін істі түгел істедім», – деп қазақшалайды.

М. Горькийдің «Легенда о матери» деп аталатын әңгімесін М. Жұмабаев алғаш рет «Темірді жұмсартқан Ана» деген тақырыппен қазақша сөйлетті. Әңгімеде атақты қолбасшы Ақсақ Темірдің алдына

хабарсыз кеткен ұлы үшін қаймықпай барып, сөзбен тоқтатқан ананың адами болмысы, қайсар бейнесі суреттеледі.

Түпнұсқа: «Здесь пойдет речь о железном Тимур-ленге, хромом барсе, о Сахиб-и-Кирани – счастливом завоевателе, о Тамерлане, как назвали его неверные, о человеке, который разрушить весь мир» (М. Горький. Слава храбрым. Москва, 1945. 21-бет).

Мағжан: «Бұл жерде сөз Темір туралы. Өмірінде жаудан жеңіліп көрмеген сайыпқыран, жұлдызы оңынан туған ақсақ барыс туралы. Гаурлер оны Темірлан деп атаған. Бүткіл дүниені қыйратамын деген ойы болған адам туралы сөз болмақшы» (сонда, 137-бет).

Ғ. Мүсірепов аудармасында: «Азияның ақсақ барысы Темір – жер бетін қанға бояп, ойды қырға теңеп, жоннан жол салып, жер шарын асықтай үйіргісі келген адам. Бұл, сансыз елді өзіне бағындырып, шексіз жерді қанға суарған, айбатынан ай жасырынған Темір» (Ғ. Мүсірепов. Таңдамалы. 3 томдық. 1-ші том. Алматы, 1980, 146-бет). Мұнда да түпнұсқа сақталған, алайда Ғ. Мүсіреповтің жолма-жол аудармадан гөрі еркін аударма мақсатын көздегендігі көрінеді.

М. Жұмабаев М. Горький шығармаларын бар болмысымен түсініп, оны аударуға да ерекше мән берген. Сондықтан да ол барынша түпнұсқаны сақтай отырып, сонымен бірге еркін кететін тұстары да баршылық:

«Лицо Хромого – как широкий нож, покрытый ржавчиной от крови, в которую он погружался тысячи раз; его глаза узки, но они видят все, и блеск и подобен холодному блеску царамута, любимого камня арабов, который неверные зовут изумрудом и который убивает паучую болезнь. А в ушах царя – серьги из рубинов Цейлона, из камней цвета губ красивой девушки» (сонда, 23-бет).

Ғ. Мүсірепов: «Ақсақтың жүзі – қан қатқан, тот басқан алмас пышак секілді. Ол мың рет қанға батып шықты ғой. Сондықтан, қаннан қалған тоттың ізі ап-айқын. Қысық көздері дүниенің асты-үстін түгел көріп тұрғандай» (сонда, 147-бет) – деп, Темірді ашы мысқылмен, кекесінмен суреттесе, М. Жұмабаев: «Ақсақтың беті мың рет қанға малынып, тот басқан жалпақ сапы сықылды. Көздері қысық болса да, бар нәрсені көретін қырағы. Бұл қысық көздердің оты қояншық ауруды өлтіретін, гәуірлер оны зұмырт деп атайтын. Арабтың сүйген тасы зуфаржәттің салқын сәулесіне ұқсайды. Ханның құлақтарында сұлу қыздың ерніне ұқсайтын цейлонның қып-қызыл жақұттарынан жасалған сырғалар» (сонда, 138-бет) – деп тәржімалайды.

Бұл жерде Мағжанның көркем аудармаға қажеттіліктердің барлығын шебер пайдалана алатындығы анық байқалған.

Түпнұсқада: «...в этот час радости людей Тимура, пьяных от страха пред ним, от гордости славой его, от усталости побед, и вина, и кумыса – в этот безумный час, вдруг, сквозь шум, как молния сквозь тучу, до ушей победителя Баязета-султана долетел крик женщины, гордый крик орлицы, звук знакомый и родственный его оскорбленной душе –

оскорбленной Смертью и потому жестокой к людям и жизни» (сонда, 23-бет).

Ғ. Мүсіреповте: «Ақсақ барыстың адамдары қорыққаннан қуанып, арақ пен қымызға барлық қылмысты тұншықтырып отырған бір кезде Темірдің құлағына ашынған бір дауыс келді.

У-шу айғайды, күйшілердің күйін, әншілердің әнін как жарып, Темірдің құлағына іліккен дауыс әйел дауысы еді. Ұя басар бүркіттің тәкаппар дауысы Темірге айқын естілді. Темір өліммен алысқанда, өлім оның бетіне дақ, жүрегіне дақ салған ғой, сондықтан, мына дауыс оған таныс көрінді» (сонда, 148-бет). Ғ. Мүсірепов әңгімесінің бояуы қанық, оқиға желісі түпнұсқадан да тереңірек, аудармашының тіл байлығының арқасында Темірдің бар мінез-құлқы оқырманына танылып тұр.

М. Жұмабаевта: «Тап сол сағатта Темірдің ерлері Темірден қорыққаннан, Темірдің атағынан, айбатынан, жорықтан қажудан, шараптан, қымыздан мас болып отырған тап сол есалаң сағатта – ың-жыңның ішінен, бұлт ішінен шыққан нажағайдай сұлтан Баязитті жеңген жауынгердің құлағына қыранның саңқылдағанындай бір әйелдің айқайы келді. Өлімнен аза шеккен, сол азаның кесірінен адамзатқа хәм барлық тірлікке қатал болып кеткен Темірдің жанына таныс дауыс еді бұл» (сонда, 139-бет).

Қорқыт, Ақсақ Темір, Баязит сұлтан сияқты атакты қайраткерлер шыққан түркі әлемін жақсы білетін және де «Ақсақ Темір сөзі» атты өлең де жазған М.Жұмабаевқа қазақ оқырманына жақсы таныс Әмір Темір көреген деген атпен кеңінен танымал тұлға өмірінен жазылған шағын әңгімені аудару онша қиынға түспеген.

Орыс тілінде ана былайша толғанса:

«– Слушай! – сказала она: – Что бы ни сделал, ты – только человек, а я – Мать! Ты служишь смерти, я – жизни. Ты виноват предо мной, и вот я пришла требовать, чтобы ты искупил свою вину, – мне говорили, что девиз твой – «сила в справедливости», – я не верю этому, но ты должен быть справедлив ко мне, потому что я – Мать!» (сонда, 24-бет).

Аудармадағы ана:

«Тында! – деді әйел.

– Сен талай істі істесең де құр адамсың. Ал: мен – анамын! Сен – өлімге қызмет кыласың, мен – өмірге қызмет кыламын. Сен менің алдымда жазалысың. Міне, мен саған сол жазанды жу деп келіп отырмын. Маған жұрт сенің ұраның: «Күш – әділдікте», – деген деп айтты. Мен бұған нанбаймын. Бірақ, сен маған әділ болуға міндеттісің. Неге десең – мен анамын!» (сонда, 140-бет) – деп тебіренеді.

Ғ.Мүсіреповтегі ана:

«– Тында! – деді әйел. – Сен не істесең де адам ғанасың. Ал, енді мен – ана! Сен өлімге қызмет етесің, мен өмірге қызмет етемін...

...Сен менің алдымда күнәлісің. Менімен есептеспей тұра алмайсың да. Менің алдымда күнәнді жусын деп келдім. Сенің бағынғаның

«Күш – әділдікте!» – деген ұран дегенді айтты. Мен бұған иланбаймын. Бірақ, сен – маған еріксіз әділ боласын.

Ақсақ Темір орыс тілінде:

«Я, раб божий Тимур, говорю что следует! Вот – сидит предо мною женщина, каких тьмы, и она возбудила в душе моей чувства, неведомые мне. Говорит она мне, как равному, и она не просит, а – требует. И я вижу, понял я, почему так сильна эта женщина – она любит, и любовь помогла ей узнать, что ребенок ее – искра жизни, от которой может вспыхнуть пламя на многие века. Разве все пророки не были детьми, и герой – слабыми? О, Джигангир, огонь моих очей, может быть, тебе суждено было согреть землю, засеять ее счастьем – я хорошо полил ее кровью, и она стала тучной!» (сонда, 28-бет) – десе, қазақша:

«– Мен – тәңірі құлы Темір – тиісті сөзді ғана айтамын. Міне, менің алдымда бір әйел отыр. Мұндай әйелдер сансыз ғой. Осы әйел маған бұрын білінбеген сезімдер оятты. Ол маған өзінің теңіне сөйлегендей сөйледі. Және өкінбейді! Бұйырады! Ұқтым мен, һәм көріп отырмын – бұл әйелдің неліктен осынша қайратты екенін. Ол сүйеді. Оның ұлының қалай жүз жылдар бойына сөнбейтін жалын туатын тірліктің бір ұшқыны екенін, оған осы махаббат білгізіп отыр ғой. Пайғамбардың бәрі бала болмап па? Ерлердің бәрі әлсіз нәресте болмап па? Оң көзімнің нұры, Жәңгір-ай, кім біледі, сенің мандайыңа тағдыр да жерді жылытып, жерге бақыт себу жазылған шығар-ау? Мен жерді қанға тұншықтырдым, қанға бөккен жер іркілдеп тұр ғой!.. (сонда, 142-бет).

Аудармадағы Ақсақ Темірдің бейнесі жарқырай түскен; «жерді қанға тұншықтырдым», «қанға бөккен жер іркілдеп» деген тіркестер бас кейіпкердің қанқұйлы тұлғасын толықтыра түскендей.

Салыстыру үшін Ғабитті де оқып көрейік:

«– Мен тәңірі құлы Темірмін, тиісті сөзді ғана айтам. Міне, менің алдымда әйел отыр. Бұл әйел бүгінге дейін өзім білмеген сезімді қозғап, мені жеңіп барады. Бұл әйел менімен тең адамша сөйлесіп отыр, өтінбейді – бұйырады. Бұл әйелдің неге мұнша күшті екенін түсіндім деп ойлаймын. Бұл – өмірдің иесі, бұл – ана, бұл – ұлын сүйеді. Ұлын сүюі, ол ұлы өмірдің бір ұшқыны ғой. Кім біледі, мүмкін, ол ұшқыннан әлденеше ғасырға кететін жалын туар. Мүмкін, жерді жылытып, бақыт себетін адам болар... Мен жерге өлім егіп, қанмен жақсы суардым. Жер қазір майы сорғалап тұр, қыртыстанады. Енді семіз жерге бақ екпей, бақыт егетін адам керек шығар» (сонда, 152-бет).

Әңгіменің негізгі идеясы түпнұсқадағы мына жолдарда жатқандай:

«Все это – правда; все слова здесь – истина, об этом знают наши матери, спросите их, и они скажут:

– Да, все это вечная правда, мы – сильнее смерти, мы, которые непрерывно дарим миру мудрецов, поэтов и героев, мы, кто сеет в нем все, чем он славен!» (сонда, 29-бет).

М. Жұмабаев аудармасында:

«Сұрандар, олар айтады:

– Иә, осының бәрі шын! Біз ажалдан күштірекпіз! Жиһанға бір тоқтамсыз данышпандар, ақындар, ерлер тауып беретін – біз. Жиһанға барлық жақсылықты себетін – біз. Иә, ажалдан күштіміз біз! – дейді олар» (сонда, 143-бет).

Ғ. Мүсірепов әңгімесінде:

«...қай анадан сұрасаң да: – Біз өлімнен күштіміз: біз дүниеге ақын да, ақылды да, данышпан да, ер де береміз. Өлім адам баласын құртуға тырысса, біз оны жеңіп, адам баласын көбейттік! – демей ме...» (сонда, 152-бет).

Қазақша тәржіманың екеуі де шығармашылық тіл жарысына түскендей, төгіліп тұр. Ұлылардың қашан болса да биіктен көрініп, бірібіріне ұқсас, үндес келетіндігі де заңдылық шығар, сірә.

Максим Горький. «Слава матери»:

«Мать – сто раз дитя в своей, – люди это всегда дети своих матерей, – сказала она, ведь у каждого есть мать, каждый чей-то сын, даже и тебя, старик, – ты знаешь это родила женщина, ты можешь отказать от бога, но от этого не откажешься и ты старик!».

Мағжан Жұмабаев. «Темірді жұмсартқан ана»:

«Әркімнің анасы бар ғой. Адам да кімнің да ұлы ғой, қарт-ау білесің бе, сен? Сені де бір нұсан әйел тапқан. Тәңіріне танданарсың, ананнан сен де танбайсың, қарт!».

Ғабит Мүсірепов. «Өлімді жеңген ана»:

«Адам деген бала ғой, үйткені, ананың жанына көз салсаң, жүз есе бала, адам – қашан да анасының баласы. Әркімнің анасы бар. Сен шал, білесің бе, сені де әйел тапты. Сен құдайдан бас тарта аласың, ал анадан бас тарта алмайсың, шал! – дейді әйел».

Салыстыра қарағанда, орысшасына Ғабиттің аудармасы жақындау. Десек те Мағжанның аудармасы барынша қысқа да нұсқалығымен ерекшеленіп, түпнұсқадағы көркемдік кесте мен айтылған ойдың солғын тартпай, сол күйінде көрініс тапқандығы байқалады.

«Аудармашылық – нағыз творчестволық өнер. Ол әркімнің қолынан келе беретіндей, еріккеннің ермегі емес. Аудармашы екі тілді де жетік білумен қатар, әрі жазушы, әрі ғалым болуға тиісті. Аударма сапасы оның талантына, біліміне, жалпы мәдени дәрежесіне және тәжірибесіне байланысты» (Ә. Сатыбалдиев. Рухани қазына. Алматы, 1987, 117-бет). Мәселеге осындай жоғары талаптар тұрғысынан келер болсақ, осы талаптарға М. Жұмабаевтың аудармалары толықтай жауап бере алатындығын сеніммен айта аламыз.

М. Жұмабаев М. Горькийдің «Хан мен ұлы» деп аталатын ертегі-әңгімесін де аударған. Бұл жайында Ш. Елеукунов мынадай пікір білдіріпті:

«Хан мен ұлы» әңгімесі толық аударылған. Аудармашы шығарманың сөлін, мағынасын беруге тырысады. Қажет тұсында сөйлемді екіге жарып, құлаққа жағымды естілуіне де ден қояды. Оқушы әлдене

сөзді түсінбей қалмауын қадағалайды. Горький абрубтұс ағашының түсін «яркокоричневый» деп жазған. Горькийді «ашық күрең» деп аударма салуға болар еді. Мағжан өйтпеген. Сөз зергері деп тегін атанып жүрмегенін ол да танытқан. Жаңағы сөзге «кызыл күрең» деген балама тапқан» (Ш. Елеуенов, Мағжан. Алматы, 2008, 331-бет).

Түпнұсқа: «Хан был стар, – говорил слепой, – но женщин в гареме было много у него. И они любили старика, потому что в нем было еще довольно силы и огня и ласки его нежили и жгли, а женщины всегда будут любить того, кто умеет сильно ласкать, хотя бы и был он сед, хотя бы и в морщинах было лицо его, – в силе красота, а не в нежной коже и румянце щек» (М. Горький. Девушка и смерть. Ленинград. 1985. 73-бет).

Аударма: «Соқыр айтты: – Хан қарт еді, бірақ оның харамында әйел көп еді. Ол әйелдердің бәрі де қартты сүйетін еді. Себебі, оның әлі күші қайтқан жоқ еді, оты сөнген жоқ еді. Оның құшағы әлі әйелді күйдіруші еді. Әйелге ердің шашы ағарғаны, бетінің әжімденгені есеп емес, тек ер құшағында әйелді өртей білсе?! Кімнің құшағы отты болса, әйел соны сүймек. Сұлулық – терінің майдалылығында, беттің кызылдығында емес, сұлулық күште» (сонда, 144-бет).

Мысалдар аударманың өте сәтті шыққандығын байқатса керек. Тағы да мысал:

Түпнұсқа: «...сладкую пищу, и разные ткани, и золото, и камни всех цветов, музыку, и редких птиц из далеких стран, и огненные ласки влюбленного» (сонда, 73-бет).

Аударма: «Тәтті тамақ, үлде мен бұлде, алтын, түрлі түсті тастар, музыка, алыс жерлердің қолға түспейтін құстары һәм ғашық ханның жалынды құшағы» (сонда, 145-бет).

Мұнда «разные ткани» дегеннің дәл аудармасы емес «үлде мен бұлде», «огненные ласки» дегенді «жалынды құшақ» деп алған. Аудармада өзара диалогтардың берілу түрі де әсерлі әрі нанымды шыққан.

«И не замер еще голос хана-старика, как поднялся Толайк Алгалла и сказал, сверкнув глазами, черными, как море ночью, и горящими как очи горного орла:

– Дай мне русскую полонянку, повелитель отец.

Помолчал хан – мало помолчал, столько времени, сколько надо, чтобы подавить дрожь в сердце, – и, помолчав, твердо и громко сказал:...» (сонда, 74-бет).

Осы жолдар төмендегіше аударылған: «Қарт ханның сөзі бітер-бітпестен-ақ, қараңғы түнгі теңіздей қара көздері жарқ етіп, тау бүркітінің көзіндей көздері от болып жанып, Толайық Әлхалла түрегелді.

– Маған орыстың тұтқын қызын бер, алдияр ата!

Хан бірталай үндемей қалды. Жүрегінің ойнағаны, тулағаны басылғанша үндемей отырды да, берік күшті дауыспен...» (сонда, 145-бет).

Осы мысалдағыдай әдемі тіркестер аудармада баршылық. Әңгіме таза қазақ тілінде жазылған, көркем шығарма секілді оқуға жеңіл.

Аудармашының тұтқын орыс қызының кескін-келбетін суреттеуі де назар аударарлық. Мысалы: «Сол уақытта оның үлбіреген беті алқызыл тандай еді. Ашылған көзі шешек жарған гүлдей еді. Қыз Әлхалланы байқамай, қызыл ернін ханға тосты» (сонда, 147-бет).

Түпнұсқа: «...– и на лице ее, нежном и розовом, как заря, расцвели ее глаза, как васильки. Не заметила она Алгаллу и протянула алые губы хану» (сонда, 78-бет).

Қазақшада «үлбіреген», «алқызыл тандай», «көзі шешек жарған гүлдей» секілді әдемі тенеулерді орынды пайдаланылған.

Түпнұсқада: «... – мужчине женщина всегда вредна: когда она хороша, она возбуждает у других желания обладать ею, и мужа своего предаёт мукам ревности; когда она дурна, муж ее завидуя другим, страдает от зависти; а если она не хороша и не дурна, – мужчина делает ее прекрасной и, поняв, что он ошибся, вновь страдает через нее, эту женщину...» (сонда, 76-бет).

Аударма: «Әйел ерге ылғи зиян келтіреді. Әйел сұлу болса, басқа ерлерді ғашық қылып, ерін күншілдік азабына салады. Көріксіз болса, оның ері басқа әйелдерге қызығып, азап шегеді. Ал, енді әйел көрікті де, көріксіз де болмаса, ер оны түзей алады. Бірақ үйленгенде, өзінің қателескенін біліп, ер тағы азап шегеді» (сонда, 147-бет).

Бұл жерде аудармашы шығарманың жүрекке жылы тиіп, оқушы талғамынан шығу жағын ойлаған.

Түпнұсқа: «Дай мне один ее поцелуй и возьми все это себе в награду. Это все мертвое – одна любовь женщины жива. Нет такой любви – нет жизни у человека, нищ он, и жалки его дни» (сонда, 80-бет).

Аударма: «Маған сол қыздың бір сүюін бер де, менің байлығымды, атағымды – бәрін сен ал. Бұларың өлі зат, жалғыз тірі нәрсе – әйелдің махаббаты ғой. Мұндай махаббаты жоқ болса, ол адамның тірлігі де жоқ. Тіленші – ол. Оның өмірі – аяныш өмір» (сонда, 149-бет).

«Махаббатсыз дүние – бос» (Абай). М. Жұмабаев та осылай дейді.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, М. Горькийдің романтикалық эсердегі әңгімелері ақын М. Жұмабаевқа да әсер еткен. Сондықтан да, ол орыс жазушысының тәрбиелік мақсаттағы әңгімелерін қазақ оқырмандарына таныстыруды алдына үлкен мақсат етіп қойып, бұл үлкен міндеттің үдесінен шыға алған дейміз.

Ақынның тағы да бір аударған жазушысы – Всеволод Иванов. Ол да қазақ еңбекшілерінің отаршыл үкіметтен көрген зорлық-зомбылықтарын шынайы бейнелеп, қазаққа іш тартқан орыстың гуманист қаламгерлерінің бірі болған.

Белгілі орыс жазушысы Всеволод Иванов қазақ жерінде туып-өскендіктен де даланың тіршілік тынысына арнап, шоғыр шығармалар жазды. Дала тіршілігіне жетік қаламгер шығармаларынан қазақ өмірінің

болмыс-бітімі, психологиялық, ұлттық иірім бедерінен бастап – адал да аңғал мінез-құлқы көрініс тапқан.

Сөз еткелі отырған Вс. Ивановтың 1921 жылы жазылған «Дите» атты әңгімесін М. Жұмабаев 1925 жылы аударып, «Бала» деген тақырыппен «Мектеп» журналына бастырған екен.

Түпнұсқада: «У них сердце, известно – слюдяное, никудышное, всего насквозь видно» (Вс Иванов, Повести и рассказы. Кишинев, 1979. 14-бет) болса, М. Жұмабаевтың аудармасында: «Қазақтың жүрегінің қандай екені мәлім, кептірген қарын сықылды. Түкке тұрмайды. Бір жағынан қарасаң, ар жағындағы нәрсенің бәрі көрінеді. Ақ көңіл, аңқау ел ғой» (сонда, 150-бет). Бұл жерде орысша бір сөйлем қазақшада төрт сөйлем болып, сәл өзгешелеу шыққан. Аудармашы ең алдымен, қазақтың мінез-құлқын аша түсуге ұмтылған.

Түпнұсқаның әдеби болмысын, идеясын, сезім нәзіктігін жеткізіп, көркемдік қасиетін сақтау үшін аудармашы аз да болса еркіндікке ұмтылады. Сонымен бірге өзге тілдегі шығармаларды аудару барысында олардың шығармашылығына, кейіпкеріне терең үңіліп, әр автордың ерекшелігін естен шығармай, өзіндік стилінен ауытқымаған жөн.

«Казначей отряда Афанасий Петрович был слезлив, как ребенок. И лицо у него, как у ребенка: маленькое, безусое и румяное. Только ноги длинные крепкие, как у верблюда» (сонда, 14-бет) – делінген жолдар аудармада: «Отрядтың қазынашысы Афанас Петрович Турбашев бала сықылды жылауық адам еді, беті де дәл баланың бетіндей: бір уыс, бір қылтанақ жоқ, жып-жылмағай, май жаққан қалаштай қызыл шырайлы жылтыр бет. Бірақ, аяғы түйенің сирағындай серейген ұзын, ұзын да болса сіңірлі, шалымды аяқ» – деп суреттеледі (сонда, 151-бет). Мұндағы «маленькое, безусое и румяное» деген орысша тіркес қазақ тілінде «Бір уыс, бір қылтанақ жоқ, жып-жылмағай, май жаққан қалаштай қызыл шырайлы...» – деп, көркемдік бояуы қаныға түскен.

Осындай сөйлемдер шығарманың басқа тілден аударылғанын сездірмей, қазақ әдебиетінің, Мағжанның төл шығармасын оқып отырғандай әсерде қалдырады.

Аударма сол тілдің төл шығармасындай, жаттығы білінбей тұратын болса, бұл – нағыз шебердің қолынан шыққан аударма. М. Жұмабаевтың аудармалары да оқырманның таным-талғамынан шығуды көздеп, әңгімені «төл шығармадай», «жаттығы білінбейтіндей» болып шыққан.

«Померли красноколышные. Сидят плечо в плечо, головы назад откинута, а один из умерших – женщина. Волоса распались, в пыли наполовину – желтые и черные, а гимнастерка солдатская, приподнята высоко женской грудью» (сонда, 16-бет) деген сөйлемді тәржімашы былайша аударды:

«Қызыл жиекті картоз киген екеу өліпті. Екеуі біріне-бірі сүйеніп отыр. Шешкен құлапарадай бастары артқа қарай былқ-сылқ етіп жатыр.

Екеудің біреуі – әйел, шашы тарқатылып кеткен. Шаңмен шашының жартысы сары, жартысы қара болып көрінеді. Тар күрте көйлегінің астынан екі емшегі бұлтып тұр» (сонда, 153-бет).

Аударма – дайын мәтінді айтуір, аударма беру емес, ізденісті қажет ететін шығармашылық. Түпнұсқаның барлық көркемдік қасиетін сақтау – аударманың басты шарты. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін Жұмабаев тәржімесінде әр сөзді сәтті қолдана біледі.

М. Жұмабаев орыс жазушысының әңгімесін түпнұсқадан ешбір төмендетпей, шебер аударма алған.

«Байлаудан босанған бұзаулар шешесінің жұмсақ желінін тұмсығымен нұқып-нұқып, ернімен емшекті қысып алып, жалма-жан солпылдатып еміп жатыр» (сонда, 159-бет).

Бұл жолдар түпнұсқада сәл басқашалау: «Освобожденные с привязи телята, быстро толкая головой мягкое вымя, радостно хватили большими, мягкими губами сосцы» (сонда, 20-бет). Мұндағы «тұмсығымен нұқып-нұқып», «солпылдатып еміп жатыр» деген сияқты сөз тіркестері – нағыз қазақша сөздер.

Кейбір жеңіл-желпі селкеуліктер болғанымен де жалпы алғанда, аударма түпнұсқаға жақын және тұтас көркемдігі, негізгі қасиеттері жақсы жеткізілген.

Мына бір мысал: «Қазақ келіншектің жүзінде тұрмыстың не сұмдығына болса да көнгендік көрініп тұр.

Көзі қысық көз, сұлының дәніне ұқсайды. Үстінде шай камзолы бар, аяғында кестелі мәсісі бар.

Бала томпиған бетін емшекке шап-шап еткізіп, быртиған қолымен камзолдың жағасын шиыршықтап ұстап алып, тырбиған аяғын шолтандатып емшек еміп жатыр» (сонда, 161-бет) – аударманың жақсы қасиетін, көркемдігін аңғарта алады.

Бұл түпнұсқада: «Было у киргизки покорное лицо с узкими, как зерна овса, глазами; фаевый фиолетовый кафтан и сафьяновые ичиги-сапожки. Било дите личиком в грудь, сучило ручонками по кафтану, а ноги мотались смешно и неуклюже, точно он прыгал» (сонда, 22-бет). Аударманы оқып отырғанда, орыс жазушысының емес, қазақ жазушысының шығармасын оқып отырғандай әсерде қаласыз.

Вс. Ивановтың «Әке мен ана» атты әңгімесінің атын аудармашы «Өз өмірімнен әңгіме» деп өзгерткен. Әңгімеде төңкеріс тұсындағы аласапыран кездегі қазақ даласындағы ашаршылықта қырылған елдің жай-күйі, автордың көзімен баяндалған.

Орысша нұсқадағы: «Шел туда с ветром и я. Прошел мимо», – деген жолдар қазақ тілінде: «Сол Қарақұрымға жел айдап, мен де бардым. Қарақұрымды басып өтіп кеттім», – түрінде аударылған.

Ал енді Вс. Ивановтың:

«Все пройдет мимо, неокватным расцветает за горем радость. Каждую всему трава! Каждую осень летят журавли в Египет!» тіркесін ақын:

«Өмірде не баянды – бәрі өтеді. Бірақ, адамзат Қап тауының артында қайғыға айналмайтын мәңгілік қуаныш бар деген үмітпен ғана өмір сүреді. Жыл сайын жазғытұрым жерге жасыл шөп шығады. Жыл сайын күз жетіп, шөп сарғайып солғанда, тырналар күніреніп, қоштасып, Мысырға ұшып кетеді!» – деп, айтылар ойды көркем тілмен қазақ ұғымына сай тереңдете түскен.

Аудармашының шын шеберлігі: «Я тоже труп, но безавший», – деген тіркестің: «Шыбын жанды сүйретіп шығып бара жатқаным демесен, мен де өлікпін», – деп, қазақша сөйлеуінен-ақ анық көрінеді.

Түпнұсқа: «...загорелые губы улыгнулись над худым, костлявистым телом. Жалобно потрогал на мне штаны из мешка и заплакал. Было у него такое лицо, словно сотни лет плакал» (сонда, 69-бет). Аудармашы ұзақ сөйлемді кей жерлерде бөліп қазақшалайды.

Аударма: «Қаусаған шалдың кезерген ерні күлімсіреді. Қаптан тігілген дамбалын көтеріңкіреп қойды да, кеңкілеп жылап қоя берді» (сонда, 162-бет).

Аудармашы түпнұсқадан алшақтамайды: «Везли рано утром, торопливо, и на трупах оседала розоватая заиртышская пыль, и такая же пыль была на мне. Я тоже труп, но безавший» (сонда, 69-бет).

Аудармада: «Осынау өліктерді арбалап алып өткені – сәске уағы еді. Өліктердің үстін Ертістің қызыл құмы басып қалған. Сол қызыл құм мені де басқан. Шыбын жанды сүйретіп қашып шығып бара жатқаным демесен, мен де өлікпін...» (сонда, 163-бет).

Орысшасындағы мына бір сөйлемді оқиық: «Три дня цвели запахами казачьих поселков прииртышских: назьми, курдючные овцы, солонцы у сухих камышей...» (сонда, 70-бет). Осы сөйлемнің қазақшасын оқығанда, аудармашы ауылдың жай-күйін тым жетік білетіндігін аңғартады: «Үш күн Ертіс бойындағы қазақ-орыс поселкелерінің иісіне қарық болдым: тезек иісі, қазақтың құйрық қойының шуаш иісі, курап, сылдырап, сорайып тұрған қамыстардың арасындағы бетіне тұзы шығып жатқан шақаттардың иісі...» (сонда, 163-бет).

«Степь. Голубые запахи песков. Кизяки. На баранах саксаул гобийский, на саксауле-дереве коршун. Перо у коршуна на груди смятое, свалаявшееся – линяет» (сонда, 71-бет) «Дала. Құм. Буалдыр шөл. Тезек иісі. Құм шөлде сексіп-сексіп сексеуіл тұр. Бір сексеуілдің басында күшіген отыр. Күшігеннің бауыр жүні ұйпалақ, кей жері түлеп түскен» (сонда, 164-бет) – болып, көркемделе түскен.

М. Жұмабаев негізінен, қазақ тақырыбына қатысты, қазаққа рухы, табиғаты жақын шығармаларды аударған. Қазақ жерінің табиғатын суреттеуге келгенде, Мағжан автордан кем соқпай, керісінше, өнер жарыстырып, үзеңгі қағыстырып, кей тұстарда алға шығыңқырап, озыңқырап отыратындай әсер етеді.

Орысшасында: «А на кустах карагача – человечьи кишки. Они высохли, ветер да коршун шебуршат ими. Тонкие сухие струны из человечьих кишок... Кто сыграет на этих струнах?» (сонда, 71-бет) –

деген жолдар бар. Осындағы ішекті аудармашы кәдімгі домбырамен байланыстырады: «Қарағанның бұтақтарында адамның ішектері ілулі тұр. Ішектер кеуіп қалған. Бұларды дыңғырлататын жел мен күшіген. Домбыраға тақсаң-ақ сөйлеп кетейін деп тұрған, сымдай мінсіз болып сыдырылып кеуіп қалған адам ішегі... Бұл ішектерді домбыраға тағып, кім шертер екен?» (сонда, 164-бет).

Мағжанның домбыраны ішекке теңеуі сәтті шыққан; кепкен ішектің тап бір домбырадай дыңғырлауы үйлесім тауып тұр. Мұны аудармашының шығармашылық жетістігі, яғни қазақ пен домбыраны байланыстыру арқылы әңгіме ширығып, әрлене түскен.

Шөл даладағы қазақ әйелі мен үш сәбидің өлім алдындағы кейіптері орыс тілінде «Киргизята, широко раскрыв засохшие губы, дышали в степь. Киргизка, поджав ноги, сидела рядом,... – Умирать собрались... Ишь, ни воды, ни хлеба» (сонда, 72-бет) – деп бейнеленсе, қазақшасында: «Үш қазақ нәресте ауыздары аңқиып, еріндері кезеріп, шөлге қарап көздері бозарып, демді зорға алып, демігіп отыр. Үш нәрестенің қасында шүкііп, шөкелей шешесі отыр.

...Төртеуі де өлім алдында. Жандарында бір түйір тамақ, бір жұтым су жоқ» (сонда, 166-бет) – тұрғыда аударылып, соншалықты шынайы суреттеледі.

Қапалы, ызалы, өлім алдындағы арпалысқан аш әйелдің ашуға толы бейнесін аудармашы былай суреттейді: «Қатын көгеріп-сазарып, қалшылдап, құмды тырнап, басын көтеріп, бетіме қарауға шамасы жоқ, аяғыма қарап ашулы көзі тесіп барады. Сөйткенше болмады, қатын ұмтылып қалып, өзінің аю тырнағымен бетімді осып қалды» (сонда, 166-бет).

Орысшасында бұл жер қысқа ғана: «Она, скривив рот, царапала песок и ненавистно глядела мне в ноги. Вдруг подпрыгнула и царапнула меня по лицу длинными сизыми ногтями» (19, 72).

Қазақ арасында өсіп, даланың тұрмыс-тіршілігін біршама жақсы білетін Вс. Ивановтың әңгімесінде қазақтың ұлттық болмысы мен мінез-құлқы, өмірі мен шаруашылығы біршама шынайы көрініс тапса, Мағжанның аудармасында оның орыс тілінде жазылғаны білінбей, қазақтың төл туындысындай оқылады.

Мағжан аударған орыс жазушысының «Жолығу» әңгімесінде төңкеріс тұсындағы қазақ даласында болған оқиға бірінші жактан баяндалып, суреттеледі. Әңгімеде актың әскерлері аяусыз азаптап өлтірген әйелін аркалап жүрген қазақ иен далада қызыл әскерлерді кездестіреді. Ол болған оқиғаны қызыл әскерге баяндап, олардан мылтық сұрап алып қалады. Сондай-ақ арғы-бергі тарих та, Шыңғыс хан да, қазақ даласының табиғаты да орайластырылып, негізгі желіні толықтыра түседі.

Әңгіменің аудармасын оқып отырғанда, тәржіма емес, қазақша жазылған көркем шығарма оқып отырғандай әсерде боласыз:

«Жазғытұрғы уақыт. Жан-дененің балқыған шағы.

Сайлардың, борсыған шөптердің үстінде қалқығандай болып, қанатын анда-санда бір қағып, қалықтап жүрген құстарға елжіреген қуанышпен қарап келе жатырмын. Қалықтап жүрген құстардың көлеңкелері салмақпен сырғанап бара жатқан шойыннан құйылған бір нәрселерге ұқсайды» (Мағжан Жұмабаев. Шығармалары. 2–3-том. Алматы, «Білім», 175-бет).

Енді осының орысшасын оқиық:

«С тлеющей быстро, как степной снег, радостью наблюдаю я, как сонные птицы медленно скользят над нами, над травами и тени их тяжёлы, будто вылите из чугуна».

Екеуін салыстыра қарағанда, түпнұсқадағы бір сөйлемнің қазақшасы екі сөйлеммен беріліп, аудармашының еркіндеу кеткендігі көрінеді. Мағжан өзіне етене таныс даланы суреттеуге келгенде, көсіле шапқанын өзі де байқамай қалған сияқты. Аударманың осы ырғағы соңына дейін сақталынған. Әңгіме: «Жазғытұрғы уақыт. Жан-дененің балқыған шағы», – деген сөйлеммен басталса: «Жазғытұрғы уақ. Жан-дененің балқыған шағы. Терең ойдың шырағданын тұтатар да шақ болды-ау», – деген жолдармен аяқталған.

Аударма тілінің жатықтығы соншалық, көбіне аударма екендігі білінбей, ақынның өз шығармасындай оқылады. Орыс жазушысы Шыңғысханды «железным сердцем» деп сыпаттаса, қазақ ақыны оны «Тас жүрек қанқұмар Шыңғыс» деп, ханның бейнесін аша түседі. Түпнұсқадағы «железным сердцемді» дәл аударса, «темір жүрек» болып шығар еді. Бірақ, қазақ ешуақытта «темір жүрек» демейді, «тас жүрек» дейді. Аудармашы бұл жерде тілдің ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып, мәселеге шығармашылықпен келген.

«Мы на холме. И вот в долине перед нами развалины стен Каракорума. Его черная тень некогда лежала над всей Средней Азией» деген сөйлемдерді Мағжан:

«Бір кезде бір төбенің басына шыға келдік. Алдымыздағы аңғарда баяғыда қираған Қаракорымның тастары жатыр. Бір күнде Қаракорымның кара көленкесі барлық Орта Азияға түскен» (сонда, 175-176 беттер) – деп аударыпты. Бұл жерде түпнұсқадағы үш сөйлем қазақшасында да үш сөйлем болып, дәлме-дәл аударылған. Көркемдігі жағынан орыс тіліндегісінен ешбір кемдігі жоқ; керісінше оқиғаға жан бітіп, құлпыра түскен. Мысалы: «Мы на холме» деген сөйлем: «Бір кезде бір төбенің басына шыға келдік», – түрінде аударылып, іс-қимыл нақтылана түскен.

Мағжанның аудармашылық шеберлігін мына бір жолдар да айқындай түседі.

«Іңірдің ылғалды сарғылт көк қараңғылығы бірте-бірте жылжып, жоғары көтеріліп, екі үзеңгіге жармасып келе жатыр. Енгезердей екі кара төбет етігімнің табанын жалап келе жатқан тәрізді» (сонда, 176-бет)-деген жолдар аударма емес, Мағжанның төл туындысындай оқылады. Енді осының түпнұсқасына көз салайық:

«Нежелтовато синим росистый вечер пользет к моим стременам и потется – громадная собака лежит подъем моего сапога». Қандай айырмашылықтар байқалады десек, ең алдымен, Мағжан «громадная собаканы» «енгезердей төбет» деп аударғаны ұтымды шыққаны байқалады. Бұл жерде орыс тіліндегі итке қатысты қолданылған «громадная» сөзін қазақ тілінде итке тіркестіріп қолдануға болмайтындығы ескерілген. Өйткені, қазақтар аса үлкен итті «төбет» дейді.

Ауылда төрт түлік малдың арасында өскен қазақ баласының жылқыны көргенде, иен даладағы қазақ аулының бүкіл тұрмыс-тіршілігі, асау тайды бас білдірген, тұлпар мініп, кең далада құйғытқан шақтары көз алдына келгендей болады. Мағжан да жылқыға келгенде, шабыттана жазады:

«Сол арада астымыздағы атымыз оскырып-оскырып, елегізіп, тоқтай қалды. Атым құлағын қайшыландырып алған, дүрс-дүрс соққан жүрегі екі аяғымды теуіп тартып, теуіп тартып тұр» (сонда, 178-бет).

«Но кони наши продолжают стоять неподвижно.

Их уши насторожены, и мне продолжают стоять, неподвижно. Кажется, что сердце моего коня своим биением польшет мое стремяна», – деген орыс тіліндегі жолдарды Мағжан осылайша жандандырып жіберген. Мағжанның аты «оскырып-оскырып, елегізіп», «құлағын қайшыландырып», «теуіп тартып, теуіп тартып» тұрса, түпнұсқада мұндай тіркестер жоқ. Қазақта төрт түлік малдың ішінде ең қасиеттісі саналатын жылқының мұндай болмысын бейнелегенде, ауылда өсіп, жылқыны жақсы білетін ақынның төске озғаны көрініп тұр.

Орыс жазушысының «Киргиз Темербай» әңгімесінің тақырыбын Мағжан жай ғана «Темірбай» деп, алдындағы анықтауышын алып тастап, қазақшалапты. Әңгімеде төңкерістен кейінгі азамат соғысы тұсындағы қазақ аулында қарапайым тіршілік кешіп жатқан Темірбайдың басынан өткен бір оқиға суреттелді.

Түпнұсқадаға «Темербаю спать не хотелось, но все таки он (дабы сын не подумал: сильно мол отец беспокоится) повернулся на другой бок и вяло проговорил:

– Уйди! Спать хочу» – деген бір сөйлем қазақшаға:

«Темірбайдың ұйқысы қанып қалған болса да, баласының көзіне жеңіл мінезді, ұшқалақ адам болып көрінгісі келмей, маңғазданып, ыңыранып, екінші жамбасына аунап жатты. Панданған, ыңыранған дауыспен:

– Кет әрі, ұйымды бөлме, – деді» (сонда, 167-бет) – болып аударылған. Қалай аударылғанына зер салатын болсақ, аздаған айырмашылықтар байқалғанымен де негізінен, мағыналық, мазмұндық жағынан келгенде, ауытқушылық жоқ. Орыс тіліндегі «Темербаю спать не хотелосьтың» дәл аудармасы «Темірбайдың ұйықтағысы келмеді» болса, аудармашы олай аудармай: «Темірбайдың ұйқысы қанып қалған болса да», – деп, «Спать хочуды: «ұйымды бөлме», – деп, басқаша

сөйлетіпті. Бірақ, екеуінің де мағынасы бір; тек соңғысында нақтылана түскен.

Жалпы, Мағжан прозалық аудармаларында түпнұсқаның көркемдік болмысын сол күйінде жеткізу мақсатымен шығармашылық еркіндікке жиі барып отырған. Мысалы, «Спать хочу» – «Ұйқымды бөлме», «Сынишка же пласкивода» сөздерінің орны ауысып: «Жылауық бала», – деп қазақшаланған. Сол сияқты: «Аул Темербая маленький: семь темно-серых, похожих на грибы юрт» – «Темирбайдың аулы жеті-ақ түтін. Бәрі саңырауқұлаққа ұқсап, жапырайып жатқан қара сұр лашық», – деп аударылса, мұндағы «юрт» – «түтін» болып, орысшадағы бір сөйлем қазақшасында екі сөйлеммен берілген. Осы сияқты аудармада «верст» – «шақырым», «11 человек» – «он бір салт», «шапку», – «кылышты» түрінде қазақылана түскен. «Он очень уважал себя – ему стало стыдно, и он остался», – деген бір сөйлем: «Темирбайдың өмірде ең қатты жек көретіні: «Темирбай – жаман» деген сөз еді. Бұл арада да қорықты деген сөзді естуді өзіне ар көрді. Тұрмады, отырған жерінде отыра берді», – деген үш сөйлеммен берілуі де қазақыландыра түсу мақсатынан туғандығы байқалып тұр.

Мағжанның аударма барысында оңтайға келген тұстарын көркемдей түсу мақсатымен өз тарапынан сөйлемдер қосып, «тұздықтап» отырса, кей жағдайларда қажетсіз-ау деп санаған жерлерін қалдырып кетіп те отырған. Мысалы:

«Он исходил верст восемь, когда встреченный киргиз сказал:

– Темербей! Лошадь твою Кизмет поймал и к тебе отогнал домой.

С Кизметом Темербей давно был в ссоре, и известие такое ему не понравилось.

– Что он обо мне заботится? Сам бы нашел, – сказал Темербей, отходя от киргиза.

Знакомец хотел предложить довести Темербая до аула, но, видя его недовольное лицо вздернутые вверх два улочка волос на подвордке, попросался.

– Кошь!

И слегка тронул лошадь толстой нагайкой. Лошадь весело махнула хвостом и бойко пошла иноходью.

Темербай же досадовал и на Кизмета и на знакомого, не предложившего довести. Он, не зная зачем, пошел дальше в степь. Так он прошел с полверсты и успокоился, а как только успокоился, то почувствовал усталость» (Вс. Иванов. Одесская святыня. Алматы, «Жазушы», 1986, 301-бет) – деген жолдардан тұратын тұтас бір абзац қазақ тілінде сөйлемеген.

Мағжанның аудармадағы шығармашылық еркіндігі, тіл шеберлігі мына бір салыстырудан анық көрінеді:

Түпнұсқада: «И ружья в руках казаков, и лопаты, царапающие землю и человек с белыми трапочками – все как-то сразу соединилось и крикнуло словно в лицо Темербаю гнилым словом: «Убить!».

Аудармада: «Темірбайдың басы айналып, көзі карауытып кеткендей болды. Казак орыстардың қолындағы мылтық, шерді тырнап жатқан екі жүрек, иығына ақ бірдеңе жапсырып алған төре – осылардың бәрі әп-сәтте бір-біріне қосылып, айтылатын жеті басты жалмауыз қиянатына кіріп, Темірбайдың тап алдына келіп, іріген аузынан шіріген лебін бұрк еткізіп:

– Екі жаяу қазір атылмақ!... – дегендей болды» (сонда, 172-бет).

Аудармашы – түпнұсқаның құлы. Құлы болмау үшін оның авторымен шығармашылық жағынан бәсекеге түсіп, өнер жарыстыру керек. Жоғарыда келтірілген мысалдан біз Мағжанның орыс жазушысымен өнер жарыстырған кезін көреміз.

Бс. Ивановтың төңкеріс кезіндегі қазақ даласында болған аштықты, отаршылдықтың озбырлықтарын суреттеген М. Жұмабаев аударған «Сай» әңгімесінен мынадай жолдарды оқимыз:

«Аспан сарғылт қызыл түске кірген апақ-сапақ уағы еді. Құмнан қызыл жел есті. Орыс ауылына шөлден қазақтар келді.

Үлкен дөңгелектері арбаңдаған қазақ арба шикылдап, ауылды шуға толтырды. Арба сайын түте-түте болған текеметке оранып, қаққан қазықтай кеуіп, семіп қалған қазақ жатыр.

Бір кесім ет жоқ. сүйегі жабысып қалған. Тек сорайған сүйек, үстеріндегі далба-дұлба тондарын бет-ауызын бәрін құм басып қалған» (сонда, 182-бет). Аштық кезінің жанды суреті көз алдыңызға келгендей болады.

Бұл – орысша мынадай мәтіннің қазақшасы:

«Желтым вечером – с юга дул песчаный ветер – из степи приехали киргизы. Скрипели высококолесные тяжелые арбы. В них на тонкой протершейся кошме лежали тесно тонкие как жерди, сухие люди. Лупящаяся кожа пластами, как алебастар, прорывала острые кости. На рваных овчинах, закрывавших тела, густым слоем надула песок».

Екеуін салыстыра қарағанда, қазақшасының аударма екендігі білінбейді деуге де болады. Бұл жерде аудармашы алдына дәл тәржімә жасауды емес, орыс тіліндегі әдеби шығарманы бар көркемдік қасиетімен қазақ оқырмандарына таныстыру мақсатын қойғандығы көрінеді. Осындай қажеттіліктен аудармашы түпнұсқаның негізгі көркемдік болмысын сактай отырып, шығармашылық еркіндікке барып отырған. Бұл әдіс негізінен өзін ақтап отырған. Тіпті, кей тұстарда аударманың шығармашылық бәсекеге түсіп, оза шауып кететұғын кездері де бар. Бұған жоғарыда келтірілген мысалдарды асықпай отырып оқып, ой елегінен өткізгенде, көзіңіз анық жетеді.

«М. Жұмабаевтың Бс. Ивановтан аударған тәржімаларының бір ерекшелігі – аудармашының еркіндеу кететін тұстары. Себебі Бс. Иванов әңгімелерінде қазақ тұрмысы, мінез-құлқы, қазақ ауылы, табиғаты, төрт түлік мал кеңінен суреттеледі. Мұның бәрін өте жақсы білетін М. Жұмабаев әңгіменің көркемдігін, эстетикалық ләззатын, жалпы әңгімедегі болмыс-бітімді кеңінен суреттеу үшін өз білгенін де қалыс

қалдырмайды» (Б. Әбдешев. Қара сөзден маржан терген Мағжан. Алматы, «Өлке», 2002, 133-бет).

М. Жұмабаев орыс жазушысы Д. Н. Мамин-Сибиряқтың «Ақбозат» атты әңгімесін қазақ тілінде сөйлетті. Д. Н. Мамин-Сибиряк – ХІХ ғасырдың екінші жартысында өмір сүріп, орыс әдебиетінің қазынасына елеулі үлес қосқан реалист-демократ жазушы. Ол балаларға арналған көптеген шығармалар жазды. Оның көбі – қазақ өмірінен алынып жазылған туындылар.

Жазушының «Ақбозат» әңгімесі – бала санасына, ойлауына әсер ететін терең гуманистік идеяларға толы шығарма. Еңбек етпей бос жүру, бекерге мал шашу, өзімшілдік, ақылсыздық сияқты сүйкімсіз мінез-құлықтардан жас ұрпақ сабақ алатындай етіп көрсетілген. Қазақтың педагогикасын жазған, сондықтан да балалардың жанына, тәрбиесіне жақын М. Жұмабаевтың бұл әңгімені аударуы заңдылық секілді.

Қазақ өмірінен жазылған Мамин-Сибиряқтың «Ақбоз ат» деген әңгімесін аударып шыққан Мағжан мұнда да түпнұскадан еркіндеу кетуді артық көрмеген.

Мол байлық бұла өскен Бұқарбайдың басын айналдырып, ол таусылмастай көрінеді. Сөйтіп, ол босқа мал шашып, еңбексіз бос жүреді. Әке-шешесінің жөнге шақырған сөздерін де құлағына қыстырмайды. Көп жыл тірнектеп жиған мал таусылады. Бұқарбайда жалғыз асыл тұқымды арғымақ қалады. Бір ауылда мал бағатын Бұқарбай Ақбозатын баптап өсіреді, ол жүйрік болып, ат бәйгелерінде бірінші болып келіп жүреді.

Түпнұскада: «Бухарбай был молод и глуп, а когда человек глуп, то его только ленивый не обижают. Так было и с Бухарбаем. Когда умер отец, у него всего осталось достаточно – и новая кибитка, и целый косяк лошадей, и много баранов. Молодой Бухарбай думал, что ему век прожить отцовского добра, и стал веселиться с товарищами. Другие работают, а Бухарбай веселится и говорит: «Зачем мне работать, когда у меня все есть? Пусть работают бедняки» (Д. Н. Мамин-Сибиряк. На шихане и другие рассказы. Москва, 1974, 153-бет).

Аударма: «Бұқарбай жас еді. Ақымақ еді. Ақымақ адамды ерінбеген екiнiң бiрi алдап жеп кете береді ғой. Бұқарбай да осылай болды. Әкесі өлгенде Бұқарбай көп дүниеге ие болып қалып еді. Жап-жаңа үй. Бір қос жылқы. Көп қой, тағы басқа мал. Жас Бұқарбай атадан қалған мынау мал өмір бойы жатып жесем де таусылмайды ғой деп, өмірін ылғи жолдастарымен ойын-сауықта өткізетін болды. «Не нәрсенің бәрі бар. Маған жұмыс қылып не керек? Кедейлер жұмыс жасасын», – дейді Бұқарбай» (Мағжан Жұмабаев. Шығармалары. 2–3-том. Алматы, «Білім», 189–190-бет).

Бұл жерде түпнұсқадағы «...– никто не знает, чего стоит твой же-ребенок. Он редкий крови... Береги его и не бери за него ничего, что бы тебе ни предлагали. Это будет не лошадь, а степной ветер, стрела, пушенная из лука» (сонда, 156-бет) қазақшада: «Сенін мынау

тайынның асылдығын ешкім де білмейді. Бұл – асыл тұқымнан... Қолыңнан шығарма. Не берсе де тайынды айырбастама. Бұл жабайы ат болмайды, даланың жүйрік желі болады, жақтан атылған оқ болады», (сонда, 192-бет) – түрінде сөйлейді. Мұнда: «стрела пушенная из лука» қазақ тілінде: «жақтан атылған оқ» болып аударылған. Сөйлемдер қазақ тілінде өз орнында, түпнұсқамен бірдей. Тайдың ақбозатқа айналуын әңгімеде аудармашы әдемі жеткізген.

Түпнұсқада: «Но он был счастлив, он, Бухарбай, потому что выросла его Ак-бозат. Совсем большая лошадь, и какая умная! С каким терпением учил он ее, выдерживая ход. Другие пастухи опять смеялись над чудачком, который ухаживает за лошадей, как за невестой. А лошадь была чудная – длинная, на таких высоких ногах, с маленькой головой и длинной гривой» (сонда, 159-бет).

Аудармасы: «Алайда Бұқарбай бақытты еді. Неге десен, оның көк тайы өсіп ат болды ғой. Қандай сұлу ат болды. Қамыс құлақ, серке сан, жібек жал. Бестісінде жүні эппақ айдай бозға айналды. Бұқарбай енді Ақбозат деп ат қойды. Ақбозатты бұрынғыдан бетер сылап-сипап, айналып-толғанатын болды. Қойнына жататын қалыңдығынан бетер атты мәпелегеніне жылқышылар тағы күлді. Күлсе күлсін» (сонда, 194-бет).

Аудармашының тілі – көркем: «қамыс құлақ, серке сан, жібек жал», немесе түпнұсқадағы: «невеста», – деген сөйлем: «қойнына жататын қалыңдығынан бетер атты мәпелегені», – деп аударылған.

Сұлу Мешітті алуға қалың малы жоқ Бұқарбайдың аянышты халі де әсерлі суреттеледі.

Түпнұсқада: «Ему все завидовали, а он проюшнал себя... Да, проклятую бедность не объедешь ни на каком скакуне» (сонда, 161-бет);

Аудармасында: «Жұрттың бәрі оған: «Ай, ырысты жігіт», – деп қызықса, ол өзін-өзі қарғайды. ...Иә, қандай жүйрікке мініп қашсаң да, малғұн кедейліктен құтыла алмайсың ғой» (сонда, 196-бет).

Қоғамдағы әділетсіздікке, қу кедейшілікке, жанашыры жоқ кейіпкеріне қосыла автор да аудармашы да қиналыс танытады.

Ұрланған атының соңынан қуған Бұқарбайдың ұрыға айқай салған сәтін түпнұсқамен салыстырайық:

Түпнұсқа: «Эй ты, шайтан, не умеешь ездить... Потрепли лошады ошее!...» (сонда, 164-бет).

Аударма: «Өй, сайтан, атты қор қылып келесің – қамшы салма! Екі көзін сүрт!.. (сонда, 199-бет).

Түпнұсқадағы Ақбозатқа арналған өлең:

«С ветром спорила Ак-бозат,  
А крылья взяла у птицы...  
Белая красавица, ты летала,  
Как стрела, оперенная лебединым крылом.  
Нет цены хорошей лошади,  
Она все для джигита.

И дом, и богатство, и честь  
Без лошадей нет и джигита!» (сонда, 166-бет).

Аударма:

«Судай сұлу Акбозат,  
Мойны қудай иілген.  
Желден озған атқан оқ,  
Қыран ғой алғыр түйілген.  
Жүйрікке баға жете ме?  
Жігітке жүйрік жан-жардай.  
Байлық, бектік немене?  
Жүйріксіз жігіт сор мандай!» (сонда, 200-бет).

Әңгімедегі өлеңнің мазмұнын бастан-аяқ бұлжытпай, дәл жеткізуді мақсат еткен акын-аудармашы кейде толғанып, тебіреніп түпнұсқамен жарысып кетеді. Ұрланған атын таба алмай, Бұқарбай қаңғып өледі. Ол туралы елге түрлі өсек-аяндар тарайды.

Бұқарбай өлімі түпнұсқада:

«Наконец, совсем обессилел Бухарбай и целых три дня лежит у степного колодца. У него не было сил подняться на лошадь. А как наступала ночь, опять являлась Ак-бозат и начинала делать свои круги. Теперь она была уже совсем близко, и Бухарбай только не мог открыть глаз, чтобы посмотреть на лошадь. Однажды, – это была четвертая ночь у колодца, – он лежал, как мертвый. Вдруг топот уже совсем близко, тут... Бухарбай открывает глаза, а над ним стоит Ак-бозат. Он хотел крикнуть, но только застал...о» (сонда, 167-бет) –деп, суреттеледі.

Аударма: «Ақырында Бұқарбай мүлде халден тайып, үш күннен бері шөлде бір құдықтың басында жатыр. Түн болды. Тағы Акбозат айнала бастады. Енді, тіпті жақын айналып жүр. Әттен, Бұқарбайдың көзін ашып, атына карауға шамасы жоқ... Таң атты. Төртінші түн жетті. Бұқарбай құдықтың басында сұлық жатыр. Кенет, жап-жақын дүбір естілді. Бұқарбай көзін ашып жіберсе, басында Акбозат тұр. Бұқарбай қуанғанынан айқай салмақшы болды. Бірақ, болар-болмас күрсінуге-ақ шамасы келді» (сонда, 201-бет).

Кей кездерде аудармашы түрлі жағдайларға байланысты түпнұсқадан шығып, еркіндеу кететін жерлері де бар. Мысалы: «Собрались степные джигиты вместе и пробовали ловить Бухарбая; но он каждый раз уходил от них», – деген бір сөйлемді: «Еріккен балалар жындыны ұстап алайық деп, талай жиналысып, іздеді. Бірақ, Бұқарбай бұларға ұшырамады», – деп, екі жай сөйлеммен аударған. Осындағы «Степные джигиты» – «еріккен балалар», «Бухарбая» «жындыны», «он» жіктеу есімдігі «Бұқарбай» болып алмастырылған.

Мына бір сөйлемді Мағжан мүлдем басқаша аударған:

«Седобородые казы (судьи) посоветовались между собой и решились продать все имущество Бухарбая», – деген сөйлем қазақшасында:

«Ақ сақалды билер өзара біраз ақылдасып алып, Бұқарбайдың бар мал-мүлкін қарыз бергендерге бөліп беру керек деп, билік айт-

ты» – деп, мағынасы екі түрлі болып шыққан. Түпнұсқада Бұқарбайдың бар дүние-мүлкін билер «сатамыз» деп ақылдасса, аудармада оның мал-мүлкін қарыз бергендерге үлестіріп, бөліп беру жайлы айтылады; түпнұсқадағы «қазы» сөзі «би», «билер» болып алынған.

Орысшасындағы «Несколько раз Бухарбай чуть не замерз. Но он терпеливо переносил все, потому что бедные люди не должны роптать на свою судьбу» деген сөйлемді алып тастап, мүлдем аудармапты. Оның басты себебі – бұл сөйлемдерсіз-ақ оқиға желісінде, не болмаса, көркемдік-идеялық жағынан ешқандай ағаттық байқалмайды. Аудармашының кейбір сөйлемдерді тастап кетіп отыратындығы сияқты кей тұстарда оқырманға түсініктірек болу және түпнұсқаның көркемдік қасиеттерін қазақ тілінде де жоғалтпау мақсаттарымен өз тарапынан сөйлемдер қосып отыратын жерлері де кездеседі.

Мағжан аудармаларының сәтті шығуының басты себептері ең алдымен, ақынның орыс тілінің не бір нәзік иірімдеріне дейін жетік білгені, оның үстіне өзінің ана тілі қазақ тілінің қыр-сырларын барынша терең меңгергендігі, осылардың үстіне ақындық дарын жағына келгенде, оның орыстың атақты ақындарынан кем түспей, керісінше, өнер жарыстырғандығы дер едік.

«Ақбозат» орысшасында:

«Степные джигиты нашли Бухарбая мертвым у колдца. Он прижмал окоченевшими руками к груди свою белуювойлочную шляпу»,

Қазақшасында:

«Жындыны аулап» жүрген жігіттер құдық басында Бұқарбайдың өлігін тапты. Сіресіп қалған екі қолымен киіз ақ қалпағын кеудесіне қысып жатыр екен», – деген екі тілде де аяныш туғызатын жолдармен аяқталады.

С.Абдрахманов аударма өнері жайында «Жаксы аударма – тіл қадірін танытудың да сенімді жолы. Аудармада төлтума мен телтума тайталасады. Яғни, автор мен аудармашы өзінше бір өнер жарысына түседі дейміз. Олай деп айту аздық етеді. Аудармада солар арқылы тіл мен тіл де жарысқа түседі. Тіл мен тілдің жарысы түптеп келгенде, бейне бір ел мен елдің өнер жарысы десе де болады. Демек, аударма – ұлтыңның ұлылығын, еліңнің елдігін дәлелдеудің бір жолы» (С. Абдрахманов. Біздің Пушкин. Астана, 1999, 186-бет) – деп жазады. Міне, осы бір пікірдің растығын Мағжанның аудармаларынан анық көреміз.

М. Жұмабаев М. Горький, Вс. Иванов, Д. Н. Мамин-Сибиряк, т.б. орыс қаламгерлерінің туындыларын қазақ тіліне көркем аударма білумен қатар, олармен тіл, өнер, шығармашылық жарысына да түскенін көреміз. Сөйтіп, қазақтың ұлы ақыны Мағжан өткен ғасырдың басында-ақ қазақ сөз өнерінің құдіретін аударма жасау арқылы да көрсетудің асқан үлгілерін жасай білді. Орыс қаламгерлерінің шығармаларын қазақ тілінде де төлтумадан еш кем қылмай, көркемдігін төмендетпей, қазақтың төл туындысындай, шебер сөйлетті. Мағжан әдеби көркем ау-

дарманы ел мен елді жақындастырудың, тіл мен тілді танудың таптырмас құралы екенін дәлелдеп, жалпы аудармаға әдебиет пен мәдениеттің құрамдас бір бөлігі деп қарады. Сөйтіп, қазақтың көркем аударма өнерін XX ғасырдың басында-ақ кәсіптік (профессионалдык) биікке көтерді.

Ұлттық көркем әдебиет – құпиясы ашылмаған тұтас бір материк. Ал, әдеби аударма сол материкті мәдени жағынан алғаш ашып, өз халқына таныстырушы. Бұл дегеніміз – бұрын көрмеген өмір, тұрмыс-тіршілік, адамдар, өмір салты, мінез-құлық, дүниетаным деген сөз. Міне, осы бір тұтас рухани әлемді көркем сөздің құдіретімен дәл түпнұсқадағыдай болмысымен басқа тілде сөйлету, яғни өзге ұлтқа таныстыру арқылы достыққа бастау – аса дарындылардың ғана қолынан келетін ұлы миссия. М. Жұмабаев – жиырмасыншы ғасырдың басында осындай биіктен көрінген қазақтың санаулы ғана ұлы гуманистерінің бірі.

М. Жұмабаевтың аудармашылық өнері жайлы ойларымызды түйіндейтін болсақ,

*біріншіден*, Мағжанның поэзиялық, прозалық әдеби аудармалары жиырмасыншы ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақ тәржімәсі қалыптасуының алғашқы кезеңінде қол жеткізген айтулы жетістіктерінің бірі болды;

*екіншіден*, өзінің алдындағы Абай Құнанбаев, Ахмет Байтұрсынов сияқты аударманы халықты рухани жағынан дамытудың күшті құралы деп білген Мағжан да орыс әдебиетінің озық үлгілерінің ішінен қазақтың таным-түсінігіне, тұрмыс-тіршілігіне жақындарын ғана іріктеп алып, олардың тәрбиелік жағына мән берді;

*үшіншіден*, әдеби аударманың басты шарты түпнұсқаның көркемдік болмысын сол күйінде суреттеу болса, Мағжан бұл мақсатқа көбіне дәлме-дәл тәржіма жасау арқылы қол жеткізіп, кей тұстарда тілдің, дүниетанымның, тұрмыс-тіршіліктің ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып, еркін аудармаға да барған;

*төртіншіден*, Мағжанның аудармалары ақынның төл туындыларындай қазақтың бай тілімен жазылып, ұлттық әдеби тілдің дамуына айтарлықтай үлес болып қосылды;

*бесіншіден*, ақынның қазақ, орыс тілдерін жетік білуі – түпнұсқаның тілдік, стильдік, жалпы көркемдік- идеялық ерекшеліктерін аудармада толық жеткізуіне мүмкіндіктер жасаған;

*алтыншыдан*, орыс әдебиетінен жасаған аудармалары да оның өзінің төл туындылары сияқты қазақ әдебиетінің тарихында өзіне лайықты жоғары орынды иеленеді;

*жетіншіден*, «Қызыл тіл қолым емес, кісендеулі» деп, мойындаған ақынның өз шығармаларын, оның ішінде аудармаларын да қайта қарап, жетілдіре түсуге мұршасы бола бермегендігі байқалады.

Сонымен, қазақ көркем аудармасының тамаша үлгілерінің қатарындағы М. Жұмабаевтың тәржімалары қазақтың әдеби тәржіме тарихында өзіндік жоғары орны бар, құнды шығармалар болып қала бермек.

## МАҒЖАННЫҢ ӘДЕБИ-ТАНЫМДЫҚ ЭСТЕТИКАСЫ

Қазақ поэзиясы философиялық биікке XIX ғасырдың соңына қарай Абай арқылы көтерілсе, XX ғасырдың басында ұлттық әдебиетіміздегі осы Абай шыңына Мағжан да иыктаса қатар қонды. Ақылдың ақыны Абай мен сезімнің жыршысы Мағжан қазақ поэзиясының көгінде қос жұлдыз болып жарқырады. Бұл екеуі жиырмасыншы ғасырда да одан кейінгі кездерде де ұлттық сөз өнерінің даму бағдарын бағыттап тұратын мәңгілік шамшыраққа айналды. Қазіргі қазақ поэзиясының алысқа ұзай алмай жүруінің бір себебі – осы Абай-Мағжан нұсқаған даңғылмен жүрмей, кезінде отаршылдар бұрған жолға түсіп, сол саяси таптаурыннан шыға алмай келгендігі болса керек.

Адасқанның айыбы жоқ, қайтып өз жолын тапса. Бүгінгі қазақ поэзиясы ұзақ жылдардан кейін ой-шұқыры беймәлімдеу болып қалған ұлттық қара жолға енді түсіп, енді еңсесін көтере бастағандай...

Ал, қазақ әдебиетіндегі Абай салған, Мағжан жүрген қандай жол еді? Бұл жол ұлттық даму даңғылы болатын. Ұлыларымыз қандай да бір әдебиет болмасын, басқа халықтардан үйрене отырып, ұлттық үрдістің бағытында ғана жемісті дами алатындығын өлең үлгілерімен де, айтқан пікірлерімен де ұғындырып кеткен-тұғын.

Әдебиетке келген әрбір қаламгердің оған дейінгі жасалынған әдеби мұраға зер салатыны анық. Оларға сын көзімен қарап, жақсысынан үйреніп, нашарынан бойын аулақ салып дегендей, өзіне керегін алады; сөйтіп әдебиет әлеміндегі тарам-тарам жолдардың өзі қалағанына түсіп, шығармашылық өнерін бастайды. М.Жұмабаев та өзінің қысқа ғұмырындағы тынымсыз іздену, үйрену барысында әлем әдебиетінің көркемдік жетістіктерін еркін меңгеріп, сусындағанына қарамастан, шығармашылығының негізгі нәрі мен қуатын қазақ топырағынан алды. Мағжан поэзиясы тамырын ұлттық топыраққа терең жібергендіктен де қаншама замана сұрапылдары соққан дәуірлерді өткізсе де жапырақтары солғын тартпай, жайқалып тұр. Керісінше, уақыттар өткен сайын ақынның сұлу сөздерден сәндеп салған ұлттық өрнектеріндегі ой-армандары жарқырай түсуде.

М. Жұмабаев – әлемдік деңгейге көтерілген күшті ақын. Оны мұндай биікке көтерген – негізінен қазақтың ұлттық поэзиясының нәрлі құнары Ол – өзіне дейінгі қазақ поэзиясын жақсы білген, керегін алған, үздіктерінен үйреніп, оларды әрі қарай дамытқан жанашыл ақын.

Мағжан қазақ ақындарының ішінен әсіресе Мұрат, Махамбет, Базар жырау, Шортанбай, Ақан сері, Абайды жоғары бағалаған. Бұларды «Қазақ өмірінің түрлі өзгерісі, өрі, қыры, қайғысы, қуанышы, ойы, қиялы әдебиетіне түсіп отырғаны үшін» қадір тұтады. Ақын қазақ әдебиетін арнайы зерттемесе де оның кейбір өкілдері жайлы мақалалар жазып, пікірлерін білдіріп отырған. Ақынның «Ақанның өмірі», «Ақан сері сөздері» атты екі бөлімнен тұратын «Ақан сері» атты көлемді мақаласынан, сондай-ақ Базар жырау, Әбубәкір Дибаяв,

Б.Күлеев, А.Құнанбаев хақында білдірген ой-пікірлерінен оның жалпы әдебиет, әдеби мұра жайлы көзқарастары анық көрінді.

«Ұшы-қиыры жоқ, сары дариядай Сарыарқаның ортасында аралдай көгерген Көкшетау – Абылайдың ордасы құрылған, Кенесары, Наурызбайға отан болған Көкшетау алаштың ақындығының да ордасындай жер еді», (Мағжан Жұмабаев. Шығармалары. А., 1989, 318-бет) – деген жолдармен басталған «Ақан сері» мақаласының бастауынан-ақ Мағжанның ақындық, азаматтық бет-бағдары айқын. Осы бір ғана сөйлемге автор қаншама мағына сыйғызып жіберген. Автордың шеберлігі сол бір ғана сөйлеммен қазақ даласының, оның ішінде Көкшетау өңірінің көркем көрінісін, тарихын көз алдыңызға мөлдіретіп алып келеді. «Көкшетау алаш ақындығының да ордасындай жер еді» дегенде – «Кең сабаның қорындай, Бертағының баласы Орынбай, екі аяқты адамның ділмәрі, улы тілді соқыр Шөже, Тойлыбай бидің ұлы Арыстан, үні зарлы Атығай, соқыр Тоқжан, терең ойлы Атығай шал, аспанға өрлеп ән шырқайтын Біржан сал, өмірі ертегідей әдемі Ақан сері» есімдері аталады. Әр ақынға берілген шағын ғана анықтауыштар қысқа да нұсқа, әрі бейнелілікті мақсат тұтатын хас шеберліктің белгісін аңғартады. Содан кейін барып автор «күңіренген Көкше» ақындарының ішінен Ақан серіні бөліп алады. Ақан серінің ақын назарын өзіне аударатын себебі: «Сөзінің сұлулығы, тереңдігімен демейміз, өмірінің сұлулығымен. Ақанның өмірі – ертегі өмір. Судай сұлу, желдей екпінді, жалпак жұртқа жат, жұмбақ өмір» (сонда). Сондықтан да Мағжан Ақан өмірінің жұмбағына қызығып, оған үңіле түседі.

«Ақанның өмірі» ақынның өмір жолымен таныстырады. Таныстырады дегеніміз болмаса, көркем сөзбен кестелейді. Ақын барлық кезде де – ақын. Мағжан ақын Ақан ақынның «ертегі өмірінің» тұтас бір көрінісін жасайды. Прозалық поэзиямен көмкеріліп түскен көркем кестелер, жалт-жұлт етіп сәуле шашқан сұлу сөздер сері өмірінен хабар беріп қана қоймайды, бар болмысымен көз алдыңызға елестетеді. Мақаланы оқығанда, көркем әңгіме оқығандай әсерде қаласыз: қазақтың Көкшедей сұлу жерінде серілік құрған Ақанның «сұлу өмірін» автор көтеріңкі романтикалық шабытпен әңгімелеп, сұлу да кестелі сөздерді төгіп-төгіп жібереді.

«Ақан ән шырқаса, би билігін, кемпір өрмегін, сұлу кестесін қойып, аныра тыңдай қалады.

...Енді Ақанға теңіздей терең ой қалды. Қорғасыннан ауыр, түннен қараңғы қайғы қалды. Удан ащы қасірет қалды.

...Қалың қамысты көл. Қою, қалың. Иесіз қыстау. Ақан. Тілсіз бала. Түн болады. Жел шығады. Қою қамыс зуылдайды, сықыр-сықыр қалың қайың шайқалады. Иесіз үй күңіренеді, үй ішінде Ақан күңіренеді. Сақау балада үн жоқ. Екі көзі жаудырап, Ақанға қарайды да отырады...» (сонда, 319, 322-беттер).

Бұл жолдарды сезімсіз, әсерсіз оқу мүмкін емес. Автор Ақанның өмірін баяндап емес, көркем бейнелеп тұрғандай.

Бірінші мысалдан асқақтата берілген Ақан өмірінің алғашқы кезеңін көрсек, соңғы екеуінен мұң мен зарға толы кейінгі ауыр кезеңі көз алдымызда тұра қалады.

«Міне, Ақан қырыққа аяқ басканда, сұлулықтың асығы Ақан жарынан, тұлпарынан, сұңқарынан айрылғанда, өмір айдынында ән салып жүзіп бара жатқан қу қанатынан қайырылғанда, Ақанның жүйрік жаны ой дариясына шомып, сұлулығы жоқ, былық тұрмыстан безгенде, халық оны ұға алмай, Ақанның жұмбақ өмірін шеше алмай, оны алып барып періге балайды. Бірақ, халық соқыр сезімімен кешегі ерке серісі – Ақанның сұлу тұрмысына кір жаққысы келмей, жанды затты сұлу періге апарып қосады. Жұмбақ та сұлу: таппаса да, шешпесе де сұлу».

Мағжан аңызға айналған Ақанның өмірбаянымен таныстыруды ғана мақсат етпеген, жұрт түсіне бермейтін «жұмбақ өмірдің» сырын ашуды негізгі бағдарға ұстаған.

Ақан серінің басынан өткерген серілік өмірінің трагедиялық халге ауысу сыр-себептеріне үніледі. Жантанудан оқулық жазған психолог ақын Ақан өмірін суреттей бермей, енді оның ішкі жандүниесіне ой жүгіртеді. Сөйтіп, Ақан серінің шығармашылық сыр-сипатын ашып көрсетуде психологиялық кілт таптырмайтын құрал болып шыққан. Құлагердей тұлпарынан, Қараторғайдай сұңқарынан, Базараладай құмайынан айрылып, серілік құрған «сұлу өмірі» көзден ұшқанда, «талай күйіп күл болған, есін жиған жүрек тағы отқа, махаббатқа, жарға ұмтыла бастайды».

Тағы да Мағжанды тыңдайық: «Жүйрік жүрек бір бастаса, не сүйіп қосылмай, не қосыла алмай күйіп, күлден кебін кимей тоқтай ма...

Жүйрік жел ұшпай тұра ала ма? Жүрек – сүю болмаса салқын, бос қуысқа айналмай ма? Жиһанда жалғыз мәңгі нәрсе махаббат емес пе, өлген махаббат екінші түрде, екінші түсте қайта тірілмек емес пе?» (сонда 326–327-беттер). Қазак: «Ер жігіт тұлпардың тұяғымен, сұңқардың қияғымен, сылдыр қаққан судың бойымен, алма мойын сұлудың қойнымен жұбанады» дейді екен. Ақан «Махаббат іздеп тағы аласұрып, шарқ ұрады» (сонда, 326-бет).

Мақалада Ақанның Бәтимаға үйленуі, Ұрқияға, Ақтотыға, Жамалға ғашықтық хикаялары, осыған байланысты жүректің күйін шертіп шығарған әндері егжей-тегжейлі әңгімеленген. Әсіресе, Жамалға деген сүйіспеншілігі, оған деген ғашықтық сезімінің «Үштоты», «Сырымбет» болып құйылып, ән болып қалықтауын баяндаған жолдар қызғылықты.

Бүкіл ғұмыры сұлулыққа табынып, сұлулыққа ұмтылумен өткен Ақанның серілік өміріне Мағжан қызығады. Оны «сұлу өмір» атайды. Ерекше сезіммен әңгімелейді. Сондай «сұлу өмірдің» аяғы трагедиямен аяқталғанына Мағжан күйінеді. Ақан өмірінің негізгі жұмбағы: «сұлулыққа табынудан туған мұң мен зар», – дейді. «Сөйтіп аласұрған ұшқыр жан, шарқ ұрған жүрек, жабайы жұртқа ұғымсыз,

жат мінезді, ірі жүрек сұлулық іздеп, өмір бойы от болып лаулап жанған жүрек мәңгі мұзға айналды», – деп жазады автор. Бұл жолдарды сезімсіз оқу мүмкін емес.

Мақаланың аяқталуы да өзгеше: «сұлулыққа табынудан туған мұн мен зарға» «жауап табу қиын», «Мұндай тілекке жауап іздей бастасак елінің заулаған оттай баяғысы, кап-қара түндей кешегісі, жалпылдаған жындай бүгінгісі, қара тұман келешегі көз алдына келіп, Ереймен тауының бауырында өлген Құлагердің басын құшақтап күңіреніп отырған Ақан серінің қасіретіндей жаныңды терең қасірет билеп алып кетеді...» – деген көп ойларға жетелейтін көп нүктелі сөйлеммен аяқтаған. Бір сөйлемге қаншама ойлар сыйып кеткен. Мағжан өткен дәуірді қараңғы түнге, өз заманын жалпылдаған жынға теңейді. Социализмнің «салтанатты сарайы» салына бастаған совет өкіметінің ертеңгі күніне де сенбейді. Коммунистер қоғамды «қара тұман келешекке» алып бара жатыр дегенді ашық айтып отыр.

Мағжан да іші мұң мен зарға толы Ақан өмірінен өзіне жақындықты, ұқсастықты көреді. Сұлулықты, адалдықты, адамдықты идеал тұтып, өмір бойы осы бағытынан таймай жырлап өткен Мағжан ақын да келенсіз кезеңнің әділетсіздіктерін көп көрді.

Ұлы ақынның: «Сұм өмір абакты ғой саналыға», – деуінің сырлары да осындай жағдайларға байланысты болса керек. Сондықтан да Мағжанның ішкі жан-сезімдері, өмірге көзқарастары мақалада көрінбей қалмаған; Ақанның ақындық тағдырын сөз ете отырып, Мағжан да іште қордаланып жатқан күпті ойларының біразын жайып салған...

Мағжан Ақан серінің «жұмбағын» оның өмірімен байланыста шешуге тырысқан. Ақынның жарқырай шыққан өмірін түн қылып, трагедияға айналдырған – оның заманы. Заман болғанда да – отаршылдық. «Ақан сері сөздерінде» автор ақын өмір сүрген дәуірге төмендегіше сипаттама береді. «Адамның бір атаның баласы екені рас болса, белгілі бір заманның баласы екені де даусыз. Ақан – заманның баласы. Ол заман – өткен тоқсан тоғыз, жүзінші жылдар қазақ даласын оңтүстік пен солтүстіктен екі албастының келіп басқан заманы» (сонда, 331-бет). Біріншісі – Бұқардан келген ишандар, қазіреттер, молдалар, халифелер де, екіншісі – «болыстардың знак мөрлеріне, тілмаш, «учительдердің» қақиған картоздарына, сымпиған шалбарларына оралып келген албасты». Мағжан осы жағдайлардың қазақ халқының жалпы тұрмыс-тіршілігіне, өміріне, дамуына, әсіресе, тіліне орны толмас зияндықтар келтіргенін ашына жазады: «ол дәуір – осы екі албастының кесірінен елдің өмірі іріп-шіріп, тілінің тарғылданған дәуірі».

«Ақан серінің сөзінен өмірі сұлу» дегенде «Ақан қазақ тілінің сол тарғылданған дәуірінде өмір сүргендіктен де» оның үлкен міні – «тілінің таза еместігін» айтып отыр. «Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болу», (Мағжан Жұмабаев. Шығармалары, 1,3 том. А., 1996, 289-бет) – деп білетін Мағжан тіл мәселесіне келгенде, аса

принципшіл. Ақан өлеңдерінің басты кемшілігі – «Қазақ ақыны Ақанның ана тіліне араб, фарсы, орыс сөздері көп кіріп кеткен. Оның мағына жағынан, әсіресе, сурет жағынан сұп-сұлу өлеңдерінің тілдері шұп-шұбар (Мағжан Жұмабаев. Шығармалары. А., 1989, 331-бет) екендігін көрсеткен. Ақынның «бұл шұбар жолға өзі қалап» түспегенін, «оны заман қуып түсіргенін» айтады. Сондықтан да «қазақ тілінің қуғын көрген дәуірінде өмір сүрген Ақанның тілінің тарғыл екені рас. Бірақ, тарғыл тіл шын Ақанның тілін тұтықтыра алмаған» дей келіп, оның шығармашылығына тоқталады.

Мағжан Ақан серінің өлеңдерін тақырыбына қарай сықақ, ғашықтық, айтыс һәм мақтау, сопылық, қазақ қайғысы туралы деп бес топқа бөліп қарастырған. Осылардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталып, ақын поэзиясының өзіндік сипаттарын аша түседі. Ақынның өзіне ұнамаған келеңсіз құбылыстарды бетін бар, жүзін бар демей, айтып тастап отыратын қасиетін айта келіп: «сықақ – Ақанның сүйегіне біткен сипаты», «оның тілімен құйылған у талайды талай заман шыбжыңдатса керек», – деп жазады.

Автор Ақанның махаббат тақырыбына жазылған өлеңдерін жоғары бағалаған. Ақынның шын шеберлігі осындай өлеңдерінде көрінеді, «ғашықтық өлеңдерінде Ақанның әрбір сөзінен ақындық иісі аңқып тұрғандай», – деген пікірін нақтылы мысалдармен дәлелдей түседі.

Ақанның қазақ ауылының әлеуметтік мәселелеріне арналған өлеңдеріне едәуір тоқталған. «Ақанның қазақ қайғысы туралы өлеңдеріне келсек, оның сері Ақан болуымен бірге жаралы елдің шын азаматы болғандығы сол өлеңдерінде көрінеді» (сонда, 337-бет). Солай бола тұра мұндай өлеңдеріндегі көркемдіктің олқылау соғып жататынын да жасырмайды. Есесін «оның ойлы азаматтығы жуып кете аларлық. Ақан бұл өлеңдерінде елдің қайғысын көре білген. Сол қайғының себебін таба білген» (сонда). Ақанның жерінен айрылып, өзі бодан болған халықтың мұң-зарын жырлай білгендігін жоғары бағалайды. Ақын өлеңдерінің ішінен ұлт-азаттықты аңсаған, отаршылдыққа қарсы жазылған жолдарын дәйекке келтіріп, оқырмандарға ұсынады. Ақанның азатшылдықты жырлауын, оның өлеңдерінің ең құнды жағы санаған.

Мағжанның Ақан сері өлеңдері жайлы ойларының түйіні мынау: ақынның бірсыпыра «өлеңдерінің тілі тұтқыр, барлық өлеңдерінің тілі тарғыл екені рас. Ақанның өз өмірі жалпақ елге жат болғаны, жұмбақ болғаны тағы рас. Бұлардың бәрінің себебі Ақанның өмір сүрген дәуірінде. Ол дәуір – Нұхтың толқындары арасында қазақтың қайығы қалтылдап бара жатқан дәуір. Ойы – тұман, тілі – тарғыл, жаны да – жасыған, тілі де – жасыған. Қалың қазақ қайықтың батып бара жатқанын білмейді. Бірақ, Ақан сықылды бірен-саран сезімпаз ұлдары ғана болар-болмас сезген де, көпке алдымен өзінің – сері, жолдасының – пері атанғаны осыдан. Тұманды дәуірдің ұлы – Ақанның тілінің таза болмауы тағы осыдан. Ақанның барлық кемшіліктерінің үстіне бір сұлу си-

паты – елдің сол дәуірдегі өмірін өлендерімен, әсіресе өзінің өмірімен суреттей білген. Өмірді өленмен ғана емес, өзінің өмірімен суреттей білу – ірі жанды адамның ғана қолынан келмек» (сонда, 340-бет).

Сонымен, Мағжанның Ақан сері туралы мақаласында айтпақ болған, көтерген негізгі мәселелері төмендегіше болған. Қазақтың Көкшетаудай көрікті өңірінде өмірге келіп, «басында – бұлғақтаған үкі, қолында – домбыра, аузында – «ән» Ақан сері Сарыарканы әнге бөлеп, күйге көміп, серілік құрған. Осындай ертегі сияқты сұлу да, бақытты шақты сырттан келген «албастылар» бұзып, ақын өмірінің соңғы кезені трагедиялы, «жұмбаққа» айналады. Өмірдің әділетсіздіктерін көп көрген ақынның көкірегі мұң-зарға толады. Асау жүрек жұбанышты махаббаттан іздейді, ғашықтық туралы тамаша әндер өмірге келеді. Отаршылдық озбырлығынан қан жұтып, көз жасы көл болған елдің қайғысын жырлады. Ақын саяси әлеуметтік мәселелерді өлең қылғанда – «Жаралы елдің шын азаматы» дәрежесіне көтерілді. Осылай бола тұра Ақан өлендерінің тілі таза емес; араб, парсы, орыс сөздерімен шұбарланған. Бұл – бодандықта бұлқынып жатқан елдің тілін де қыспаққа алып, шұбарлап жатқан заманның қалдырған іздері болатын. Осыған қарамастан, өз кезіндегі ел өмірін өз өмірімен, өз өлендерімен өрнектей білуімен де Ақан сері бізге қымбат.

Мақалада Мағжанның аса маңызды әдеби, саяси мәселелерді көтергеніне көзіміз жетеді. Біріншіден, орыс отаршылдығының қазақтың ұлттық тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін бұзып, орны толмас олқылықтар әкелгенін Ақан серінің әншілік, серілік тағдырын айта отырып, оған қарсылық білдіреді. Екіншіден, қазақ тілінің сырттан келген жат сөздермен былғанбауын көтеріп, тіл тазалығын әдебиеттегі көкейкесті мәселе ретінде алға қояды. Үшіншіден, әдебиеттің қоғам өміріндегі маңызды орнына назар аударып, Ақансері өлендерінің кейінгі ұрпақ үшін де қажеттігін айтқан.

Көкшетау қазақ үшін қандай қасиетті мекен болса, сол жерде туып-өсіп, серілік құрған Ақанның кейінгі ұрпаққа қалдырған сөз мұрасы да – сондай қымбат қазына. Сондықтан да Мағжан Ақан сері поэзиясы бізге несімен құнды екенін көрсетіп, бүгінгі ұрпақтың кәдесіне жарату, «балапан әдебиетімізге де қабыстыру» жағын мақсат тұтқан. Өкінішке орай, Ақан өлендерінің қолға түтел түспегендігін ескерте кетіп, оны жинап, бастыру қажеттігін алға тартады.

Мақаланың жарық көргеніне сексен жылдай уақыт өтсе де күні бүгін жазылғандай өзінің зәрулігін жоймаған. «Ақан серіде» заман, әдебиет жайлы терең ойлар сұлу сөзбен көмкеріліп ерекше бір көркем бүтіндік тапқан. Сарыарканы сазға бөлеп, ертегідей салтанатты ғұмыр кешкен Ақанның серілік өмірін суреттеуге келгенде, Мағжан сұлу сөздерді төгіп-төгіп жібереді. Көкшенің көгілдір келбеті, Сарыарканың сары белдерінде аққу әнін аспандата шырқап бара жатқан Ақан серінің ақындық, серілік бейнесі көз алдыңызға келгендей күй кешесіз. Мұны бір, зары бір екі ақын сырласқандай, ұғынысқандай,

тіл табыскандай әсер етеді. Әссе түрінде жазылған мақалада көркем әңгімедегідей, Ақан серінің адамдық, ақындық болмысы жан-жақты жарқырап көрініс тапқан.

«Базар жырауда» да Мағжан рухани өмірдің аса бір маңызды мәселесін көтереді. Ол – әдеби мұраны игеру. Мақала жазылған кез (1923) совет өкіметінің бұрындары жасалынған мәдени мұраның барлығының бүгінгі совет адамдары үшін керегі жоқ: өйткені, олар феодализм, байлар заманында жасалғандықтан да ескішіл үстем таптың мүддесін қорғайды; еңбекші бұқараның әдебиетін пролетариаттың өзі жасауы керек деп, «пролетарлық мәдениет» бағытын күштеп жүргізіп жатқан уақыт болатын. Осындай солақай саясаттың салдарынан қазақ әдебиетінің бай қазынасы түгелге дерлік ескішіл, кертартпа, жаңа заман үшін зиянды деп жарияланды. Міне, осы кезде Мағжан былай деп жазады:

«Өткен дәуірдегі теңіздей тұңғыық әдебиетіміздің бізге бұл күнде адасқан ұшқындары, тентіреген тамшылары ғана жетіп отыр. Көбі, көбі болғанда ең сұлулары ұмытылған, желдей ескен жыраулармен бірге топыраққа айналған. Баяғыда отыз күн, отыз түн айтылатын Қобыландылардың ауызда адасып, азғантайы ғана қалған. Талай түндерге созылған ертегілердің басы қайырылып, аяғына жетіп, шопшолак қалған» (сонда, 340-бет). Ол аз десеңіз, «Талай жүйріктердің тұңғыық таза толғаулары араб, парсы, сарт-сауанның сөздері араласып, балдыр-батпаққа айналған...», – деп, әдеби тілдің тазалығы мәселесін де коса көтереді.

1917 жылғы төңкерістен кейін қазақ әдебиеті енді қандай бағытта дамып, кімнен үлгі алуы керек деген сауалдар төңірегінде қызу пікірталастар болып өтті. Пролеткультшылдар бұрынғы ақындарының барлығы да ауыз әдебиетінің өкілдері, ал ауыз әдебиетін, дамудың төменгі сатысындағы әдебиет санап, үлгіні «озық» орыс әдебиетінен алуды ұсынды. Олар қазақ әдебиеті өзінен өзі үлгі алатын дәрежеге жеткен жоқ деп соқты. Бұл солақай пікірге әдебиет, мәдениеттің манайында жүрген қазақтың ұлтжанды зиялы азаматтарының көпшілігі қарсы шықты. Солардың бірі болған Мағжан бұл мәселеге арнайы араласпағанымен де осы мақаласында өз ойларын ашық білдіреді: «Бірақ талайлар ұмытылып қалды деп қанша өкінгенмен, әлде болса да ауызда аман қалған әдебиетіміз талай елдердің ауыз әдебиетінен бай. Әлде болса да ауыз әдебиетіміз бір елдің жазба әдебиетіне негіз болуға жарарлық. Өзінің ауыз әдебиетін негіз қылмай ешбір елдің жазба әдебиеті өркендемеу емес. Біздің де жазба әдебиетіміз ауыз әдебиетін негіз қылуға міндетті. Алдымен, сабақты шеттен емес, өзінен алуға міндетті. Жазба әдебиетіміз негізді, берік өз еліміздің әдебиеті болам десе, өзіміздің ауыз әдебиетімізге қайтуға міндетті» (сонда, 340-341-беттер). Әттең, Мағжанның осындай өрелі де өміршең ойлары кешегі кеңестік кездің социалистік солақай саясатының табанында тапталып, ескерілсе де мойындалмай келгені өкінетеді. Әйтпесе,

ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеті бір-біріне қарсы қойылар ма еді. М. Әуезовтің «Абай жолындай» бітімі бөлек кесек туындысын аңызға құрылған, ауыз әдебиетінің негізінде жазылған деп, айыптар ма едік.

Мағжан Абайдан арғы әдебиет тарихының зерттелінбей, танылмай жатқандығына қынжылыс білдіреді. Оларды «білсе де білгісі келмейді. Ақындардың қатарына қосқысы келмейді. Ауызға алынбайтын олардың жазығы не?» – деп, мәселені төтесінен қояды. Мағжан «Шынында, сол өткен ақындардың көбінен жаңа ақындар әлі озып кете алды ма?» – деген сауалды алға көлденең тартады.»...Шайхысламұлы Жүсіпбектің «Қыз Жібегіндей» кім не нәрсе жазды?» – деген сұрақ қойып, «ойланып-аңғиме» екенін ескертеді.

Есімі ескерусіз келе жатқан ақындардың бірі ретінде Базар жыраудың өнерпаздық қырларымен таныстыруды мақсат тұтқан мақала осылайша басталып, өзекті ойларымен бірден баурап алады. Мағжанның қолына Базар жыраудың 4–5-ак өлеңі түскен. Автор осы аз ғана деректерге сүйене отырып, ақынның шығармашылығы жайлы толық пікір айтудың қиын екендігін ескертеді. Солай бола тұра, осының өзі-ақ «Базардың сөзге жүйрік, ойлы ақын екендігін» сезінуге жеткілікті болған.

Мағжан Базардың «қазақы сөзге шеберлігін» оның қолда бар өлеңдерін мысалға келтіре отырып дәлелдеген. Автордың ойынша, шын ақындар барлық уақытта да халықтың жағында: «қазақтың шын ақыны ешбір уақытта аты мықтыны мақтаған емес. «Байтаққа пана болған» мықтыны мақтаған» (сонда, 342-бет).

Базар жырау да – осы топтан көрінген шын ақын. Осы жерде автор: «өткеннің бәрін өртеп жібереміз дей бермей, мұны біз де ұмытпауымыз керек» – деп, сол кездегі ресми биліктің әдебиет жайлы саясатын сынап та өтеді.

Базардың өмір сүрген дәуірі «қазақтың құдай ұрғандарының шенді шекпенге қарқ болып, жалпақ елдің «аузы түкті гәуір, жеті басты ауыр» деп, қан жылап жүрген кезі ғой. Сол кезде кешегі көкжал Кененің ер ұлы Сыздық «елім» деп жортып жүріп, шөмекей ішіне барса керек. Сонда Сыздық бастаса, гәуірден құтыламыз деп, жалпақ елмен бірге Базар жырау да қуанғанға ұқсайды» (сонда, 343-бет) – деген жолдардан автордың ақынға не үшін іш тартып отырғанының себебі айқын көрінеді.

Мақалада жыраудың Сыздық төре туралы отаршылдыққа қарсы отаншылдық көтеріңкі рухпен жазылған өлеңінің мәтінін толық келтіре отырып, «шерлі елдің шын баласы ғой Базар» деген ой түйеді. Тағы да ақынның:

«Дүние, бір толкыттың, бір қорқыттың,  
Айырылып аждаһадай ақыр жұттың», –

деген жолдармен басталатын өлең шумағын оқып, Базардың «терең ақын екендігі» туралы қорытынды жасаған.

Автордың Базар жыраудың жырларындағы отаршылдыққа қарсылық сарынын жоғары бағалап, материалдарының жетімсіздігіне қарамастан, осы мақаланы жазғандығы байқалады.

«Елге еңбегін сіңірген ер қымбат. Ердің елге бағасы қаны бір болуда емес, жаны бір болуда: қуаныш-қайғысы ортақ болуда. Ердің бағасы елге еткен еңбегінің зор, яки кішілігінде емес, ел деген жүрегінің таза болуында; тілегінің елмен ортақ болуында; ер өмірінің өрі мен көрі ел өмірінің өрі-көрімен бір болуында» (сонда, 345-бет). Мағжанның «Әбубәкір ақсақал Диваев» атты мақаласы осылайша басталған. Қаны башқұрт Ә. Диваевты жаны қазақ болғандығы, қазақ халқына сіңірген еңбегі үшін аса қадірлеп «Әбубәкір ақсақал» деп құрметтеген. Отаршылдар қазақтың «азат басын ноктаға кіргізу» үшін зерттесе, Әбубәкір ақсақал «жақсы жақтан таныстыру үшін, қазақ-қырғыз еліне тұмсығымен су тасыған қарлығаш болу үшін» еңбек етті.

Ә. Диваевтың қазақ әдебиеті үлгілерін орыс тіліне аударып, газет-журналдарда жариялап отырғанын айта келіп: «ол күндерде қазақ-қырғыз елін аузын арандай ашып жұтып жатқан патша үкіметі қазақ-қырғыз елінің жақсы жағымен, терең жанымен, сұлу сөзімен Әбубәкір бастырған әдебиет арқылы танысқан», (сонда, 346-бет) – деп жазады.

«Қарлығаштың қымбаттығы тасыған суының молдығында емес, жүрегінің адалдығында. Әбубәкір ақсақалдың да қазақ-қырғызға қымбаттығы еткен еңбегінің ұшан теңіздігінде емес, адал ойлы қамқор болуында», – деп аса жоғары бағалайды. Сөйтіп Мағжан Ә. Диваевтың қазақ халқының рухани мұрасын жинауға сіңірген еңбегіне алғаш рет жоғары баға берді. Ал, кейінгі ұрпақтар ол жинақтаған қазақ әдебиетінің асыл үлгілерін кітап қылып бастырып шығарып, ұлттық рухани игілігіне жаратып келеді.

Мақалада Ә. Диваевтың атқарған істері санамаланып тізілмейді. Қысқа да нұсқа жазылғанымен, Әбубәкірдің қазақ әдебиетіне сіңірген еңбегі сол күйінде көз алдыңызға тұра қалады. Бұл еңбектің несімен құнды, маңызды екендігіне оқырман назарын аударады. Қысқа мақаланың кенересін қалың ойлар кернеп тұр. «Бағалаудың қымбаты – алдына айдап мал салу емес, шын көңілден разылық, білдіріп, елдің оны «сен – менің ұлым деуі», «елге ер қымбат, елге елдің адал жүрегі қымбат».

М. Жұмабаев қазақтың аса дарынды ақыны Б. Күлеев жиырма жасында қыршынынан үзілгенде қазанама-мақала жазды. Бернияздың өмірімен шағын таныстырудан кейін оның ақындық болмысына қысқаша сипаттама береді. Мағжанның пікірінше, «Бернияз – төңкеріс заманында туған ақын, бірақ төңкеріспен дүниеге келген шағы бір келгені болмаса, төңкеріс туғызған ақын емес еді» (сонда, 348-бет). Болашағы үлкен ақынның мұндай жағдайға душар болғанына қоғамды кінәлаған: «...жас жанның мұндай жолға түсуіне өзінен бетер әлеумет айыпты. Түзу жолға сала білмеген, дұрыс тәрбие бере білмеген әлеумет».

Азамат аман жүру үшін әлеуметтік орта дұрыс болуы керек. Қоғам – өмірге сай болса, адам да – бақытты. Осы тұрғыдан келіп, Мағжан сол кездегі аласапыран заманды таланттарын сақтай алмағандығы үшін айыптап отыр.

Б. Күлеев Мағжанның жақсы көретін рухтас інісі болған. Болашағынан үлкен үміт күттірген аса дарынды ақын мерт болғанда, Мағжан оған арнап өлең де жазған. Ақын өлімі ақынды дүр сілкіндіріп, өмір жайлы кейбір ауыр ойларын ортаға салған. Өлең:

«Өмір – дала, ақын – бала қаңғырған,  
Жан сусынын көз жасымен қандырған.  
Ақын – бөбек, өмір – көбік, тылсым-ды,  
Ойнап, арбап, бөбекті естен тандырған» –

деген шумақпен басталып, аяқталған. Осы бір ғана шумаққа ақын өмірінің өзгеше тағдыры туралы қаншама терең ойларды сыйғызып жіберген десеңізші.

М. Жұмабаевтың Абайға да арнап өлең жазғаны белгілі. Бұл өлеңнен Мағжанның қазақ ақындарының ішінде ұлы Абайдың ұлылығын алғаш танығандардың бірі болғандығын көреміз. Ұлыны ұлы қапысыз бірден тани алған. Өлең тақырыбының «Алтын хакім Абайға» аталуының өзінде көп мағына жатыр. Мағжан ақын ретінде Абайдың ақындығын аса жоғары бағалайды:

«Шын хакім, сөзің асыл – баға жетпес,  
Бір сөзің мың жыл жүрсе дәмі кетпес.  
Қарадан хакім болған сендей жанның,  
Әлемнің құлағынан әні кетпес!»

Мағжан осындай ұлы адамның жұртшылық тарапынан онша түсінілмей келе жатқанына реніш білдіреді. Бірақ, мұның бәрі сауатсыздықтан, ойсыздықтан туындап жатқан уақытша нәрсе, «көз ашып, жұртың ояу болған сайын, хакім ата... кәдірің артар» деп, болашаққа үлкен сеніммен қарайды.

М. Жұмабаевтың жиырма бесінші ғасыр басындағы қазақ зиялыларының бірсыпырасына эпиграмма жазғаны белгілі. Солардың ішінде М. Дулатов, А. Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М. Әуезов те бар. Бұларында олардың шығармашылықтарынан гөрі сол кездегі жалпы жағдайларына назар аударыңқыраған. Мысалы, А. Байтұрсыновқа:

«– Ақан, Ақан,  
Тілек батаң аққа жақ.  
«Я, жаппар хак,  
Мен шын нахак», –  
Де де жат», –

деген бір ғана шумақ арнапты.

Ақын бір эпиграммасын өзіне де арнаған. Эпиграмманың екі түрлі нұсқасы бар. Бұлай деп отырғанымыз, екеуінің мазмұнының да, айтар ойының да бірдейлігінен. Сонымен, Мағжан сын көзімен қарай отырып, өзінің портретін былайша бейнелейді.

«– Қайда Мағжан?

Мағжан мынау:

Самоллюб.

Очень ленив, упрямый паренок:

Көрсө әйел,

Көзі жоқ ол көбелек» (сонда, 215-бет).

Қазақша. орысшасы аралас бесік жыры үлгісінде жазылған эпиграммадан Мағжанның адамшылық болмысын көреміз.

М. Жұмабаевтың әдеби-танымдық ой-пікірлері ол жазған «Алқа» ұйымының бағдарламасында айқын көрінеді. Өмірге келмей жатып, қолжазба күйінде тұншыққан бұл аса маңызды құжатты НКВД-ның «қазынасынан» тауып алып, Дихан Қамзабекұлы алғаш рет жариялады («Өркен», 13.VI, 1992). «Алқаның» платформасы арқылы Мағжан сол кезде қуғындала бастаған «алашорда» ақын-жазушыларының әдеби-эстетикалық бағытын да білдірген еді.

«Алқаның» бағдарламасы 1924-26 жылдары дайындалып, қолжазба күйінде тараған. Ө.Бөкейханов, А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, Ж. Тілеулин, С. Дөнентаев, М. Әуезов, С. Сәдуақасов, Е.Омаров, С. Қожанұлы, Е. Алдоңғарұлы, Ж. Сәрсенбіұлы сияқты алаш азаматтары платформамен танысып, қолдаған (Қараңыз: Д.Қамзабекұлы. «Алқа» туралы ақиқат. «Өркен», 20. VII. 1992). Баспа бетін көрмеуіне сол кезде ұлтшыл азаматтарды, оның ішінде Мағжанды да саяси жағынан қудалаудың күшейе түсуі себеп болды.

Алашшыл әдебиет өкілдерін қудалау С. Мұқановтың «Еңбекші қазақта» 1923 жылы жарияланған «Қара тақтаға жазылып қалмаңдар, шешендер» атты атышулы мақаласынан кейін басталды да. Голощекин Қазақстанға басшы болып келгеннен кейін, тіпті ушығып кетті. Алғашында әдебиеттің болашақ дамуы қандай болмақ екендігі жайлы басталған пікір алысудың аяғы ұлттық атаулыға қарсы саяси науқанға ұласты. Пролеткульт саясаты күшпен жүргізіліп, казак халқының сан ғасырлық әдеби мұрасына «ескішіл», «байшыл» деген айыптар тағылып, жоққа шығарылды Абайдың өзі «феодал ақыны» аталып, сол кездегі ұлттық әдебиетіміздің қаймақтары әдеби өмірден шеттетіле бастады. Бір ғана М. Жұмабаевтың үстінен екі рет «әдеби сот» (Омбыда, Мәскеуде) ұйымдастырылып, шығармалары халыққа зиянды, оқылудан алынсын деген қаулы қабылданды. Міне, осындай саяси қуғындау кезінде қазақ жазушыларының басым көпшілігінің басын біріктіретін «Алқа» ұйымын құруға әрекет жасалынып, оның бағдарламасы жазылды.

«Қазақ әдебиеті тоғыз жолдың торабында тұр. Артында бір жол, алдында мың жол» деген сөйлемдермен басталған айқындаманың кіріспесінде сол кездегі қазақ әдебиетінің даму бағытына тікелей әсерін тигізіп отырған саяси-мәдени жағдай шолынады. Қазақ әдебиетін мың жолдың тарауына әкеліп тұрған – тұрмыс. Тұрмыс болғанда, «дүние астан-кестен болған заманда», «қазақ әдебиетінің орыс әдебиетінің екпініне, орыс әдебиеті арқылы Еуропа әдебиетінің екпініне кез келуі тас пен жапалақтың жапалағы өлмек, әрине, қазақ тұрмысы қирамақ, әрине, қазақ әдебиеті еліктемек». Қазір қаламгерлер алдына әрі іскерлік, әрі ақындық міндетті қоса атқару қойылып отыр. Айғаймен кетсе, ақындық қалады, ақындықпен кетсе әскерлік қалады. Осылай болғандықтан да «біздің жазушыларымыз не әскерлік, не азаматтық міндетін ұмытып, құр ақындыққа қамалып қалуға мүмкін, әсіресе, ақындық міндетін біле алмай, жалпы айғайдың екпінімен кетуге мүмкін». Мағжан «әдебиетті айқай ғана деп, ақындықты үгіт-насихат қана деп ұғуға» қарсы. Сондықтан да: «тоғыз ойланып, тоқсан толғанып, төмендегі пікірлерді ортаға салуды өзіміздің борышымыз деп білдік», – дейді автор.

Айқындаманы: «сегіз қанат боз орда, алты қанат отау емес-абылайша атаған». Өйткені, «майдан, ойран, жорық дәуірінде дағарадай орда, айдай ақ отау құрып отыруға болмайды. Аттан дәуіріне абылайша керек». Бұл жолдардан Мағжанның сол дәуірге деген көзқарасы да айқын көрінеді. Большевиктер жаңа дәуір басталды, енді теңдік, бақыт орнайды деп ұрандатып жатқанда, ақын бұған сенімсіздікпен қарап: «майдан, ойран, жорық дәуірі», – деп сипаттаған.

«Әдебиетіміз» аталған айқындаманың бірінші бөлімінде қазақ әдебиетінің өзіндік сипатына, тарихына көз жіберген. Мағжан әңгімені бірден сол кезде белең алып тұрған әдебиеттің деңгейі қоғамның дамуымен тікелей байланысты, яғни феодалдық дәуірде өмір сүрген қазақ халқының әдебиеті капиталистік елдердің әдебиетінен төмен деген сыңаржақ теорияны жоққа шығарудан бастайды. «Әдебиеттің өзінше дәуірлеуі техника мәдениетінің дәуірлеуіне байланбайды» деген К. Маркстің сөзін келтіре отырып, бұл пікірдің терістігін дәлелдейді. Техника дамымаған заманның өзінде-ақ Гомердей, Шекспирдей әдебиет алыптары болғанын тілге тиек етеді. Сол сияқты қазақтың «техника мәдениеті тіпті төмен болғанымен», «өзінше терең әдебиеті болған һәм бар». Қазақ әдебиетінің тарихы зерттелінбей жатыр. Ал, арыға бармай-ақ, «кешегі Мұрат, Махамбет, Базар, Шортанбай, Ақан сері сықылды ақындардың елдің мұңын, зарын, ой-қиялын жырлай білген шын жыраулар екені анық. Бұлар – қазақ даласына бет алған Еуропаның, орыстың қара жүз отаршылдығының қарасын көріп, бірінші уланған ерлер».

Отаршылдыққа ашық қарсы шыққан ақындардың аталуының өзі-ақ Мағжанның азаматтық бет-бағдарын анық байқатады. Орыс

отаршылдығын «қара жүз» атап, бұл акындарды отаршылдық уымен «бірінші уланған ерлерге» жатқызған. Осы аталғандардың ішіндегі Базар жырау мен Ақан сері туралы Мағжанның арнайы мақала жазғандығы белгілі.

Қазақтың ұлы акыны А. Құнанбаевтың ұлылығын алғашқылардың бірі болып таныған Мағжан «Алтын хакім Абайға» деп өлең арнаса, «Алқанын» айқындармасында да оған жоғары баға берді. Абай – феодал акыны, ескіні жырлаған деп, тарихтың тастандысына айналдырғалы жатқанда, Мағжандар оған «қазақ әдебиетінің алыбы» деген баға берді: «Қазақ әдебиетінің алыбы Абай – қазақ даласына кеулеп кіріп келе жатқан капитализмге, отаршылдыққа халықтың қанды жас төгіп, еріксіз шалған бірінші құрбаны. Ел билеп, елге ақыл айтудан бастап, өмірден үміт үзуге, тұңғыш ойға барып тірелген Абайдың өмірінің, ақындығының трагедиясы да тереңдігі осындай. Абайдың алыптығы – қыл көпірдің үстінде тұрғандығы, екі қоғаммен, екі үмітпен алысқандығы, сондықтан қазақ әдебиетінің ескі мағынасын, бұрынғы бағытын терендеткендігі, әдебиетке жаңа түр кіргізгендігі».

Патша өкіметінің қанауы күшейе түсті. «Ел езіле береді». Баспасөздің жоқтығынан Абайдың жан-айкайы елге жетпей жаты. Отаршылдықтың салдарынан «әдебиет «ғизятлу, оқұрметлу», «бісімлдә» деп басталатын сөздің басы сықылды былдыр-батпаққа айналды» – деп жазылған бағдарламада.

Қуа берсе, қорқақ та батыр болады дегендей, орыс отаршылдығының салдарынан қазақ халқының ұлттық сана-сезімі оянып, есін жия бастады. Әсіресе, 1905 жылғы саяси оқиғалар елдің көзін аша түсті. «Жаралы жанның есін жия бастағанда, бірінші үні ыңырсып күрсінуді, күніренуді болмақ. 1905 жылдан соңғы әдебиетіміз, «Оян, қазақ!», «Қырық мысал» сықылды елім, жұртым деген әдебиетіміз сол күнірену, сол зәреде күніренген жаралы жанның көзіне ілгені ғана – қылышынан қан тамып, майданда ойнап жүргені елестемек. Ояна бастаған ел кешегі ел болған күнін есіне түсірмек. Әдебиетіміз де мынау «Оян!» деген зармен бірге елдің өткен күнін есіне сала бастап еді. Өткен тағы болып жүрген дәуірді қайта орнату үшін емес, жасыған елдің жанына үміт салу үшін өткенді жырлай бастап еді», – деп жазады Мағжан. Қысқа да нұсқа көркем кестеленген бұл жолдарда терең ойлар жатыр, яғни сол кезде қуғындалып жатқан қазақ әдебиетіндегі ұлт-азаттық бағытты ақтау, оның отаршылдықтың өзі туғызған заңды құбылыс екенін көзге шұқып көрсету бар. Осы бағытты әдебиетіміз «жырлап үлгерген жоқ еді, жырлай бастап еді. Әдебиет осы күйінде тұрғанда үстіміздегі зор төңкеріске кіріп кеттік», – деп, сол кездегі қазақ әдебиетінің өзіндік сипатын дәл көрсетеді.

Мағжанның ойынша, «Үстіміздегі төңкеріс – бізге өз тарихымыз тудырған, өз тарихымыздың қатынасы болған таныс төңкеріс емес, еуропа тудырған жат төңкеріс». Өзінің табиғи, тарихи жолымен дамып келе жатқан қазақ әдебиеті үшін де бұл төңкеріс тосын құбылыс бол-

ды. Сондықтан да әдебиетіміз төңкеріс тақырыбын игеріп кете алмады. «Төңкеріс туралы тез үндей қоймадық» деп, өзеурей бермей, «не себепті үндемегенін ұғуға міндеттіміз». Қазақ әдебиетінде төңкерістің жырланбауын, жырланған топас тәжірибелердің теріс жағынан түсуінің тағы бір себебі: төңкерістің өзінің қазақ даласына күнгей бетінен емес, теріскей бетінен, оңынан емес, солынан кіруінен» көрінеді. Бұл «алақандағы нәрсе ғой, мұны бүркеп қоюға болмас», – деп тағы да өз пікірін дәлелдеу үшін Маркске жүгінеді. Аққан су жазық жерде жайылып, таулы-тасты жерде буырқанып, көбіктеніп ағады. Өмір де, әдебиет те солай. Жаңа заманда әдебиетіміз қалай ағуы, яғни дамуы керек? Автор бұған «Төңкеріс һәм әдебиетіміз» атты бөлімде жауап береді.

М.Жұмабаев Қазан төңкерісін «адамзаттың тарихында тең жоқ төңкеріс» санаған. Өйткені, ол «адамзат тарихының ең соңғы албастысы – отаршылдықты, капитализмді жойып, тарихты жаңа арнамен ағызуға бет алған төңкеріс» деп сенген. Сондықтан да қазақ елі бұл төңкерісті қолдайды. Солай бола тұра мынадай маңызды мәселе ескерілуі тиіс: «Бірақ бағытта, негізде бірлікті мінезде бірлік деп ұғу – ката. Зор төңкеріске пролетариат зеңбірек, пулемет, машина қайыс камзолымен кірсе, қазақ қамшы, сойыл, балпаң етік, малма тұмағымен жолдан қосылып отыр». Яғни, орыстарға қойылатын талаптарды қазақтарға да қоюға болмайды. Қазаққа төңкерістің сырттан келгендігі, таңылғандығы ескерілуі керек. Сондықтан да қазақ әдебиетіндегі төңкерісті жырлау «өзінше – қазақша, азияша болуға мүмкін». Өйткені, «қазақ иісіміз шықпауға мүмкін емес. Ойымызда, қиялымызда, әдебиетімізде Азия иісі аңқымау мүмкін емес. Бағыттың бір екені даусыз болғанымен, пролетариаттың өз тарихының, машинасының қайыс камзолының иісі шықпауға, қазақтың мың жылдық тарихының, елтірі тұмағының иісі шықпауға мүмкін емес».

Мағжанның бұл жерде «қазақтың иісі» деп отырғаны қазақ әдебиетінің ұлттық сипаты, ұлттық рухы екендігі анық. Ұлтшыл ақын ұлттық әдебиетіміздің ұлттық болмысын барынша қорғайды: «...қазақ ақыны кедей қазақтың күнгірт тұрмысын, пролетариатпен ортақ мақсұтын жырлаумен бірге кедей қазақтың өзінің ойын, өзінің сезімін, өзінің қиялын, өзінің ұғымын жырлауға ұмтылуға міндетті. Болмаса, қазақ әдебиеті деген әдебиет тұмақ емес. Бағытта емес, рухта басқалық болмай, құр сыртында, мысалы, сөзде ғана басқалық болса, әдебиет шеттен аударылған аударма, тәржіме ғана болып қалмақ. Негізде бірлікті мінезде бірлік деп ұғу – адасқандық».

Төңкерістің мақсаты өткенді қирату емес, жер бетіндегі адамдарды бақытты қылатын жаңа қоғам, тұрмыс орнату деп білген Мағжанның сол кездегі солақай саясатшылардың өткенде жасалғандардың барлығын ескі, ұлттық атаулыны ұлтшылдық санап, жаңа заманның мәдениетін жаңадан жасаймыз деген әсіре қызыл бағытына қарсылығы болатын – бұл.

«Алқа» бағдарламасының аса маңызды жағы – мұнда «сөз өнері дегеніміз не?» деген сауалға жауап берілуі. «Әдебиет не нәрсе? Әдебиеттің жалпы заңы» түгелдей осы мәселеге арналған. Әдебиетке түсініктер бергенде, Мағжан өзінің тек ақын ғана емес, сонымен бірге әлемдік әдебиеттің теориясын, тарихын жетік білетін білімдар ретінде де танытады. Мәскеудегі Брюсов атындағы Әдебиет институтында оқып, сол кездегі орыстың маңдай алды әдебиетші ғалымдарынан дәріс тыңдаған, ақын-жазушыларымен аралас-құралас жүрген М. Жұмабаевтың шығармашылық таланты толысып, дүниетанымы кемеліне келген кез болатын – бұл айқындаманы жазғанда.

Мағжан әдебиетті өнерге, оның бес тарауының біреуіне жатқызады. Өнерге «адамзаттың сұлулық сезімінен, сезім арқылы жаратылысты, өмірді ұғуға ұмтылуы» деген анықтама береді. Осыдан кейін барып «сұлулық», «өнер» ұғымдарына ғылыми тұрғыдан тоқталған. Бұл ретте әлемдік ілім алыптары Канттың, Маркстің, Плехановтың, Ортодокстің, Луначарскийдің, Гегенің, т.б. осы мәселе турасында айтқан пікірлеріне жүгінген. Осыларға сүйене отырып, сұлулық сезімінің, сұлулықтан ләззат алудың тек адамдарға ғана тән құбылыс екенін, сонымен бірге әр халықтың тұрмыс жағдайына, кәсібіне, өмір сүру ортасына орай сұлулық туралы ұғымның түрліше болатындығы, өзгеріп отыратындығы түсіндіріледі. Сұлулық туралы түсініктің «тұрмыс түріне, еңбек түріне байлаулы» екендігінде дау жоқ делінген айқындамада.

Осы сұлулық сезімінен туындайтын өнердің адам қоғамында алатын орнына, атқаратын қызметіне тоқталған. Білім-ғылым сияқты өнер де адамдардың жақсы өмір сүруіне септігін тигізеді. «Бірақ ескүстба тұрмысқа қолма-қол пайда тигізбейді, тигізе алмайды; арада талай қол арқылы алыстан ұрын барып тиетін пайда» дегенде, жан азығы – өнердің адам өміріндегі алатын орны дәл анықталған. Содан кейін барып өз ойын: «ескүстбаның негізі – сезім құралы, сезімнен туған сурет, мақсұты – білім беру емес, сезім ояту», – деп түйіндейді. Сондықтан да өнерге жататын әдебиеттің де басты міндеті – сезімді ояту: «...ақынды өлшейтін кез мынау болады: сұлу терең суреттер арқылы қандай болса, ондай болсын, әйтеуір, терең сезім оята алса, ол – ақын. Оята алмаса, ақын емес». Ақындықтың тамаша үлгілері дегенде, Еуропа әдебиетінен Гомер мен Байронды атайды. Қазақ әдебиетінде «Тарғынды» жырлаған Марабай, «Жібек Қызды» жыр қылған Жүсіпбекқожа, қыл көпірді, мақшарды, жұмақ, тамұқты суреттей біліп, тыңдаушыны еңіреткендей дін қысасын шығара білген біреу қайткенде ақын қырық парызды сынайтын Орынбай қырық парызына келгенде ақын емес, уақытында «ақын» да, басылған «қазағым, өнерлеріңе мектеп аш, қала бол, егін сал» деген сықылды ақылды өлеңдер қайткенде ақындыққа жатпайды. Ақындық – бағытта емес, ақындық – ақындықта». Бұл жерде Мағжан өлең мен өлең еместің ара

жігін дәл ашып берген. Құрғақ ақыл, жалаң пәлсафа өнер туындысына, яки поэзияға жатпайды. Поэзия болу үшін адам сезіміне әсер ететін сөзден салынған сиқырлы сурет, жанды бейне болуы керек. Уағыз айту әдебиет емес, сезімді оятып, жүректі қозғай білсе ғана шын өнер туындысына жатады. «Ақынның міндеті – білім беру емес, терең сезім, асқар пікір ояту».

Ақын – ақындығымен өлшенеді. Сонымен бірге ол белгілі «бір елдің, бір таптың», «өлімді емес, өмірді, жауыздықты емес, ізгілікті нысана қылған жалпы адамзаттың мүшесі» болғандықтан да олардың «ізгі, дұрыс сезімін, өмір сезімін оятуға ұмтылуы – азаматтық борышы». Сондықтан да әрбір ақын ақындығымен қоғамға қызмет етуі керек. Қоғамға, халқына қызмет ету – ақынға ақындықпен қоса қойылатын екінші парыз «Тұрмыстың мүшесі болған соң, ақын азамат та болуға міндетті». Ақындық азаматтықпен ұштасуы керек. Әр азамат, соның ішінде ақын да халқына еткен еңбегімен бағаланады. Ақын өмірді жырлағанда тұрмыстың, тіршіліктің құлы болып кетпей, азаматтық бағытынан таймауы тиіс. Өмірді жырлағанда, оның фотографиясын жасау міндет емес, өйткені «фотография – ақындық емес». «Тұрмыс пен жаратылыс – ақынға тек тиянақ. Осы тиянаққа таянып, басып, осыны құрал қылып, көптің көргенін, көптің сезгенін жинап, бір топ қылып, сол топқа ақын өзінше түс беруге міндетті». Мағжанның айтуынша, «ақындық ауданында ақын – ақын, тұрмыс ауданында – әрі ақын, әрі азамат».

Әдебиетте ақындық та, азаматтық та тең түсіп жатуы керек. Осы екеуінің бір жағы кем соқса, әдебиеттің дамуына зиян. Әдебиеттің даму тарихында орын алған, тоқыраулардың басты себебі де осы тепе-теңдіктің сақталмауынан. Әдебиет «тұрмыс пен асқар пікірді киюластырып, қоса билеген дәуірлерінде асқарланған, өрлеген». Мағжан төңкеріс әкелген алдағы «ортақшылдық дәуірден» үлкен үміт күтеді. Жаңа дәуірде «терең де екпінді әдебиет тууға тиіс» деп болашаққа сенім артады.

«Алқа» бағдарламасының соңғы бөлімі «Марксшылдық һәм әдебиет. Не жазуға» аталған. Мұнда автор көркем әдебиет жана дәуірде, яғни төңкерістен кейін қалай болуы, қандай бағытта дамуы, нені жазуға тиіс сияқты сол кездің зәру мәселелерін көтереді. Жиырмасыншы жылдары осы төңіректе біраз пікіралысулардың жүріп өткені белгілі. Ресми биліктің қолдауына сүйенген тапшылдар әдебиеттен тек қана пролетариатты, кедей тапты, төңкерісті жырлауды талап етіп, пролеткульттік бағытты күштеп енгізе бастады.

1926 жылдың 4 қазанында қабылданған ҚазАПП-тың платформасында әдебиетті идеологиялық жұмыстың бір саласы ретінде қарап, оған саяси сипат берілді. «Таптық дәуірде басқа жұмыстар таптан тысқары болмауы сықылды, тап тілегінен тысқары жайлайтұғын әдебиет те болмайды. Тапшыл әдебиет алдымен, өз табының мак-

саты мен жалпы адамзаттың бағытын көздейді. Соның үшін озық қазақтың пролетариаты мен кара шаруасының санасы тәрбиелеуге жарайтуғын әдебиетті ғана өркендетуге күш жұмсайды. Жұмыскер мен кара шаруаның жаңа тұрмысқа қарай беттеген беталысына жәрдемдес болмаған әдебиетті керексіз деп табады», – деген жолдар таптық күрес теориясының әдебиетке де сол күйінде көшіріле салуының көрінісі еді. Сонымен бірге ҚазАПП ұйымы өзінің басты міндетінің бірін: «Жұмыскер, кара шаруа әдебиеті байлар әдебиетіне қарсы тұрады. Еңбекшілдік бағыттан теріс әдебиетпен күреседі», – деп белгілеп, басты мақсат етті. «Әдебиеттегі байшыл-ұлтшылдыққа қарсы күресті күшейте түсу, ол үшін әдебиет майданында жүріп жатқан айтыстарды қыздырып, байлардың, байшылдардың да таптық сырын айқындай түсу, сөйтіп тап жауына еңбекші таптың өміршенділігін күшейту» (С. Мұқанов. Өмір мектебі, 3 том, А., 1970, 195-бет) – деп, жариялады.

Әрине, әдебиетті бұлайша тап күресінің құралына айналдыруға казак қаламгерлерінің дені қарсы шықты. Осы кезде елде болмағандықтан және осы айтыстарда даудың бір басы өзі болып, соқыр саясатшылдардың солақай сындарының сокқылары өзіне бағытталып, ес жиғызбай саяси тұрғыдан қудалау басталып кеткендіктен бе, Мағжан бұл науқанға араласып, пікірін білдіруге мүмкіндігі болмағандығын. Енді осы мәселеге қатысты ақынның көзқарастары айқындамада айқын көрінеді.

Бағдарламаны оқи отырғанда, Мағжанның әдебиет туралы түсінігінде аз да болса, өзгерістің болғанын байқаймыз. Ақын әдебиеттің таптығы принципін мойындауға мәжбүр болғандығы көрінеді. Ол «Адам – әуелі адам, онан соң бір таптың мүшесі ғой. Осы сөздерден әдебиетімізде тап мәселесі келіп шығады», – дей келіп, ары қарай: – «Үстіміздегі төңкеріс тап төңкеріс болғандықтан, адамзатты бакытқа пролетариат жеткізеді деп күмәнсіз сенгенімізден, жердің жүзі екі тапқа бөлінген күнде ғана төңкеріс қанатын кең жаяды деп білгенімізден, сөз жоқ, әдебиетімізде тап сарыны болуға, әрине, мүмкін», – деп, оның себептерін де түсіндіре кетеді. Осылай дейді де, артынша-ақ: «бұл сарынның күші қанша болар – мұны тұрмыс жуырда көрсетер» – деп, таптық әдебиеттің болашағына күмән келтіреді де ары қарай ойларын жалғастырады.

Мағжан жалпы әдебиеттің таптық сипатта болуын мойындағанымен де, оның казак әдебиетінде болғандығына, өріс алып кетуіне шүбәланған. Өйткені, казак қауымында таптық жіктеліс жоқ, «бай, кедей шаруаларының негізінде айырма жоқ». «Осы шалажансар айырма осы күні-ақ құрып қалды деуге болады. Бай, кедей шаруасы аз жылдың ішінде сан жағынан да қаралас болып қалды деуге болады». Осылайша, казак әдебиетінің таптық сипатта дамуына әлеуметтік, саяси негіз жоқ, екендігін дәлелдей келіп: «Осы себептерден казакта тап

сезімі тереңдей алмай, өсе алмай, осы күнгі күнгірт күйінше өшіп кетуге мүмкін. Бұлай болса, әдебиетімізге де тап сарыны терең түспеуге мүмкін», – деп оның келешегіне күмәнмен қараған.

Айқындамада: «әдебиет басынан бақайына дейін тап туралы ғана болса деп ұғу марксшылдыққа да, әдебиетке де киянат» – деп, айқын жазылған. «Жұмыскердің жайынан басқа нәрсені жазба деп акынды қамап қоюдың» дұрыс еместігін айтқан. А. Чужак, Лев Лунц, Л. Троцкий пікірлерін тілге тиек етіп, ойларын нығырлай түседі. Мағжанның ойынша, әдебиеттен таптық принципті талап ету дұрыс емес. Өйткені, таптық елдің, таптық әдебиеттің алды – ор. Тек қана бағытпен, яғни таптық принциппен әдебиеттің ісі бітпейді. «Әдебиет көзімен қарағанда, құр бағытпен әдебиет жақсы да, жаман да әдебиет болмайды».

Пролеткультишылдардың таптық принципті әдебиеттің негізгі өлшемі етіп алғанына қарсы Мағжан әлемдік әдебиеттің тәжірибесінен нақтылы мысалдар келтіріп, өз пікірін дәлелдей түседі. «Байрон құлап бара жатқан ақсүйектің ақыны. Оның ақындығының негізгі бағыты – қирауға бет алған ақсүйек тұрмысы бағыты. Дін қиссаларын жазған Жүсіпбекқожамыз – діншіл акын, бірақ бұларды танумен ғана бұлардың ақындық мәселесі шешілмейді. Мұны шешу үшін олардың ақындығын шешу керек», – дей келіп, олардың азаматтық, бағыттары түрліше болғанымен де, әдебиет үшін нағыз ақындар болып қалғандығына назар аударады.

Тағы да Мағжанды тыңдайық: «Дұрысы бір таптың ақыны екінші тапқа жат болуға, шет болуға тиісті, бір тап екінші таптың ақынына жау болуға тиісті. Бірақ, бұл шеттік, бұл таптық, бұл жаулық ақындық жағынан емес, азаматтық жағынан болуға тиісті». Мысалға ақсүйек акын Пушкин пролетариатқа азаматтық жағынан шет болса да ақындық жағынан шет болмақ еместігін» келтірген. «Пролетариатқа азаматтық жағынан қас, жау екенін біліп ал да ақындық, жағынан әдебиеттің алыптарынан сабақ ал, үйрен», – дейді Мағжан.

«Алкада» көтерілген маңызды мәселенің бірі – әдебиеттің интернационалдық сипаты. Мағжан шын әдебиетке әлемдік әдебиеттің алыптарын жатқызып, солардан үйренуге шақырады. «Замана толқыны катты долданып сокса да былқ етпей, елең қылмай» келген әдебиетті нағыз әдебиет деп таниды. «Жиһан әдебиетінің алыптарынан әдебиет сабағын алудың тағы бір себебі – шын акынның тар тапшылықтан қанша дегенмен жоғары болуы белгілі бір тап мүшесі болса шын акынның тапшылдыққа қана қамалып қалмай, өз табынан мойны озық жалпы таптың, жалпы адамзаттың жанындағы қайғылы яки қуанышты шекті шерте білу», – деген жолдардан Мағжанның ұлы акын екендігін дәлелдей түсетін азаматтық ақындық бағыт-бағдары айқын көрінеді. Осындай пікірді айтқан Мағжан да тар шеңбердегі тап ақыны емес, ұлттық деңгейдегі халық ақыны, жалпы адамзаттық мәселелерді

көтеріп, жырлаған әлемдік деңгейдегі ақын дәрежесіне дейін көтеріледі.

Мағжан әдебиетті домбыраға теңейді: «әдебиет домбырасында бір ғана ішек емес, көп ішек бар. Көп ішектің бәрі басылуға тиіс». Сол көп ішекті рет-ретімен басқанда белгілі бір күй шығады. Әдебиет те солай. «Яғни, түрлі нәрсені суреттейтін әдебиет негізгі бағытқа қайшы болмасын. Негізгі бағытымыз – төңкеріс арқылы ортақ шындық». Бұл жерде әдебиеттің бір ғана, яғни пролетариаттық бағытта болып қоймай, «өзінің ішкі заңына» орай алдыңғылардан үйрене отырып, жан-жақты дамуы керектігі меңзеліп отыр. «Әсіресе біздің жас әдебиетіміз жан-жаққа, алға, сыртқа қарануға міндетті», – деп, қазақ қаламгерлерін орыстың пролетариаттық әдебиетінен емес, әлемдік рухани қазынаның озық үлгілерінен үйренуге шақырады. Бұл жерде Мағжанның «жас әдебиетіміз» дегенде, жалпы қазақ әдебиетін емес, сол кездегі жазба әдебиетті айтып отырғанын ескерген жөн.

Қазақ әдебиетінің жай-күйін Еуропа әдебиетімен салыстыра отырып, өзіндік ұлттық ерекшеліктерін қолға ұстатқандай айқындап береді. Еуропа жазба әдебиеті ертелеу дамып, халық өмірінің қыр-сырларын әдебиет айдынында бейнелеп көрсетуге едәуір тәжірибе жинақтаған. Ал, қазақтың профессионал жазба әдебиеті жайлы мұны айта алмаймыз. Біздің бұл жолға түскенімізге 15–20-ақ жыл болды. «Жаңа әдебиеттің тартылса, ағұзысы ғана тартылады». Әдеби даму-да алдыңғы лек жүріп өткен жолға біз енді түсіп, үлкен істерге енді қамданып жатырмыз деген ойды білдіреді.

Қазіргі қаламгерлер қандай тақырыптарда қалам тербеуі, нені жаузы керек дегенде: «Өміріміздің күнді һәм күнгірт дәуірлері болған һәм бар. Қазақтың өзінің жаратылысқа, өмірге, тұрмысқа көзқарасы, өзінше философиясы, терең сезімі болғаны һәм бар. Осылардың бірі туралы әлі айтарлық қалам тартылған жоқ. Өзінше елді қоғамдаған хан, қоғамды қорғаған батыр, өзінше қоғамның қорғаны болған би, хан заманындағы құл, төре заманындағы төленгіт, бай заманындағы кедей, жауынгерге жолдас болған әйел, өткен ертегі күніміз, ертегідей күніміз, кешегі капитализмге үйілеп кірген дәуірдегі азғындық, мұң, зар, бүгінгі кедейшілік, бүгіншілік, сонымен бірге жаңа өмірге бет алу... – қысқасы, қазақтың күні, ертегідей күні, кешесі, бұл күнгісі – бәрі де айтарлықтай суретке түскен. Осылар түспей, әдебиет өз әдебиетіміз бола алмақ емес. Сондықтан, жас әдебиетіміздің осы күнгі мойнындағы жауапты міндеті қай жаққа болса да бір езу болмау», – деп, нақтылай түседі.

Бұл пікірдің сол кездегі ресми биліктегі солақай саясатшылдық бағыттағы өткенді жазғандардың барлығы ескішіл, ескіні аңсаушылық, жаңа дәуірдің әдебиеті тек жаңа өмірді, төңкерісті, кедей тапты жырлаған жаңаша болуы керек деген талаптарына мүлдем қарама-қарсы екендігі көзге ұрып тұр. Тіпті, тек пролетарлық бағытпен кетуді

«бір езулік» атап, одан сактандырады. Совет өкіметінің қас жаулары болған тарихи қайраткерлерді «елді қоғамдаған хан, қоғамды қорғаған батыр, өзінше қоғамның қорғаны болған би, ескі заманды «өткен ертегі күніміз, ертегідей күніміз» деп, көкке көтере марапаттаса, бүгінгі күнді «кедейлік» деп сипаттағанынан-ақ Мағжанның кеңес өкіметіне бүйрегі онша бұрып тұрмағаны байқалады. Мағжанның: «саясатшыл азаматтың алдында бүгінгі мәселе, бүгінгі тұрмыс мәселесі тұратын болса, ақынның алдында өткен, бүгін, келешек – үшеуі де тұруға тиісті. Ақын осы үшеуінің арасына көпір салуға міндетті», – дегеніне де бірден қол қоясыз. Әдебиет пен саясатты араластыруға болмайды, әдебиетке саясат кіріп кетсе, онда ол өзінің көркемдік, бейнелілік сипатын жоғалтып, биліктің үгіт, насихат құралына айналып кетеді дегенді ескертіп отыр.

Мағжанның бұл күдігінің тегін емес екендігін кейінгі уақыттар көрсетіп берді. Таптық принципке негізделген социалистік реализм әдебиеті салтанат құрған кенестік кезеңде өнер атаулымен бірге әдебиет те идеологиялық жұмыстың аса маңызды бір саласы саналып, коммунизм құрылысшыларын тәрбиелеудің тиімді құралына айналды, әдебиеттің көркемдігінен гөрі идеялық жағына көбірек мән беріліп, ол дәуір үні саналатын публицистикалық деңгейге дейін түсіп кеткені – бүгінгі күні айдай анық тарихи шындық.

Әр елдің қоғамдық дамуында әлеуметтік, мәдени ерекшеліктері болады. Осылар жиналып келіп, әрбір халықтың ұлттық ерекшеліктерін құрайды. Бұл әсіресе әдебиетте айқын көрінеді. Сондықтан да орыс әдебиеті мен қазақ әдебиетін салыстыруға келетін де, келмейтін де жерлері баршылық. Осы жағы ескерілмей келеді. «Қазақ ақыны мен пролетариат ақынының арасында бірталай айырма бар. Пролетариат ақыны төңкерісті өзі жасаған, өзі қиратып, өзі құрап жатқан, төңкерістің өзінің тарихы тудырған, Ауropa тарихының машина дәуірі тудырған ойы, сезімі зауыт-фабрикаға байланған таптың ақыны. Қазақ ақыны әлгіден тарихы бөлек, тұрмысы бөлек, рухы бөлек, төңкеріске жолдан қосылған жабайы тұрмысты елдің ақыны. Сондықтан, екеуінің ақындығының мінезі бір болуға мүмкін емес». Мағжан пролетариат әдебиетіне қойылатын талаптарды сол күйінде түгелдей қазақ әдебиетіне де көшіре салуға қарсылық білдіріп отыр.

«Алқада» біз пролетариат, яғни орыс әдебиетімен негізгі «ортақшылдық» бағытта бір болайық, бірақ та өмірді өзімізше – қазақша жырлайық, бәріміз баратын жерге әрқайсымыз өз жолымызбен барайық деген басты ой ұсынылады. Бағдарлама: «Домбырада бірі қоныр, бірі ащы үн беретін екі ішек бар. Бір ішек екі түрлі үн шығарып тұрса да, бір-ақ күй тартылмақ», – деген көп ойларға жетелейтін бейнелі сөздермен аяқталған. Ең соңында қазақ қаламгерлерін «Алқаға» мүше болуға шақырған.

Мағжан әдебиеттің мәселелерін сөз еткенде, батыстың теориясын қазақ әдебиетіне көшіре салмайды. Оларға сын көзімен қарап,

өнердің барлық уақытта да ұлттық сыпатта болатындығын ескере отырып, әңгімелейді. Бір сөзбен айтқанда, Мағжан ұлттық әдебиетіміздің ұлттық ерекшеліктерін теориялық тұрғыдан түсіндіргендердің қарлығашы болды. Қандай мәселе болмасын, әдебиетіміздің ұлттық сипатынан туындатып әңгімеленетіні – бағдарламаның аса құнды жақтарының бірі. Искусствоны ескүстба, Еуропаны Ауропа, Гомерді Ғамер, Шекспирді Шекіспір, гректі гірек, Марксты Маркыс, Кантты Каныт, Дарвинді Даруин, Плехановты Плеканып, Троцкийді Тротіски, Луначарскийді Лунашарский, Чужакты Шужак деп, қазақ тілінің заңдылықтарына сай жазғанынан-ақ ұлтжанды ақынның бағытынан көп нәрсені аңғаруға болады. Осы мәселенің күні бүгінге дейін түпкілікті шешімін таппай келе жатқандығы көңілге кірбің келтіреді.

«Алқаның» айқындамасын оқып шыққанда, оның авторының әдеби-теориялық дайындығының аса жоғары екендігі сол кездегі әдебиеттің зәру мәселелері жайлы толғаған әрбір сөйлемінен, ойынан көрініп отырады. Әдебиеттің өнер ретіндегі өзіндік ерекшеліктері, оның қоғамдық-мәдени өмірімен тікелей байланыстылығы, ұлттық сыпатта болатындығы жайлы айтқан пікірлері күні бүгінге дейін өзінің маңызын жойған жоқ. М. Жұмабаев жазған «Алқа» ұйымының бағдарламасы А. Байтұрсыновтың «Әдебиеттанытқышымен» (1926) бірге қазақ әдебиеттану ғылымының өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарының өзінде-ақ әлемдік эстетикалық ой-пікірдің деңгейіне жетіп қалғандығына айқын дәлел. Кезінде коммунистік идеологияның күшімен аяққа тапталған Мағжандардың ұлтымыз үшін аса құнды әдеби-эстетикалық ой-пікірлері ұлттық әдебиетіміздің даңғыл жолда дамуына, оның өзіндік сыр-сыйпатын зерттеп тануда темірқазықтай жарқырап бағыт-бағдар беріп тұратын болады.

Ұлылар – қашан да ұлы. Ұлы ақын М. Жұмабаев өзінің әдеби ой-пікірлерінде де ұлылық танытады. Ақындық пен ойшылдық бірін-бірі толықтыра келіп, ұлы Мағжанның тұлғасын биіктете түседі.



## «ҰЛТҚА ТІЛІНЕН ҚЫМБАТ НӘРСЕ ЖОҚ»

Мағжан Жұмабаев – ұлы ақын ғана емес, сонымен бірге өресі биік өміршен ойлар айта білген ойшыл азамат та. Бұған оның поэзиясындағы жалпы адамзаттық сарын, бір ғана таптың немесе ұлттың ғана ақыны болып қоймай, қай мәселеге де болмасын, барлық халықтарға ортақ асқақ армандарды жырлай білгені, сондай-ақ публицистикалық мақалалары мен «Педагогика» атты еңбегінде ұлттық, халықтық мәселелерді орынды көтеріп, ғылыми мәнді пікірлер айта алғандығы көзінді жеткізеді. Ақынның осыдан бір ғасырдай бұрын айтып кеткен ой-пікірлерінің бүгінгі күннің рухани мұң-мұқтаждықтарымен үндесіп жатқанының өзі де «елім, халқым» деп еңіреп өткен ардагер азаматтың жүректің жырымен көркем кестелеп қалдырған асыл идеяларының қашанда болмасын, өміршендік танытып, туған халқына рух беріп, жасай береріне дәлел. Өмірдің өзекті өңірлерін жүректің нәзік қылымен әсем өрнектей білген Мағжан ақын көркем әдебиетпен бірге ұлттық тіл, ұлттық тәрбие туралы да өрелі ойлар айта білді. Халқымыздың рухани қазынасына кәусар бұлақ болып қосылған бұл ой-өрнектердің бүгінгі ұрпақ үшін де мән-маңызы аса зор.

М.Жұмабаев халық өмірінде ұлттық тілдің өлшеусіз роль атқаратындығын ұдайы ескертіп отырған. Ол «Қазақ тілі» туралы арнайы өлең жазып, «алтын күннен бағасыз», «нұрлы жұлдыз, баба тілінің» отаршылдықтың салдарынан «жарық көрмей жатсаң да ұзақ, кен тілім, таза, терең, өткір, күшті кең тілім» деп нали отырып, оның болашақта өзіне лайықты орнын алатындығына сенім білдіреді. Төрт шумақтан тұратын өлеңде тілінен айрылған елдің қандай бейшара күйге душар болғандығы поэтикалық тәсілмен сурет болып көз алдына тұра қалады.

Мағжан жазған мына бір жолдарда тілдің жеке адам, ұлт өміріндегі мәні, маңызы барынша нақтылы көрсетілген:

«Тіл – адам жанының тілмәші. Тілсіз жүрек түбіндегі бағасыз сезімдер, жан түкпіріндегі асыл ойлар жарық көрмей, қор болып қалар еді. Адам тіл арқасында ғана жан сырын сыртқа шығарып, басқалардың жан сырын ұға алады» (Мағжан Жұмабаев. Шығармалар. 3 томдық. 2-3-том. – Алматы, «Білім», 1996, 289-бет). Бұл жерде тілдің адам өміріндегі бір-бірімен қарым-қатынас (коммуникативтік) құралы ретінде аса маңызды ролі көрсетілген. Мағжан ары қарай: «Ойлаған ойын сыртқа шығарып, басқаға ұқтыра алса, адамның не арманы бар. Жазушы, ақын деген сөз – ойлаған ойын әдемілеп жарыққа шығара алатын адам деген сөз. Тілі кем болса, адамның қор болғаны. Ойын толып тұрып, айтуға тілің жетпесе, іш қазандай қайнайды да. Қысқасы, адамның толық мағынасымен адам аталуы тілдің арқасында», (сонда.) – деп, ойын тереңдете түседі.

Мағжан тілдің ұлт өміріндегі маңызды орнына ерекше мән береді. Ұлттың ұлт болып қалуының өзі тілге байланысты деген ойды сол

кездің өзінде-ақ орыс тіліне қарай ойыса бастағандарға, ұлтжанды оқырмандарға, ел зиялыларына қарай айтады: «Тіл әрбір адамға осындай қымбат болса, әрине, ұлт үшін де қымбат. Тілсіз ұлт тілінен айрылған ұлт болып жасай алмақ емес. Ондай ұлт – құрымақ. Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болу. Ұлттың тілі кеми бастауы – ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмасқа тиісті» (сонда). Бұл сөздер отаршылдыққа ұшыраған қазақ халқының болашағы туралы ойлануды оның тілін айта отырып, ескерту де сияқты. Тілінді көзіннің қарашығындай сақта, сонда барып сенің ұлтың өркен жаяды; ұлтың мықты болса, сен де мықтысың, бақыттысың дегенді мегзеп отыр автор.

Тіл – ұлттың өмір сүруінің бірінші шарты. Өйткені «Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай көрініп тұрады. Қазақ тілінде қазақтың сайран даласы, біресе желсіз түндей тымық, біресе құйындай екпінді тарихы, сар далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын, сабырлы мінезі – бәрі көрініп тұр. Қазақтың сар даласы кең, тілі де бай. Осы күнгі түрік тілдерінің ішінде қазақ тілінен бай, орамды тіл жоқ» (сонда).

Ақынның өз ана тілін қаншалықты сүйетіндігі, оның болашағына сенетіндігі осы жолдардан анық көрініп тұр. Ол – тіпті қазақ тілін түркі тілдерінің ішіндегі ең бай, ең әсем тілге санайды. Сондықтан да түркі бірлігін аңсайтын ақын болашақта қазақ тілін түркі халықтарын біріктіретін ортақ, негізгі тіл болса деген арманын да жасырмайды: «Күндерде бір күн түрік балаларының тілі біріксе, ол біріккен тілдің негізі қазақ тілі болса, сөз жоқ, түрік елінің келешек тарихында қазақ ұлты төрден орын алмақшы. Келешектің осылай болуына біздің иманымыз берік» (сонда).

Мағжанның бұл ойлары жайдан-жай айтыла салған емес. Байыппен оқысаңыз, отаршылдыққа қарсы бағытталған саяси астары да бар. Жалпы, адамзат дамуындағы масқара құбылыс отаршылдыққа қарсы түркі халықтары да күресіп, бұдан құтылудың бірден-бір жолы түрік тектес нәсілдердің бірігіп барып, теңдікке жету идеясы көтерілгені тарихтан белгілі. Орыс отаршылдары «пантюркизм» – түркішілдік деп атаған бұл ағымның соңына кезінде коммунистер өкіметі шырақ алып түсіп, ұлтын сүйген, түркі бірлігін қолдаған зиялыларды «халық жауы», яғни орыс империясының дұшпаны ретінде аяусыз жазалады. М.Жұмабаев та сол кезде ұлтым, халқым деп шыққан үркердей ұлтжанды азаматтармен бірге пантюркизммен, ұлтшылдықпен айыпталып, бар болғаны ұлтын сүйгені үшін жазықсыз жазаға ұшырады. Мағжанның бұл ойлары егеменді еліміздің ірге тасын мықтап, ертеңін ойластырып жатқан бүгінгі күндері де әрбір азаматтың есінде жүрер, бойына күш-қуат беріп, ұлт үшін ұлы істерге бастар рухани бойтұмар сияқты; ұлттық дамуымыздың рухани қайнар көздерін барлық

уақыттарда да жарқыратып көрсетіп тұратын шамшырағы іспеттес; ұлттың болашағын бағдарлап, жол көрсетіп тұрған темірқазығы секілді.

Ана тілін, туған халқын сүйгені үшін ұлтшыл атанған Мағжанды тағы да тыңдайық: «Өз елін сүю дегеннен – адам өз халқынан басқа халықтарды мейлінше жек көрсін, басқа халықтарға қасқыр болып тисін деген сөз шықпайды. Бұлай болса, Жер қанға тұншығып, бұзақылық белең алып, жауыздық өрлеп, жер жүзінде тыныш тұрмыс болмас еді... Әрбір халық бір-біріне жау болсын деп ұғу қате, адам өз халқының адамдарын сүюінің үстіне басқа халықтардың адамдарын да сүюге міндетті. Міндетті ғана емес, еріксіз сүймек. Жер жүзіндегі адам адамды сүймек. Бұл – адамның жаратылысындағы негізгі мінез» (сонда, 303-бет).

Осы жолдарды М.Жұмабаев, яғни ұлтшыл Жұмабаев жазды дегенде ойланыңқырап қаласыз. Ұлы ақын толғаған осы бір гуманизмге толы парасатты да білікті ойлардың тереңіне бойлап, санаңызда саралап, мұндай сөздерді нағыз ұлылардың ғана айта алатындығына көзіңіз жетеді. Демек, Мағжан бір ұлттың ғана деңгейіндегі ұлтшыл емес, сонымен бірге бүкіл адамзатқа тән ұлы қасиеттерді бойына жинақтаған ұлы гуманист дәрежесіне дейін көтерілген ардагер азамат та.

Кезінде Жер бетіндегі тыныштық, адамзаттың бақытты өмірі адамның ең алдымен, өзінің әке-шешесін, бауырларын, туған-туысқандарын, одан қалды ұлтын сүюден басталады, содан кейін барып ол басқа ұлттарды да сүйе алады; өйткені өз жақындарын, ұлтын сүймеген адам басқаларды да сүйе алмайды деп, түркі халықтарын бірлікке шақырып, содан кейін барып барлық халықтармен тату-тәтті тұруға үндеген пантүркішілдердің негізгі идеологы Ысмайыл Ғаспарлының халықтар арасында бейбітшілікті нығайтқаны үшін Нобельдік сыйлыққа ұсынылғанын бүгінгі күні біреу білсе, біреу біле бермейтіндігін де айта кеткеннің артықшылығы жоқ.

Тағы да Мағжанға құлақ салайық: «Адамның шын мағынасымен адам болуы үшін өзін сүю, жақындарын сүюмен қанағаттанбай, жалпы адамзатты сүюі шарт. Өзінің, һәм жақындарының ғана пайдасын іздемей, жалпы момын халықтың пайдасын іздеуі шарт. Халық пайдасын өз пайдасынан да ілгері қоюы шарт. Адам шын ізгі адам боламын десе, халық ісі, халық пайдасы жолында құрбан бола білсін» (сонда, 302-бет). Кеңес өкіметі пролетариаттың, яғни кедей таптың қас жауы, байшыл деп айыптаған азаматтың сөздері бұл. Әрбір адам «жалпы адамзатты сүюі шарт», «жалпы момын халықтың пайдасын іздеуі шарт», «халық ісі, халық пайдасы жолында құрбан бола білсін» деп отырған ақынның қалайша «халық жауы, байлардың сөзін сөйлеген «байшыл» атанғанына таң қаласыз.

М.Жұмабаев жеке адам мен қоғам арасындағы диалектикалық байланыстарды терең ашып бере алған: жеке адамның бақытты өмір

сүруі қоғамына байланысты, ал қоғамның тыныш болуы оның мүшелері жекелеген адамдардың өзара бір-бірімен қарым-қатынастарының дұрыс құрылуына тікелей қатысты. Оған жетудің бір ғана жолы бар. Ол – адамдардың бірін-бірі сыйлауы, сүюі. Өзін сыйламаған өзгені де сыйлай алмайды. Ал, өзгелердің де өзіндей адам екендігін, олардың да тыныш, бақытты өмір сүргісі келетіндігін түсіну үшін үлкен парасаттылық, білімдарлық қажет.

Жалпы, адамзатты түсіністікпен өмір сүруге жетелейтін – саналылық. Саналылық білім арқылы жетіледі. Онан соң білім тереңдеңкіреген кезде адамда елін сүю сезімі оянады. Өзі-өзін сүю сезімі жер жүзіндегі барлық адамзатты сүю сезіміне алып барады, – деп жазады Мағжан. Одан әрі қарай өз ойларын әр адамның өзін сүюі, яғни жауыздыктан безіп, ізгілікке ұмтылуы, туысқандарын сүюі, яғни оларға жауыздық тілемей, ізгілік тілеу, пайда келтіріп, зиян келтірмеу, һәм басқаларға зиян келтіргізбеу ең негізінде біткен адамзатты дос, һәм бауыр көру екен. Міне, кімде-кім өзін сүйсе, туысқандарын сүйсе, өз елін сүйсе, әсіресе адам баласын бауырым деп білсе, сол адамды ізгі деп атаймыз (сонда, 302-бет)-деп жалғастырған Мағжан өзін нағыз гуманист ретінде танытады. Мағжанның ойынша, «адамның өзін-өзі сүюі, туысқандарын сүюі бұл ол адамның құлық-мінездерінің төмен тұрғандығын көрсетеді». Мұны қарапайым тілмен таратып айтар болсақ, мұндай адамдар – өзгеге емес, өзім ғана болсам дейтін өзімшілдер, туыстарыма ғана болсын дейтін рушылдар. Сонда Мағжанның айтып отырғаны өзінді де сыйла, туысқандарыңды да сыйла, сонымен бірге өзге адамдарды да сыйла, сонда ғана сен – нағыз азаматсың, ізгі адамсың. Қазіргі күннің өзінде де көпшілік түгілі ел тізгінін ұстап жүрген кейбір зиялыларымыздың бойынан осындай биік қасиеттерді көре алмай қынжылатынымыз да рас. Бұл ойларға ары қарай ілесе берсек, адамдар екі түрлі болады. Олардың алғашқысы – өзіне, ары кетсе туған-туысқандарына ғана жақсылық жасау ғана қолынан келетін жұмыр басты пенделер де, екіншісі – өзінің ғана емес, өзгелердің де қамын ойлайтын, халқына қызмет етуді өмірінің басты мұраты санайтын ұлттық деңгейдегі саналы азаматтар. Ұлты үшін қызмет ететін, ұлтжанды саналы азаматтарды тәрбиелеу – ертеңін ойлаған қай халықтың болмасын басты міндеті.

«Педагогика» (1922) атты арнайы еңбек жазған М.Жұмабаев тәрбие жұмысының, ұлт өміріндегі маңызы туралы тамаша ойлар айта білді. Ол тәрбиедегі мұғалімнің орнын ерекше бағалайды. «Педагогика» – «Қазақтың қаны бір, жаны бір жолбасшысы – мұғалім. Еліміздің аз ғана жылдық ояну дәуіріне баға беру үшін алты алаштың баласы бас қосса, қадірлі орын – мұғалімдікі», – деген жолдармен басталған. Мағжанның бұл айтқандарының А. Байтұрсыновтың: «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақ-

шы» (Мектеп керектері. «Қазақ». 1914, №62); «...елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастауымыз керек... Қағаз ісіндегі неше түрлі кемшіліктің көбі түзелгенде оқумен түзеледі» (Қазақша оқу жайынан. «Қазақ», 1913, №63), – деген сияқты ойлармен үндес келіп жауының өзінен-ақ көп нәрсені аңғаруға болады.

Тәрбиені «бір жан иесіне тиісті азық беріп, сол жан иесінің дұрыс өсуіне көмек көрсету» (сонда, 223-бет) деп білетін Мағжан оның негізгі мақсатын: «адамды һәм сол адамның ұлтын, асса барлық адамзат дүниесін бақытты қылу», «адам деген атты құр жала қылып жапсырмай, шын мағынасымен адам қылып шығару», «тұрмыс майданында ақылмен, әдіспен күресе білетін адам шығару», «калса – өзін, асса – барлық адам баласын адал жолмен өрге сүйрейтін ер шығару», «тұрмыста түйінді мәселелерді тез шеше білетін тұрмыстық теңізін қалың қайратпен кеше білетін, адалдық жолға құрбан бола білетін, қысқасы адамзат дүниесінің керек бір мүшесі болатын төрт жағы түгел кісі қылып шығару» – (сонда, 14-бет) – деп айқындайды. «Ұлт мүшесі әрбір адам бақытты болса – ұлт бақытты, адамзат дүниесінің мүшесі әрбір ұлт бақытты болса – адамзат дүниесі бақытты». Бұл жерде де тәрбие мәселесі тар мағынасында алынбай, жалпы адамзаттық тұрғыдан қозғалып отыр. Әрбір адамның бақытты болуын ұлттың, бүкіл адамзаттың тыныштығымен байланыстыру – жан-жақты терең ғылыми тұжырымдарға, өзіме ғана емес, өзгеге де болсын дейтін гуманистік идеяларға негізделген.

М.Жұмабаев тәрбие ісінің ұлттық жолда болуын қалайды. Өйткені, «Әрбір ұлттың балаға тәрбие қылуы туралы ескіден қалып келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтай жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиісті. Және әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» (сонда, 225-бет).

Мағжан тайға таңба басқандай, тәрбие жұмысының тек қана ұлттық тұрғыда жүргізілу керектігін айтып отыр. Бұл жайдан жай айтыла салған сөз емес. Педагогика, психология ғылымдарының жетістіктеріне, өмірдегі тәрбие тәжірибелерінің нәтижелеріне сүйеніп айтылған кемдігі жоқ, кемел пікір. Өттен, ұлттың болашағын айқындайтын аса маңызды қағида дерлік осы бір пікірге күні бүгінге дейін өз дәрежесінде мән берілмей келе жатыр.

Әлі де көптеген қазақ балаларының орыс, одан қалды ағылшын мектептерінде оқып ана тілінен, ұлттық тәрбиеден мақұрым өсіп келе жатқанын көргенде, көңілің құлазиды. Бұл турасында Мағжан: «Мектебімізге негіз саламыз дегенде ескеретін іс – соңғы кезде соқыр еліктеу ауруы біздің жанымызға сіңіп барады. Еліміздің саяси

ынтымағы һәм шаруашылық тұрмысын жаңа жолға қоймақшы болғанда да біз еліктеу ауанында жүрміз. Қазақ жанын қайшылап отырып, жат қалыпқа салмақшымыз. Жат қалыпты қазақ жанына қабыстыру, яки жаңа халық жасау тәжірибесіне кірісуіміз карадай қорқытады. Мектебімізге негіз салғанда, біз тағы осы жолға түсіп кетпесек игі болар еді», (сонда, 320-бет) – деп, ашы шындықтың бетін ашып, келенсіз құбылыстан кейінгі ұрпақты ескертіп те кеткендей. Көрер көз, естір құлақ, ұғар адам болса, ұлтымыздың көркейіп дамуына бағыт-бағдар сілтейтін небір асыл ойлар айтылардай-ақ айтылған. Әттең, соларға назар аударыңқырап, күнделікті іс-тәжірибеде нақтылы қолдану, жүзеге асыру жағы жетісіңкірей бермейтіндігіне карның ашады.

Бүгінгі жастар – еліміздің ертеңі. Сондықтан да ұлтын, халқын сүйген саналы азаматтарды тәрбиелеу – аса маңызды мемлекеттік іс. Тәрбие ордасы – мектеп. Демек, елдің болашағы мектебіне, оның қандай бағытта тәрбие жүргізуіне тікелей байланысты. «Әрбір ел келешегіне негізді балаларын тәрбиелейтін, даярлайтын мектебінде салмақ. Бір елдің тағдыры – мектебінің құрылысына байланысқан нәрсе. Бұл – ескірмейтін игі сөз, өзгермейтін шындық... қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізге құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді таза, сау, берік һәм өз жанымызға (қазақ жанына) қабысатын, үйлесетін негізге құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады. Сондай негізге құра алмасақ, келешегіміз күңгірт» (сонда, 3, 18-бет).

Ұлтына адал қызмет етіп, оның жарқын жолда дамуы үшін құрбандық болған ұлтын сүйген абзал азамат М.Жұмабаев кейінгі ұрпақтарға аманат етіп осындай сөздер қалдырыпты. Ұлттың бағын ашып, мәртебесін тасытатын асыл ойларды жүзеге асырып, сөйтіп ата-бабалар салып берген даңғылмен жүру – бүгінгі ұрпақтың мәртебелі де басты міндеті. Өйткені, басқа тура жол жоқ.



## МАҒЖАННЫҢ ӨМІРШЕҢ ОЙЛАР ӨРНЕГІ

«Елге еңбегін сіңірген ер қымбат. Ердің елге бағасы қаны бір болуда емес, жаны бір болуда: қуаныш-қайғысы ортақ болуда. Ердің бағасы елге еткен еңбегінің зор, яки кішілігінде емес, ел деген жүрегінің таза болуында; тілегінің елмен ортақ болуында; ер өмірінің өрі мен көрі ел өмірінің өрі-көрімен бір болуында».

\* \* \*

«Қарлығаштың қымбаттығы тасыған суының молдығында емес, жүрегінің адалдығында».

\* \* \*

«Бағалаудың қымбаты – алдына айдап мал салу емес, шын көңілден разылық білдіріп, елдің оны «сен – менің ұлым деуі», «елге – ер қымбат, елге – елдің адал жүрегі қымбат».

\* \* \*

«...қазақ иісіміз шықпауға мүмкін емес. Ойымызда, қиялымызда, әдебиетімізде Азия иісі аңқымау мүмкін емес. Бағыттың бір екені даусыз болғанымен, пролетариаттың өз тарихының, машинасының қайыс қамзолының иісі шықпауға, қазақтың мың жылдық тарихының, елтірі тұмағының иісі шықпауға мүмкін емес».

\* \* \*

«Ақынның міндеті – білім беру емес, терең сезім, асқар пікір ояту».

\* \* \*

«Тұрмыстың мүшесі болған соң, ақын азамат та болуға міндетті».

\* \* \*

«...саясатшыл азаматтың алдында бүгінгі мәселе, бүгінгі тұрмыс мәселесі тұратын болса, ақынның алдында өткен, бүгін, келешек – үшеуі де тұруға тиісті. Ақын осы үшеуінің арасына көпір салуға міндетті».

\* \* \*

«Домбырада бірі – қоңыр, бірі – ашы үн беретін екі ішек бар. Бір ішек екі түрлі үн шығарып тұрса да, бір-ақ күй тартылмақ».

\* \* \*

«Тіл – адам жанының тілмашы.

Тілсіз жүрек түбіндегі бағасыз сезімдер, жан түкпіріндегі асыл ойлар жарық көрмей, қор болып қалар еді.

Адам тіл арқасында ғана жан сырын сыртқа шығарып, басқалардың жан сырын ұға алады. Ойлаған ойын сыртқа шығарып, басқаға ұқтыра алса, адамның не арманы бар.

Жазушы, ақын деген сөз – ойлаған ойын әдемілеп жарыққа шығара алатын адам деген сөз.

Тілі кем болса, адамның қор болғаны. Ойың толып тұрып, айтуға тілің жетпесе – іш қазандай қайнайды да.

Қысқасы, адамның толық мағынасы мен адам аталуы – тіл арқасында».

\* \* \*

«Тіл әрбір адамға осындай қымбат болса, әрине, ұлт үшін де қымбат. Тілсіз ұлт, тілінен айырылған ұлт дүниеде ұлт болып жасай алмай емес. Ондай ұлт құрымақ.

Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болу.

Ұлттың тілі кеми бастауы – ұлттың құри бастағандығын көрсетеді.

Ұлтқа тілінен қымбат ешнәрсе болмасқа тиісті. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай көрініп тұрады.

Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түндегі тынық, біресе құйындай екпінді тарихы, сар далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі – бәрі көрініп тұр.

Қазақтың сар даласы – кең, тілі де – бай.

Осы күнгі түрік тілдерінің ішінде қазақ тілінен бай, орамды, терең тіл жоқ.

Түрік тілімен сөйлеймін деген түрік балалары күндерде бір күн айналып, қазақ тіліне келмекші. Қазақ тілін қолданбақшы. Осы күнде ақ айналып келе жатыр. Татардың әдебиет тілі жыл-жыл сайын қазақ тіліне жақындап келеді.

\* \* \*

«Күндерде бір күн түрік балаларының тілі біріксе, ол біріккен тілдің негізі қазақ тілі болса, сөз жоқ, түрік елінің келешек тарихында қазақ ұлты төрден орын алмақшы. Келешектің осылай болуына біздің иманымыз берік».

«Жарық көрмей жатсаң да ұзақ, кен – тілім,  
Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім,  
Таралған түрік балаларын бауырына,  
Ақ қолыңмен тарта аларсың, сен, тілім!»

«Бала тілінің дұрыс өркендеуінің бірінші шарты – балаға сөзді бұзып сөйлемей керек».

\* \* \*

«Жан көріністерінің ең қымбаты – ой. Ой тілі – сөз... Тіл әрбір адамға қымбат болсын, әрине, ұлт үшін де қымбат... Тілінен айырылған ұлт дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес, ондай ұлт құрымақ. Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт- тілі болуы».

\* \* \*

«Өз елін сүю дегеннен – адам өз халқынан басқа халықтарды мейлінше жек көрсін, басқа халықтарға қасқыр болып тисін деген

сөз шыкпайды. Бұлай болса, Жер қанға тұншығып, бұзақылық белең алып, жауыздық өрлеп, жер жүзінде тыныш тұрмыс болмас еді... Әрбір халық бір-біріне жау болсын деп ұғу кате, адам өз халқының адамдарын сүюінің үстіне басқа халықтардың адамдарын да сүюге міндетті. Міндетті ғана емес, еріксіз сүймек. Жер жүзіндегі адам адамды сүймек. Бұл адамның жаратылысындағы негізгі мінез».

\* \* \*

«Адамның шын мағынасымен адам болуы үшін өзін сүю, жакындарын сүйюмен қанағаттанбай, жалпы адамзатты сүйюі шарт. Өзінің, һәм жакындарының ғана пайдасын іздемей, жалпы момын халықтың пайдасын іздеуі шарт. Халық пайдасын өз пайдасынан да ілгері қоюы шарт. Адам шын ізгі адам боламын десе, халық ісі, халық пайдасы жолында құрбан бола білсін».

\* \* \*

«...әр адамның өзін сүйюі, яғни жауыздыктан безіп, ізгілікке ұмтылуы, туыскандарын сүйюі, яғни оларға жауыздық тілемей, ізгілік тілеу, пайда келтіріп, зиян келтірмеу, һәм басқаларға зиян келтіргізбеу ең негізінде біткен адамзатты дос, һәм бауыр көру екен. Міне, кімде-кім өзін сүйсе, туыскандарын сүйсе, өз елін сүйсе, әсіресе адам баласын бауырым деп білсе, сол адамды ізгі деп атаймыз».

\* \* \*

«Оқу құралдарының мінезі – мектеп мінезінің айнасы».

\* \* \*

«Тәрбие, кең мағынасымен алғанда, қандай да болса бір жан иесіне тиісті азық беріп, сол жан иесінің дұрыс өсуіне көмек көрсету деген сөз. Ал, енді адамзат туралы айтылғанда, адамның баласын кәміл жасқа толып, өзіне-өзі қожа болғанша тиісті азық беріп, өсіру деген мағынады жүргізіледі».

\* \* \*

«Тәрбиеден максұт – адамды һәм сол адамның ұлтын, асса барлық адамзат дүниесін бақытты қылу».

\* \* \*

«Әрбір ұлттың балаға тәрбие қылуы туралы ескіден қалып келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тактай жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші,

сөз жок, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиісті. Және әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті».

\* \* \*

«Ұлт мүшесі – әрбір адам бақытты болса, адамзат дүниесі – бақытты».

\* \* \*

«Ұлт мүшесі әрбір адам бақытты болса – ұлт бақытты, адамзат дүниесінің мүшесі әрбір ұлт бақытты болса – адамзат дүниесі бақытты».

\* \* \*

«Әрбір ел келешегіне негізді балаларын тәрбиелейтін, даярлайтын мектебінде салмақ. Бір елдің тағдыры мектебінің құрылысына байланысқан нәрсе».

\* \* \*

«Мектебімізге негіз саламыз дегенде ескеретін іс – соңғы кезде соқыр еліктеу ауруы біздің жанымызға сіңіп барады. Еліміздің саяси ынтымағы һәм шаруашылық тұрмысын жаңа жолға қоймақшы болғанда да біз еліктеу ауанында жүрміз. Қазақ жанын қайшылап отырып, жат қалыпқа салмақшымыз. Жат қалыпты қазақ жанына қабыстыру, яки жаңа халық жасау тәжірибесіне кірісуіміз карадай қорқытады. Мектебімізге негіз салғанда біз тағы осы жолға түсіп кетпесек игі болар еді».

\* \* \*

«Адам жанын байлап, машинаның құрбаны қылуға ұмтылу – адамзат дүниесінің соңғы ауруы».

\* \* \*

«Адамзат – өсіп-өну тарихында не істесе, бір адам да – өсіп-өну тарихында соны істейді».

\* \* \*

«Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізге құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді таза, сау, берік һәм өз жанымызға (қазақ жанына) қабысатын, үйлесетін негізге құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай серттесуге болады. Сондай негізге құра алмасақ, келешегіміз күңгірт».

\* \* \*

«Қазақтың қаны бір, жаны бір жолбасшысы – мұғалім. Еліміздің аз ғана жылдық ояну дәуіріне баға беру үшін алты алаштың баласы бас қосса, қадірлі орын – мұғалімдікі».

\* \* \*

«Ұлт тәрбиесі – баяғыдан бері сыналып келе жатқан тастақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс. Сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті».

\* \* \*

«Бірақ, талайлар ұмытылып қалды деп, қанша өкінгенмен, әлде болса да ауызда аман қалған әдебиетіміз талай елдердің ауыз әдебиетінен бай. Әлде болса да ауыз әдебиетіміз бір елдің жазба әдебиетіне негіз болуға жарарлық. Өзінің ауыз әдебиетін негіз қылмай, ешбір елдің жазба әдебиеті өркендемейтін. Біздің де жазба әдебиетіміз ауыз әдебиетін негіз қылуға міндетті. алдымен, сабақты шеттен емес, өзінен алуға міндетті. Жазба әдебиетімізге қайтуға міндетті. Мағына аз десе де, түр аз десе де».

\* \* \*

«Қатыныңыз күң болса, балаларыңыз күл болады».

«Ұлт мектебін туғызатын ана – ұлт тілі.  
Тілі бөлек ұлт түрі бөлек мектеп іздейді.  
Ұлт мектебі – ұлт тілі негізінде қойылуға тиісті.  
Түрлі ұлт тілі ұлт мектебіне ана болуға тиісті».

«Әдебиет – елдің жанында жүре бастаған толқындардың жарыққа шыққан жаңғырығы».



## МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ТУРАЛЫ

...Мағжан сыршылдығымен, суретшілігімен, сөзге еркіндігімен, тапқыштығымен, күшті, маржандай тізілген, торғындай үлбіреген нәзік үнді күйімен, мұнды зарымен күшті.

Мағжан – алдымен, сыршыл ақын. Мағжан сөзіндей тілге жұмсақ, жүрекке жылы тиетін үлбіреген нәзік әуез қазақтың бұрынғы ақындарында болған емес. Ол жүректің қобызын шерте біледі, оның жүрегінен жаспен қаны аралас шыққан тәтті сөздері өзгенің жүрегіне тәтті у себеді. Мағжан не жазса да сырлы, көркем, сәнді жазады.

*Жүсіпбек АЙМАУЫТОВ.*

\* \* \*

...Мағжан – мәдениеті зор ақын. Сыртқы кестесінің келісімі мен күйшілігіне қарағанда, бұл бір заманның тегінен асқандай, сезімі жетілмеген қазақ қауымынан ертерек шыққандай, бірақ түбінде әдебиет таратушылары газетпен қосақталып, күндегі өмірінің тереңін терген ақын болмайды, заманынан басы озып, ілгерілей жеткен ақын болады. Әдебиет – әдебиет үшін деген таңба айқын болмай, нәрлі әдебиет болуға жол жоқ. Сондықтан, бүтінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуда жарайтын сөз – Мағжанның сөзі. Одан басқалардың бәріміздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін.

*Мұхтар ӘУЕЗОВ.*

\* \* \*

...Мағжанның өлеңі – ішкі мағынасы, беттеген бағыты жағынан қарағанда, күшті халықтың нашар әлсіз халыққа қылған қиянатына қарсылық көрсету. Езілген халықты елдікке ақыру, дінге қарсылық, ел арасындағы малқұмар, шенқұмарларды ащы, улы тілмен шағу, әйел бостандығын көксеу. Жастар тілегінің жарыққа шығып, ескіліктің жойылып, жаңалықтың орнауы, жалпы елдік азаттықтың жарыққа шығуы болып табылады. Мағжан өлеңдерінде бұлардың бәрі бар.

Егер де Мағжанның өлеңін әдебиет тарихының көзімен қарасақ, Мағжан өлеңі қазақ әдебиетіне жаңалық тудырады. Қазақ әдебиетінде жаңа басталып келе жатқан сезімшілдік, романтизм, сыршылдық дәуірінде Мағжанның «Ертегі», «Қорқыт», «Баян батыр» сықылды поэмалары әдебиетке зор күш беріп, іргелі орын алады.

Мағжанның қай өлеңі болса да қазақ әдебиетінің тарихынан қалайда сыбағалы орын алуы талассыз хақиқат.

*«Еңбекші қазақ», 1923, қаңтар*

\* \* \*

...Ақындық жағына келгенде, Мағжан қазақтың күшті ақындарынан саналады. Қазақтың тілін байыту ретінде, әдебиетіне жаңа түр-

лер енгізу ретінде Мағжанның еңбегі көп. Абайдан кейін тіл өнегесіне Мағжаннан асқан ақын қазақта жоқ...

Абай – ақылдың ақыны болса, Мағжан – сезімнің ақыны.

*Сәбит МҰҚАНОВ.*

\* \* \*

М. Жұмабайұлының өлеңдері қазақ әдебиетінде үлкен орын алған деп санап басып отырмыз.

М. Жұмабайұлының өлеңдерімен оқушылар бұрыннан таныс. Әдебиеті жаңа аяқтанып, әдебиет тілі енді жасалып келе жатқан жұртта Мағжандай ақындардың қызметі зор екені анық. Осы күнге дейін Түркістанда қойшылар тілі саналып келген, ресми қағаздар жазуға, кітаптар жазуға жарамсыз делініп келген қазақ-қырғыз тілі іске асуы былай тұрсын, өнерге асатын бай, жатық, таза, өткір, әдемі тіл екенін Мағжан өлеңдері саяси мәнісінен гөрі, әдеби мәнісін көбірек көзде тұттық. Сол жақтарын ескеріп, Мағжан өлеңдерінің ішінде кез келетін марксизм дүние тануына ұйқаспайтын жерлерін оқушылар көре салып үрікпей, көркемдік жағына көбірек көз салуы керек, тарих мәнісіне жете түсінуі керек.

*Сұлтанбек ҚОЖАНҰЛЫ.*

\* \* \*

Мағжан – қазақ жастары ой-санасының әміршісі.

*Смағұл СӘДУАҚАСОВ.*

\* \* \*

...Адам ретінде, ақын ретінде М. Жұмабаев қандай болған? Ол ешкімге ұқсамайтын өзгеше, аса талантты біртума ақын. Оның өзіне ғана тән үні, таңғажайып әуенді жыры бар, бұның қайнар көзі – халық поэзиясының тұңғық тереңінде. М. Горькийдің С. Есенин туралы: «ол... адамнан гөрі табиғат, тек поэзия үшін жаратқан органға ұқсайтын...» деген аталы сөзін (М. Горький әдебиет туралы. М., 1953, 251-б.) М.Жұмабаевқа да арнап айтуға болады. Өзінің қайталанбайтын ерекшелігімен М.Жұмабаев поэзиясы А.Ахматова, Б.Пастернак, А. Блок творчествосын еске салады.

*Сәйфи ҚҰДАШ.*

\* \* \*

Абайдан кейін біздің заманымызға дейін қазақтан туған білімді, талантты адамдардың ішінде аты мәлім төрт адам атаусыз қалып, ұмытылып барады. Олар – Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Шәкәрім Құдайбердиев...

Әдебиетте мен сияқтылар совет дәуірінің бұрынғысы мен қазіргісін басынан кешіре отырып, әділетті бүркеп кетсек, кейінгілер не

демек? Біз бүркегенмен олар ашады. Қазақ тарихы, қазақ әдебиеті жойылмаса – Ахмет, Мағжан, Жүсіпбек, Шәкәрімдер жойылуы мүмкін емес. Тарихымыздың төрінен орын алады олар. Сондықтан мен осы «Сыр дәптеріме» жазып кеттім, кейінгілердің қарғысына ұшырамауды ойладым. Дүниеден өзің кеткенмен, ізің қалса болғаны. Сол ізбен келіп, сырынды ашады кейінгілер.

*Ғабиден МҰСТАФИН.*

\* \* \*

...Мағжан сұлу еді: орта бойлы, толық денелі, бұйра қара шашты, аққұба бидай өңді еді. Бет пішіні Абайдың белгілі суретіндегі бет пішініне ұқсайтын. Жүріс-тұрысы жарасты, сәл маңғаз еді. Осының бәрінің үстіне ол қыз мінезді де еді.

Мағжан – ғалым, тәжірибелі, шебер оқытушы, асқан методист-педагог еді. Педагогика жайында, қазақ тілі мен қазақ әдебиетін оқыту жайында жарияланған кітабы, мақалалары болушы еді. Осыдан болу керек, ол бізге қазақ тілі мен қазақ әдебиетін тамаша оқытты; сабақ лекциялық, практикалық әдістерді ретімен қатар қолданар еді. Мейлі, лекциялық сабақта болсын, мейлі практикалық сабақта болсын, ол қағазға, кітапқа қарамайтын. Сөз арасында келтіретін мысал өлеңдер мен әңгімелерді түгел жатқа айтатын. Декламация оқып тұрған тәрізді барлық нәшін, сипатын, қимылын келтіріп айтатын.

*Бейсембай КЕНЖЕБАЕВ.*

\* \* \*

...Мағжан культурасының биіктігі бүгін де оқшау тұр. Көп өлеңдерінде-ақ Мағжан өзі жанып тұрған жарық сияқты. Біз ақынның ішкі иірімдерімен, ой-сезім толғаныстарымен қатар оның өзін, қоршаған төңірегін де түгел танимыз. Ол төңірек дегеніміз – көрініп тұрған адамдар, жан-жануарлар ғана емес, эфирдегі нәзік бояулар мен дыбыстар, жер бетіндегі көбімізге беймәлім құбылыстар.

*Әбділда ТӘЖІБАЕВ.*

\* \* \*

Мағжан өлеңдерін оқи жөнелгенде, ақын өзіңді қайда жетеле-рін, қай жағалаудан шығарарын күні бұрын сезе алмайсың, әйтеуір тегеурінді бір ағынға түскенінді білесің, әйтеуір айдынды мұхитқа шыққаныңды сезесің.

*Мұзафар ӘЛІМБАЕВ.*

\* \* \*

Айтулы ақынның сәске түстей ғана қысқа ғұмыры терең қазылған орға да, сұрапыл қалың сорға да, тасыратқан тасқа да, мұңлы шерлі жасқа да толы. Ол суға да батқан, отқа да жанған, мұзарт жап-

қан асуларға да тап болған, аңқасын кептіріп, ернін кезерткен шөлде де қалған. Оны «жылан» да арбаған, «шаян» да шаққан, толқын ұрған балықтай жағаға да атқан, ақыры қайсар ақынды «қатты дауыл» соғып, құлатқан.

Ақын жаны осылай сая тапқан. Ол өліп қана қуғыннан құтылған.

*Темірбек ҚОЖАКЕЕВ.*

\* \* \*

...Көптеген өлендердің алтын желісі халықтың азаттыққа жетуін аңсау болып келеді. Бір жағы – отаршылардың, екінші жағы – жергілікті байлар мен билердің қарапайым халықты еріксіздік құлдығында ұстап келгені ақын жанын ауыртады...

Мағжан қазақ халқының бақытқа жетер жолы тек ұлттық тәуелсіздікке, өз тағдырын өзі шешетін жағдайға жету деп біледі. Оның ертедегі ерлер істеріне қайта оралып келе беретін себебі осыдан... Ақынға Абылай, Кенесары замандары қазақ еркіндігінің дәуірі болып көрінеді.

*Рахманқұл БЕРДІБАЙ.*

\* \* \*

Мағжан өлендерінің жоғарыда аталған революцияшыл, солшыл ақындардан елеулі айырмасы – оның қазақ халқы бастан кешкен өмірдің азапты, мұңлы жағына назар аударуы, өкініш пен күйінішке және махаббат пен табиғат суреттеріне көбірек көңіл бөлуде. Оның өлендері сезімтал, суретке бай келеді. Онда табиғат пен адамның жан-дүниесі бірдей өріліп жатады, табиғат көріністері арқылы адамның көңіл-күйі көрінеді...

Мағжанның махаббат жырлары – қазақ лирикасының ең бір жарқын беттері. Ол адамның ойын, ішкі сезімін, сағынышы мен күйінішін тәңірдей көре суреттейді. Оның лирикалық қаһарманы – сезім құшағында, жүрек тербелісінде мас болып, басы айналған азапты жан. Мағжан ұғымында шын сүю – азап жолы, оның өкініші мен қуанышы қатар жүреді.

*Серік ҚИРАБАЕВ.*

\* \* \*

Лирикаға ойысар болсақ, Мағжан бұл салада қол жетпес биікте тұр. Ол бүкіл қазақ қауымы бұрын тұщынып қоймаған лириканы асқар шыңның басына апарып қойды. Кейінгілер қанша талаптанғанмен, интимдік суреттеулерге көбірек ұрынып қалып жүр. Оның көріністері Мағжаңда да жоқ емес...

Мағжан – лириканың сезім жағын күйлесе, Сәкен – заман ыңғайымен саяси саласын шарлады.

*Тұрсынбек КӘКІШЕВ.*

\* \* \*

Мағжан Жұмабаев – казак ұлтының кайткенде азаттыкка қолы жетеді деп көп ойлап, армандаған акын. Өзі өмір сүрген тарихи жағдайда азаттық қолға оңайлықпен түсе қоймайтынын сезген ол ер түріктен тараған туыс елдердің ұйымдасып, бірлесіп, тізе қосқан күресі ғана отаршылдықты казак елінен, баска бауырлас елдерден аластауға мүмкіндік туғызады деп есептеген. Сондықтан, акынның түрік тақырыпты өлеңдерінде бұл идеяның ең өзекті идеяға айналуы табиғи нәрсе.

*Шерияздан ЕЛЕУКЕНОВ.*

\* \* \*

Мағжанның тілі, өлең жолдарының өлшемі кейде ескі дәстүрлі сарында, кейде мүлдем жаңа үлгіде, көбінде орыс акындарының, Еуропа акындарының сонар-соқпағында. Қалайда сыршыл махаббат отына күйген заманның әсерінен ескіге де бой алдырған, өлімді тілесе де, ажалдан қорыққан, кейде тіпті торыққан шерлі акын өзінің өлеңдерін ойға, ішкі бірлікке, мықты желіге құра білген. Оның шығармаларының желісі, бұршағы – тұтас. Сөз буындары, ырғақ-ұйқастық сөйлем заңдылығы – бүгінгі акындарға көп жағынан үлгі мектеп. Оның өлеңдерінен өмірдің суреті көзіне дәл бір мүсіндей елестеп тұрады.

*Жайық БЕКТҰРОВ.*

\* \* \*

Акын шыққан аса биік эстетикалық тұғырдың бірі – пейзаж лирикасы. Халық әдебиетінен, Абай дәстүріндегі жыл маусымдарына қатысты әлеуметтік терең сарындардан алынған үлгілерді дамыта келе, Мағжан табиғат көріністерін бейнелеуде әлем поэзиясындағы классикалық тәжірибелерге ден қоя отырып, жаңа көркемдік игіліктер жасады. Бұл топтағы жырларда кескін өнері тәсілдері, сәуле мен көлеңкені ойнату, уақыт пен кеңістік диалектикасын көрсету, панорама, плэнер, әр түрлі ракурс, этюд, түрлі астасулар принциптерін пайдаланғанын байқауға болады.

*Рымғали НҰРҒАЛИ.*

\* \* \*

Мағжан Жұмабаев романтизмі дегенде, ерекше сипатты лирикалық қаһарманды мүсіндеу үшін ол танылатын жағдайды да акынның өзгеше етіп алатынын алдымен ескеру керек. Демек, лирикалық қаһарман әрекет ететін орта да әдетте жиі кездесетіннен мүлде бөлек, айрықша болып келеді. ...оның ерекше жағдайдағы айрықша адамды бейнелеуін діттеумен қатар, сол өзгешелік, биіктікті де дара әрекет,

накты көріністер көмегімен өретінін жариялағымыз келеді. Сөйтіп, белгілі бір накты суреттерге сүйене отырып, мүлде бөлек, тосып ортаны әспеттеу сол қалыптының неғұрлым әсерлі бейнеленуін негіздейді.

*Қуандық МӘШҒҰР-ЖҮСІП.*

\* \* \*

Мағжан Жұмабаев – жинақтап айтар болсақ, сегіз қырлы, бір сырлы аса ірі тұлға. Ол – лирик, ол – эпик, ол – аудармашы, ол – ұстаз, ол – педагог...

Мағжан Жұмабаев өмірі – шабыт пен табыт, құлшыныс пен тұншығудың арасында арпалысып өткен аласапыран өмір. Өлгендер-өлді, ал тірілеріміз оның алдында мәңгі қарыздармыз.

*Қадыр МЫРЗА ӘЛІ.*

\* \* \*

Мағжан – қазақ өлеңіне Абайдан кейін түбірлі өзгеріс әкелген ірі реформатор ақын. Қара өлеңнің бұла күші бесік болып тербеткен Мағжан жазба әдебиеттің қатаң көркемдік ұстанымында тәрбиеленген Абаймен үлкен эстетикалық, мұрат үстінде қауышты. Ендеше, Мағжан ренессансының берік бағаны – Абай. Олар бір-бірімен тым жақын, жалғас жатыр. Алайда, Мағжан өзін-өзі ашудың кілтін іздеуден танбады...

Мағжан – тыз етпе сезімнің емес, бауыры кең тұлпардай көсілетін арналы жүйеліліктің ақыны. Көңіл-күйдің ғана жыршысы емес, ...эстетика-философиялық концепциясы қалыптасқан ақын. Ақиқатты ол уысына шенгелдеп қан ұстап тұрып айтудан тайсалмайды.

*Бақыт КӘРІБАЕВА.*

\* \* \*

Мағжан Жұмабаев поэзиясы сыршыл, таза, мөлдір сезімге, жан-дүниенің соншалықты нәзік иірім-құбылыстарына, сөз сұлулығына, оның нәрлі, ажарлы, сымбатты айшық-оралымдарына, көркемдік ассоциясының ұтымды тәсілдеріне жүгінеді. Жан сезім құбылыстарын күйкылжыта, күмбірлете, ойлы-күйлі етіп, жырлайды. Бейнелі тілмен, суретшілікпен сөйлетеді. Оның ақындық болмысы қоршаған ортаны, ғаламды, жаһанды тірі күйінде, жанды күйінде, әсерлі күйінде қабылдайды. Сондықтан, Мағжан – шын мағынасында суретші ақын. Әділіне көшсек, лирикалық поэзия тарихындағы жаңа бір белес, жарқын құбылыс.

*Серік НЕГІМОВ.*

\* \* \*

Мағжанның түңілу, қайғыру сарынындағы өлеңдерін сары уайымға бой алдыру деп қараудың жөні жоқ. Керісінше, қазақ әдебие-

тін әлемдік әдебиетпен иық теңестіруінің бір мысалы ретінде бағалан орынды. Бұған мынадай өзіндік дәлелдеріміз бар. Өз тұсындағы жазба әдебиеті биік деңгейдегі Еуропа әдебиетінен үлгі өрнек таба отырып, сол озық үлгіні, биік парасатты өлең өрнегін қазақтың қасиетті кара өлеңінің бойына жарастыра білді, бұл – бір; сөйтіп өзін қазақ поэзиясында өзге ешкімге ұқсамас өзіндік акын ретінде қалыптастырды, бұл – екі; Мағжан өлеңдерінің ішкі мазмұны мен сыртқы пішіні «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп, теп-тегіс жұмыр келсін айналасы» деген Абай талабынан табылып, қазақ оқырманына тез жол тапты, бұл – үш.

*Өмірхан ӘБДИМАНҰЛЫ.*

\* \* \*

М. Жұмабаевтың жоғарыда аталған еңбектері («Ақан сері», «Бернияз Күлеев», «Базар жырау», «Әбубәкір ақсақал Диваев», т. б. Д. Ы.) – ұлттық әдебиеттану ғылымына қосылған зор үлес. Әдебиет тарихы, әдеби мұра, оны жинаушылардың өмір деректері мен шығармашылығын мәтіндік тұрғыдан танып, зерттеп, ғылыми жүйеге түсіру т. б. жөніндегі теориялық тұжырымдары, ойлы пікірлері сөз жоқ, бүгінгі қазақ әдебиеттану ғылымы үшін құнды.

*Гүлзия ПІРӘЛИЕВА.*

\* \* \*

Мағжан Жұмабаев адамзат тарихындағы өзгеше тарихи-әлеуметтік құбылысқа сыншыл көзбен қарап, өзінше баға берді. Революция атты алып метеорит қазақ жеріне де түсті, ел дүрлікті, өрт қаулады, қалың қауым жақсылық күтті, кеудедегі шідерлер үзіле бастады. Жабығып қамыққандар, зорлыққа тұншыққандар да емес еді. Зиялы жанды, ізгі сезімді Мағжан шын кедейлердің қуанышына назаланған жоқ, тек ол бақыттың рас-күмәнділігіне аз-көптігіне, ұзақ-қысқалығына шүбәлана қарағаны ақиқат.

*Бақытжан МАЙТАНОВ.*

\* \* \*

Мағжан өлеңдеріндегі рухани күш тамырын тереңге тартып, түркілердің Түркістан аймағында хандықтар мен тайпалық одақтарға бөлінбей тұрған дәуірлерінен бастау алып жатыр. Мағжан – отарланған қазақ даласында дүниеге келіп, бүкіл ғұмырын езгі мен қанауға түскен қоғамда өткізуіне қарамастан, оның рухы мен арманы тәуелсіз Түрік қағанатының кең жазира даласында қанат қағып, өлеңдері осындай қайнар көзден нәр алған. Мағжан Жұмабаев – көне түркі топырағында жат жерліктер ұстанған отарлау саясаты салдарынан ұзақ жылдар бойы бөлініп-бөлшектенген бір халықтың жүйелі түрде қа-

зак, кыргыз, өзбек секілді ұлттарға топтастырылуына қарсы наразылығын білдіріп, жалынды өлеңдерінде қайсарлықпен ортақ түркі аты мен ортақ түркі болмысын әлемге танытқан парасатты ойшылдардың бірі. Оның өлеңдеріндегі ұлттың аты – ТҮРКІ, Отанның аты – ТҮРКІСТАН еді. Мағжан – менің Алтайдағы жүрегім.

*Фейзуллах БУДАК.*

\* \* \*

Мағжан ақын – ой мен сезімнің ақыны еді. Сондықтан да саналы жан ретінде өз тұсындағы қазақ қоғамына, замандастарының қалпына бей-жай қарай алмады. Оның азаматтық белсенділігі бойындағы қасиетімен тоқайласып жатты. Ақын өз заманындағы жетекші күш – Алаш қозғалысына аянбай атсалысты.

*Дихан ҚАМЗАБЕКҰЛЫ.*

\* \* \*

Орта Азияда түркологияның іргетасын қалағандардың бірі – Мағжан Жұмабаев еді деуге толық құқылымыз... Мағжан ежелгі түркілер мемлекетінің тарихын, бұл халықтардың басынан өткен талай тауқыметтер мен бұралаң жолдарды жақсы біледі. Ол тек қаламы қарымды, тынысы кең ақын ғана емес, сонымен қатар терең білімді тарихшы ғалым екендігін өз өлеңдері арқылы көрсете алған. Ақын шығармашылығындағы қайталанбас образдар, Отанның жарқын бейнесі, кезеңнің анық та айқын келбеті және басқа бірқатар өзіндік ерекшеліктер тек қазақ әдебиетінде ғана емес, жалпы түркі халықтарының әдебиетінде Мағжан Жұмабаевтың салмақты орны бар екенін айқындап берді. Мағжанның әрбір өлеңі сөзсіз бірер детальға, тарихи оқиғаға, тарихи тұлғаға сүйенеді. Оның өлеңдерінен көрініп тұрғанындай, ол түркілер тағдырынан, езілген, қаналған елдің аянышты трагедиясынан азап шегеді. Ақынның үндеуге толы өлең жолдарынан екі полюстің – Күншығыс пен Күнбатыстың бейнесі түркі тайпалары мен түркі елдерінің өткені мен келешегінің рәмізі болып жарқылдайды. Сан ғасырлар бойы әр түрлі басқын мен шапқыншылық Күншығысқа ауыр зардабын қалдырғаны – Мағжанның іші-бауырын өртейді. Қысық көзді Күншығыс бейнесінде бүкіл түркі халықтарының аянышты да қайғылы кейпін суреттейді.

*Нәсімхан РАХМАНОВ.*

\* \* \*

Мағжан қазақ әдебиетін биік дәрежеге шығару үшін қазақтың ауыз әдебиетінен бастау алып, Шығыс, Батыс, орыс әдебиеттерінің жетістіктеріне үніліп, Әл-Фарабиден бастап, Еуропа философтарының еңбектерін де терең зерттеп, оқып, оны шығармаларына кеңінен пайдаланған. Нәтижесінде қазақ әдебиетін өз ішіндегі томаға тұй-

ықтықтан құтқарды. Оқырмандарды өзге ел әдебиеттерінде, өнерінде болып жатқан жаңалықтармен таныстыруға ұмтылды. Сөйтіп, қазақ әдебиетін өзіне дейін болып келген тақырып, ой жұтандығынан құтқарды. Өлең тақырыптарын, сөздердің қолданылу мағынасын түрлендірді. Оқырмандарын ойландыратын терең мазмұнды философиялық еңбектер жазды.

*Бақытқамал ҚАНАРБАЕВА.*

\* \* \*

Жарты ғасырдай жар астында жасырынған Мағжан поэзиясының қызуы қайта қуат алып, елін, жерін ерекше бір шуаққа бөлеп тұрғаны қандай ғанибет! Мағжанды тану, Мағжан тылсымының тереңіне бойлау, оның отты жырларының уызына қану біздің замандастарымыздың, келер ұрпақтың ой өрісінің арнасын кеңейтіп, жиырма бірінші ғасырда да қоғамдық сананың, ұлттық рухтың қозғаушы күшіне айналары, жаңа биікке көтерілуіне қызмет етері анық.

*Жарасбай СҮЛЕЙМЕНОВ.*

\* \* \*

Сүйіспеншілік жырларын жазуда Мағжан алдына жан салмаған тайпалған жүйрік екені оның осы тақырыптағы қай өлеңінен болсын сезіледі. Бұл жөнінде ол Абайдан да биік тұр. Ол – әйел затын ессіз сүйіп, махаббат отына күмәнсіз беріле күйіп, сол ыстық сезімді қызуы қашпаған күйінде жып-жылы жырларымен кестелеп беретін тамаша суреткер...

Мағжанның махаббат лирикасы шыншыл, қазіргі кейбір ақындардай бесігінен бүлініп, бүлдіріп тастап, соны шатпақтап, өлеңге айналдырып жатқан жасанды махаббат, жалған сезім емес, акын шындығы екендігіне бас иесін.

*Зейнолла ӘКІМЖАНОВ.*

\* \* \*

Мағжан – ірі өлшемдермен ойланған акын. Бұл өлеңнің («От» өлеңі. Д. Ы.) ғаламаты сонда, ғаламшар мен адамның пропорциясы мұнда бар. Акын аяғы – жерде, көңілі – көкте, дәрменсіздігін сезінуі оның рухани биіктігіне тең. Өлеңде түпсіз тұңғық ғарышта құм түйіршігіндей болса да адамзат нәсілінің сезімтал болмысы, тулап соққан беймаза жүрегі көркем, кестелі бейнеленген. Топырақтан жаралып, топыраққа айналатын, табаны жерден ажырамауға үкім етілген адам баласының жаны, қиял-арманы шартарап дүниені, беймәлім көркемдіктерді, үйлесімді аңсап шарқ ұруы.

## АЛҚА

### Табалдырык

Қазақ әдебиеті тоғыз жолдың торабында тұр. Артында – бір жол, алдында – мың жол. Мың жолдың ішінде – өзен өрлегені де, шөлге улегені де, барса келері де, барса келмесі де бар. Қазақ әдебиетін мынау мың жолдың торабына алып келіп, аныртып тұрған – тұрмыс. Қазақ тұрмысы, орыс тұрмысымен, орыс тұрмысы арқылы Еуропа тұрмысымен соқтығысуы – қазақ әдебиетінің орыс әдебиеті екпініне, орыс әдебиеті арқылы еуропа әдебиеті екпініне кез келуі; тас пен жапалақтың – жапалағы өлмек. Әрине, қазақ тұрмысы қирамақ, әрине, қазақ әдебиеті еліктемек.

Бірақ, бізге молда болатын еуропа әдебиетінің өзі – бір молда емес, мың молда. Алыстағы анау еуропаны қоя-ақ қоялық, көршіміз орыс әдебиетін алалық. Оның да өткен дәуірлерін бүркеп, осы күнгі дәуірін алалық. Осы күнде, пролетариат төңкерісі дәуірінде, Кеңес үкіметінің өзінде орыс әдебиетінің мың бағыты бар. Бәрінің жалауы – қызыл, ұраны – төңкеріс, алды – ортақшылдық сықылды. Алайда, искусство, һәм оның бір саласы болған әдебиет туралы түрлі жактың түрлі ұғымы бар – «Искусство бар һәм болмақ» деген бағыттан бастап, «искусство жоқ һәм болмақ емес, бұрын болса да, бұдан былай болмақ емес» болуға тиісті емес – деген бағытка шейін бар.

Оның үстіне, біз дүние астан-кестен болған заманның адамымыз. Жұмыр жердің бетіндегі шірік қауды өртеп, ертең өртең шығару үшін қылыш, найзаны қолдан түсірмей, майданда жүрген әскердейміз. Әйеліміз, ерлеріміз, саясаткерлеріміз, шаруашылдарымыз, әдебиетшілеріміз – тегіс әскерміз. Әскер болуға міндеттіміз. Төңкеріс те осыны тілейді. Тұрмыс та осыны тілейді. Бірақ, майдандағы әскердің әрбір тобының, әрбір табының дербес міндеті болмақ. Әр топ өз міндетін дұрыс атқарса ғана, жалпы әскер соғысты ұтып шықпақ. Бұл топ өз міндетін атқара алмаса, өз міндетін ұмытып, көптің дүрмегімен, айкайы-аттанының желімен лап қойып кете барса, майдан құр ойранға айналмақ. Қазақтың жазушылары да аз әскердің кішкене бір қанаты, үркердей бір тобы. Бұлардың мойнында, жалпы әскерлік міндетінен басқа да дербес міндет бар. Жазушылықтың, ақындықтың өз міндеті бар. Жазушыларымыз әскерлік міндетін біліп, ақындық міндетін білмесе, атқара алмаса – ақын емес. Ақындықты біліп, әскерлікті білмесе – әскер емес.

Қазақ елі, Еуропа мәдениеті көзімен қарағанда, мәдениет қоры, әдебиет қоры жоқ кедей ел болғандықтан, біздің жазушыларымыз

не әскерлік, не азаматтық міндетін ұмытып, құр ақындыққа камалып қалуы мүмкін, әсіресе, ақындық міндетін біле алмай, жалпы айқайдың екпінімен кетуге мүмкін. Әдебиетті – айқай ғана деп, ақындықты – үгіт-насихат қана деп ұғуға [мүмкін]. Мысалы, әдебиет – не діншілдік «Бәдуамы», не дінсіздік «Бәдуамы», әйтеуір, «Бәдуам<sup>1</sup>» деп ұғынуға мүмкін. Үлгі боларлық орыс әдебиетінің түрлі тарауының тұрақсыз бір тарауына, не барса келмесіне, не ұзамай құрып кететін сиырдың шұбырындысына түсіп кетуі мүмкін.

Осы мүмкіндіктердің шет пұшпағын көріп, әдебиет қазанының бір құлағына жармасып жүрген біз, тоғыз ойланып, тоқсан толғанып, төмендегі пікірлерді ортаға салуды өзіміздің борышымыз деп білдік. Бұл құрғанымыз сегіз қанат боз орда, алты қанат ақ отау емес – Абылайша<sup>2</sup>. Майдан, ойран, жорық дәуірінде дағарадай орда, айдай ақ отау құрып отыруға болмайды. Аттан дәуіріне абылайша [қарау] керек. Жорық басылар, жаңа тұрмыс орнар, Абылайша қалып, бәріміз сиятын боз орда тігілер. Бұл – келешектікі. Әзірге баспана – абылайша.

Оқушы! Жаксы келдің. «Табалдырықты» аттап төрге шық! «Алқаға» кір.

### Әдебиетіміз

«Әдебиеттің өзінше дәуірлеуі техника мәдениетінің дәуірлеуіне байланбайды», – дейді Маркс<sup>3</sup>. Осы пікірін бекіту үшін Грек тарихының Гомер заманы мен Еуропа тарихының Шекспир заманын көрсетеді. Шынында, Гомер заманындағы гректің, Шекспир заманындағы Еуропаның техникалық мәдениетінің балаң болғаны рас.

Алайда, сол дәуірлерде Грек пен Еуропа әдебиеті құлашты аспанға сермеген. Неге бұлай болғандығын тексеру – әдебиет тарихшысының міндеті. Біздің бұл жерде айтатынымыз: Маркстің мынау пікірін қазақ өміріне табыстырсақ, «Қазақтың техника мәдениеті тіпті төмен болған, [сондықтан да] әдебиеті да жоктың қасында болған» деген пікір ұстау – қате. Шынында, қазақтың өзінше терең әдебиеті болғаны хақ һәм бар. Қазақ өмірінің түрлі өзгерісі, өрі – қыры, қайғысы – қуанышы, ойы – қиялы әдебиетінде түсіп отырған. Әзірше, тіпті тексерілмеген дәуірді қоя тұрып, соңғы дәуірді алсақ, кешегі Мұрат, Махамбет, Базар, Шортанбай, Ақан сері сықылды ақындардың елдің мұңын, зарын, ой, қиялын жырлай білген шын жыраулар екені анық. Бұлар – қазақ даласына бет алған еуропаның, орыстың қара жүз отаршылдығының қарасын көріп, бірінші уланған ерлер. Қазақ әдебиетінің алыбы Абай – қазақ даласына кеулеп келе жатқан капитализмге, отаршылдыққа қазақтың қанды

<sup>1</sup> Бәдуам – әліппе.

<sup>2</sup> Абылайша – жорық кезіндегі әскери қос.

<sup>3</sup> К. Маркс. – Введение «К критике полит экономии». Изд-во Москва. Рабочий, 1922 г.

жас төгіп, еріксіз шалған бірінші құрбаны. Ел билеп, елге ақыл айту-дан бастап өмірден үміт үзуге, тұңғық ойға барып тірелген Абайдың өмірінің, ақындығының трагедиясы да, тереңдігі де – осында. Абайдың алыптығы – қыл көпірдің үстінде тұрғандығы, екі қолымен екі өмірмен алысқандығы, сондықтан, қазақ әдебиетінің ескі мағынасын, бұрынғы бағытын тереңдеткендігі, әдебиетке жаңа түр кіргізгендігі.

Абай жиын тойдың ақыны болмағандықтан, әсіресе, баспа сөздің жоктығынан Абайдың әдебиеттегі бағыты, әсіресе, түрі елге тарай алмайды. Сол дәуірде қазақ даласына капитализм кеулеп кіре береді, ел езіле береді. Әдебиет те, бағыт та, түр де қалмайды. Әдебиет «Ғизат-лұл – оқу – мұтырлы», «Биссимиллаһ деп башлайын сөздің басын» сықылды балдыр-батпаққа айналады.

Бірақ, еуропа отаршылдығының бір қасиеті – «құлды көп қуып батыр қылуы», өлімге бұйыруы мен өмірді сүйгізуі, езілген елдің ұлттық сезімін оятуы. Осы заң бойынша, 1905 жылғы төңкерістен соң соққы жеп, сүлесіз жатқан қазақ елі есін жия бастайды. Жаралы жанның есін жия бастағанда, бірінші үні – ыңырсу, күрсіну, күңірену болмақ. 1905 жылдан соңғы әдебиетіміз – «Оян, қазақ», «Қырық мысал» сықылды, елім, жұртым деген әдебиетіміз сол күңірену. Сол зар ете күңіренген жаралы жанның көзіне әлгінде ғана қылышынан қан тамып майданда ойнап жүргені елестемек. Ояна бастаған ел кешегі ел болған күнін есіне түсірмек. Әдебиетіміз де мынау «Оян!» деген зармен бірге елдің өткен күнін есіне сала бастап еді. Өткен тағы болып жүрген дәуірді қайта орнату үшін емес, жасынан елдің жанына үміт салу үшін өткенді жырлай бастап еді. Жырлап үлгерген жоқ еді, жырлай бастап еді. Әдебиетіміз осы күйде тұрғанда, біз үстіміздегі зор төңкеріске кіріп кеттік.

### **Бұл күнге шейін төңкеріс һәм әдебиетіміз**

Үстіміздегі зор төңкеріс бізге өз тарихымыз тудырған, өз тарихымыздың қатынасы болған таныс төңкеріс емес, еуропа тарихы тудырған жат төңкеріс еді. Осы себептен біздің әдебиетіміз бастапқы жылдарда төңкеріс туралы еш нәрсе жаза алған жоқ, әдебиетімізде төңкеріс туралы қолға аларлық еш нәрсе болмағаны даусыз. Әдебиет өзінің бұрын келе жатқан бетімен жүре берді. Бір жағынан, орыс отаршылығының зардабынан елге кірген бүліншілік, бұзықтықты суреттеп, екінші жақтан, елдігін ұмытып, жасып қалған елдің өткенде өзінше ел болғанын есіне салып, табиғи жолмен келе жатты.

Маркстіл зор ғалым Плеханов: «Шаруа – тұрмыс-салт төңкерісіне бейімделуі болмақ»<sup>4</sup> – дейді. Төңкеріспен қазақ тұрмысының сырты ғана соқтыққан сықылды болғанымен, санасы дағдылы жолымен

<sup>4</sup> Бельтов. – «К вопросу о развитии монистического взгляда на историю». СПб. 1825 г. 1-е издание.

келе жатты. Сондықтан, әдебиетіміз төңкерістің бастапқы дәуірінде де өзінің табиғи жолымен өсіп келе жатты. Осы жолда жаңа әдебиетіміз бірталай ілгері аттап та қалды. Қияға қарғып шығамын деп мертігіп қалмай, тұрмыстың, тарихтың заңы бойынша, табиғи жолымен жүріп, күн санап өсіп, тереңдеп келе жатқан кешегі, бүгінгі әдебиетімізді қарғауға емес, алқауға (мақтауға) міндеттіміз. «Төңкеріс туралы тез үндей қоймадың» деп томпиып өкпелеуге емес, не себепті үндемегенін ұғуға міндеттіміз. Әдебиетімізге төңкерістің тіпті түспеуінің, бірен-саран түсірем деген топас тәжірибелерде теріс жағынан түсуінің тағы бір себебі – төңкерістің өзінің казак даласына күнгей бетінен емес, теріскей бетінен, соңынан емес, солынан кіруі алақандағы нәрсе ғой, мұны бүркеп қоюға болмас. Маркстің «Санаға сипат беретін салт» деген асқар пікірін де аттап кетуге болмас. Төңкерістің оң жағын түсірем деп ұмтылған әдебиетіміздің тәжірибесі соңғы бірер жылдың ішінде ғана басталды.

Бұл айтылғандардың бәрі – әдебиетіміздің бұл күнге шейін жүріп келген жолы, тарихтың, тұрмыстың құрыш заңы бойынша, өз бағытымен, дұрыс жүріп келген жолы. Енді бұдан былай деген мәселе тумақ: аққан судың өзінен айырылмайтын сипаты – ағу. Аққанда жазық жерде жайылып, жыбырқанып, тар жерде тастың бауырында көбіктеніп, көпіріп, жарды соғып, лепіріп ағу. Яғни, өзінің ағу заңына да, жолдың, арнаның заңына да бағыну. Тұрмыс та ағып жатқан су сықылды. Қазак тұрмысы да, салты да жаңа арнамен ағуға бет алды. Зор төңкеріс казак даласына енді күнгей бетінен кіргелі тұр. Енді, сөз жоқ, әдебиетіміз де бірте-бірте жаңа жол іздемек. Сонау жаңа жолдың жөні қайда?

Бұған жауабымыз мынау.

### **Енді төңкеріс һәм әдебиетіміз**

Үстіміздегі төңкеріс – адамзаттың тарихында теңі жоқ төңкеріс. Адамзат тарихының ең соңғы албастысы – отаршылықты, капитализмді жойып, тарихты жаңа арнамен ағызуға бет алған төңкеріс. Еуропаның отары болған жалпы шығыс елінің еңбекшілері, шығыстың бір ұшқыны болған, әсіресе, толқынның ішінде отырған еңбекші казак елі мынау теңсіз төңкерісті досым деп ұқпай, қасым деп ұғуы, тіпті мүмкін емес.

Отаршылық – Еуропа пролетариатының жауы болса, отар болған елдердің де – жауы. Төңкерістің тарихы Еуропа тарихында тереңде жатқан болса да, Еуропа тарихы тудырған төңкеріс затында жат болса да, төңкерістің мақсаты – бір еуропаны ғана астан-кестен қылу емес, жалпы адамзатты бақытқа жеткізу болғандықтан, жер жүзінің езілген елі, тарыққан табы мынау төңкерісті менікі емес деуі мүмкін емес. Шығыстың отар болған елдері, соның бір ұшқыны болған кей-кей казак – отаршылықты, капитализмді жою жолында, төңкерісшіл

пролетариаттың шын жолдасы. Басқаша болуға мүмкін емес. Әдебиетіміз де төңкерісті – біздің төңкерісіміз деуден басқаша жырлауы мүмкін емес.

Бірақ, бағыттағы, негіздегі бірлікті мінездегі бірлік деп ұғу – қате. Зор төңкеріске пролетариат зеңбірек, пулемет, машина, қайыс камзолымен кіріссе, қазақ – қамшы, сойыл, балпаң етік, малма тұмағымен, жолдан қосылып отыр. Еуропаның музыка оркестрі бар. Елу, алпыс, жүз музыка құралдарынан құралған оркестр бір ойнағанда, бір ғана күйді ойнамақ. Бұл оркестрдің сұлулығы – барлық музыка құралдарының бәрі бірдей бір дауыспен барылдауы, яки шикылдауында емес, жеке музыка құралының өз орнында, өз мінезіне лайық үн шығаруында. Төңкеріс әдебиеті дегенде де осыны ескеру керек. Төңкеріс әдебиетінің тура төңкерістің өзінен туатын, яғни пролетариат төңкерісінің өзінен туатын пролетариаттың өз әдебиеті болмақ. Бұл – төңкеріс әдебиетінің бірінші түрі. Яки, төңкеріске қазақ сықылды жолдан қосылған елдің, яки таптың төңкеріс әдебиеті болмақ<sup>5</sup>. Бұл – екінші түрі. Мұндай түр – пролетариат төңкерісінің өзінен тумай, алыстан, рухынан, екпінінен тумак. Біздің әдебиетіміз да қазір бірінші түр бола алмақ емес. Екінші түр болуға тиісті, нәм болмақ. Біздің әдебиетіміз – қазіргі дәуірде «пролетариаттың төңкерісі, біз сықылды езілген елдің төңкерісі болды» деген пікірді нысана қылып қоя білсе, осы төңкерістің екпінінен қазақ сықылды құл болған елге өмір үміті кіргенін жырлай білсе, төңкерісшіл әдебиет болғаны.

Маркстіл зор ғалым, ақын Луначарский<sup>6</sup> жазады: «Жаңа ұлт, жаңа тап бұрынғының бітірген жерінен бастап кетпейді... жаңа тап яки жаңа халық бұрын өздерін билегендерге қас болып, олардың мәдениетін жек көретін болып өсіп-өркендейді», – дейді.

Сондықтан, осы мінез, осы қулық, үстен қарап айтқанда, осы қиянқылық, ыстық қандылық – қазақ әдебиетінде де болуы мүмкін. Болғанда өзінше, қазақша, Азияша болуы мүмкін. Тап бір ойланатын нәрсе – осы.

Дұрыс, зор төңкерістің алды – ортақшылдық екені рас. Төңкеріс – құр қирату үшін ғана емес, жер үстіне жаңа тұрмыс орнату үшін екені рас. Еуропа пролетариатымен қол ұстасып, біздің сол жаңа өмірге, ортақшылыққа бет алғанымыз рас. Біздің де көксейтініміз – сонау қиырда көгерген жаңа дүние екені рас. Әдебиетіміз да құр қиратуды, құр төңкерісті ғана бағыт қылып қоймай, төңкерістің артындағы жаңа өмірді бағыт қылатыны рас. Бірақ, пролетариатпен қол ұстасып, жаңа дүниеге бет алған жолымызда өзіміздің шығыстығымыз, қазақ иісіміз шықпауы мүмкін емес. Ойымызда, қиялымызда, әдебиетімізде Азия иісі аңқымауы мүмкін емес. Бағыттың бір екені даусыз болғанымен,

<sup>5</sup> Л. Троцкий. «Литература и Революция». стр. 169–170.

<sup>6</sup> Луначарский. «Основы позитивной эстетики». Москва. 1923 г., стр. 128.

пролетариаттың өз тарихының, машинасының, қайыс қамзолының иісі шықпауы, казактың мың жылдық тарихының елтірі тұмағының иісі шықпауы мүмкін емес. Адамзаттың артындағы, тарихтың таңындағы ортақшылдық – таңба басылған бір ойлы, бір сезімді санасы жоқ хайуанның ортақшылдығы. Алдымыздағы ортақшылдық – түрлі пікірді, түрлі сезімді санамен тізгіндеп отыратын, тұрмысын солай құра білген, шын адамның ортақшылдығы. Пролетариатпен қол ұстасып осы ортақшылдыққа құйылысқан адамзат тарихы һәм мәдениетінің құйылысқан майданына бет алғанымызда, осы жолда, қазақ ақыны кедей казактың күнгірт тұрмысын, пролетариатпен ортақ мақсұлын жырлаумен бірге, кедей казактың өзінің ойын, өзінің сезімін, өзінің қиялық, өзінің ұғымын жырлауға ұмтылуы міндетті. Болмаса, қазақ әдебиеті деген әдебиет тумак емес. Бағытта емес, рухта баскалық болмай, құр сыртында, мысалы, сөзде ғана баскалық болса, әдебиет шеттен аударылған аударма, тәржіма ғана болып қалмақ. Негізде бірлікті мінезде бірлік деп ұғу – адасқандық. Әдебиетіміз бен төңкеріс арасы туралы сөз осы. Әдебиет мәселесі мұнымен бітпейді. Енді оның басқа жағын шолалық.

### **Әдебиет не нәрсе? Әдебиеттің жалпы заңы**

Әдебиет – искусствоның бес тарауының біреуі. Искусство – адамзаттың сұлулық сезімінен, сезім арқылы жаратылысты, өмірді ұғуға ұмтылуынан туған. Сұлулықтың өзі не нәрсе? Философ Кант былай деп жауап береді: «Түрімен ғана тура құлқынға байланбаған ләззәт ойнататын нәрсенің бәрі – сұлулық», – дейді. Осы сөзде түгел болмағанмен бірталай шындық бар. Шынында, мысалы, қазақтың мұрнын тесіп зерә салуында құлқын үшін, тұрмыс үшін қандай тура пайда бар. Әрине, тура қолма-қол пайда жоқ. Қазаққа мұны істеткен – Кант айтып отырған құлқында байланбайтын сұлулық сезімі. «Сұлулық сезімі барлық жануардың, оның ішінде адамның жаратылысына салынған, табиғатына берілген», – дейді Дарвин. Осы пікірлерді Маркс философиясы негізінде қате демейді. Марксшілдіктің бұған қосатыны, толықтыратыны бар. Марксшіл зор ғалым Плеханов жазады: «Адамның табиғаты адамның сұлулық ұғымдары болуының мүмкіндігіне жол ашқан. Айналадағы шарттар осы мүмкіндікті іске асырады. Қоғам адамның (қоғамның, бір халықтың, бір таптың) сұлулық ұғымдарының тууы, сипаты анадай болмай мынадай болуы осы айналадағы шарттарға байлаулы»<sup>7</sup> – дейді. Мынау сөзді ұғымдырақ кылып айтқанда, былай болады: бір халықтың, бір таптың бір заманда анандай сұлулық ұғымы болмай, мынадай сұлулық ұғымы болуы, си-

<sup>7</sup> Плеханов. «Об искусстве». Сб. «Искусство». Изд-во «Новая Москва», 1922 г., стр. 44.

паты анадай болмай, мынадай болуы тұрмыс түріне, еңбек түріне байлаулы. Бұл пікірдің дұрыстығында дау жоқ. Қазақтың мұрнын тесіп, зере салуы – Еуропа көзінде саналық емес, тағылық деп саналады ғой. Тұрмыс өзгерген сайын, зереге казак өзі де тағылық деп қарап келеді ғой. Яки, Еуропаның күн батқандағы суретті аузының суы құрып мактауы казактың өз әдебиетінде жоқ қой. Біз жоғарыда сұлулық сезімінен, һәм сезім арқылы жаратылысты, өмірді ұғуға ұмтылудан искусство тумак дедік. Бұл мәселе жоғарыдағы сөздермен біраз шет қалды. Искусство да тұрмыс түріне, еңбек түріне қарап өзгеріп отырмак. Искусствоның тұрмысқа байланысы жалғыз тұрмыспен бірге өзгеріп отыру ғана емес. Искусство сезім арқылы, сезімнен туған һәм сезім оятатын сурет арқылы жаратылыс өмірді ұғуға ұмтылу болғандыктан, искусство өмірге, тұрмысқа пайда тигізуге тиісті. Бірақ, искусство тұрмысқа тура қолма-қол пайда тигізбейді, тигізе алмайды. Арада талай қол арқылы алыстан тигізбек. Әдемі өлең, сұлу күй ешкімнің қарнын ток, көйлегін көк қылмак емес. Бұлардың пайдасы – киғаш, алыстан орап барып тиетін пайда. Маркстіл ғалым Ортодокс осы пікірді бір сөзінде толық айтады<sup>8</sup>.

Қысқасы, искусствоның негізі – сезім, құралы – сезімнен туған сурет, мақсұты – білім беру емес, сезім ояту. Бұлай болса, искусство қайраткерлерін, ақынды өлшейтін кез мынау болады: сұлу терең суреттер арқылы қандай болса, ондай болсын, әйтеуір терең сезім оята алса, ол – ақын, оята алмаса – ақын емес. Сондықтан, Ага-мем-нон, Ахеллесті жырлаған Гомер өмірді қарғап өтсе де, суреті терең болып, тұңғыық сезім оятатын Байрон қайткенде де ақын; «Тарғынды» жырлаған Марабай, «Жібек қызды» жыр қылған Жүсіпбекқожа қыл көпірді, макшарды, жұмак тамұқты суреттей біліп, тыңдаушыны еніреткендей, дін қыссасын шығара білген біреу – қайткенде де ақын. Ал, қырык парызды санайтын Орынбай, қырык парызына келгенде, ақын емес. Уақытында «Айқапта» басылған «Қазағым, өнерлен, мектеп аш, қала бол, егін сал» деген сықылды ақылды өлендер қайткенде де ақындыққа жанаспайды. Ақындық бағытта емес, «ақындық – ақындықта. Қалай жұмсалса да, талантты талант дейміз ғой»<sup>9</sup>, – дейді Луначарский. Қысқасы, ақынды өлшейтін бірінші өлшеуіш – ақындық. Бірақ, ақын қандайда болса да, бір елдің, бір таптын азаматы болғандыктан, өлімді емес, өмірді, жауыздықты емес, ізгілікті нысана қылған жалпы адамзаттың бір мүшесі болғандыктан, ақынның оқушы да, қараушы да ізгі, дұрыс сезім, өмір сезімін оятуға ұмтылуы – азаматтық борышы. Осы борышты атқару үшін ақын ақындығын өмірге, тұрмысқа жа-

<sup>8</sup> Л. Ортодокс. «О. Уайльд» изд. «Основа», Иванова – Вознесенск, 1923. Стр. 50–53.

<sup>9</sup> Л. Луначарский. «Что такое искусство». «Этюды», – Госиздат, Москва, 1922 г. Стр. 32.

настыруға міндетті. Таза ақындықпен бірге осы борышты да атқарған ақынды ғана ел «[тап] өз ақыным» демек. Ақындықты азаматтықпен өлшеу – бұл ақынға салынатын екінші өлшеуіш. Бұл арада ашып кететін сөз мынау: ақындықтың тұрмысқа жанасуын тұрмыстың құлы болу деп ұғу – қате. Ақындық жаратылысты, тұрмысты айнытпай, бұлжытпай құр түсіріп қана отыратын фотография емес, фотография – ақындық емес. Тұрмыс пен жаратылыс – ақынға тек тиянақ. Осы тиянаққа таянып басып, осыны құрал қылып, көптің көргенін, көптің сезгенін жинап бір топ қылып, сол топқа ақын өзіндік түс беруге міндетті. Тип портрет емес, тип – қашанда болса жасама. Лениннің фотография түсірген портретінде ақындық жоқ. Ал, суретшіл ақын салған портретінде ақындық бар. Мұның себебі не? Еуропа ақыны – Шекспир, осы Шекспирдің ақындығы XVI – XVII ғасырлардағы, қалса Англияның, асса Еуропаның тұрмысын бұлжытпай суреттегендігінен ғана ма? Еуропаның асқан ақыны Гете айтады: «Кәдімгі бір күшікті тұрған күйінше суретке салсаң, жердің жүзіндегі толып жатқан күшіктің санын көбейтіп, кәдімгі бір күшік қосқан болып табыласың. Онымен суретшіл ақын болып табылмайсың – дейді. Ақын Гетенің тағы бір жұмбақ сөзі бар: «Әдебиет әсері неғұрлым жабайы өлшеуден аса берсе, неғұрлым ақылға ұғымсыз болса, соғұрлым сұлу болмақ».

Жоғарыдағы пікірлерді қорытқанда, былай болады: ақындық ауданында ақын – ақын ғана, тұрмыс ауданында – әрі ақын, әрі азамат. Тұрмыстың мүшесі болған соң, ақын азамат та болуға міндетті. Ақындық – фотография емес, фотография – ақындық емес, ақынның міндеті – білім беру емес, терең сезім, асқар пікір ояту. Тарихта әдебиеті тұрмысқа тиянақталмаған, жалаңаш пікір билеп кеткен дәуір бар.

Сүмірейтіп, тұқыртып, тұрмыс билеп кеткен дәуір бар. Бастапқы дәуірлерде, соңғы дәуірлерде де жиһан әдебиеті бәсеңдеген, төмендеген. Ал, тұрмыс пен асқар пікірді қиюластырып қоса білген дәуірлерінде асқарлаған, өрлеген әдебиеттің шын асқарлауы, сөз жоқ, тұрмыс пен қиялды мүлтіксіз қабыстыратын алдымыздағы ортақшылдық дәуірінде болмақ. Бірақ, үстіміздегі төңкеріс дәуірі – адамзат тарихының теңсіз бір дәуірі. Бұл бір дәуір – тұрмыстың қиялға, шын бақытты өмірге қол созған дәуірі, қиялдың, жаңа өмірдің жерімізге жақындап, көгімізде қалықтап ұшып жүрген дәуірі. Мұндай дәуірде терең де екпінді әдебиет тууға тиісті, бірақ, мұндай дәуірдің әдебиетінің екі бетінде екі нұр болмаса, мүмкін емес. Плехановтың «Жаңа таптың тудырған искусство-сы реализм мен феодализмның бір түрлі қоспасы болмақ» (\*\*\*) деген сөзінің мәнісі – осы.

Бұл сөзде шошитын еш нәрсе жоқ. Ұққысы келген адамға бір қолымен қиратып, бір қолымен жаңа дүниені құрып жатқан пролетариаттың өзінің өмірі – феодализм мен реализмнің қоспасы екені

ашық кой. Тарихта ең зор, ең қасиетті істер осындай қоспа өтпелі, транзиттік дәуірде істелмек. Терең де, екпінді де әдебиет осындай қоспа [өтпелі транзиттік] дәуірде тұмақ.

### Марксішдік һәм әдебиет не жазуға

Марксішдік әдебиет туралы негізгі пікір мынау: әдебиетке сипат беретін – тұрмыс, тұрмысқа түр беретін – техника мәдениеті. Яғни, негізінде әдебиетке бағыт беретін – тұрмыс. Өмірге қадам басқан, елдің яки таптың әдебиетінің алды өр, үкіммен қадам басқан елдің яки таптың әдебиетінің алды – көр. Бұл – даусыз. Бірақ, әдебиетті тұрмыс бағытымен ғана өлшеумен іс тамам болмайды. Әдебиет көзінен карағанда, әдебиет – құр бағытпен жақсы да, жаман да әдебиет бола алмайды. Байрон – құлап бара жатқан ақсүйектің ақыны, оның ақындығының негізгі бағыты – қирауға бет алған ақсүйектің ақыны. Дін қиссаларын жазған біздің Жүсіпбекқожамыз – діншіл ақын. Бірақ, бұларды табумен ғана бұлардың ақындық мәселесі шешілмейді. Мұны шешу үшін [тұрмыс] бағытты болжаумен бірге, олардың ақындығын тексеру керек.

Плеханов жазады: «Әдебиет әсерін<sup>10</sup> тұрмыстағы негізін табумен ғана әдебиет сынының ісі бітпейді. Тұрмыстағы негізін тапқан соң, оның ақындық жағын тексерсе, сол уақытта әдебиет шын әдебиет болмақ» – дейді<sup>11</sup>.

Дұрысы бір таптың ақыны екінші тапқа жат болуға, шет болуға тиісті. Бір тап екінші таптың ақынына жау болуға тиісті. Бірақ, бұл шеттік, бұл жаттық, бұл жаулық ақындық жағынан емес, азаматтық жағынан болуға тиісті. Болмаса, мысалы, «Қараңғы түнде тау қалғып, ұйқыға кетер балбырап», – деп жырлаған ақынға осы ақындығын жат көру, осы ақындығы жағынан жау көру, даусыз, ақымақтық болар еді. Осы себептерден ақсүйек ақын Пушкин пролетариатқа азаматтық жағынан шет болса да, ақындық жағынан шет болмақ емес. Пушкиннің тап төңкерісі дәуірінде де пролетариаттың қолынан түспеуінің мәнісі – осы. Пролетариат Пушкинді азаматтығынан емес, ақындығынан сабақ алайын деп ұстап отыр. Плеханов, Ленин, Медних, Тисьмер, Бухарин, Клара Цеткин, Луначарский, Троцкий сықылды марксішдік көсемдердің пролетариатқа – «Азаматтық жағынан қас не дос екенін біліп ал да, ақындық жағынан әдебиеттің алыптарынан сабақ ал»<sup>12</sup> деп үгіт беруінің мәнісі – осы.

Осы үгітті біз де ұғуға міндеттіміз. Біз де бағыт сабағын төңкерістік пролетариаттан алған соң, таза әдебиет сабағын жиһан әдебие-

<sup>10</sup> Петров. «За двадцать лет». СПб. 1905. Стр. 307.

<sup>11</sup> Біздің түсінігімізше, «адабиат әсерін» «тұрмыстың адабиатқа әсері» мағынасында оқыған жөн.

<sup>12</sup> Петров. «За 20 лет». Предисловие к третьему изданию.

тінің ергежейлерінен емес, алыптарынан алуға міндеттіміз. Көшерін жел, қонарын сай білетін қаңбақтардан емес, заман толқыны қатты долданып сокса да былқ етпей, елең қылмай тұрып келген асқарларын молда қылуға міндеттіміз.

Жиһан әдебиетінің алыптарынан әдебиет сабағын алудың тағы бір себебі – шын ақынның тар тапшылдықтан қанша дегенмен жоғары болуы, белгілі бір тап мүшесі болса да, шын ақынның тапшылдыққа ғана қамалып қалмай, өз табынан мойны озық жалпы таптың, жалпы адамзаттың жанында қайғылы, яки қуанышты ішекті шерте білуі. Адам – әуелі адам, онан соң – бір таптың мүшесі ғой. Осы сөздерден әдебиетімізде тап мәселесі келіп шығады. Үстіміздегі төңкеріс тап төңкерісі болғандықтан, адамзатты бақытқа пролетариат табы жеткізеді деп күмәнсіз сенгендігімізден, жердің жүзі екі тапқа бөлінген күнде ғана төңкеріс қанатын кең жаяды деп білгендігімізден, сөз жоқ, әдебиетімізде тап сарыны болуы әбден мүмкін. Бұл сарынның күші қанша болар, мұны тұрмыс жуырда-ақ көрсетпек. <sup>(1)</sup>

Жолдастарымыздың кейбіреуінде «Қазақтың осы күнгі күңгірт тап сезімі өспек емес, ұзамай өшпек», – деген пікір бар. Дәлелдері: «Тап сезімін тереңдеткендей бай, кедей шаруаларының негізінде айырма жоқ. Айырма болса, сипат жағынан емес, сан жағынан еді. Осы шалажансар айырма осы күні-ақ құрып қалды деуге болады. Бай, кедей шаруасы аз жылдың ішінде-ақ сан жағынан да қарайлас болып қалды деуге болады. Шаруада да айырманың енді қайта тууына жол жоқ. Осы себептерден қазақта тап сезімі тереңдей алмай, өсе алмай осы күнгі күңгірт күйінше өшіп кетуі мүмкін. Бұлай болса, әдебиетімізге тап сарыны терең түспеуге мүмкін. Дәлелдері – осылар. Тағы да ескертерлік – бұл бәріміздің емес, кейбір жолдастардың ғана пікірі.

Бірақ, әдебиет басынан бақайына шейін тап туралы ғана болсын деп ұғу – марксшілдікке де, әдебиетке де қиянат. Марксшіл бір әдебиет сыншысы Н. Чумак айтады; «Жұмыскердің жайынан басқа нәрсені жазба деп, ақынды қамап қоюды марксшілдік білмейді һәм білгісі келмейді»<sup>13</sup>. Төңкеріске қосшы аталған әдебиетшілердің біреуі Лев Лунц: «әдебиет әсері үстіндегі заманды суреттеуі де мүмкін, суреттемей де мүмкін, одан жақсы жамандығы табылмайды»<sup>14</sup>, – дейді. Троцкий жазады: «... жаңа әдебиетте (социализм әдебиетінде) трагедия болмақ, әрине, құдайсыз болмақ. Жаңа искусство құдайсыз искусство болмақ қой! Жаңа әдебиетте комедия болмақ: жаңа адамға да күлкі керек! Жаңа әдебиетте роман өспек. Жаңа әдебиетте терен сыршылдық болмақ. Жаңа адам бұрынғы адамнан күшті сүймек қой!

<sup>13</sup> Н. Чумак. «К эстетике марксизма». Сб. «К диалектике марксизма». Чита, 1921г. стр. 26–28.

<sup>14</sup> Лев Лунц. «Сератоновы братья». Сб. «От символизма до октября». 1924 г. Изд. «Новая Москва».

Жаңа әдебиеттің ақыны өмір, өлім туралы жырламақ. Жаңа адам бұлар туралы ойламақ қой»<sup>15</sup>, – дейді. Қысқасы, әдебиет домбырасында бір ғана ішек [перне] емес, көп ішек [перне] бар, һәм болуға тиіс. Көп ішектің бәрі басылуға тиіс. Бірақ, барлық ішекті рет-ретімен басқанда бір ғана күй шығатын болсын. Яғни, түрлі нәрсені суреттейтін әдебиет негізгі бағытқа қайшы болмасын. Негізгі бағытымыз – төңкеріс арқылы ортақшылдық. Әдебиет негізінде осы бағытты темірқазық қылумен бірге, өзінің ішкі заңы бар әдебиет екенін ұғып, дұрыс жүре білсін.

Әсіресе, біздің жас әдебиетіміз жан-жаққа, алға, артқа, көп қарауға міндетті. Мұның бір себебі мынау: Еуропа әдебиетінің артында асқар байлығы бар. Еуропа өмірінің өрі, қыры, күңгей де, теріскей де беттері әдебиетіне түскен. Еуропа адамының терең сезімдері, асқарлаған киялдары әдебиет алыптарының сұлу суреттерінде болып, жалпы адамзаттың алдына тасталған. Қара да, хан да, бай да, кедей де, данышпан да, надан да, ер де, әйел де, тәңірге махаббатшылы да, елге махаббатшылы да, әйелге махаббатшылы да, ұлтшылы да, ортақшылы да, бүгіншілі де, ертеңшілі де, меншілі де, сеншілі де – бәрі де жақсы да, жаман да жағынан суреттелген. Қалайда, Еуропа пролетариатының атадан қалған мұра, қазынасы сансыз таңдауына да, талдауына да жетеді, келесі байлығына қоры мол. Ал, біздің әдебиетіміздің Еуропа жолына түскеніне 15–20 жылдан артық емес. Жаңа әдебиеттің тартылса, «ағзубий» ғана тартылды, биссимилласы әлі басталған жоқ. Өміріміздің күнді һәм күнгірт дәуірлері болғанды, һәм бар [ақиқат]. Қазақтың өзінің жаратылысқа, өмірге, тұрмысқа көзқарасы, өзінше философиясы, терең сезімі болған, һәм бар. Осылардың бірі туралы әлі айтарлық қалам тартылған жоқ. Өзінше елді қоғамдаған хан, қоғамды қорғаған батыр, өзінше қоғамның қорғаны болған би, хан заманында құл, төре заманындағы төленгіт, бай заманындағы кедей, жауынгер ерге жолдас болған әйел, өткен һәм ертеңгі күніміз, ертегідей күніміз, кешегі капитализм кеулеп кірген дәуірдегі азғындық, мұң-зар, бүгінгі кедейлік, бүліншілік, сонымен бірге жаңа өмірге бет алу..., қысқасы, қазақтың ертеңгі күні, ертегідей күні, өткен күні, кешегісі, бүгінгісі – бізде айтарлықтай суретке түспеген. Осылар түспей, қазақ әдебиеті терең әдебиет болмақ емес. Осылар түспей, әдебиет – өз әдебиетіміз бола алмақ емес.

Сондықтан, жас әдебиетіміздің осы күнгі мойнындағы жауапты міндет – қай жаққа болса да бір езу болмау. Бұл – бір бағытты болмау деген сөз емес. Бағыттың аты – бағыт, бір езудің аты – бір езу.

Саясатшыл азаматтың алдында бүгінгі мәселе, бүгінгі тұрмыс мәселесі тұратын болса, ақынның алдында өткен, бүгін, келешек – үшеуі де тұруға тиісті. Осы үшеуі арасына көпір салуға міндетті. Қазақ ақыны мен пролетариат ақынының арасында бірталай айыр-

<sup>15</sup> Лев Троцкий. «Литература и революция».

ма бар. Пролетариат ақыны – төңкерісті өзі жасаған, өзі қиратып, өзі құрып жатқан төңкерісті өзінің тарихы тудырған, Еуропа тарихының машина дәуірі тудырған ойы, сезімі завод, фабрикке байланған таптың ақыны. Қазақ ақыны – тарихы бөлек, тұрмысы бөлек, рухы бөлек, төңкеріске жолдан қосылған жабайы тұрмыс елдің ақыны. Сондықтан, екеуінің ақындығының мінезі бір болуы мүмкін емес, бірақ негізі бір болуы тиісті, һәм бір болмақ. Бұл – бір ортақ негіз, бұл – ортақ бағыт, зор төңкерістің үдеуі, төңкеріс арқылы жер жүзіне бақытты тұрмыс ортақшылдық орнауы. Домбырада бірі қоңыр, бірі ашы үн беретін екі ішек бар. Екі ішек екі түрлі үн шығарып тұрса да, бір-ақ күй тартылмақ.

### **Оқушы!**

**«Алқа – осы».**

Жасқа жөн сілтейтін, адасқанды жолға салатын, қисыққа тез болатын, «Алқа» – осы. Жөн іздеген жас болсаң, жол іздеген жолаушы болсаң, тез іздеген есті тентек болсаң, мынау «Алқа» – сенікі.

**«Алқаға» кір.**

Өзіңнің сұмырай максатыңа шындықты құрбан қылып шалып, қайқайып жүре беретін соғылған болмасаң, балапан әдебиетіміздің шын әдебиет болып ержетуін шын тілейтін болсаң, мынау «Алқаға» кір, «Алқа» – сенікі.

**«Алқаға» кір.**

Шын әдебиетшіл, шын ақын болсаң, мынау «Алқа» – сенікі.

«Алқаға» кір. Алқа, уа, Алқа – құшағыңа қойнымыз ашық.



# БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ АНА ТІЛІН ОҚЫТУ ЖӨНІ

(Қырғыз тілінде, Москва – 1925жыл)

## СӨЗ БАСЫ

Осы уақытқа дейін қырғыз мектептерінде шын тәртіп болмаған. Мұғалімдеріміз әрқайсысы өзінің оқып шыққан мектебі, яки медресесінің жолын қуалап татарша, қазақша, яки өзбекше өздерінің ыңғайына қарай оқытып келді. Бірақ олай етпеске шара да жоқ. Себебі қырғыз тілінде ешбір жол көрсетіп, жөнге салатын кітабы болмаған. Қырғыз тілінің негізіне тас қаланбаған.

Әрбір қырғыз мұғалімі бастауыш мектепке кіріп, балаға сабақ бергенде өзінің әрбір оқытып жатқан сабағының жол-жосынын біліп, жас балалардың зейін-зердесін әбден тексеріп, соған қарай жол ұстауы тиіс. Осы ана тілінің негізін салатын кітапшаны бастан-аяқ әбден қарап, сол жолды шеберлікпенен қуалап, әр сабақты балаларға сіндіре беру керек.

Бұл кітапша мұғалімдерге көз үйрету, сол үшін мұғалімдер әр берілген сабақта ескерулері тиіс. Жалаң ана тілі емес, есеп, жағрапия, тарих, тағы басқаларының бәр-бәрінің оқыту жөнін көрсететін кітапшалары бар мұғалім болған жолдас осылардың бәрін оқып, білімін молайтып білімді болуы тиіс.

Құр бір кітапты алып, А – деп қарасын жаттатып, һа – деп, демін қайтару ұлтқа үлкен қиянат қылған болады. Ондай мұғалімдер үкімет алдында да, халық алдында да жауапқа тартылуы тиіс.

Балаларды бірінші жылда не нәрсеге үйрету керек. Сол сияқты екінші, үшінші, төртінші жылдарда ақырын-ақырын сүйеп, білім азығын молайтып, жаңа басқан баланы тәй-тәйлаған сияқты үнемі үзбей басқыштап жоғары шығару керек. Қысқасы, кітаптың ішіндегі көрсеткен жолдарды әбден ескеріп, бәлкі қолдан келгенше кеңейтіп еңбек жолына шын салуы тиіс.

*А. Арабайұлы. 1924 жыл, үшінші айдың он төрті.*

## ТӨРТ ЖЫЛДЫҚ БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ АНА ТІЛІ

### Бірінші жыл

1. Баланың тілін дамыту һәм дағдыландыру. Жанындағы әсерін қысылмай сөзбен жарыққа шығару. Өзінің жаттаған әр өлең, мысалдарын дұрыс, ашық айтып оқи білу. Қысқа болса да дұрыс сөйлеу. Оқуға жаттығу, өзі салған суреттердің астына жаза білу. Тактадан, кітаптан көшіру, күн аттарын, барлық балалардың аттарын тізе білу, оқыған әңгімелерін һәм басынан өткен оқиғаларды мұғалімнің жетекші сұрауларының жәрдемімен, қайта ауыз екі айтып бере алуы, қысқаша әңгімелерді сахнаға айналдыра алу.

Тілді жаттықтыру һәм хат жазу (емле).

Сөйлемдерді сөздерге, сөздерді буындарға һәм дыбыстарға айыру.

Дыбыстар мен әріптер. Олардың айырмасы а, о, ү, е, к, ғ һәм дәйекші туралы ережелер. Сөйлемнің соңында қойылатын нүкте.

### **Екінші жыл**

1. Тілді дамыту һәм дағдыландыру. Ұққаны мен жек көргені туралы толығырақ әңгіме қылып айту. Ұққан, көрген, оқыған оқиғаларды сахнаға айналдыру. Біреуменен дұрыс, толық сөйлесе білу. Сурет бойынша әңгіме айта білу. Бір әңгімеге ұқсас екінші әңгімені ойдан шығарып айта білу. Әңгіменің бір бөлімін алып тастап, айта білу. Даяр әңгімені өз жанынан толықтыра білу, баспадан, жазбадан қысқа мақала. Осы тұрғыдан әріптер көшіру. Хат жаза білу, күнделік, календарь тізу, оқуға ұстарту.

#### **2. Тілді жаттықтыру һәм хат жазу**

Сөздердің тұлғасына қарай бөлінуі. Түбір, туынды, қос, қосалқы сөздер һәм қосымшалар. Жұрнақ, жалғаулар туралы жалпы ереже. Қос һәм қосалқы сөздердің жазылуы. Туынды сөздердің жұрнақтары, олардың өзгерісі һәм жазылуы. Тасымал, сызықша.

### **Үшінші жыл**

1. Тілді дамыту һәм дағдыландыру. Бастан өткен оқиғалар бойынша ойдан әңгіме шығарып тәжірибе жасау. Балалар жиналысында пікірін дәлелдеп толық қылып сөйлей білу. Бастағы әңгіменің тәртібін толық қылып жаза алу. Бір шығарманың тілінің рухын жоғалтпай, баланың өзінің аяқтауы. Әдеби шығармаға шамасынша түрлі жақтан баға бере білу. Күнделік календарды тізе білу. Балалардың өз әсерлерінен альбом тізу, журнал шығару, жиналыстар, экскурсиялар сияқты оқиғаларды ауызбен айтып һәм жазып есеп бере білу.

## **ТІЛДІ ЖАТТЫҚТЫРУ ҺӘМ ХАТ ЖАЗУ**

Сөйлемнің тоғыз мүшесінен атауыш сөздер: зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік түрлерін сөйлемдерге жаттықтырып, бұларды айыру. Атаулы сөздер: үстеме, демеу жалғаулық, одағай, шылау сөздерден туылуы, өзгерісі һәм жазылуы. Сұрақ, беттеме белгілері һәм үтір.

### **Төртінші жыл**

#### **1. Тілді дамыту, һәм дағдыландыру:**

Белгілі пікірдің жобасыменен толық, дұрыс сөйлеу һәм жазу. Әдебиет әсерлерін саймалы-саймасыз, өлшеулі-өлшеусіз, сурет қатарын әңгіме сипатына қарай тандай білу. Әдебиет әсерлерінен алынатын сұлулық сезімін декламацияменен тереңдету. Оқығанды суретке салу. Әдебиет әсерін суретке айналдыру. Сөйлеп һәм жазып доклад жасау. Есеппен шығып жиналыстарда сөз сөйлеу. Журналды тереңдету, спектакльге қатысу. Мектептің оқу үйін басқаруға жәрдем қылу.

#### **2.Тілді жаттықтыру һәм хат жазу.**

Сөйлем мүшелерін тексеруді терендету. (Тіл құралдардың екінші бөлімі бойынша). Сөздердің бір-біріне байланысын һәм сөйлемдердің түрлерін айыра алардай ахуалдан білім беру. Тыныстарды тегіс білдіру.

## АНА ТІЛІНІҢ МЕКТЕПТЕГІ ОРНЫ

Ұлт мектебін туғызатын ана – ұлт тілі. Тілі бөлек ұлт – түрі бөлек мектеп іздейді. Ұлт мектебі – ұлт тілі негізінде қойылуға тиісті. Түрлі ұлт тілі – ұлт мектебіне ана болуға тиісті. Шынында осындай болады. Бірақ, бір ұлттың тарихында, түрлі себептермен, ұлт мектебі бір дәуірде анасынан айрылып жетім болып қалуы мүмкін. Мұндай дәуір осы біздің мектептердің басында болды. Енді оны жаңадан аз-аздап өткеріп бара жатыр.

Кешегі күнде арабтың, парсының сөздерін ежелетіп, сүрелетіп, әптік, иман шарт оқытып, балалардың миын айландырушы еді. Хат жазғанда: ғизатқа лайық, құрметке лайық деп үйретіп, жүрген мектеппіз. Сол анасынан, ұлт тілінен айрылған жетім мектеп еді.

Ол кезде тасбауыр болған жетімге өзі туған анасы жат көрінуші еді. Сол жетімдік мектебіміздің басынан толық арылып біткен жоқ. Баласы мен анасы қойын-қолтық әлі табысқан жоқ. Өзгерістен бұрын, жаңа мектеп, қырғызда жоқ есебі еді. Кей жерде болғаны ноғайлардың усулы жадит мектептерінде оқып, өзбектердің ел алдаған қожа, молдаларында оқып, өзінің кім екенін танымай, арабша, ноғайша сөйлеп тентіреп жүруші еді.

Төңкерістен соң қысқа мезгілде күрестерден шыққан мұғалімдер қазақша оқу құрал, тіл құралдарынан оқытып жүрді. Бұл бұрынғыдан гөрі әлдеқайда тілімізге жақын болса да анық қырғыз тілі осыған дейін еш мектебімізде оқытылып көрілген жоқ. Қазақ тілі басқа түрік тілдерінен қырғыз тіліне жақын болған себепті, қазақ оқу құралдары қырғызшаға аударылып оқытылса көп кемшілік келмей тұрғандығы соңғы 2–3 жыл ішіндегі тәжірибеден сезілді. Араб пен парсының тілдерін не екенін түсінбей жаттап өткенді қойып, жұмбақ, мақал һәм басқа ұлт тіліміздегі мысалдарды оқитын болды. Өлбетте, қазақ тілі бізге жақын екен деп оны жаттай беруге болмайды. Айныпай оқыта беру дұрыс емес. 8-жылға аяқ басқан өзгерісте қырғыз кедейі өз тізгінін жаңадан өзіне енді алғандай болды. Сонымен қатар ұлт тілін де мектебіне кіргізе бастады. Сол жолда мәдениетке төтесінен аяқ басу ұлт мектебі, ұлт тілі арқылы екені даусыз болғандай болды. Сол үшін алдыменен, тұрмысы бізге жақын жұрттың оқу құралдарын пайдалану тиіс көрініп, Мағжан жолдастың бұл кітабы қырғызшаға аударылды. (1) Бұл жерде азырақ өзгерткені бар.

## МЕКТЕПТЕ АНА ТІЛІН АЛЫП БАРУ

Бастауыш мектептің міндеті – баланы айналасындағы көрініспен, яғни жаратылыспен, көпшілік ұйымымен һәм адамзаттың еңбек түрлерімен таныстыру. Таныстырғанда жақыннан алысқа, таныстан

жатка көшіп, үлгіні аз-аздап кеңейтіп баскыштап таныстыру. Мысалы, үй, мектеп, ел, болыс, облыс, аймак һәм жалпы кыргыздын жери.

Бастауыш мектепте бала жаратылыс һәм адамзаттын тұрмысымен танысады. Буларменен таныстырушы көбінше жалғыз мұғалімнің өзі болады. Яғни, есептен баска барлық білім ана тілі сабағында беріледі. Артықша деген бір-екі жылда осындай болады. Мұның себебі: балаға білімнің түрлі тарауларын жеке білдіруі мүмкін. Болмағанда баланың аузында сөз аз, жанында сурет аз болғандықтан, әуелгі жылдарда баланың жанына суретті көп салу үшін, оның орнына сөз көп салынады һәм керісінше аузындағы сөзді көбейту үшін, жанына сурет көп салынады. Яғни, білімнің бәрі айтарлық ана тілі арқылы беріледі.

Себебі, аузындағы сөзі аз, жанында білімі аз жас балаға жаратылыс һәм адамзаттын тұрмысы туралы білім беруге ана тілінен баска құралдар, мысалы, есеп, сурет салу, музыка сияқты. Бұлар ана тіліндей дұрыс құрал бола алмайды. Мысалы, баланы білімгерлік қалыпқа кіргізетұғын бір құр сөз тыңдату жетпейді. Бәлкім еттен өтіп, сүйекке жететін өткірлікті суреттеген сөз керек. Яғни, ана тілі керек. Сол үшін мектептегі ана тілі – барлық білімнің негізі һәм басқышы.

Енді мектепте ана тілін қалай алып бару керек мәселесіне келелік. Ана тілін оқыту дегенді балаға хат таныту деп қана түсіну қате. Мектептің міндеті бір жағынан, хат таныту болса, екінші жағынан, баланы дұрыс сөйлеуге үйрету. Бала мектепке келмей сөйлей біледі. Бірақ, ол сөйлегенменен, сол сөзінің мәнін анық білмейді һәм ойын дұрыс қылып, сұлу қылып сөзбен жарыққа шығара алмайды. Және дұрыс сөйлегенімен һәм хат танығанымен бала дұрыс жаза алмайды. Дұрыс жазуға үйрететін – жалғыз мектеп. Сол істермен ғана мұғалімнің мектеп баласы алдындағы міндеттері тегіс атқарылмайды. Және ең үлкен міндеттің бірі – балаға дұрыс тәрбие беру үшін, оны сұлу көркем әдебиетпен таныстыру һәм баланы түсініп, ұғып оқуға үйрету.

Осы айтылғандарды қорытқанда, төрт бөлімді бастауыш мектепте ана тілінің үлгісі осы болады:

Оқу, жазуға үйрету.

Хат жазуға жаттықтыру.

Ауыз һәм жазу сөзді дамыту.

Баланың ұғымына лайық ауызша һәм жазба әдебиет түрлерімен таныстыру.

Ұғып, түсініп оқуға жаттықтыру.

## I

Оқу, жазуға дыбыс жолыменен үйретіледі. Хат танытудың түрлі жолдарының ішінде табыс жолынан төте һәм негізгі жол жоқ. Осы дыбыс жолыменен құралған А.Байтұрсынов әліппесіне қарап жазылған, кыргызша Арабайұлының әліппесі бар. Ол әліппе бойынша, қалай хат танытудың жолы қазақша Байтұрсынұлының «Баяншы» һәм «Әліппе

астары» деген кітапшаларында көрсетілген [1.]. (Арабайұлы өзінше жазып болмаса, әліппе астарымен «Баяншыны» қырғызшаға аудару керек істің бірі. Өзірше осыларды қолдану керек).

Мұғалімдер әзірше осыларды жолбасшы қылсын. Және де әліппені баланың қолына беріп қойып, осынан бұлтартпай жүремін деу қате. Сөзбенен танысу болған соң, бала кітапқа көп байланбасын.

## II

Хат жазуға жаттықтыру.

Хат жазуға жаттықтыру жолының негізі.

Баланы хат жазу бойынша дұрыс жазуға жаттықтыру керек. Бұл үшін хат жазылатын сөйлемнің ішіндегі күмәнді сөздерден бастап, жеке дұрыс жаздырып жаттықтыру керек.

Баланы қателестіретін себептерден мұғалімнің өзі қашу керек. Яғни, мұғалім сөзді көмескі айтып шәкіртті қателестірмесін. Және шәкірттің жазғанындағы қатені түзетпей тастамасын. Қате сөздің астын құр сызып кетуден пайда жоқ. Және баланың оқып отырған, көшіріп отырған кітаптары дұрыс емелі болсын.

## III

Ауыз һәм жазба сөзді дамыту жолдары.

Мұғалім баланы ауыз һәм жазба сөзбен дамытайын десе, алдымен жанындағы әсерлерін не ауызбен, не жазумен жарыққа шығаруға баланың ынтасын оятсын. Бала осындай ынтасы оянған уақытта, мұғалім оны ауызға қақпай, не ауызша, не жазуменен сөйлетсін. Солай сөйлегенде: сактықпенен, сөздің мәнді болуына, сұлулығына һәм дұрыс болуына жаттықтырсын.

Ойды (пікір) неше түрлі сөзбенен жарыққа шығаруға мүмкін екендігі балаға терең ұқтырылсын.

Жанындағы ойды, әсерді жарыққа шығаруға ынтаны бала не жаратылыстан алады, не айналасындағы адамдардың тұрмысынан алады. не искусстводан алады. Енді осының әрқайсысын айырып қарайық. Жаратылыс: әр бала бір жерге камалмай, еркін жаратылыстың құшағында болсын. Қызықты, сұлу жерлерге экскурсияға әдейі алып барсын. Экскурсияға беталды жадағай-жайдақ алып бармай, бұрыннан дайындалған бір жоспар бойынша барсын. Белгілі бір заттарды, яки көріністерді тексеру үшін. Мысалы: көктің түсін, бұлттардың түрін, құмырсқаның илеуін, құстардың ұшқанын, жапырақ гүлдердің түрін, түстерін тексеріп қарау сияқты. Мұндай тексеру кезінде алған әсерлерін сөзбенен жарыққа шығаруға ұмтылуы һәм баланың аузына терең, сұлу сөздердің түсері анық нәрсе.

Балаларға түрлі тамақтың (қымыз, айран, нан, токаш) қалай жасалатынын, түрлі киімнің қалай тігілетінін тексеріп үйрету керек. Почта, телеграф, аурухана сияқты халық мекемелерін, мүмкін болғанда жақын

жердегі қала тұрмысының түрлерін тексеру керек. Мұндай экскурсия сабақтары баланың жанындағы суретті көбейтіп, бұрыннан бар көмескі суреттерді ашып, аузына сөз салмақшы.

Искусство: Бала искусстводан бастап әсер алсын. Көп әуен тыңдасын, сұлу картиналарды қарасын, театр сахнасымен таныс болсын, кестелі әдебиет түрлерін тыңдасын. Осындай әсер алып жатқан соң, мұғалім жеңіл жұмсақ әңгімемен балалардың алған әсерлерін анық ұқтырсын. Ұқса, түсінсе сол жалаңаш әсерлерін киіндірмек үшін бала сұлу сөзді өзі іздейді. Және театр сахнасында жақсы тексеріп көрген әсерлерін балалар өздері ойнап отырсын, өздерінше сахна әсерлерін жедел ойлап шығаруы мүмкін.

Мектеп: жоғарғы айтылғандардан басқа балаларға көп әсер беретін мектептің өзі. Ана тілі үшін білім беру жағынан мектепті жабдық қылғанда, мұғалім екі нәрсеге ықтияр қылсын.

А). Балалардың ойыны.

Б). Балалардың жиылыстары.

Ойын: баланың денесі қозғалмай тұра алмайды. Сондықтан, бала ойнамай тұра алмайды. Ойнағанда баланың қиялы өткір, хәм ұшқыр болады. Және бала ойын уақытында түрлі әсерлерді ашық алады. Сол себепті баланың тілін дамыту үшін оның ойынын пайдалану керек. Біріне бірі ойынның мәнісін айтқанда, шарттарын ұқтырғанда балалар қысқа, дәл, ашық сөйлейді. Балалар ат болып ойнауы, қуыршақ сияқты көргенін қайталап, ойнаған ойындары баланың қиялын өткірлеп, өздеріне ұғымды әңгіме айтқызады. Бала қайталаған заттарының сөйлеу, жүру, тұруларын ұқсатуға тырысады. Қысқасы: ойын баланың жанына жаңадан сурет салып, бар суреттерді айқын қылып, баланың ана тілін дамытады. Бір ойында баланың тілі дұрыс, өзі үшін кері, қате жолмен кетпес үшін мұғалім балалармен бірге болуы шарт. Бірге болғанда, мұғалім айбатты калыпта емес, балалардың естияр жолдасы сияқты бірге болсын.

Балалардың жиылысы: мектеп жайы сөз болатын балалардың жиылысы олардың тілін дамытуға жақсы құрал. Мұндай жиналыстарды дұрыс пайдалану үшін мына шарттарды орындау керек:

А). Жиылыста қаралатын мәселелер барлық баланы қызықтыратын болсын.

Б). Жиылысқа қатысқан балалар өздерінен басқаның пікіріне тез қызығып кететін болсын. Лайықсыз бір сөзі үшін, сөйлеген баланы күлкі қылып әдеттенбесін.

Т). Жиылыста батыр, шешен балалар ғана сөйлеп, момын, жуас балалар сөз айтпай қалмасын, жиылыс бастығы осыған ықтияр қылсын.

Жиылыс бастығына осындай ауыр жүк жүктелетіндіктен, бастапқы жиылыстарда мұғалім өзі жиылыс бастығы болу керек. Бірақ, мұғалімнің айбаты мен атағы балаларды сүйреп кетіп жүрмесін. Яғни, мұғалім жиылыстың тәртібін аяқтағаны, басқарғаны болмаса, аса бір керек болмағанда, қаралып жатқан мәселеге қатыспасын.

Ал, енді жоғарғы оқу бөлімдерде жиылыстарға кезектесіп, балалардың өздері бастық болсын. Жуас балаларды мұғалім ұрсып бастық болуға даярласын.

Жоғарыда айтылған нәрселер: яғни жаратылысқа көпшілік тұрмысына, экскурсияға шығару, искустводан эсер алғызу. Балалардың ойындары һәм жиылыстары – бұлардың бәрі баланың артықша ауыз сөзін дамытатын нәрселер. Ауыз сөзді дамыту, жоғарғы бөлімдерде істелмегенімен, артықша бастапқы бөлімдерде көп істелетін нәрсе. Бала жаза біліп, ауыз тілі дұрыс жолға қойыла бастауыменен бірге баланың жазу тілін жөндеуге кіріскенде, мұғалім олардың ынта қойып істегенін күзетсін.

Баланың жазу тілін дамытатын нәрселер:

А). Сөйлемшелер түзу.

Бұл іс бірінші бөлімде істеледі. Сөйлемшелерді тұрмыстан алып түзу керек.

Мәселен: «қар жауды», «қайнаған су», «шикі су ішпейік», «есікті жауып жүрейік», «бүгінгі кезекші – Аманбай», «Бүгін – наурыз мейрамы»... деген сияқты. Мынандай сөйлемшелерді ең әуелі барлық бөлім (сынып) тізіп, онан кейін кезегіменен әр бала жазып, мектептің әр жеріне іліп қояды.

Б). Күнделік – календарь.

Тексерген зат, яки көрініс туралы. Бұл іс бірінші, екінші бөлімдерде істеледі. Яғни, сыныптың бір жақ қабырғасына жабыстырылған ұзын ақ қағазға барлық сынып, ең болмағанда жылына төрт айда өздерінің тексергендерін жазып береді. (Күзінде – сентябрьде, қысында – январьда, жазында – апрельде һәм жаз басталарда – майда).

Істің реті мынадай: 1). Бала қағазға жыл, ай саны, күнді жазып тексерген уақыттағы жаратылысты, мектеп тұрмысының бір түрін сурет қылып салады. 2). Суреттің астына балалар сол тексерген күндегі болған оқиғаны жазады. Мәселен: «жаңбыр жауады», «суға түстік», «ат болып ойнадық»... деген сияқты. 3). Сол күні алған эсерлерге байланысты не зат, не кітаптан көшіріп қысқа бір өлең, мақал, жұмбақ жазып қою керек. Айдың аяғында: жазылып болған қағаздар бір дәптер болып түптеліп, сыртына сол айға лайық сурет салынады, не өлең жазылады. Жоғарғы үшінші, төртінші сыныптарда бұл күнделік-календарь ісі осылай жүре береді.

Бір мынандай өзгерістер болуы керек: 1). Жаратылыстың жалпы картиналарының алмасқанын, қыстың жазға, жаздың жайға, жайдың күзге, күздің қысқа алмасқанын тексеріп, аз-аздап қағазға түсіре беру. 2). Малдың һәм басқа жануарлардың өмірінің тұрмысының өзгерісін. 3). Адамзат еңбегінің, яғни тұрмысының өзгерісін тексеріп қағазға түсіре беру сияқты.

Т). Тексергеннен есеп беру.

Үшінші жылдан былай қарай бала әр бір тексергенінен есеп беріп үйренсін, үшінші жылдың ортасынан былай қарай толық есеп берсін.

Мәселен, бір бала сыныпка бір тасбақа алып келеді, балалар оны бір ыдысқа салып қояды. Ең әуелі ұстағаннан жейтін тамағы не екенін білу керек, оны білу үшін балалар түрлі тамақ алып келіп қарайды. Онан соң тасбақаның әдеттерін тексереді. Қай уақытта ұйықтайды, қандай уақытты жақсы көреді екен... деген сияқты. Осындай тексерулердің бәрі айрым дәптерге жазыла береді. Яғни, кезекшілер жаза беруге тиісті. Уақыт өткен соң, сыныптың барлық баласы тексеру есебі жазылған дәптерді карап, қатесін түзетеді. Онан соң, сынып түгеліменен тасбақаның жайын жазады.

Осындай жолмен бір өсімдік тексеріліп, оның жайынан толық есеп беріледі. Әр сабақтан кейін, бір бала сол сабақта не істелгенін жазады. Содан кейін кезегімен қойылған кезекші бала сол сабақтан не істелгеніне толық есеп жазып береді.

Мұндай есептерге көп бұйым материал беретін экскурсиялар (сай-рандар) сынып түгеліменен белгілі мезгілдерде не істелгенінен толық есеп береді. Мәселен, қыс бойына, күз бойына, жаздай, көктемде әр айда, болмаса жоғары сынып балаларына есепті бөліп беруге болады. Мәселен, бір топ бала не істелгенінен есеп береді. Бір тобы – экскурсиялардан есеп береді. Бір тобы балалар сабақтан қалмай келіп жүрді ме? Не қалды ма? Осыдан есеп береді. Осындай істерінен жазып есеп беруге үйрене берсе, төртінші сыныпта балалар жиылыстың істерінен есеп беруге, қараларын жазуға да шамасы келетін болады.

Жоғарғы: а), б), т) – әріптерімен көрсетілген жолдарды орындауда есте болу керектігі:

Баланы қандай нәрсемен айландырсаң да, бала сол ісіне ынталы болсын, қызық көрсін, өте керекті бір нәрсе істеп жатырмын деп түсінсін.

Бастауыш мектепте ана тілін үйрету кезінде, есеппен таныстыруда, жаратылыс жайынан білім беруде барлығы бір ғана мұғалім болу керек. Сондықтан мұғалім барлық білімге ана тілін негіз қыла білсін. Болмаса, тілі түзелмеген, ойын сөзбен түсіндіре білмейтін, сөз болып жарыққа шыққан ойды түсіне алмай тұрған жас балаға білім беру еш мүмкін емес.

Ж). Еркін емле: мұғалім қысқа әдеби әсерді оқиды (бастапқы кезде 10–15 жолдан аспау керек). Екінші рет бөлімдерге бөліп оқиды. Әр бөлім толық хәм жеке мәнді болуы шарт. Мұғалім бір бөлімді оқытып болған соң, балалар сол бөлім естерінде қалай қалды, солай жазады. Мұғалім қайта-қайта оқымайды.

Мәселен: «Әліппенін» ішіндегі «Баксы» деген мақаланы әуелі түгел оқып шығады. Онан соң, мақаланы үш бөлімге бөліп, бірінші бөлімін оқиды.

«Бір қырғыздың ақшасы ұрланыпты, кім алғанын біле алмай, баксыны шақыртыпты». Балалар осы сөйлемдердің мәнісін естерінде қалай қалса, солай жазады. Онан кейін мұғалім екінші бөлімін оқиды. «Баксы ауылдағылардың бәрін қоймай жиғызыпты, етіктерін шештіріп,

жалаңаяқ қылыпты; «Мен жынымды шақырамын, ол жылан болып келіп ақшаны алған ұрының аяғын шағады» деп. Балалар осы естерінде қалғандарды жазады. Мұғалім тағы оқиды: «Онан соң, қомызын алып арбап жынын шақырып отырып «ал шақты!» дегенде, ұрының аяғы етікке кіріп кетіпті. Балалар естерінде қалғанын жазады.

Еркін емленің пайдасы сол: мынандай емледе шәкірттер зейінін, іскерлігін пайдаланып сөздерді ғана жаттап алып қалуға ұмтылмай, толық бір суретті картинаны естінде сақтап қалып, осыны өз сөзімен жазады.

Сөйтіп, бала басқалардың сөзін, ойын тез іліп алып, оның ұмытылып қалған сөзінің орнына өзі сөз қосып жазып беруге жаттығады.

Х). Көшіру. Қысқа әдеби шығармаларды түгел не сұлу жерлерін тандап көшірту керек. Көшірткенде, байқайтын нәрсе, бала көшірген әсерінің сөзіне ынтасын қоймай, құр әріп артынан әріп тізіп отырмасын. Байыбына жетіп түсініп, түгел сөйлемдерді көшірсін. Бала көшіруге кіріспестен бұрын, сол көшіретін шығармасын кітаптан оқып шықсын. Ішінде түсініксіз сөздер болса, мұғалімнен сұрасын. Онан соң, бір сөйлемді оқысын да тұтас көшірсін. Күмәнді болғанда ғана әріптерін бөлек-бөлек қарасын.

Д). Сурет бойынша шығарма жазу. Сурет баланың ойын һәм қиялын оятады. Сондықтан, баланың қиялын дамыту үшін суретті пайдалану керек.

Сурет бойынша шығарма былай жазылады: сыныпқа бір әңгімені баяндайтын бірнеше сурет алып келінеді. Бастапқы бірінші сурет көрсетіледі. Мәселен: бір бұлақтың үстіне салынған жалғыз тақтайдың үстінде біріне-бірі қарсы екі теке келе жатқан сурет екен. Мұғалім сұрайды. Мұнда не суреттелген?

- Екі теке.
- Олар қандай жерде келе жатыр?
- Бұлақтың үстіндегі көпір болған тақтайда.
- Бұлақтан қайтып өтеді?
- Тақтаймен.

Балалар осы сөздерді жазады. Мұнан соң екінші сурет көрсетіледі. Сол екі текенің сүзискен суреті. Мұғалім түрлі сұраулармен балалардан тиісті жауап алады. «Екі теке бір-біріне жол бергісі келмей сүзісе бастады». Үшінші сурет екі текенің суға құлағаны. Мұғалім тағы сұрап балалардан: «екі теке екеуі де суға кетті» деген жауап алады. Бұл жауаптардың бәрі тең жазыла береді. Сөйтіп, осы жауаптан жиылып әңгіме шығады. Балалар жазғандарын жиып, артығын алып, кемін толықтырып ат қойған соң, жауаптардан құралған әңгімеден сурет бойынша балаларға жазылған шығарма шығады. Осыған ұқсас былай істеуге де болады: Балаларға тұтас бір әңгіме оқылады. Әңгіменің әрбір бөліміне лайықтап балалар сурет сала береді. Сөйтіп, суретпен бір әңгімені оқуға һәм ұқтыруға болады. Мұндай іс балаларға ұғымды һәм қызық та болады. Балалар осындай суреттер бойынша шығарма

жазуға жаттықса, оларды бір суретпен толық шығарма жазуға үйретуге болады.

Искусстводан (шеберлік) әсер алған соң кеңес. Балалар искусствонын бір түрінен әсер алған соң, мұғалім олармен кеңесуі керек. Кеңес – ұзын бір сабаққа айланмасын. Жәй сұрау керек. Мәселен: сахнадағы адамның қайсысы ұнады, не үшін, қандай картина ұнады деген сияқты. Осылардың ішінен бір қымбатты әсер, тарихқа сай әсер болсын. Мұғалім тарихи оқиғаны айтып береді.

Кейбір кестелі шығармалар баланың еліктеу сезімін оятып, баланың өзі сондай шығарма шығарғысы келеді. Әлбетте, баланың бұл талабын құттықтау керек. Бірақ, осындай талапты міндетті қылу дұрыс емес.

3). Баланың өзінің шығарма шығаруы. Қиялын арттыру үшін төртінші сыныптағы балаларға мынадай іс беруге болады. Мұғалім бір қызық әңгіме оқып береді, не ауызекі айтады. Әңгіме ішіндегі ерлердің мінезі, беталысы айқын білінген кезде тоқтайды да, балаларға әңгімені өзің жазып аяқта дейді. Және бір әңгімені, яки бір мазмұнды сыртқы шарттарын өзгертіп, жаңа әңгіме қылып та жаздыруға болады.

С). Басқа мектептермен хат жазысу. Мектептің бір сыныбы мен екінші сыныбын хат алыстыруға болады. Артықша бір мектеп пен басқа мектептермен хат алысса, қызық болады. Хатты балалар қосылып отырып жазады. Өздеріндей мектеп балаларына емле жазуға керек. Ақылдасып отырып. Алынған келген жауап хат сыныпта жария оқылады. Мынадай жазысу баланың ой-өлкесін кеңейтіп, сырттан болса да басқа мектеп, басқа балалармен таныс қылып, олардың жай-күйін білдіріп, балалардың әлеуметтік сауатын арттырып тұрғандығында сөз жок.

4). Мектеп журналы. Бастапқы сыныптарда балалардың түрлі нәрселер туралы жазылған шығармалары. Салынған суреттер бір дәптерге жиылып, журнал болып сақталады. Жоғарғы 4-ші сыныпта балалардың өздері үйден жазған шығармаларын, өлеңдер, әңгімелер, ертегілер суреттер сияқтыларын жиып, журнал шығару тәжірибесіне кірісуге болады. Осындай журнал шыққан сайын сыныпта оқылып, барлық сынып қатысып сынайды. Сын уақытында мұғалім балалардың ерегесіп, бірінен бірі кек алуға кіріспеуін байқап отыруы керек.

5). Оқу, яғни әдебиетпенен таныстыру һәм ұғып оқуға жаттықтыру. Бастауыш мектепте оқытылатын әдебиет түрлері балаларға анық, ұғымды болып, баланың ойын ашық бір жолға салып жіберетін болсын. Жаксылыққа, қайырымдылыққа, шындыққа, адалдыққа, елшілдікке, көпшілдікке шақырсын. Қырғыз тілінде ауызша һәм жазба әдебиетінің сұлу өрнектерін терген балаларға арналған оқу кітаптары жок. Мұғалім қолындағы бар «қырғыз әліппесіне» қамалып отырмай, ауызша һәм жазба әдебиеттерден өзі тандап, балаларға бере білсін. Сұлу аңыз-әңгімелердің бір жері балаларға түсініксіз болуы мүмкін. Ондай жерлерді еппен білдірмей, ойсыратпай алып тастай білсін. Ең

төте дұрыс жолы қырғыз мектебі мектеп болсын деген білімі бар шын мұғалім, балаларға лайық оқу кітаптарын өздері түзуге кіріссін.

Шығарманы оқыған соң, мұғалім балалармен мынандай үлгіде кенесу керек.

Әңгіменің ізі белгіленеді. Сұрау арқылы, яки әр бөліміне ат қойып, жоспары жасалады.

Шығарманың өте керекті күшті жері анықталады.

Ішіндегі ерлердің істері сөз болады. Іштерінің себептері тексеріледі.

Бұл шығарма тілінің басқа шығарма тілдерінен айырмашылығы табылады (табылған сөздер, сөйлемдер дәптерге көшіріліп алынады).

Шығарманы терең ұғу үшін балалардың өздері шығармаға қосымша ой кіргізулері, яки қысқартулары пайдалы. Мысалы: қазақ ақыны Абайдың «Шегіртке мен құмырсқа» деген мысалын оқыған соң, балаларға мынадай сұраулар беруге болады:

Жаздай шегіртке не қылған, құмырсқа не қылған...

Бұл мысалды қалай қысқартуға болады? Мынадай: шегіртке жаз бойы жұмыс қылмаған, күз болғанда жәрдем сұрап құмырсқаға барған, құмырсқа түк жәрдем көрсетпеген. Қысқасы, бір шығарманы ұғу үшін оның түрін, сырын, беталысын, яғни неге шақыарын, бағытын тексеру керек.

– Оқылған шығармада қандай ерлер бар?

– Оқиғаның болған уақыты һәм шарттары.

– Әңгіменің басында, ортасында, соңында толық айтылмаған немене бар?

1) Шығарманың қай бөлімі аса қымбат?

2) Қандай сөздер, сөйлемдер артықша айтылған?

3) Осы шығарма бойынша қандай суреттер салуға болады?


4) Қандай жерлерін драмаға<sup>1</sup> айналдыруға болады?

5) Қай жері көтеріңкі, күңгірт, қуанышты, қайғылы?

Шығарманы осылай тексерген соң, оны түгелімен әңгіме қылып қайта айтуға болады. Ерлердің мінезін тексерген соң, драмаға айналдыруға, шығармаға балалардың өздеріне қосымша жасатуға һәм қысқартуға болады.

1) Драма (театр ойыны)

Аяғы.



## МАҒЖАН ӨЛІМІНІҢ ШЫНДЫҒЫНАН КЕҢЕСТІҢ ӨТІРІГІ ҚЫМБАТ ПА?

Кейінгі кезде «Мағжан Жұмабаев 1938 жылы атылмаған» деген сөз шыға бастады. «Магаданда айдауда жүрген жерінен Баукең көріпті» дейді. Ол 1948 жылы болса керек, яғни ату жазасына кесілгеннен 10 жылдан соң.

Ал, Баукеңнің өтірік айтпайтынын барша Алаш жұрты біледі. «Алаш айнасы» бұл тақырыпқа арнайы бет арнап, «біледі-ау» деген ғалымдар мен көзіқарақты мамандардан мән-жайды сұраған болатын. Таяуда редакциямызға ақынның немере қарындасы Райхан апамыз (Мағжан Жұмабаевтың інісі – Қалижанның қызы) хабарласты. Жасы жетпістің жетеуіне келген кейуана ақиқатты іздеп, Магаданға дейін барып қайтыпты. Біз ол кісімен сұхбаттасқанды жөн көрдік.

Күтпеген хабар Колымаға жол тарттырды.

– Мен Мағжанның туған інісі Қалижанның қызымын, атым – Райхан, – деп бастады әңгімесін сексенге келіп қалса да, ажарын бермеген апамыз. – Өттең, дүние-ай, ақын ағаның өзінен тікелей ұрпақ қалған жоқ, бірақ туыс-тума, жалпы Жұмабаевтар әулетінен Мағжан ағаның бар-жоғын түгендеп жүрген Қызылжарда, яғни туған жерінде Тасболат деген інісінің ұлы екеуміз ғана. Былтыр қатты ауырып, жансақтау бөлімінде жатқанмын. Сәл бетім бері қараған шақта маған Саят Жансүгіров хабарласты. Білесіздер ғой, Илиястай ағамыздың ұлы. Екеуміз жақын дос, сырласпыз. Ол: «31 мамырдағы «Жас Алашты» оқыдың ба?» деп сұрады. Ауырып жатып оқи алмай қалып едім. Ауруханадан шыққан бойда әлгі газетті тауып, оқыдым.

Сөйтсем, онда Атыраудың Құлсарысында тұратын Абдолла Әбдірахманов атты 92 жастағы қарт кісі кезінде өзінің Магаданда, Колыма лагерінде Мағжан ағаммен бірге отырғанын айтыпты. Мәссаған, 1938 жылы атылып кетті деп жүрген ағамыз бертінге, 1951 жылға дейін тірі болыпты. Өз көзімен көрген адам міне тұр. «Егер туыстары болса, тіпті сол Мағжан жерленген жерді апарып көрсетіп, көрген-білгендерімді айтар едім, ақын аманаты әлі күнге мойнымда тұр, күні ертең арғы дүниелік болып кетсем, ол аманат мойнымда кетеді, екіншіден, қиянат жасаған болып табылам», – деген қария сөзінен сон өшкенім жанып, өлгенім тірілгендей егіліп жылап алдым.

Ол кісіге сол сәттен бастап ризамын, жасына қарамай, бізді сонау жер түбіндегі Магаданға бастап апарғанына да тіпті тәнті болдым. Тіпті 92 жастағы ол кісі түгіл, 77-дегі менің өзімнің сондай ұзақ жолға шығам дегеніме балаларым: «бес минуты кем 80-десіз, ауруханадан шыққаныңыз да кеше», – деп қарсы болды. Сонда да бой бермей: «Мен бәрібір барамын, осыдан Мағжан ағам үшін жолда өліп кетсем, арманым жоқ», – дедім.

Расында, жол алыс та ауыр екен, қазақ текке «итжеккен» атамаған ғой: Мәскеуге дейін ұшақпен төрт сағат, ары қарай Магаданға дейін 12 сағат ұштық. Магаданның губернаторы қайта құдайына қараған

азамат екен, әрі қарай Колымадағы лагерьге дейін тағы 650 шақырым кедір-бұдыр жолға төтеп беретін көлік пен қасымызға жол бастаушы адам қосып берді. Әйтеуір, әупірімдеп ит арқасы қияндағы Сусуман ауданына да жеттік қой. Ауылдың аты да қазақшаға ұқсайды екен өзі, Берелех деп аталады. Әбекен, Абдолла ағамыз, өзі отырған лагерьді көргенде жылап жіберді. Бір кездері көрген азабы, тозағы есіне түскен шығар. Мағжан ағамен сол жерде отырғанын, қалай көргенін айтып берді. «Қай киырда жүрсе де, адам өз қанын іздейді екен ғой, лагерьден өзім секілді қазақты кездестіргенде, ауылымды көргендей елжіреп, көзіме жас келгенін, сол сәттегі сезімді тілмен жеткізе алмаймын. Ал Мағжан ағаның бойынан ақсүйектігі білініп тұратын, яғни қандай азап көріп, қандай жаман жерде жүрсе де, тектілігі білініп тұратын. Қайта-қайта: «Сәбиттің көзіне бір қарар ма еді, шіркін» деп айтатын», – дейді.

– Сонда Мағжан ағамыз лагерьде қашаннан бастап отырған?

– «Атылды» деп шығарған 1938 жылдан 1951 жылға дейін сол азап лагерінде жүргенге ұқсайды. Бұл деректің шындығын растайтын бір адам да бар, ол – өтірік айтуы екіталай қазақтың қаһарман батыры Бауыржан Момышұлы. 1948 жылы соғыс біткен соң да әскери тапсырмалармен жүріп, сол Магадан жеріне жолы түссе керек. Сонда «осындағы азап лагерінде қазақтың бір ақыны айдауда жүр» деген әңгімені естіп, әуелі естіген әлгі деректің растығына көз жеткізу үшін, екіншіден, оның кім екенін анықтау үшін барыпты. Сол жерде Мағжан ақынды көріп, таңғалып әрі оның аянышты халіне жаны ашып, намысы келіп, елге барысымен шығарып алуға кіріспек болады. Бірақ, оны сезіп қойған сол кездегі басшылық Баукеңді шұғыл әскери бұйрықпен басқа жерге жібереді де, сол бойына екеуі кездесе алмай қалады.

Әбекеннің айтуы бойынша, Мағжан лагерьде 1951 жылға дейін отырыпты. «Бір күні, – дейді Әбекен, – Мағжанның тіпті жүруге шамасы келмей, еңбектеп қалды». Қасына барып хал сұраған екен: «Аяқтарың ісініп кетіп, баса алмай тұрмын, еңбектемеске лаж жоқ», – деп, сол еңбектеген күйі қара жұмысын істей беріпті. Қалай ауырмасын, өзі ол жердің қысы адам төзгісіз, 50–60 градус суық, одан мұзды судың түбінен құм алдырып, ол құмды елетіп, алтын іздетеді екен. Ал, беретін тамақтары күніне небары 400 грамм нан ғана. Ауырмай қайтсін?

Сөйтіп жүргенде, көп ұзамай Әбекен таңертең далаға шыққанда сондағылардың аузынан: «Мағжан умер», – деген қаралы хабарды естіген. Жүгіре жеткенде, ең аяныштысы сол, оны: «қазақтың сондай бір беткеұстар тұлғасы-ау», – деген ешкім жоқ, күрекпен алып, ары ысыра салған. Жалпы, лагерьде кім өлсе де, олардың жансыз денесіне қарап, рәсімін жасауға ешкімнің құлқы да, мүмкіндігі де болмайтындықтан, жан-тәсілім еткендер сол құлаған жерінде қала береді екен. Кейін барып оларды жинап әкетіп, бір жерге топтап көме салады. Соны естігенде қалай жыламайын?!

– Ақынның, әсіресе тәнінен гөрі жаны азапқа түскен шағында өлең жазбауы, іштегі ыза, намыс, мұң мен шерін тарқатпауы мүмкін

емес секілді, сол лагерьде өткізген жылдарында Мағжан ағамыз еште-не жазбапты ма, сұрадыңыз ба Абдолла қариядан?

– Әрине, жазған. Бір қойын дәптерге түртіп жүрген іштегі мұн мен шерін өзі көз жұмарынан біраз уақыт бұрын осы Әбекеңе беріпті. «Алматыданмын деген біреуді көрсен, соған бер», – деген екен. Ал, ол кісі тағдырдың күллі шығалаң тұсында әлгі дәптерді жоғалтып алса керек. Сол үшін ақсақал өзін-өзі кешірместей кінәлап, сондай қатты қапаланады. Негізі, Әбекең қолжазбаны әлдекімнің әдейі ұрлағанын айтады.

Әбекең әлгі Колымада он жылдай отырған. Осы жолы бізді бастап барғанда бүгінде музейге айналған барактардан өздері кезінде жұмыс істеген қайла, күректерін көріп: «осылар біздің қанша жыл қолымыздан түспеді ғой», – деп жылап жіберді. Мағжан аға жайлы айтқанда да үнемі көзіне жас алды. Өзі ширақ, тың, әйтпесе жасы жүзге жақындап қалған кісі ғой. «Төрімнен көрім жуық адаммын, ертең кенеттен олай-бұлай болып кетсем, бұл ақиқат өзіммен кетпесін әрі арғы дүниеде Мағжанның аруағының алдында қалай жауап берем?» – деп ойласа керек. Әйтпесе, жол шынында қатерлі еді. Екі мәрте ұшақтан әрі қарай да 700-ге жуық шақырым көлікпен кетіп бара жатқанда, үнемі жүргізушінің бетіне қарадым да отырдым. Егер сәл қалғып кетсе, біздің бір биіктен сайға құлдырап кетуіміз әбден мүмкін еді.

Жұртты шатастырғандардың бірі – Зылиха жеңгеміз.

– «Мен Мағжан айдауда болғанда соңынан 14 рет іздеп бардым», – деген Зылиха жеңгеміздің сөзі шындықтан гөрі өтірікке көп жақын. Ал, қазақтың барлық қаламгерлер қауымы, ғалымдары сол Зылиханың сөзіне имандай сеніп, тарихқа солай енгізіп жіберген. Ал шындығында, жағдай тіпті басқа. Мағжан ұсталысымен, яғни, «атылысымен» көп ұзамай ол жеңгеміз бір татар полковнигіне күйеуге шыққан. Ленинградта сол кісімен тұрды.

Мен қанша рет Мағжан ағаның делосын сұрап едім: «дело жоқ, жоғалған», – деп маған берген жоқ. Сонда ол қайда? Егер өз көзіммен істі оқып шықсам, Мағжан аға лагерьде қалай өмір сүрді, оған кімдер келіп-кетті, тергеу қалай жүргізілді, барлығын өз көзіммен көрер едім.

Мен білетін бір ақиқат – інісі Сәлімжан Мағжан ағаның артынан іздеп барып, кездескен. Сонда Зылиханы: «туысқан қарындасымыз еді», – деп алдап, әрең кездестірген. Сөйткен Зылиха кейін ағамызға емін-еркін қалай баруы мүмкін, бір емес, 14 рет? Осы тұста қисынсыздық, яғни «өзі жоқтың көзі жоқ» деп айтыла салған өтірік бар секілді. Сөйткен адамның сөзіне имандай ұйып, тіпті Зылиханың өзін «лагерьде 14 жыл отырды» қылып шығарып жатқан ғалымдар да бар. Менің соған жаным ауырады. Шын мәнінде, Зылиха апамыз айдалған жоқ. Ең бір таңғаларлығы да сол, басқа «халық жауларынын» әйелдері Сібірге айдалып, сондай ит азапты түрмені көрсе, Зылиха жеңгеміз емін-еркін өмір сүрді, ешкім оған саусағының ұшын да тигізген жоқ. Бұл да – күдікті жағдай.

Тағы бір күдікті жағдай – ол кезде бір қаладан екінші қалаға бару деген қатаң тергеумен жүргізілді, ал Зылиха еркін жүріп-тұрды-мыс. Сондай-ақ, ол кісіден ағамыздың қолжазбаларын, өзіндегі мұрағатын сұрап еді: «білмеймін, не до этого было», – деді де, қоя салды. Қалай ғана Мағжанның жары бола тұра, оның жазған дүниелерін сақтап қалуға тырыспаған? Мысалы, әлгінде айтқан Мандельштамның әйелі вокзалдарда скамейкалардың астына тығылып жүріп, акын өлеңдерін, қолжазбаларын сақтап қалған, жанталасқан. Қазекемнің намыссыздығына күйінемін осы тұста, әлгіндей әйелді «Мағжанның сүйгені» дейді. Ал, акын аға шын мәнінде Санкт-Петербург университетін тамамдап, мұғалімдер семинариясында өзінің қол астында оқытушы болып жұмыс істеген Гүлсімді және Жәмиланы сүйді. Жәмиламен үйленгелі тұрған шағында басына түскен түрлі жағдайлар екеуін екі жакқа айырып жіберген ғой. Әттең, ағамыздың өз кіндігінен ешқандай ұрпақ қалған жоқ.

– Қолжазбалар қалай сақталды? Мағжан ағамыздың өлеңдерін бүгінге жеткізген кім?

– Әмина Нұғыманова деген қазақ қызы Қытайдан келеді. Сол кісі Мағжанның 1923 жылы шыққан өлеңдерін «әйелі ғой» деп Зылихаға әкеліп берген. Ал оны Хамза Абдуллин атты Мағжан ағаның шәкірті бастырып, жарыққа шығаруға көп еңбек сіңірді. Хамзаның еңбегін қалай айтсақ та жарасады: өзі Колымадан жана келген, қолына қарап отырған шиеттей бала-шағасы бар, алатын зейнетақысы тым аз, соған карамастан, ұстазының әлгіндей еңбегін тығып жүріп бастырып, Алматыдағы зиялы дегендердің бәріне таратып берді. Соның біреуін маған да берген.

Жетімдік таксіреті Жұмабаеваға жуа да сатқызды...

– Сіздер Мағжанның жақын туыстары ретінде қуғындаландыңыздар ма?

– Жоқ, қуғындап, бізді айдаған жоқ. Бірақ, үнемі «дәл қазір біреу алып кететіндей» сондай бір қорқыныш пен үрейде өмір сүрдік. Темір торға қамалмасақ та, «халық жауының» туысы деген ат жамылып, еркін өмір сүре алмадық. Жетімдіктің тауқыметін тарттық. Балалық шағым нағашыларымның қолында Омбыда өтті.

– Неге, екеңіз қайда?

– Сол тұста өзі «халық жауының» туыстары не болатынын, не істеу керектерін білмей, жандалбасаға көшті ғой. Менің шешем де елден, «халық жауларының әйел, бала-шағасы түгіл, туыс-тумаларын түгел қамап жатыр екен», – деген сыбыс естіп, мені алып, біршама жұртпен бірге Ауғанстанға қашпак болыпты. Әкеміз қарсы болып, ешқайда кетпеу керектігін айтқан. Содан екеуі келісе алмаған болуы керек, анам жолға шыққан да, әкем елде қалып қойған. Кейін өзінің тегін қайта-қайта ауыстырып жүріп, әйтеуір, Курскінің әскери қаржы институтын бітірді. Ал, біз болсақ сол қашып бара жатқанда, Душанбеден ары өткізбеген соң, қайтуға мәжбүр болыппыз, әйтеуір, нағашыларымызды

паналаппыз ғой. Тұрмыс өте ауыр еді. Репрессия, содан көп өтпей соғыс басталды.

Балалық шағымды еске алғанда, үнемі көз алдыма өзімнің вокзал маңында нан мен шай сатып отырған кейпім келеді. Ол Куломзина деген теміржол стансасы еді, сонда соғысқа аттанып бара жатқан солдаттарға азық болсын деп алып шығамыз ғой. Күнелтудің көзі жалғыз сол болатын ол тұста. Өзім онға толар-толмас жастамын. «Кішкентаймын, қолымнан келмейді» дейтін әңгіме болмайтын бізде, басқа түсті, біз көндік. Кейде тіпті өзіміз жеуге нан таппай қалған да кезіміз болды, ондайда нан табу үшін вагон аралап пияз сататынымын. Бірде пиязым өтпей, әбден қорландым, өзімнің жетімдігім мен тұрмыстың ауырлығын қатты сезініп, содан Ертіске кетіп өлгім келді де. Тіземе дейін суға кіріп: «неге менің өмірім осылай болды екен?!» – деп налып тұрған шақта, әйтеуір, жүрек түбінде бір үміт оты қылт етіп, алдымыздан жарық күннің туатынын құлағыма сыбыр еткендей болды. Сосын өлім жайлы қорқынышты ойдан бас тарттым да, ілби басып үйге қайттым.

Ақын өмірінің ақиқатынан кеңестің өтірігі қымбат болып тұрғандай...

– Апа, әлгіндей «Мағжанды көзбен көрдім, Қолымада бірге отырдым», – деген көзі тірі куәгер бар, олай болса, ендігіде ақынның өмірбаянына өзгеріс еніп, тарих қайта жазылатын шығар?

– Қолымаға барып келген соң, тиісті орындардың есігін қағып, «Мағжан атылған» деген деректі жоққа шығаруды, сол арқылы жалған тарихты лақтырып, шынайы дерекке жүгінуді талап еттім ғой. Бірақ, сонда олар мені: «қайдағы бір 92 жастағы қартқа сеніп, өзгерте салатын тарих ойыншық емес, оның үстіне, Кеңес үкіметінің ондай деректерден қателесуі мүмкін емес», – деп тыйып тастады. Яғни, не маған, не әлгі тірі куәгерге ешкім сенген жоқ, құлақ асар түрі көрінбейді. Күні бүгінге дейін қақпаған есігім жоқ, бірақ мені адам ғой деп, айтқан сөзіме құлақ асып жатқан адам көрмедім. Басқа емес, қазақтың қаһарман батыры Бауыржан Момышұлы Мағжан ағамызды көргенін айтты ғой. Ол кісінің өтірік айтпайтынын, ешкімнен қорықпайтын ержүрек мінезін күллі қазақ біледі, әлі күнге аңыз қылып айтады. Шынымды айтсам, бүгінде не істерімді білмей дал болып отырмын. Енді бір ғана жағдай қоғамды елең еткізбесе...

– Ол қандай жағдай?

– Таяуда Мағжан ағамды көрген, Қолымада бірге отырған Абдолла Әбдірахманов ағамыз Алматыға келіп, пресс-конференция беріп, дүйім жұртшылық алдында өзінің Мағжанмен бірге лагерьде отырғанын айтады. Жаратқан ол кісіге сол күнге аман-есен жетуді жазсын. Түбі Мағжанның өтірік өмірбаяны жойылып, шындық жарыққа шығуға тиіс қой.

*«Алаш айнасы», 03.04.2018*

## М. ЖҰМАБАЕВТЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫ

**Өлеңдер:** «Қазақ тілі», «Жер жүзінде», «Өнер-білім кайтсе табылар», «Күншығыс», «От», «Пайғамбар», «Қазағым», «Сорлы қазақ», «Қарағым», «Жастық, байлық, қол қусырып бос жүру...», «Жұлдызды – жүзік, Айды – алақа ғып берейін», «Шын сорлы», «Бұлбұл», «Өлең», «Мен сорлы», «Тез барам», «Алыстағы бауырыма», «Жаралы жан», «Тәңірі», «Жан сөзі», «Түркістан», «Берниязға», «Мені де, өлім, әлдиле», «Ой», «Жаз келеді», «Өмір», «Бүгінгі күн – өмір, өлім – менікі», «Бостандық», «Жазғытұрым», «Жазғы түнде», «Айға», «Туған жерім – Сасықкөл», «Мен жастарға сенемін», «Алатау», «Көкшетау», «Жас сұлуға», «Жәмила», «Қарындасқа», «И-ҒА», «Г-ГЕ», «...ҒА», «Ж...ҒА», «Ф...ҒА», «З...ҒА», «Қайғылы сұлуға (Ж-ге арналған)», «Гүлсім ханымға», «Гүлсімге», «Р...ҒА», «Ғазизаға», «Қараңғылық қоюланып келеді», «Анама», «Әже», «Сағат», «Қайың», «Жылқышы», «Домбыра (Қара сөзбен жазылған өлең. Марқұм Ш-ға арналды)», «Балапан қанат қакты (Балапан) журналына арналып қара сөзбен жазылған өлең)», «Сырдағы Алашқа», «Қоңыр жел», «Ескі шаһар», «Сылдырмақ», «Сал-сал білек, сал білек...», «Бөбектің тілегі», «Жұбату», «Қызыл жалау», «Қойшы бала мен күшік», «Мысық пен ет», «Жыл мезгілдері», «Күз», «Жаз», «Қыс», «Немере мен әже».

**Поэмалар:** «Батыр Баян», «Қорқыт», «Ертегі», «Қойлыбайдың қобызы», «Окжетпестің қиясында», «Жүсіп хан», «Қаныш бай кассасы», «Өтірік ертеке», «Токсанның тобы», «Толғау».

**Әнгіме:** «Шолпанның күнәсі», «Гүлсім».

**Ғылыми еңбек:** «Педагогика».

**Мақалалар:** «Бірінші май мейрамы», «Жазылашақ оқу құралдары һәм мектебіміз», «Сайлау», «Ақан сері», «Бернияз Күлеев», «Базар жырау», «Өзбекірі ақсақал Дибеев», «Наурыз», «Қатын алу, ерге шығу», «Дала, кала», «Аймақ ішінде».

**Аудармалар:** «Көнілде қайғы қалдырмас...» (*Арабтан*), «Бала мен құс» (*Орысшадан*), «Ертеңгі сәулелер» (*Орысшадан*), «Шалдың үміті» (*Кольцовтан*), «Тұтқын» (*Лермонтовтан*), «Жау жеңді, берік камады...» (*Әбу Фираттан*), «Күн шығады да батады (М. Горькийден)», «Арабтан», «Дәрігер» (*Дмитриевтен*), «Орман патшасы» (*Гетеден*), «Бұтак» (*Мятловтан*), «Екі бетін, сұлу қыз» (*Гейнеден*), «Айрылдым сенен, жан сәулем» (*Гетеден*), «Күннің батуы» (*Генрих Гейнеден*), «Сарғайып келген егін толқыннанса» (*Лермонтовтан*), «Сұңқар жыры (Максим Горькийден. «Жұртын сүйген жүрек», «Ана», «Темірді жұмсартқан ана», «Хан мен ұлы», «Бала» (Всевольд Ивановтан), «Өз өмірімнен әнгіме», «Темірбай», «Жолығу», «Сай», «Ақбозат» (*Малин-Сибиряктан*), «Большевик баласы» (*Павел Дороховтан*), «Кең дала» (*Мотиннен*).

**М. Жұмабаевтың кітаптары:**

Жұмабаев М. Үзік. – Орал, 1912.

Жұмабаев М. Шолпан. – Қазан, 1912.

Жұмабаев М. Өлеңдері. – Қызылорда, 1922.

Жұмабаев М. Педагогика, 1922, 1923.

Жұмабаев М. Өлеңдері. – Ташкент, 1923.

Жұмабаев М. Бастауыш мектепте ана тілі. – Ташкент. Түркістан республикасының баспасөз тарату мекемесі, 1923. – 19 б.

Жұмабаев М. Бастауыш мектепте ана тілін оқыту жөні. – Москва: СССР халықтарының орталық баспа мекемесі. 1925. – 18 б.

Жұмабаев М. Сауатты бол. – Москва: СССР халықтарының орталық баспа мекемесі, 1926, 1929, 1930 – 29 б.

Жұмабаев М. Шығармалар: өлеңдер, поэмалар, кара сөздер. – Алматы: Жазушы, 1989. – 448 б.

Жұмабаев М. Таңдамалы. – Алматы: Ғылым, 1992. – 272 б.

Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.

Жұмабаев М. Стихи. Буклет. (*К 100-летию поэта. Пер. на рус. Сост. К. Бакбергенев*). – Алматы: Жазушы, 1993.

Жұмабаев М. Үш томдық шығармалар жинағы (*Алғы сөзін жазып, жалпы редакциясын басқарған М. Базарбаев*). – Алматы, 1995. – 512 б.

Жұмабаев М. «Пророк» (*Стихи и поэмы в пер. на рус. Сост. Б. Кананьянов*). Алматы: «Жибек Жолы», 2002. – 400 с.

Жұмабаев М. Көп томдық шығармалар жинағы (*Алғы сөзін жазып, жалпы редакциясын басқарған Ш. Елеукенов*). – Алматы: Жазушы, 2002–2003.

Жұмабаев М. Өлеңдері, прозасы және әдеби зерттеулер/ Құрастырған Ж. Сүлейменов. – Петропавл, 2006. – 428 б.

Мағжан: әдеби-көркем көпшілік журнал. – 2007.

Жұмабаев Мағжан. Көп томдық шығармалар жинағы. 1-том. Өлеңдер, дастандар, әңгіме. – Алматы: Жазушы, 2008. – 208 б.

Жұмабаев Мағжан. Көп томдық шығармалар жинағы. 2-том. Өлеңдер, дастандар, аудармалар. – Алматы: Жазушы, 2008. – 208 б.

Жұмабаев Мағжан. Көп томдық шығармалар жинағы. 3-том. Аудармалар, ғылыми еңбек, мақалалар. – Алматы: Жазушы, 2008. – 232 б.

Жұмабаев М. Батыр Баян. – Петропавл: «Полиграфия» АҚ, 2008. – 36 б.

Жұмабаев Мағжан. Өлеңдер, поэмалар / Мағжан Жұмабаев. – Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2009. – 320 б.

Жұмабаев М. Исповедь / Пер. с каз. А. Кодара. – Петропавловск, 2011. – 376 с.

Жұмабаев М. Адассам елім деп адастым. Өлеңдер. Я солнцем огненным рожден. Стихи / Мағжан Жұмабаев. – Алматы: К5, 2011. – 146 б. – каз., рус. – (*Бірінші республикалық Мағжан өнер фестиваліне орай*).

Жұмабаев Мағжан. Шығармалары (*әдеби басылым*). 1-том: Өлеңдер, дастандар / Құраст. Сәндібек Жұбаниязов. – Алматы: Жазушы, 2013. – 376 б.

Жұмабаев Мағжан. Шығармалары (*әдеби басылым*). 2-том: Әңгіме, ғылыми еңбек, мақалалар, аудармалар, жарияланбаған өлеңдер/ Құраст. Сәндібек Жұбаниязов. – Алматы: Жазушы, 2013. – 376 б.

Жұмабаев М. Сауатты бол. Жауапты редакторы Б. Қанарбаева. Алматы: 2013.

## БИБЛИОГРАФИЯ

1. Абдуллин Х. Жыр жұлдызы: [М.Жұмбаевтың өлеңдері хақында] // Ленин туы. – 1989. – 10,11 нояб.
2. Абдуллин Х. Мағжан // Қазақстан мұғалімі. – 1989. – 11 авг., Қызыл ту. – 1989. – 20 янв., Ленин туы. – 1989. – 17,18 янв.; Коммунизм таңы. – 1989. – 28янів.
3. Абдуллин Х. Мағжан жыр жұлдызы // Қазақ әдебиеті. – 1993. – 26 наурыз.
4. Абдуллин Х. Мағжанның әзіл – сықақтары // Ленин туы. – 1991. – 14 қараша.
5. Абдуллин Х. Несіне «қауіптенеміз?»: Ақын М.Жұмбаев творчествосы туралы // Қазақ әдебиеті. – 1991. – 11 қантар.
6. Абдуллин Х. Отты күннің сәулесінен от алған // Ленин туы. – 1993. – 3 тамыз.
7. Абдуллин Х. Сұлу жырдың сырбазы // Жезқазған туы. – 1989. – 18май.
8. Абдуллин Х. «Сұм өмір абақты гой саналыға...» // Қазақ әдебиеті. – 1993. – 13тамыз.
9. Адирбекова У. Мағжан Жұмбаевтың дара тұлғалы қалыптастыру технологиясы. Педагогикалық ғылыми мұра. – 39 – 52 б., Алматы: Аң Арыс, 2009.
10. Агадан қалған асыл сөз: [«Алқа» атты әдеби үйірменің бағдарламасы жайында]/Алғы сөзін жазып, журналға дайындаған Т.Жұртбаев // Ақиқат. – 1997. – №7. – 71 – 78 б.
11. Азапты сапарлар: [Ортамызға қайта оралған ақын М.Жұмбаевтың өмірлік серігі Зылиха апайдың әңгімесі]/ Әңгімені жазып алған А.Тасымбеков // Лениншіл жас. – 1989. – 10 янв.
12. Айдаров Т. Халқыма қайта оралған арыстар: [А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмбаев, Ж.Досмұхамедов, Ж.Досмұхамедов, М.Тынышбаев, Ж.Ақбаев ж.б.] // Жетісу. – 1997. – 30 мамыр.
13. Аймауытов Ж., Әуезов М. Абайдан соңғы ақындар: [М.Жұмбаев, А.Байтұрсынов, С.Торайғыровтар туралы]/ Дайынд. Р.Саргожин // Қазақ әдебиеті. – 1990. – 10 тамыз.
14. Аймауытов Ж. Мағжанның ақындығы туралы [Ташкенттегі қазақ студенттеріне өтілген баяндама]/Лениншіл жас. – 1923. – №6. – 18 – 34-б.; М.Жұмбаев. Шығармалары. – Алматы. – 1989. – 400 – 428-б.; Бес арыс: Естеліктер, эсселер және зерттеу мақалалар. – Алматы. – 1992. – 264–294-б.; Қазақ әдебиеті. – 1989. – 20 янв; 27 янв. – 10 – 11б.
15. Аймауытов Жүсіпбек. Мағжан Жұмбаевқа хат. Алаш ақиықтары: Мақалалар, деректі құжаттар, аудармалар. – Т.5. – 10 – 11-б. 2 – Алматы. Алаш, 2006.
16. Айткенова Б.Б. Мағжан Жұмбаевтың педагогикалық көзқарасы / Б.Б. Айткенова, С.К. Әбділдина// ҚарМУ хабаршысы. Педагогика сериясы – Вестн. КарГУ. Сер. педагогика. – 2007. – №2. – 153–155-б.
17. Айтмыбетова Гүлбағдат Жомартқызы. Мағжан Жұмбаевтың дүниетанымындағы біртектілік мәселесі. – Астана: 2011. – 224-бет.
18. Ақпапбетов Ж. Бір сөзі мың жыл жүрсе дәмі кетпес //Азия. – 1993. – №23. – 6-б.
19. Ақпапбетов Ж. Шын Хакім, сөзі асыл // Ленин туы. – 1993. – 12 тамыз.
20. Ақсұңқарұлы С. Ақын мен тобыр: [Эссе] // Орталық Қазақстан. – 1993. – 28 сәуір.
21. Ақсұңқарұлы С. «Өмір бойы өттім сұммен соғысып» [Мағжанның монологы] // Орталық Қазақстан. – 1989. – 10 окт.
22. Ақтаев С., Мұқанов М. Жүрек жыршысы: [Петропавлдағы той жырында сыр] // Халық кеңесі. – 1993. – 24 тамыз.
23. Ақын атын ардақтап: Қазақстан жазушылар одағында М.Жұмбаевтың 100 жылдығына арналған жыр мұшайрасы жайлы // Қазақ әдебиеті. – 1993. – 18 маусым. – 4-б.
24. Ақышев З. Мағжан мен фаталы; Ерші Жүсіп пен Аббас хан: [М.Жұмбаев жинағына берген бір түсінік төңірегінде] // Алматы ақшамы. – 1989. – 28 дек.
25. Алдақұрманов Қ. Ақынның арманы мен үміті: [М.Жұмбаев өмірінен] // Егемен Қазақстан. – 1996. – 26 қантар.
26. Алдақұрманов Қ. Түнін жарған азаттың – ұлы ақыны қазақтың: [М.Жұмбаевтың туғанына 100 жыл толуы қарсаңында] // Қазақ әдебиеті. – 1992. – 21 тамыз.
27. Алтай А. Алдаспаны алаштың ақын Мағжан // Қазақ әдебиеті. – 1993. – 22 қазан.
28. Аманшаев Е. Үш арысты еске түсірді [«Жалын» журналында М.Жұмбаев, А.Байтұрсынов, Ж. Аймауытовтың туысқандарымен кездесу туралы хабарлама] // Алматы ақшамы. – 1989. – 4 қантар.
29. Амангелдінова А.К. Мағжан Жұмбаев пен Мұхтар Шаханов поэзиясындағы ақыл-ойдың үндестігі / А.К. Амангелдінова, Б. Ахетова// Международная интеграция образовательного пространства: приоритеты и перспективы развития : Сборник докладов международной научно – практической конференции (27–29 октября 2011 г.) – 2-бөлім. – 101 – 104-б. – Усть-Каменогорск, 2011.
30. Аманжолқызы З. Мағжан Жұмбаев өлеңдерінің аудармалары: Жастық. Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде – Казахский язык и литература в русской школе. – 2012. – №5. – 142 – 143-б.
31. Арманда кеткен ағалар аманаты: [А.Байтұрсынов, М.Жұмбаев, М.Дулатов, Ж. Аймауытовтар творчествосы туралы] // Көкшетау. – 1990. – 6 қазан.
32. Асқаров А. Ұлы тұранның ұлдары. Сыны великого турана/Жұмбаев М. 1893 – 1938 ж. – Алматы: Нұрлы әлем, 1998. – 148 – 150-б.
33. Асқаров Е. «Батыр Баян» туралы бірер дерек: [М.Жұмбаевтың поэмасы] // Жұлдыз. – 1989. – №8. – 124 – 125-б.
34. Асқаров Е. Мағжан – педагог // Қазақстан мектебі. – 1989. – №3. – 42 – 43-б.
35. Асқаров Е. Халқыма қайта орындаған: [М.Жұмбаев] // Арал. – 1989. – №9. – 12 – 13-б.
36. Ахметова Т.Ә. Мағжан Жұмбаев шығармашылығын СӨЖ арқылы оқытудың тиімді жолдары. М.Жұмбаев шығармашылығының әлемдік әдеби үндестігі орны : респ. ғыл. – тәжірибелік конф. материалдары (26 сәуір 2013 ж.). – 20 – 24-б., – Петропавл, 2013.
37. Әбдішев Б. М.Жұмбаевтың публицистикасы // Ақиқат. – 2000. – №7. – 73 – 75-б.
38. Әбдішев Б. М.Жұмбаевтың тәлім – тәрбиелік көзқарасы // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2001. – №4. – 52–54-б.
39. Әбдішев Б. «Шолпанның күнесі» әңгімесіндегі психологизм // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2000. – №3. – 43–46-б.

40. Әбдешев Б. Мағжан Жұмабаевтың публицистикасы. Ақиқат. – 2000. – №7. 73–75-б.
41. Әбдешев Б. Мағжан Жұмабаевтың тәлім – тәрбиелік көзқарасы. Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2001. – №2. – 52–54-б.
42. Әбдешев Б. М. Мағжан Жұмабаевтың прозасы. Филол. ғыл. канд. ... дисс. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – 129-б.
43. Әбдешев Б. Қара сөзден маржан терген. Алматы: Өлке, 2002. 160-б.
44. Әбділда Б. Көш керуенге қосылған еңбек // Алматы ақшамы. – 1998. – 5 наурыз. – 3-б.
45. Әбдірашев Ж. Мағжан Жұмабаев. Өлең. Ұлттық поэзия паишасы: Ұлы ақын Мағжан Жұмабаевқа арналады. 2 – 183–185-б.
46. Әбдіқалиқ К.С. Мағжан Жұмабаев лирикасындағы ұлт тағдыры. М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің хабаршысы. – 2017. №1. – 215–220-б.
47. Әбдірахманұлы А. Мағжанға; Мен қазақпын: [Өлеңдер] // Ленин туы. – 1993. – 3 сәуір
48. Әбжан А. Ғажайып жыр күмбезі: М.Жұмабаевтың гасырлық тойынан туған ой толғамы // Егемен Қазақстан. – 1994. – 24 тамыз.
49. Әбсадық А. Мағжан – жырдың алыбы // Қостанай таны. – 1993. – 19 қараша
50. Әбілмәжіңұлы С. Ақынның олжа суреті: [1935 ж. түскен М.Жұмабаевтың суреті туралы] // Халық кеңесі. – 1993. – 13 тамыз.
51. Әбілмәжіңұлы С. Беймәлім өлеңдер: [М.Жұмабаевтың өлеңдері туралы] // Ленин туы. – 1993. – 12 тамыз.
52. Әбілмәжіңұлы С. Тамшы да тейізге сан: [М.Жұмабаевтың туғанына 100 жыл] // Ленин туы. – 1992. – 26 желтоқсан.
53. Әбішев Ә. Жан сөзі: [М.Жұмабаев туралы] // Қазақ әдебиеті. – 1985. – 28 апр.; 1989. – 22 апр.
54. Әбішұлы Ә. Мағжаның Сырбаймен сырласуы // Қазақ әдебиеті. – 1993. – 13 тамыз. – 9-б.
55. Әбішұлы Т. Ақын ақын – Мағжан: [Өлең] // Қазақстан тұтынушылар кооперациясы. – 1993. – №5 – 6. – 44-б.
56. Әбішұлы Т. Мағжан: [Өлең] // Ленин туы. – 1993. – 20 ақпан.
57. Әбісенов М. Олар нағыз интеллигенттер еді: [М.Жұмабаев, А.Байтұрсынов, Ж. Аймауытов жайында автордың естелігінін / Газетке дайындаған М.Рүстемов] // Оңтүстік Қазақстан. – 1989. – 19 июль
58. Әкімжанов З. Ақын һәм төңкеріс // Ленин туы. – 1993. – 8 шілде
59. Әкімжанов З. Біртұтар тұлға // Ленин туы. – 1993. – 4 наурыз.
60. Әкімжанов З. Мағжан алаңы: [Өлең] // Ленин туы. – 1990. – 22 қыркүйек
61. Әкімжанов З. Мағжан эпиграммалары // Ленин туы. – 1993. – 13 наурыз.
62. Әкімжанов З. Мағжанның бір өлеңі хақында // Ленин туы. – 1993. – 27 ақпан.
63. Әкімжанов З. Пайғамбардың рухына тағлым: [М.Жұмабаевтың туған күніне арналып туған күнінде өткізілген той жайлы] // Ленин туы. – 1991. – 20 шілде.
64. Әлем мәдениетіндегі ұлы ақын Мағжан Жұмабаев. С.Бегалин атындағы мемлекеттік балалар кітапханасы. Құрастырған: Кеңесары Т., Қаланақова Л.И. – Астана: ГДБ им. С.Бегалина, 2008. – 40-бет.
65. Әлкебаева Д. Мағжан тілі – ақ маржан // Қазақ әдебиеті. – 1992. – 30 қазан. – 9-б.
66. Әлкебаева Д. М. Жұмабаев поэзиясының тілдік ерекшеліктері. Филолог. ғылым. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс.Алматы, 1993, 154-б.
67. Әлімбаев М. Мағжан ақын: [Өлең] // Қазақ әдебиеті. 1992. – 24 шілде.
68. Әлімбаев М. Мағжанды оқығанда: [Эссе] // Жалын. – 1990. – №5. – 72 – 76б.; Ленин туы. – 1991. – 21, 22, 23 мамыр.
69. Әлімбаев М. Толқыннан толқын туады. – Алматы, 1992.
70. Әлімжанов Ә. Ой өрісі: [Ақталған арыстар Ш.Құдайбердиев, Ж. Аймауытов, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатовтар туралы] // Соц.Қазақстан. – 1990. – 13 шілде
71. Әмірханқызы Ж. «Өлі риза болмай, тірі байымайды»: [1937 – 1938 ж. репрессия құрбандары М.Жұмабаев, Т. Жүргенов, С. Сейфуллин, С. Хожанов. Т. Рысқұловтардың жұбайлары туралы] // Қазақ әдебиеті. – 1990. – 7 қыркүйек.
72. Әсетқызы Ш. Мағжан – табиғат суретшісі // Ұлағат. – 1995. – №1. – 186 – 191-б.
73. Әуезов М. Мағжанды сүйемін // Бес арыс: Естеліктер, эсселер және зерттеу мақалалар / Құраст. Д.Әшімханов. – Алматы, 1992. – 294б.; Қазақ әдебиеті. – 1988. – 23 дек.
74. Базарбаев М. Замана тудырған әдебиет. Алматы: Ғылым. – 1997. – 216-б.
75. Базарбаев М. «Қазақ елі, бір ауыз сөзім саған...» // Қазақ әдебиеті. – 1993. – 13 тамыз. – 3-б.
76. Бағытбаева М. Мағжан Жұмабаевтың психологиялық мұрасы. Ұлағат. – 2003. – № 2. – 39 – 41-б.
77. Базарбаев М. Мағжанның поэзиясы // Қазақ әдебиеті. – 1990. – 13 көкес.
78. Байғұтов М. Поэзия пайғамбары: [М.Жұмабаевтың жүз жылдық тойына барған сапардан бір үзік сыр] // Оңтүстік Қазақстан. – 1993. – 24 тамыз.
79. Байдуллин Т. Есте қалған мәслихат: [Ақтау қаласында өткен «Жыр жұлдызы – Мағжан» атты ғылыми – тәжірибелік мәслихат туралы] // Маңғыстау. – 1993. – 14 желтоқсан.
80. Байдуллин Г. Сөнбес жұлдыз // атырау. – 1993. – 16 шілде.
81. Байтжанова Р. М. Жұмабаев шығармашылығына шолу: [Қазақ тілі мен әдебиеті]. – 1996. – №1. – 59 – 61-б.
82. Байтжанова Л. М. Жұмабаев – поэзияның хас шебері // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2001. – №4. – 18 – 19-б.
83. Бақтыгереева А. Мағжанға; Жұбанға: Өлеңдер // Қазақ әдебиеті. – 1993. – 18 маусым.
84. Баркитов С. Ақынға арналды // Ленин туы. – 1993. – 12 маусым.
85. Батырбекова Р. Терең тамырлар: [Батыс – шығыс елдерінің әдебиетімен байланыста болған Ш.Құдайбердиев, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж. Аймауытов сынды ақындар мен жазушылардың творчествосы туралы] // Жұлдыз. – 1990. – №9. – 198 – 201-б.
86. Базиұлы Қ. Бас иеді алашын: [Өлең] // Ленин туы. – 1993. – 12 тамыз.
87. Бәдірханов Р. Сүйінші, аға! «Гибрат»: [Өлеңдер] // Ленин туы. – 1989. – 5 авг.
88. Бейсенова М. Табиғатқа тіл бітірген // Ленин туы. – 1993. – 12 маусым.
89. Бек Ш. Ақындар мұшайрасы: Қазақ елінің аяулы да ардақты ақыны М.Жұмабаевқа арналды // Жетісу. – 1993. – 10 маусым.

90. Бекбосынов Б. Жаксыдан шаралат: [М.Жұмбаевтың творчествосы туралы] // Семей таны. – 1991. – 29 қаңтар. – 2 ақпан.
91. Бекбосынтегі М. Алыптар тобындағы ақын // Семей таңы. – 1993. – 11 мамыр.
92. Бекетұлы Ғ. Мағжанның інісі Ғадилша // Торғай таңы. – 1997. – 30 сәуір.
93. Бекмағанбетов Б. Өн тербеген жыр: [М.Жұмбаевтың творчествосы жайлы] // Ленин жолы. – 1989. – 5 авг.
94. Бектұров Ж. Ақиқаты осы еді. – Алматы, 1995.
95. Бектұров Ж. Асыл ағаларға: [М.Жұмбаев, А.Байтұрсынов, Ж. Аймауытовтарға арналған өлең] // Орталық Қазақстан. – 1998. – 31 дек.
96. Бектұров Ж. Жаксыға әркімнің – ақ бар таласы: [1950 – 1960 жылдары ақын М.Жұмбаев жайлы жазылған естеліктер] // Алматы ақшамы. – 1991. – 29 наурыз; Орталық Қазақстан. – 1991. – 2, 5, 6 наурыз.
97. Бектұров Ж. Көп тілегі көп болып... [М.Жұмбаев, А.Байтұрсынов, Ж. Аймауытов еңбектеріне шолу] // Орталық Қазақстан. – 1989. – 26 окт.
98. Бектұров Ж. Тағдыры қиын талант // Бес арыс: Естеліктер, эсселер және зерттеу мақалалар / Құраст. Д.Өшімханов. – Алматы. – 1992. – 305 – 344-б.
99. Бектұрмова Б. «Мағжантану» курсына арналған жоспар // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2001. – №4. – 45 – 47б.
100. Бердалиев Е. Мағжан тәлімі: [М.Жұмбаевтың 1989 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан шығармалары туралы] // Ақ жол. – 1990. – 11 сәуір.
101. Бердібаев Р. Ақын тағдыры [М.Жұмбаевтың мұралары хақында] // Ленин туы. – 1989. 2, 5 сент.
102. Бердібай Р. Жұлдыздар жарығы. – Алматы, 2000. – 248б.
103. Бердібай Р. Түрік даңқының жыршысы // Халық кеңесі. – 1993. – 20 сәуір.
104. Бес арыс: [Естеліктер, эсселер және зерттеу мақалалар] / Құраст. Д.Өшімханов. – Алматы: Жалын, 1992. – 544-б.
105. Біткенбаева Ш. Мағжан жазған оқулық: [М.Жұмбаев қазақ мектебіне арнап «Сауатты бол» деген оқу құралы 1926 жылы Мәскеуде 20000 данмен араб графикасымен басылып шыққан] // Алматы ақшамы. – 1990. – 12 қараша.
106. Бітібаева Қ. М.Жұмбаев [Тереңдетілп оқыту орындарына арналған әдіс – бағдарлама] // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1993. – №8. – 19 – 23-б.
107. Бикаева Ф. Жақсы өн – жан азғыр: [М.Жұмбаевтың «Шолпы» әні жайында] // Сарыарқа самалы. – 1996. – 17 ақпан.
108. Базарбаев М. Мағжан Жұмбаевтың өмірі мен шығармгерлігі туралы шолу. Ұлттық поэзия падишасы: Ұлы ақын Мағжан Жұмбаевқа арналды. 2 – 7 – 17-б.
109. Базарбаева Б. Мағжан Жұмбаев атындағы педагогикалық бағдарлы мектебінің болашағы [Қарағанды қаласы] // Ұлағат. – 2003. – № 1. – 43 – 45-б.
110. Бейсейтай А.Б. Мағжан Жұмбаевтың прозалық аудармалары. Заманауи әлемдегі ғылым мен білім: халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференция материалдары. – 7-т. – 78 – 82-б. 2 – Қарағанды, 2014.
111. Брянова А. Мағжан Жұмбаевтың маржан жырларына таң қаламын. Қостанай дарыны. – 2016. – №1. – 89 – 90-б.
112. Бұдақ Ф. Мағжан Жұмбаев өлеңдеріндегі ұлттық болмыс. Қазақстан 10 жыл ішінде: экономиканың, білім және ғылымның өзекті мәселелері: Халықаралық ғылыми – теориялық конференция материалдары мен тезистері. – 133 – 139-б. – Түркістан: ХҚТУ, 2001.
113. Бұдақ Ф. Мағжан – Алтайдағы жүрегім. Әңгімелескен Бағашар Тұрсынбайұлы, «Егемен Қазақстан», 31.01.2018.
114. Бүркіт Д. Мағжан Жұмбаев және тәрбиелік тұжырымдар. Үркер. – 2011. – №1. – 44 – 46-б.
115. Біткенбаева Ш. Мағжан Жұмбаев: [Өмірі мен творчествосын оқыту]. Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1993. – №8. – 19 – 23-б.
